

Регистрационный № 4188-Ж
Основан в 1997 году

№ 3, 2017 г.
Выходит 4 раза в год

Ғылыми журнал

І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университетінің


ХАБАРШЫСЫ



ВЕСТНИК

Жетысуского государственного университета
им. И. Жансугурова

Научный журнал



Бас редакторы – главный редактор
К.М. Баймырзаев
ректор, доктор географических наук, профессор,
почетный академик Национальной академии Наук
Республики Казахстан

Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

главный редактор – ректор, доктор географических наук, профессор,
академик Национальной академии Наук

Республики Казахстан

К.М. Баймырзаев

зам. главного редактора – доктор философии (PhD), к.ю.н., ассоциированный
профессор М.А. Төлеген

ответственный секретарь – к.б.н., доцент А.С. Бахтаулова

Члены редколлегии:

М.Ж. Мальтекбасов – д.п.н., профессор

Л.К. Еркинбаева – д.ю.н., профессор

М.Т. Кантуреев – д.э.н., профессор

Б.Р. Таубаев – доктор PhD

Х.Т. Наубаева – д.п.с.н., профессор

С.И. Мурыгина – магистр образования

**Регистрационное свидетельство издания № 4188-Ж выдано
Министерством информации и общественного согласия
Республики Казахстан от 12 сентября 2003 г.**

**Международный центр ISSN в Париже зарегистрировал
журнал «Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университетінің хабаршысы» под номером
ISSN 1813-1123**

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

ӘОЖ 340

«АДАМ. ҚОҒАМ. ҚҰҚЫҚ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абуханова А.Б., Дарибаев Ғ.С.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
agar-80@mail.ru, galimzhan_2016@mail.ru*

Бұл мақалада интербелсенді оқыту әдістері туралы түсінік және оларды «Адам. Қоғам. Құқық» пәнінде қолданудың ерекшеліктері қарастырылады.

Кілттік сөздер: *интербелсенді, интербелсенділік, парадигма, стандарт, әдіс.*

Тәуелсіздік алған жылдардан бері елімізде білім мен ғылым саласына баса назар аударылып келеді. Себебі, білім мен ғылым жүйесі – бұл мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты факторы болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында: «құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп нақты көрсетті [1]. Қазіргі таңда Елбасымыз Қазақстанды әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылу межесін қойып отыр. Бұл өз кезегінде отандық білім беру жүйесін әлемдік беру деңгейіне сәйкестендіре отырып, жаңартылған сипатта жүргізуді қажет етеді. Соңғы уақыттарда енгізілген білім беру саласына қатысты 12 жылдық оқыту моделі, 3 тұғырлы тіл саясаты, қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру секілді реформалар да жаңа форматтағы білім беру парадигмасын енгізуді көздейді. Осы тұрғыда жаңартылған стандарт негізіндегі білім беру процесінде заманауи интербелсенді оқыту технологияларын қолдану маңызды орын алады.

Жалпы алғанда, «интербелсенді» сөзі – (ағыл. «inter» – өзара, «akt» – әрекеттесу) деген мағына береді. Ал интербелсенді оқыту технологиясы дегеніміз – нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, оқушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, мұғалім мен оқушының іс-әрекетін оқу ойындары түрінде ұйымдастыру тәсілдері. Жалпы алғанда, ИОТ-сын пайдалану әр оқушының іс-әрекетін сабақтастыруға (өзара әсерлесудің бүтіндей жүйесі пайда болады: мұғалім-оқушы, мұғалім-сынып, оқушылар-сынып, оқушылар-оқушылар, топ-топ, топ-оқушы), оның оқу әрекетін және тұлғалар арасындағы танымдық қатынастарын байланыстыруға мүмкіндік береді.

Интербелсенді оқыту – бұл танымдық қызметті ұйымдастырудың арнайы нысаны. Ол әбден нақты әрі болжамды мақсаттарды білдіреді. Мұндай мақсаттардың бірі – тыңдаушы өзінің ақыл-парасатының толымдылығымен сезінетіндей қолайлы жағдай жасау, бұл оқу үдерісінің өзін өнімді етеді. Бұл технологияның басты мақсаты – оқыту сапасын жоғарылату нәтижесінде студенттердің шығармашылық қабілетін және дербестігін жетілдіру болып саналады. Ал негізгі қағидалары төмендегідей:

- ❖ Орта қалыптастыру.
- ❖ Әрекет арқылы үйрету.
- ❖ Өмірмен байланыстыру.
- ❖ Өзінділікпен дербестікке баулу.

Интербелсенді оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұқбаттасып оқыту болып табылады. Интербелсенді оқытудың мәні –сыныптағы барлық оқушы таным процесімен қамтылады, олар өздерінің білетін және

ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Таным процесінде, оқу материалын игеруде, оқушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр оқушы өзіне тән ерекше еңбегін сiңiредi, бiлiм, идея, әрекет ету тәсiлдерiн алмасу үздiксiз жүредi. Сонымен қатар, бұл процесс өзара қолдау және қайырымдылық атмосферасында жүредi. Яғни, жаңа бiлiм алып қана қоймайды, танымдық процестiң өзiн дамытады, оны әлдеқайда жоғары топтасу мен еңбектесу дәрежесiне дейiн көтередi.

Жалпы, сабақтағы интербелсендi әрекет өзара түсiнiстiкке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есептi бiрлесiп шешуге алып келетiн – ұйымдастыру және сұқбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Интербелсендiлiк бiр көзқарастың немесе бiр ғана сөйлеушiнiң басым болуы жағдайын болдырмайды. Сұқбаттасып оқыту барысында оқушылар сыни ойлауды, тиiстi ақпарат пен белгiлi жағдайды талдау негiзiнде күрделi мәселелердi шешудi, балама көзқарастарды салыстыруды, ақылды шешiмдер қабылдауды, дискуссияға қатысуды, басқа адамдармен тиiмдi қарым-қатынас жасауды үйренедi. Ол үшiн сабақта жекелей, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жұмыстары, рөлдiк ойындар қолданылады, құжаттармен және түрлi ақпарат көздерiмен жұмыс жасайды, шығармашылық жұмыстар пайдаланылады [2, 152-155].

Сондай-ақ, интербелсендi оқыту бiрқатар мiндеттердi шешедi:

- коммуникативтi бiлiктер мен дағдыларды дамытады;
- оқушылар арасында эмоционалдық дағдыларды дамытады, олардың арасында эмоционалдық байланыс орнатуға көмектеседi;
- ақпараттық мiндеттердi шешедi, себебi оқушыларды бiрлескен әрекеттi онсыз жүзеге асыруға болмайтын қажеттi ақпаратпен қамтамасыз етедi;
- жалпы оқу бiлiктерi мен дағдыларын дамытады (талдау, жинақтау, мақсаттар қою және т.б.), яғни бiлiм беру мiндеттерiн шешудi қамтамасыз етедi;
- топта жұмыс iстеуге, басқаның пiкiрiне құлақ түруге үйрететiн болғандықтан, тәрбиелiк мiндеттi қамтамасыз етедi.

Интербелсендi оқыту тағы бiр маңызды мiндеттi орындайды. Ол жүйке жүйесiнiң жүктемесiн азайтуға, зейiндi басқа нәрсеге аударуға, әрекет формаларын ауыстыруға және т.б. мүмкiндiк бередi [3].

Ендi интербелсендi оқыту технологиясына кiретiн әдiстердi атап өтейiк. Олар төмендегiдей:

- жұптасып жұмыс iстеу;
- ротациялық(ауыспалы) үштiк;
- айналмақ;
- миға шабуыл;
- броундық қозғалыс;
- шағын топтармен жұмыс;
- есептеу ағашы;
- сығымдау әдiсi;
- өз атынан сот;
- азаматтық тыңдау;
- рөлдiк не iскерлiк ойындар;
- өз позицияңды ұстан;
- дискуссия;
- дебаттар.

Интербелсендi әдiстер оқу қарым-қатынастары ортасын құрады, ол:

- ✓ ашықтықпен;
- ✓ қатысушылардың өзара әрекеттестiгiмен;

- ✓ қатысушылардың дәлелдерінің теңдігімен;
- ✓ бірлесе білім жинаумен;
- ✓ өзара бағалау мен бақылау мүмкіншілігімен сипатталады.

Ендігі кезекте жоғарыда атап өткен интербелсенді оқыту әдістерінің кейбір түрлерін «Адам. Қоғам. Құқық» пәнінде қолданудың ерекшеліктерін қарастырып өтейік. Жалпы, «Адам. Қоғам. Құқық» пәні – ҚР аумағындағы барлық жалпы орта білім беретін мектептерде 9-11 сыныптар аралығында оқушылардың адам мәселесін, қоғамның түсінігін және оның тұрпаттарын, жаңа сипаттағы құқық салаларын оқып-үйрену үшін өткізілетін гуманитарлық бағыттағы пән болып табылады. Дегенмен қазіргі таңда бұл пәнге деген оқушылардың қызығушылығы төмен әрі пәннің сағаты да аз, сондай-ақ, нақты осы пән бағытында жоғарғы педагогикалық білімі бар мамандар қатары да аз. Сондықтан, бұл пәнде оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін интербелсенді оқыту әдістерін қолдану бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Жалпы алғанда, «Адам. Қоғам. Құқық» пәнінде интербелсенді оқыту әдістерінің қатарындағы «өз позицияңды ұстан», «рөлдік не іскерлік ойындар», «дебат», «миға шабуыл» секілді түрлерін қолдануға болады. Мәселен, «өз позицияңды ұстан» деп аталатын әдісті 9-сыныптың бағдарламасындағы тақырыптарда кеңінен пайдалануға болады. Өйткені бұл сыныпта оқушылар адам болмысын, оның атқаратын қызметін және қоғам сипаттамасын оқиды [4]. Ал, аталған әдіс нақты осындай тақырыптарда қолдануға өте тиімді. Мысалы: Оқушыларға «адам дүниеге келген кезден бастап жеке тұлға болып саналады» деген ұйғарым оқылады, содан кейін оқушылар «иә» немесе «жоқ» деп екі аймаққа бөлініп өз пікірлерін, ойларын дәлелдеуге тырысады. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, сонымен қатар, сабаққа енжар түрде қатысатын оқушылардың бойында өзіне деген сенімділіктерін қалыптастырып, белсенділігін арттыруға септігін тигізеді.

Ал, «рөлдік не іскерлік ойындар» әдісін 10-сыныптың тақырыптарында қолданған дұрыс. Себебі, бұл сыныпта оқушылар құқықтың жекелеген түрлерін, олардағы тараптардың негізгі құқықтары мен міндеттерін оқып қарастырады. Ал, аталған әдіс оқушыларды құқық салаларындағы тараптарға сәйкес белгілі бір рөлдерге бөліп сабақты қызықты етіп өткізуге жағдай жасайды. «Әкімшілік құқық негіздері» деген тақырыпта азаматтардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі туралы қарастырылады. Бұл бойынша оқушыларды бір тарапы – жеке азаматтар, ал екінші тарапы – мемлекеттік органдар етіп рөлдерге бөлуге болады. Рөлге сәйкес оқушылардың бірінші тарапы жеке азаматтардың қандай әкімшілік - құқықтық мәртебе иеленетіндігін және қандай міндеттер атқаратындығын арнайы заңнамаларға сүйене отырып, дәлелдеу арқылы көрініс түрінде ойнап шығады. Екінші тарап мемлекеттік органдардың азаматтардың әкімшілік - құқықтық мәртебесін қамтамасыз етуде қандай міндеттерді жүзеге асыратындығын және қандай кепілдіктерді қамтамасыз ететіндігін көрініс түрінде көрсетіп шығады. Бұл әдіс сабақтың көрнекілігін арттыруға және оқушылардың барлығын ынталандыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ, бұл пәнде «дебат» әдісін қолдануға болады. Жалпы, бұл әдісті 11-сыныптың тақырыптарында қолданған тиімді. Өйткені, бұл сыныпта оқушылар адам және қоғам мәселесін философиялық тұрғыда қарастырады. Ал, аталған әдіс дәл осындай философиялық мәселелерді талқылауда қолдануға өте ыңғайлы. 11-сыныптың «Адам және қоғам» пәнінде «адам мәселесі» деп аталатын арнайы тақырып бар. Бұл тақырып бойынша оқушыларға адамның шығу тегі бойынша «адам баласы неден жаратылды?» деген сұрақ қойылып, талқылауға ұсынылады. Сөйтіп, оқушылар дөңгелек үстел құра отырып, бұл сұрақ төңірегінде өз пікірлерін айтып, әртүрлі оқулықтардағы деректерге сүйене отырып, ойларын дәлелдеуге тырысады. Бұл әдіс оқушылардың интеллектуалдық ой-өрістерінің дамуына, бір-бірінің пікірлерін тыңдап, дұрыс түсінісе білуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, «миға шабуыл» әдісін де қолдану пәннің маңыздылығын арттырады. Бұл әдісті 9

және 10 сыныптарда құқықтың арнайы салаларын өткен кезде қолдануға болады. 9-сыныптың «Адам. Қоғам. Құқық» пәнінде «еңбек құқығының негізгі түсініктері» деген тақырып бар. Аталған тақырып бойынша оқушыларды топтарға бөліп құқық пәндерін жүргізуде қолданылатын арнайы логикалық есептер ұсынылады. Сол есептердің бір-екі үлгісін қарастырып өтейік. Олар төмендегідей:

1. Мақсат бала кезінен технология саласына қызығушылық танытып, сол бойынша жұмыс атқарғысы келді. Қазір Мақсаттың жасы – 19-да. Ол мектепті бітірді. Енді сол бала кезінен армандаған технология саласы бойынша жоғары білім алу үшін университетке түсуді жоспарлап жүр. Бірақ әкесі оның бұл салада оқып қызмет етуіне қатаң түрде тыйым салды. Ол оның экономист болғанын қалайды.

Енді топтар есепті оқып шыққаннан кейін сұрақ қойылады.

1) Аталған жағдайда Мақсаттың қандай құқығына шектеу қойылып тұр?

2) Әкесінің аталған іс-әрекеті заңға қайшы ма?

Сұрақтардың жауабын топтар 2-3 минуттың ішінде беруі тиіс.

2. 10 жасар Қанатты анасы жалғыз өсірді. Ол Қанаттың спортты жақсы меңгеруін, тілді жақсы білуін қалады. Сол үшін ол өзінің негізгі жұмысынан басқа қосымша жұмысқа тұрғысы келді. Ол директорға барып, рұқсат сұрады. Өзінің міндетін бұдан былай аз мөлшерде атқару үшін директорға шағым берді. Директор оның бұл өтінішінен бас тартты. Егер басқа жұмысқа орналасқын келсе, жұмыстан шық та, қайда барсаң да өз еркің – дегенді айтты.

Енді топтар есепті оқып шыққаннан кейін сұрақ қойылады.

1) Бұл жағдайда Қанаттың анасының қандай құқығына нұқсан келді?

2) Директордың Қанаттың анасын аталған себеп бойынша жұмыстан шығаруға құқығы бар ма және дұрыс жасады ма?

Бұл жерде де топтар сұрақтардың жауабын 2-3 минуттың ішінде беруі тиіс.

Жалпы, логикалық есептерді беру аталған «миға шабуыл» әдісіне сәйкес, оқушыларды шапшандыққа, тез қимылдауға үйретеді және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, сол бойынша өз бетімен ізденіс жұмысын жүргізуге жағдай жасайды.

Сонымен қорыта айтқанда, интербелсенді оқыту технологиясы – бұл оқушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу үрдісіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту үрдісін ұйымдастыру болып табылады. Бұл технологияны қолданудың тиімді тұсы – оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын артып, белсенді түрде қатысуға жағдай жасалады. Сондай-ақ, бұл жерде оқушылар білімді өздігімен игере отырып, ізденіс қабілетін дамыта алады. Оқыту технологиясының тағы бір ерекшелігі – оқушыларға білім дайын түрде берілмейді, керісінше, проблемалық түрде беріледі. Бұл өз кезегінде оқушылардың танымдық көзқарасын қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін ашуға және оқушылар арасында диалогтық қарым-қатынастың орнауына жағдай жасайды [5, 60-62]. Ал оқыту технологиясын «Адам. Қоғам. Құқық» пәнінде қолдану аталған пәннің мектептердегі маңыздылығын арттырады, оқушылардың осы пәнге деген қызығушылықтарын арттырады, белсенді түрде сабаққа қатысуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, технологияның әдістерін қолдану арқылы пән мұғалімі оқушылардың қоғамдық тәртіп пен әділетті өмір сүруді заң арқылы түсінулеріне, яғни, құқықтық сауаттылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы // www.inform.kz/kz/modern_t7106.

2. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: оқу құралы. / Бөрібекова Ф., Жанатбекова Н.Ж. – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2013.

3. Мектепте интербелсенді оқытудың формалары мен әдістері // <https://moluch.ru/archive/88/17452/>.

4. Адам. Қоғам. Құқық – 9 сыныпқа арналған сабақ жоспар // sabaktar.kz.

5. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

Абуханова А.Б., Дарибаев Г.С.

Особенности применения основные интерактивные методы обучения в предмете «человек. Общество. Право»

В этой статье рассматриваются концепция об основных интерактивных методов обучения и особенностей их применения в предмете «Человек. Общество. Право».

Ключевые слова: *интерактивный, интерактивность, парадигма, стандарт, метод.*

A.B. Abukhanova, G.S. Daribaev

Peculiarities of application the main interactive methods of training in the subject of "man. Society. Right"

In this article, the concept of the main interactive teaching methods and the features of their application in the subject "Man. Society. Right".

Key words: *interactive, interactivity, paradigm, standard, method.*

ӘОЖ 340

ШАРТТЫ ТҮРДЕ СОТТАЛҒАН АДАМДАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ағыбаев А.Н., Демей Б.С.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Tin_019@mail.ru; zhgu.edu.kz*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы Қылмыстық атқару жүйесінің қызметі, шартты түрде соттау мен шартты түрде сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету туралы қарастырылған.

Кілттік сөздер: *қылмыстық атқару жүйесі, пробаця, шартты соттау, әлеуметтік-құқықтық көмек.*

Қазақстан Республикасының Конституциясында: «Әркім Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті», - деп көрсетілген [1].

Егер жасаған әрекетінде қоғамға қауіпті ниет болатын болса, ол заң алдында жауапкершілікке тартылары сөзсіз. Заман талабына сай қылмыстық жаза, оның мәні, мақсаты, қолданылу шеңбері үнемі толықтырылып, өзгеріске ұшырап отырады. Сонымен қатар жаңа Қылмыстық-атқару кодексінде пробацялық бақылау қарастырылатын тұлғалар ауқымы кеңейтілді.

Бақылаудың бұл түрі шартты түрде бас бостандығынан айырылғандардан бөлек, бас бостандығы шектелгендерге және мерзімінен бұрын шартты түрде босатылғандарға қолданылатын болады, пробацялық бақылаудың мақсаты әлеуметтік әділдікті қалпына

келтіру, сотталғандардың мінез-құлқын түзеу мен олардың қайтадан қылмыстық әрекеттерге баруының алдын алу болып табылады. Бұдан бөлек, шартты түрде бас бостандығынан айырылғандардың жалпыға ортақ қабылданған әлеуметтік, адамгершілік және құқықтық нормаларды сақтауын бақылау көзделіп отыр. Бұл ретте шартты түрде бас бостандығынан айырылғандарға қарастырылатын әлеуметтік-құқықтық көмектің негізгі бағыттары олардың білім алуына, кәсіптерді иеленуіне, жұмысқа орналасуына, емделулеріне, сондай-ақ құқықтық кенеспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу болып табылады, сондай-ақ, халықаралық тәжірибеге сәйкес, Қылмыстық-атқару кодексі сотталушылардың құқы мен міндеттері көрсетілген. Ал бұл мәселе бұған дейін ішкі ведомстволық нормативтік актілермен айқындалып келген болатын.

Шартты түрде соттаудың мәнісі егер түзеу жұмыстары, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығынан айыру, бас бостандығын шектеу немесе тәртіптік әскери бөлімде ұстау жазасын тағайындағанда сот сотталған адамның жазаны өтемей түзелуі мүмкін деген қорытындыға келіп, ол тағайындалған жазаны шартты деп санауға қаулы, яғни тағайындалған жазаны сотталған адамға қолданбауында жатыр.

Соттар ҚК-тің 63-бабында көзделген шартты түрде соттаудың, әдетте, бұрын сотталмаған, жеңіл немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдарға қолданылатындығын ескеруге тиіс. Шартты жаза ауыр қылмыс жасауға қатысқандардың кейбіріне, егер олардың негізгі қылмыскер еместігі анықталса, сонымен қатар оның жеке басына берілген мәліметтер мен қылмыс жасаған кездегі жағдайлар жаза тағайындаған кезде ҚК-тің 63-бабының ережелерін қолдануға негіз бола алған жағдайда ғана қолданылады.

Егер шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау мерзімі өткенге дейін өз мінез-құлқымен өзінің түзелгенін дәлелдесе, пробациялық бақылауды жүзеге асыратын органның ұсынуы бойынша сот шартты түрде соттаудың күшін жою туралы және сотталған адамнан сотталғандықты алып тастау туралы қаулы шығара алады. Бұл ретте шартты түрде соттаудың белгіленген мерзімінің кем дегенде жартысы өткен соң оның күші жойылуы мүмкін [2].

Егер түзеу жұмыстары, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығынан айыру немесе тәртіптік әскери бөлімде ұстау жазасын тағайындағанда сот сотталған адамның жазаны өтемей түзелуі мүмкін деген қорытындыға келсе, ол тағайындалған жазаны шартты деп санауға қаулы шығарады.

Бас бостандығынан айырмайтын жұмыс орнындағы түзеу жұмыстары Қазақстан Республикасының заңында көрсетілген. Қылмыстық заңға сәйкес түзеу жұмыстары жазаның негізгі түрі болып есептеледі және сот оны екі айдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындауы мүмкін.

Шартты түрде соттау қолданылған жағдайда сот жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, айыптының жеке басын, соның ішінде жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескереді.

Шартты түрде соттау тағайындалған кезде сот сотталған адам мінез-құлқымен өзінің түзелгенін дәлелдеуге тиіс сынақ мерзімін белгілейді. Сынақ мерзімі бір жылдан үш жылға дейінгі ұзақтықта тағайындалады.

Шартты сынақ мерзіміне сотталғандар қылмыстық іс бойынша жеңілдететін мән-жайларды ескеріп, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза тағайындағандарға олар сынақ мерзімінің ішінде белгілен тәртіпті бұзып, шақыртылған уақытында ҚАИ-на тіркеуге келмеген болса, сот отырысында сынақ мерзіміне сотталғандарға сынақ мерзімін ұзартып, күшейтілген пробациялық бақылау тағайындай алады.

Оларға сынақ мерзімі не үшін ұзартылғанын, күшейтілген пробациялық бақылау тағайындалғанын, сынақ мерзімі ішінде көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықты қайталап жасау неге әкеп соғатынын түсіндіру үшін жасалады [3].

Еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесіне пробация қызметінің енгізілгеніне көп бола қойған жоқ. Дегенмен әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын бұл қызмет шетелдерде бірнеше бағыттан тұратын үлкен жүйеге айналған.

Алғашында Қазақстанда шартты түрде сотталғандарға қатысты шартты үкімдік пробация қалыптастыру көзделген. Өйткені шартты түрде сотталғандар сынақ мерзімінде жүреді. Ал сынақ мерзімін беру – пробацияның негізгі белгісі.

Аталмыш қызметке деген қажеттіліктің туындау себебі, қылмыстық-атқару инспекциясына қарайтындардың 85 пайызы – шартты түрде бас бостандығынан айырылғандар. Олар айына 2 рет пробация қызметіне келіп, тіркеліп тұруға міндетті. Сондай-ақ қала аумағынан шықса немесе тұрғылықты мекенжайын ауыстырса, пробациялық қызмет өкілдеріне міндетті түрде хабарлауы қажет.

Пробация қызметкерлері шартты түрде бас бостандығынан айырылғандардың сот міндеттемелерінің орындалуын қатаң қадағалаумен қатар, әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсетеді.

Оның негізгі бағыттары шартты түрде бас бостандығынан айырылғандарға білім алып, кәсіп менгеріп, жұмысқа орналасуына ықпал жасап, ауырып қалса, дәрігерлік көмек көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады. Әлеуметтік-құқықтық көмек әрқайсысының қажеттілігіне байланысты көрсетіледі. Пробациялық қызметке жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес ұйымдар жәрдемдеседі [4].

«Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 1131 қаулысымен бекітілген шартты түрде сотталғандарға көмек белгіленген [5].

Шартты түрде сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидалары Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 182-бабының 6-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді және шартты түрде сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібін айқындайды.

Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі шартты түрде сотталған адамдарға олардың әлеуметтік-құқықтық көмек алуына жәрдем көрсетеді.

Жеке әзірленген бағдарламаға сәйкес шартты түрде сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуді жүзеге асыру кезінде пробация қызметіне жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес ұйымдар және басқа да ұйымдар жәрдем көрсетеді.

Жергілікті атқарушы органдар аумақтарды дамыту бағдарламаларын және/немесе стратегиялық жоспарларды әзірлеу кезінде пробация қызметінің есебінде тұрған сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бойынша іс-шаралар кешенін көздейді.

Пробациялық бақылауда тұрған шартты түрде сотталған адамды есепке қою кезінде пробация қызметі:

1) денсаулық жағдайын анықтай отырып, шартты түрде сотталған адамның жеке басын, оның білім деңгейін және еңбекпен қамтылғандығын, тұрғылықты жерінің бар-жоғын зерделейді, сондай-ақ әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемін айқындау үшін қажетті өзге де мәліметтерді анықтайды;

2) әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ тіркелу үшін пробация қызметіне келу күнін белгілейді;

3) сот жүктеген міндеттерді орындау, оларды орындамағаны, сондай-ақ пробациялық бақылау тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту тәртібін түсіндіреді [6].

Шартты түрде сотталған адамның жеке басы мен өмір жағдайын зерделеу нәтижелері бойынша пробация қызметінің қызметкері есепке қойғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын жасайды.

Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасына шартты түрде сотталған адамға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қажеттігі туралы ақпарат енгізіледі.

Жеке бағдарламаның бір данасы шартты түрде сотталған адамның бақылау ісіне тігіледі, екінші данасы сотталған адамға қол қойылып беріледі.

Шартты түрде сотталған адамның қосымша немесе өзге де көмек алуға қажеттілігі туындаған жағдайда, сондай-ақ сот күшейтілген пробациялық бақылау белгілеген кезде жеке бағдарламаға екіжақты келісім бойынша тиісті түзетулер енгізіледі.

Шартты түрде сотталған адам айына екі рет, ал күшейтілген пробациялық бақылау кезінде айына төрт рет пробация қызметіне келіп, оның алдында өзінің жүріс-тұрысы, оған сот жүктеген міндеттерді орындауы, сондай-ақ өзі алатын әлеуметтік-құқықтық көмектің барысы туралы есеп береді.

Шартты түрде сотталған адам әлеуметтік-құқықтық көмек алудан бас тартқан жағдайда, пробация қызметінің қызметкері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті акт жасап, оны бақылау ісіне тігеді.

Сотқа сынақ мерзімін ұзартуға, шартты түрде соттаудың күшін жоюға, күшейтілген пробациялық бақылауды белгілеуге жіберілетін материалдарға шартты түрде сотталған адамның әлеуметтік-құқықтық көмек алудан бас тартқаны туралы акт қоса тіркеледі.

Сынақ мерзімі өткеннен кейін шартты түрде сотталған адам пробация қызметінің есебінен шығарылады, бұл ретте мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар көрсететін әлеуметтік-құқықтық көмек жеке бағдарламаға сәйкес жалғасады.

Сот шартты түрде сотталған адамға іздестіру жариялаған жағдайда, пробация қызметі тиісті сот қаулысын алғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органға және тиісті ұйымға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуді тоқтата тұру үшін тиісті хабарлама жібереді [7].

Шартты түрде сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек беру білім алуда, мамандықты меңгеруде, жұмысқа орналасуда, емделуде, сондай-ақ құқықтық көмекпен қамтамасыз етуде жәрдем көрсету шартты түрде сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмектің негізгі бағыттары болып табылады.

Медициналық көмек мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетіледі.

Медициналық көмек көрсету үшін пробация қызметі жеке бағдарламаның көшірмесін шартты түрде сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелеріне жібереді.

Пробация қызметі орта білімін аяқтамаған шартты түрде сотталған адамды тұрғылықты жері бойынша оқу орнына жібереді.

Құқықтық көмек алу үшін пробация қызметі жеке бағдарламаның көшірмесін жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

Шартты түрде сотталған адамдарға жұмысқа орналасуда көмек көрсету кезінде жергілікті атқарушы органдар мынадай іс-шараларды:

1) үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша іске асырылатын инвестициялық жобалар шеңберінде жұмыс орындарын ұсынуды;

2) бәсекеге қабілетті кәсібі жоқ шартты түрде сотталған адамдарды ақы төленетін маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарына тартуды;

3) шартты түрде сотталған адамдарды жұмыс орындарының квотасы бойынша жұмысқа орналастыруды жүзеге асырады.

Шартты түрде сотталған адамның өзге көмек алу қажеттілігі туындаған жағдайда пробация қызметі жеке бағдарламаның көшірмесін шартты түрде сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша тиісті ұйымдарға жібереді.

Жергілікті атқарушы органдарға, денсаулық сақтау, білім беру және басқа да мемлекеттік органдарға, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдарға жеке бағдарламаның көшірмелерін жіберуді пробация қызметі жеке бағдарлама жасалғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдар жеке бағдарламаның көшірмесін алғаннан кейін берілетін көмек туралы немесе оны көрсетудің мүмкін еместігі туралы пробация қызметін хабардар етеді.

Шартты түрде сотталған адамдар органдар қызметкерлерінің, сондай-ақ басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне шағымдана алады [8].

Жалпылай айтсақ, бұл қызметтің мақсаты – шартты түрде бас бостандығынан айырылған азаматтарға әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсету. Еліміздегі қылмыстық саясат тұжырымдамасының негізгі бағыттарының бірі-істі болған жандарды бас бостандығынан айырмай жазаға тарту болса, пробация осы бағытқа дәл келеді. Жалпы, пробация сөзі, қазақшаға аударғанда «сынау, байқау» дегенді білдіреді екен. Яғни сынаудың негізі – адамның қылмыс жасағанына қарамастан, оның түрмеге отырмауына мүмкіндік беру. Ол үшін қылмысқа барған адам сот міндеттеген шарттардың бәрін орындауы керек. Осылайша, байқаусызда сүрінген жандар болса, оларды түрмеге тықпай, қоғамға бейімделуіне мүмкіндік беру. Ал пробация қызметі ондай жандарды бақылап қана қоймай, әлеуметтік мәселелері болса, шешуге ықпал жасайды, тәрбиелейді, түрмеге отыратындардың санын азайтуға үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. Қылмыстық кодексі // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

3. Ж.Нұрпейісова, Е.П.Мергенбаев Понятие и юридическая природа освобождения от уголовной ответственности // Вестник МКТУ им. Х.А.Ясави №3, 2004г.- С.190-192

4. Жапар Ү. Пробация туралы.- Айқын республикалық қоғамдық-саяси газеті.- 2013 жыл 29 қаңтар

5. «Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 1131 қаулысы // 1 «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

6. Ерешев Е. Қылмыстық іс жүргізу. Жалпы бөлім: оқулық. – Алматы: «Өлке», 2006.-180 с.

7. «Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының қаулысы // 1 «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

8. Бастемиев С.Қ. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы.- Павлодар : Кереку, 2011.- 92 б.

Агибаев А.Н., Демей Б.С.

Правовые основы оказания социально-правовой помощи условно осужденным

В данной статье рассмотрены вопросы деятельности органов уголовно-исполнительной системы, о мерах условного осуждения, а также об оказании социально-правовой помощи условно осужденным.

Ключевые слова: уголовная исполнительная система, условное осуждение, социально-правовая помощь.

A.N. Agybaev, B.S. Demey

Legal basis for provision of social and legal assistance to conditionally convicted persons

In this article, the issues of the activity of the bodies of the criminal-executive system, the measures of conditional conviction, as well as the provision of social and legal assistance to the conditionally convicted are examined.

Key words: criminal executive system, probation, conditional conviction, socio-legal assistance.

ӘОЖ 117.1.012.131

ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Джанабаев К.Т., Коксугенов Н.Е., Жақабай Ж.Ғ.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
zhanabaev@mail.ru*

Мақалада патриоттық тәрбие мәселесі және барлық қоғамдық, мемлекеттік, саяси, мәдени-рухани тақырыптардың өзегіне айналуға. Бүгінгі патриоттық идея да, патриоттық тәрбие де қазіргі заман адамдарына, олардың талғамдары мен мүдделеріне сай анық та түсінікті түрде болғаны жөн. Қазіргі заманғы әскери - патриоттық идеология мемлекеттің құрылу процесіндегі барлық жетістіктерді, сондай-ақ ұзақ мерзімді басымдықтар мен талаптарды да назарына алуы керек.

Кілттік сөздер: Қазақстандық патриотизм, тәрбие, парасаттылық, білім, ұлтаралық келісім

Қазақстандық патриоттық тәрбие мәселесі барлық қоғамдық, мемлекеттік, саяси, мәдени-рухани тақырыптардың өзегіне айналуға. ҚР Президенті Қазақстан халқына Жолдауында «оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажеттілігін» ерекше ескерткен және олардың ең бастыларының қатарында «патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық» аталып өткен, сонымен қатар, «бұл құндылықтар меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан барлық оқу орындарында да сіңірілуге тиіс». Ендеше, патриотизм идеясы жастарға білім мен тәрбие берудің барлық бағдарламаларынан көрініс табуы керек, жалпы көпшіліктің де одан хабардар болғаны жөн.

Қоғамдардың даму тарихы патриотизмнің мемлекет тарапынан қажетті және пісіп жетілген өзгерістерді жүзеге асырудың басты ресурсы екендігін көрсетті. Мемлекет, қоғамның белсенді бөлігі аса маңызды реформаларды жүзеге асыру кезінде сәйкесінше

символиканы, құндылықтарды, идеалдарды, мақсаттар мен принциптерді, бір сөзбен айтқанда, идеологияны қалыптастырады және оларды қорғай отырып дамытады.

Мұндай мәселелер қазіргі таңда тәуелсіз даму жолына енді ғана түскен мемлекеттердің көпшілігінің алдына қойылуда. Ендеше бүгінгі патриоттық идея да, патриоттық тәрбие де қазіргі заман адамдарына, олардың талғамдары мен мүдделеріне сай анық та түсінікті түрде болғаны жөн. Қазіргі заманғы әскери - патриоттық идеология мемлекеттің құрылу процесіндегі барлық жетістіктерді, сондай-ақ ұзақ мерзімді басымдықтар мен талаптарды да назарына алуы керек.

Қазақстан тарихының өнегелі жақтарын білу, өз елінің кешегі және бүгінгі қаһармандарын мақтанш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, оларға сай болу патриотизмнің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тұрғыда алғанда, республикамыздың оқу-тәрбие мекемелерінде белгілі деңгейде әр түрлі шаралар жүргізілуде. Өз халқының тарихы мектептерде, орта арнаулы және жоғары білім беру мекемелерінде оқытылуда, тарихтың жарқын беттері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихатталуда, қаһармандарымыздың есімдері ұлықталып, олардың аттары елді мекендерге, көшелерге, мектептерге, түрлі мекемелерге берілуде. Алайда тарихтың ақтаңдақтарын жеткіліксіз оқып-үйрену, түрлі тарихи және ғылыми теориялардың арасындағы келіспеушіліктер мен айырмашылықтар, жастардың төл тарихына деген қызығушылығының айтарлықтай аз болуы, өзге, әсіресе батыстық идеология мен теориялардың басымдық ықпалы бұған көп кедергі жасауда. Көп ретте жастардың бұқаралық, тіпті кейде арзан мәдениетке елтіп, этномәдени, дәстүрлі, ұлттық бастаулардан алыстап кетуі, өкінішке қарай, қалыпты және кеңінен тараған үрдіске айналды. Біздің ойымызша, одан шығудың басты жолы — қазіргі білім беру мекемелерінде этномәдени білім мен тәрбие беруге ерекше көңіл бөлу [1].

Патриоттық сезім отбасынан басталады. Өкінішке қарай, нарықтық катынастардың кеңінен орын алуы, ересектердің тәрбиеге жеткіліксіз көңіл бөлуі, ата-аналардың уақытының жетіспеушілігі мен қолдарының тимеуі отбасындағы жастар тәрбиесінің ролін түсірді. Әрине, мұндай жағдайларда өзінің ескі арнасын жоғалтқан патриоттық, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру мен оған тәрбиелеудің жаңа жолға оңайлықпен түсіп кете алмасы анық.

Патриоттық сананы қоғамдық өмірде бекітетін бірден-бір институт — жоғары оқу орындары мен басқа да білім мен тәрбие беру мекемелері. Олардың көмегімен патриоттық сана қоғамдық өмірге бекітіліп, мемлекет тарапынан қолдауға және бағдарлауға ие болады. Студент жастар қоғамның әлеуметтік құрылымында ерекше орын алады. Ендеше, қазіргі студент жастар өздерінің тұлғалық-кәсіби нығаюға бет алуының жоғары деңгейімен, шығармашылық потенциалымен,

Қазақстанның әлеуметтік жаңғыру процесіне шынайы іс жүзінде қатысуға деген белсенді қызығушылығымен, қоғамдық өмірдің түрліше жақтарына, өзінің әлеуметтік бағдарларына деген даралық көзқарастарымен ерекшеленуі тиіс. Олар еліміздің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени дамуының анықтаушы күші де болып табылады. Олай болса, студент жастардың тұрмысы мен болмысына, тәлімі мен тағылымына үстірт қарауға болмайды. Бұл туралы Президент Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуына қатысты жақында жазылған Бағдарламалық тапсырмалық мақаласында ерекше ескерте келіп: «Мен жас ұрпақтың ел болашағы үшін маңызын атап көрсетіп келдім және атап көрсете беремін. Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қажет болуы үшін бәрін де жасайды» — деген болатын.

Осы ұстанымды басшылыққа алатын болсақ, бізге, жоғары оқу орындары ұстаздарына, тек оқу және оқыту процестерін тәңіректемей, жастар болмысына әсер ететін құбылыстарды тұтастыра қарағанымыз жөн.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беру мен денсаулық сақтау ісінің дамытылуының «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы басым бағыттар қатарына

азаматтылықты, еңбексүйгіштікті, адамгершілікті, адам құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарауды, Отанға, отбасына, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға бағытталған білім берудің тәрбиелік қызметін қосады. Егемен мемлекет ретінде қарқынды дамуы тәрбие процесін жөнге келтіру мен оның бағыттарын айқындаудың қажеттілігін нақты түрде ұғынуға әкелді. Студент жастарды азаматтылық, патриотизм, еліміздің қарқынды сатылап дамуы идеяларының рухында тәрбиелеуге бет бұрған оқу орындарының ішінде үлкен оқу тәрбиелік потенциалы бар [2].

Республика көлемінде де, жекелеген оқу-тәрбие мекемелерін алсақ та патриоттық тақырыпқа байланысты іс-шаралар қазақстандық патриотизмнің заманауи болашағын кешенді түрде қарастыруды талап етеді. Алайда, нақты мақсаттарсыз, жоспарларсыз, жүйеленген міндеттерсіз бұған қол жеткізу мүмкін емес.

Біздің Жетісу мемлекеттік университетінің тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты: рухани дүниесі бай, денсаулығы мықты, жоғары азаматтылығы гуманизммен ұштасқан, әлеуметтік тұрғыда белсенді, бастамашыл, толерантты, шығармашылықты, инновациялық, әлеуметтік-мәдени өзгерістерге қабілетті ХХІ ғасырға лайықты, елін сүйген патриот тұлға қалыптастыру мен дамытуға жағдайлар жасау. Тәрбие қызметіміздің басты міндеті: студенттердің корпоративтік рухын көтеруге бағытталған, жеке тұлғаның рухани және шығармашылықты үздіксіз дамуына, өзін-өзі дамытуына, кәсібилік, бәсекеге қабілеттілік, сыни көзқарас пен ойлаудың стандартты емес үлгілерінің болуына, мәдени-толеранттылық, белсенді жасампаздық бастау, тағы да басқа адами ұстанымдарды қалыптастыратын тәрбие беру жүйесі мен тәрбиелік ортаны құру мен қолдау.

Болашақ студент жастар бойында аталған міндеттер мен мақсаттар корпоративтік рухты қалыптастыруға; университеттік қауымдастықпен бірлесу сезіміне тәрбиелеуге; университеттің дәстүрлерін құрметтеуге, сақтау мен молайтуға; білім алуға деген жауапкершілікті күшейтуге; азаматтық және патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен сенімдерді қалыптастыруға; студенттерді заңдылықтарды, қоғамдық және ұжым өмірінің нормаларын құрметтеу рухында тәрбиелеуге; ұлтымыздың өткені мен мәдени мұрасына құрмет көрсетуге; Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдерінің мәдениетіне толерантты түрде қарауға; әр түрлі әлеуметтік мәселелерді қалыптастырады деген ойдамыз [3].

Әскери - патриоттық тәрбие мен қоғамдық-саяси сауаттылықты қалыптастыруға басымдылық береміз. Өйткені патриотизм жастармен қоғамдық сана негізінде ұғынылуы керек. Студенттер бойында қоғамдық-саяси сауаттылықтың негіздерін қалыптастыру, олардың заңдылықты, қоғамдық өмір нормаларын қастерлеуге, біздің халқымыздың тарихи өткені мен мәдени мұрасына құрмет көрсету рухында тәрбиелеу егемен, тәуелсіз ел үшін — қажеттілік.

Бұл жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие ісіне де тікелей қатысты. Біздің медицина университеті де тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысында осындай қисынды басшылыққа алады. Ол қағиданың негізгілері: тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың жүйелілігі; студент жастардың мүдделері мен қажеттіліктерінің басымдықтарын мойындау; патриоттық тәрбие берудің басымдылығы; дүниетаным тұтастығы, белсенділік, табандылық және креативтілік; университеттік қауымдастық өкілдерінің ұрпақтар сабақтастығы; ЖОО өмірін, оның ішінде жалпы жұмысы мен тәрбие жұмысын демократияландыру; өзін-өзі басқару элементтерінің болуы мен осы шараларға тікелей қатынасу; білім алудан тыс тәрбие қызметінің әр түрлеріне ерікті қатынасу; Қазақстан Республикасының, ТМД елдері мен алыс шет елдердің жоғары оқу орындарымен студент жастарды тәрбиелеу мәселелері бойынша әріптестік т.б.

Университеттің тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру біртұтастықта, өзара байланыстылық пен өзара шартталуда жүзеге асырылады. Тәрбие мәселесіне осындай біртұтас, кешенді тұрғыдан келу өзінің кәсіби даярлығы мен тұлға ретінде қалыптасуы мен

өсуінің қажеттілігі мен әлеуметтік маңыздылығын ұғынатын, бәсеке мен елдің инновациялық дамуы жағдайында болашақ кәсіби қызметін жүзеге асыру мен карьерасын құруға деген мүмкіндіктерін қамтамасыз ете алатын студент тұлғасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған орай, білім беру мақсатын, құрылымын, мазмұнын, әдістері мен құралдарын, оқу үрдісін ұйымдастырудың формасын мейлінше жаңартуды көздейтін, педагогтардың, ата-аналардың, білім беру жүйесінің түрлі деңгейлері басшыларының, яғни барлық педагогикалық қауымдастықтың белсенді араласуын қажет етеді[4].

Қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуы жолында білімнің рөлі артып келетіні белгілі. Бәрінен бұрын, бұл оқу курстарын түрлендіру, білім түрлерінің арасында немесе кәсіби тәжірибе мен біліктілігін арттыру арасындағы байланысты қамтамасыз ете алатын кадрлар дайындау жүйесіне қатысты. Ең алдымен, білім жинақтай білуге үйрету қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан ең бастысы - оқуға деген оң көзқарастың дамуы. Шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқытудың әдістелдері білім алушыларға құбылыстардың себептеріне толық ұғынуға, ережелер мен заңдылықтардың сырларын терең түсінуге, олардың ғылыми білімдегі орнын аңғаруға қолайлы жағдайлар жасайды. Мұндай әдістер, әсіресе, табиғатынан тұйық, өз ойын тәптіштеп түсіндіруге шалағай, өздеріне сенімсіздеу, талданған мәселелерден, баяндалған тақырып мазмұнынан тиісті байлам, түйін жасауда жасқаншақтық байқататын оқушыларға пайдасы ұшан теңіз екеніне көзіміз жетті.

Мектепте әскери курсында оқушыларды әскери мамандығына кәсіби тұрғыда бағдарлау мақсатында жоспарға сай жүргізілудегі сабақ барысында шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп қуаттана марқаяды, келесі мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді, сөйтіп өзін келесі мәселені талдауға дайындайды. Мектептегі бастауыш әскери дайындық барысында жастар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің даму тарихымен, мінездемесін, ерекшеліктерімен танысады, «Жалпыға бірдей әскери міндет және әскери қызмет» туралы т.б. заңдармен, әскери ант пен әскери жарғылардың талаптарын оқып үйреніп, атыс қаруларының үлгілерімен жете танысып, азаматтық қорғанысқа қажетті мәлеметтер мен іс-қимылдарға үйренеді. Мұнымен қатар қыз балалар дәрігерлік- санитарлық іспен айналысады.

Осындай қыруар істі жүзеге асыру, әскери істерге үйрету мен әскери-патриоттық тәрбие берудің сапасы, осы істердің ұйытқысы болып табылатын алғашқы әскери дайындық мұғалімінің біліктілігіне көп байланысты [5].

Төмендегі әдістемелік ұсыныстардың жобалы түрі мектептердегі жас мамандардың жұмыстарына септігін тигізеді деген ойға келеді.

Оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру дегеніміз-оларды саяси, моральдық-психологиялық жағынан егемен елін қорғауға психологиялық тұрғыда дайындау.

Бұл дайындықтың негізгі бағыттары: -еліміздегі Қарулы Күштерге деген қамқорлық, «Жалпыға бірдей әскери міндет» туралы, еліміздің қорғаныс қабілеті туралы т.б. заңдар мен қарулы- қарарлардың мазмұны мен мақсатын түсіндіру;

-жастарды саяси қырағылыққа, қазіргі кезеңдегі соғыстың ерекшеліктерін түсіндіре отырып олардың Отанын қорғау ісіндегі міндеттерін дұрыс түсінуге тәрбиелеу;

-аға ұрпақ өкілдерінің ерлік істерін насихаттау, ерлік пен жанқиярлықтың мәнін түсіндіріп, олардан үлгі алып, мақтан тұтуға баулу;

-қазіргі кезеңге лайықты саяси-моральдық, психологиялық қасиеттерді дарыту;

-алғашқы әскери және әскери- техникалық білім алуларын қамтамасыз ету

Мектептің міндеті оқушыларға саяси және әскери білім бере отырып, Отан сүйгіштік т.б. қасиеттерді дарытып, алған білімдері мен үйренгендерін іс жүзінде іске асыра білуге тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі әскери құрылымдарды күшейту арқылы ғана емес, әр азаматымыздың осы жауапты іске тікелей қатысуымен іске асырылатынын әрбір жасөспірім ұл мен қыз жете түсінуі тиіс [2].

Біз патриоттық тәрбие беру шеңберінде азаматтық-патриоттық тәрбие, қоғамдық-саяси және құқықтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие беру секілді бағыттарды дамытуды көздейміз. Аталмыш бағыттар бойынша жұмыстар студенттер бойында нық азаматтық ұстаным мен патриоттық сананы қалыптастыруға септігін тигізеді.

Әскери - патриоттық тәрбие ұзақ мерзімді мақсаты — азаматтарды біріктіру, азаматтарға Тәуелсіздіктің құндылықтары мен жетістіктерін ұғындыру, оларды мемлекеттік рәміздер мен идеология төңірегіне топтастыру. Бұл — ұзақ мерзімді мақсат. Оған қол жеткізудің басты жолы — толеранттылық, бірлік, өзара көмек, қайырымдылық т.б. Бұлар біздің мемлекетіміздің басты жоспарлары мен мақсаттарында толықтай көрініс тапқан, алайда олар жалпы ұлттық құндылықты бағыттарды нығайту бойынша жастар саясатын жоспарлы жүргізбейінше жүзеге аса алмайды. Жастар үшін осындай тәрбиелік мәнді істердің бірі — әр түрлі деңгейлер мен мазмұндағы тәрбиелік шаралар, мемлекеттік мерекелерді атап өту, түрлі патриоттық акцияларды ұйымдастыру мен жүргізу. Олардың ішінде жыл сайын өткізіліп отыратын ҚР мемлекеттік рәміздерінің күнін тойлау ерекше орын алады.

Сондықтан қазақстандық патриотизм мен елдің экономикалық әлеуеті тығыз байланысты. Қазіргі патриотизм ХХІ ғасырдағы Қазақстанға қажетті еңбек өнімділігі мен мәдениеттің ұйымдастырылуына бара-бар деуге болады: бүгінгі күні ол халықтың ішкі «жинақтылығын», халықтың қоғам мен мемлекет мүдделеріне белсенді түрде қызмет етуін білдіреді. Патриотизм іс-әрекет ретінде барынша керек нәрсе және қоғамды консолидациялау ісінде жүйені қалыптастырушы күш ретінде көрінеді.

Қазақстандық патриотизмнің басты және қажетті мәні неде? Біріншіден, бұл бастамалардың белсендірілуі, шығармашылық және жасампаздық жұмыс, барлық ішкі, жасырын потенциалдың көрінуі, эгоизмді шектеу, азаматтық иденттілікті кеңейту. Бұл бағыт бойынша бізге алынған білімдерді іс жүзінде қолданып қана қоймай, шығармашылық тұрғыдан келе алатын, ғылыми іздене білетін және ұжымшылдық рухта тәрбиеленген жоғарғы білікті мамандар дайындауымыз қажет. Біздің оқу орнымызда жеке тұлғаның әлеуетін ашатын және білім алушыларды біліктер мен дағдыларға ғана емес, корпоративтік этикаға, ұжымшылдыққа, өзінің қоғамға керектігін сезінуге де үйрететін көптеген үйірмелер, секциялар жұмыс жасайды. Кезінде жай ғана үйірмешілер болып ізденістерін бастаған бұл ғылыми үйірмелер бүгін тек медицина саласының ғана емес, өзге де салалардың көрнекті қайраткерлеріне айналған көптеген мамандарды, ғалымдарды тәрбиелеп шығарды.

Екіншіден, бұл кеше мен бүгіннің байланысы, ұлттар мен ұлыстардың дәстүрлерінің, мәндерінің, құндылықтарының тоғысы. Патриотизм құрдан-құр, жалаң орында тумайды. Оның қайнар көздері — ел тарихын терең білуде, оның тәуелсіздігі мен гүлденуін қамтамасыз еткен, оған күш салған аға ұрпақтардың іс-әрекетін ұғыну мен құрметтеуде жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құнантаева К.Қ. «Қазақстандағы патриоттық білім беру істері» (1917-2000 ж.ж.)- Алматы, 2003.
2. Абинова Г. «Білім дамудағы өзекті мәселелер»-Алматы, 2003.
3. Р.Н. Бөгенбаева, Е.А. Идрисова . Патриоттық тәрбие және білім берудің қазіргі көкейкесті мәселелері - Алматы, 2001.

4. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N319 Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 20, 151-күжат; "Егемен Қазақстан" 2007 жылғы 15 тамыз N254-256.

5. Жолдасбекова С.А. Отаншыл рухты оқытудың өзекті мәселелері. // «М.Әуезов – жаңа дәуір данышпаны» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері. – Алматы 2007.

6. «Әскери міндеттілік және әскери қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8-шілдедегі Заңы.

Джанабаев К.Т., Коксугенов Н.Е., Жакабай Ж.Г.

Стратегические ценности молодых людей

В статье рассматривается, патриотическое воспитание и развитие у молодежи гражданственности, патриотизма как важнейших духовно-нравственных и социальных ценностей, формирование у нее профессионально значимых качеств, умений и готовности к их активному проявлению в различных сферах жизни общества, особенно в процессе военной и других, связанных с ней, видов государственной службы, верности конституционному и воинскому долгу в условиях мирного и военного времени, высокой ответственности и дисциплинированности.

Ключевые слова: *Казахстанский патриотизм, образование, разумность, образование, межэтническое согласие*

K.T. Dzhanabayev, N.E. Koksugenov, Zh.G.Zhakabai

The strategic values of young people

In the article examined, patriotic education and development for the young people of гражданственности, patriotism as major духовно-нравственных and social values, forming for her professional of meaningful qualities, abilities and readiness to their active about-to the phenomenon in the different spheres of life of society, especially in the process of military et al, related to her, types of government service, to loyalty to the constitutional and military duty in terms peacefully-go and war-time, high responsibility and discipline.

Key words: *Kazakhstani patriotism, education, reasonableness, education, interethnic concord*

ӘОЖ 343

АДАМ ҰРЛАУ ҚЫЛМЫСТАРЫН САРАЛАУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Конысбекова М.Р., Дарменбекова А.Н.

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
aiym_darmenbekova@mail.ru тақпал_konysbekova@mail.ru*

Бұл ғылыми мақала адам ұрлау қылмысының айрықша белгілері мен қылмыс құрамдары, сондай-ақ, азаматтардың жеке бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға адам ұрлау, бас бостандығынан заңсыз айыру және психиатриалық стационарға заңсыз орналастыру қарастырылған.

Кілттік сөздер: *адам ұрлау, бас бостандығынан заңсыз айыру, психиатриалық стационарға заңсыз орналастыру, қылмыстық жауаптылық*

Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады,

Азаматтардың бостандықтары, қадір-қасиетін, ар-намысын қорғау әр түрлі тәсілдермен жүзеге асырылады, соның іотінде жеке адамның бостандығына қол сұғатын әрекеттерге қарсы күрес жүргізуде қылмыстық заңның маңызы ерекше, Осыған орай қылмыстық, кодекстің көптеген баптарында адам бостандығын қорғайтын заң нормалары бар.

Біздің мемлекетіміз үшін адамдарды ұрлау соңғы кезде өте өзекті болып қалуда. Трансұлттық қылмыстылықпен күресудің өзектілігін және адамдарды саудаға салудың күрделілігін түсіне отырып, Қазақстан Республикасы осы саладағы барлық халықаралық келісімдерді ратификациялады және осы бағытта халықаралық қауымдастықпен өзінің күш жігерін біріктірді. Қылмыстық істерді алдын ала тергеу және сот істерінде қарау тәжірибесі көптеген күрделі жағдайларға байланысты әрқашанда заңдылық талаптарына сәйкес келе бермейді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 – бабында «Ең қымбат қазына – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп жарияланған [1].

Қазақстан Республикасы демократиялық, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құру жолында негізгі идеялар ретінде заң үстемдігі және қоғамның барлық саласында оның басым болуын, жеке адамның құқығы және бостандығы қорғалып оған кепілдік берілуі тиіс.

Адам ұрлау – адамды ашықтан-ашық немесе құпия түрде, сондай-ақ алдап, оның тұрған жерінен алып кетуге бағытталған заңға қайышы қасақана әрекет, сонымен қатар оны еріксіз бір жерден екінші жерге барып ұстау.

Жеке бас бостандығы дегеніміз – адамның қай жерде болса да тұруға, жүруге және кез-келген жаққа баруға құқығы.

Қылмыстың объектісі – адамның жеке бас бостандығы. Қосымша объект ретінде сол ұрланған адамның өмірі мен денсаулығы алынуы мүмкін. Жәбірленуші жасына, жынысына, қызмет орнына, т.б. қарамастан кез-келген адам бола алады.

Қылмыстың объективтік жағы – адамды басып алумен және оның тұрақты немесе уақытша тұратын орнынан басқа жерге оның ықтиярысыз арқылы бас бостандықтан айыратын әрекеттермен сипатталады. Адамда басып алған кезден бастап бұл қылмыс аяқталған болып саналады. Ең бастысы ұрлау фактісі; ал жәбірленушінің кінәлі қарамағында қанша уақыт болғандығы маңызды емес. Өзін ұрлауға адамның өз еркімен келісуі бұл қылмыстың құрамын жояды. Басқа ата-ананың немесе жақын туыстардың тәрбиесінде болған және олардың қамқорлығындағы баланы оның өз ата-анасының немесе оны асырап алған адамның, басқалардың келісімінсіз ұрлауы, адам ұрланғандыққа жатпайды. Адам ұрлағанда, көбіне, оның денсаулығына ауыр зиян келтіремін, зорлаймын немесе басқа да қылмыстық әрекеттер жасаймын деген қорқыту айтылады. Және де бұл ұрлаудағы мақсат әр түрлі болуы мүмкін.

Қылмыстың субъективтік жағы - тікелей ниетпен сипатталады. Кінәлі өзінің басқа адамды заңсыз басып алып, келісімін бермесе де оның басқа жерге алып барғанын ұғынады, соны тілейді. Бұл қылмыстың себебі – тек пайда табу [2].

Хабар-ошарсыз кеткен адамдардың әлдекімдердің қолына түсіп, еркінен тыс құлдыққа жегілетін жағдайлары да бұл күні құлаққа жиі шалынатын болған. Адам құқықтарын қорғаумен айналысатын қоғамдық ұйымдар Қазақстанда адамдарды ұрлап әкетіп, құлдыққа сату оқиғалары белең алып барады деп дабыл қағып отыр. Алыс шаруа қожалықтарына апарып ақысыз мал бақтыру, еркінен тыс құрылыс жұмыстарын істету, үй шаруасымен, жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеу сияқты оқиғалар көбейген. Құқық қорғау

органдарының айтуынша, мұндай жағдайларға көбіне балалар үйінен шыққан жастар мен елімізге жұмыс іздеп келген шетел азаматтары, яғни гастарбайтерлер жиі тап болады екен.

Адам ұрлығы қылмыстылығының латенттігі тым жоғары. Осы тұрғыдағы қылмыстардың жоғары болатындығын бірнеше себептермен түсіндіруге болады:

1) Ұрланған адамдардың құқық қорғау органдарына шағымдануға мүмкіндігі болмайды.

2) Осы тұрғыда қылмыс жасайтын қылмыстық топтар өте жоғары ұйымдасып әрекет етеді.

3) Адам ұрлаумен айналысатын топтар халықаралық деңгейде әрекет етіп басқа мемлекеттің осындай топтарымен бірігіп жұмыс істейді.

Қатысушының шектен шығуы барысында қатысушылардың әрекеттерін саралау белгілі бір маңызға ие. Қазақстан Республикасының ҚК-нің 30- бабына сай қылмысқа қатысушының, басқа қатысушылардың ойында болмаған қылмысты жасауы оның шектен шығушылығы деп танылады. Шектен шығушылық үшін басқа қатысушылар қылмыстық жауапқа тартылмайды.

Адам ұрлығы қылмыстылығының жалпы себебіне еліміздің жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға өту кезіндегі қалыптасқан экономикалық ахуалды жатқызбасқа болмайды.

Әміршіл-әкімшілік жүйеден нарықтық экономикаға өту уақытындағы өтпелі кезеңіндегі олқылықтарға байланысты көптеген адамдар кедейшілік қамытын мойнына ілді. Соңғы кезеңдегі экономикалық өсім халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтарына әлі де жағымды әсер ете қоймады.

Аталған қылмыстылықтың себебін қоғамның құлықтылық жағдайынан, моралдік құндылықтардың төмендеуі немесе болмауынан іздеуіміз қажет. Ізгілікке тәрбиелеу – халықпен, тәрбиелілікпен жұмыс істеудің құрамдас бөлігі. Өнегелілік нормаларына адамзат баласының дамуының ғасырлар бойы тарихында қалыптасқан адамгершілік құндылықтары және ережелері жатқызылады.

Қазақстанның Ресей империясына болуына байланысты бас бостандыққа қарсы қарсы қылмыстардың жауаптылығы мәселесі алғаш рет Ресей империясында алғаш рет 19 ғасырда енгізілді.

20 ғасырдың басында большевиктердің билікке келуіне байланысты адам бостандығы мәселесіне патшалық Ресейге қарағанда аз көңіл бөліне бастады. 20 ғасырдың екінші жартысының басында бас бостандыққа қарсы қылмыстар жауаптылығы көздеген баптар тым азайып кетті.

КСРО-ның күйреуіне байланысты Қылмыстық кодекске аталған қылмыстар үшін жауаптылық көздейтін баптар қосыла берді.

Халықаралық қауымдастық аталған салада азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін елеулі күш жігер жұмсауда. Бірақта кейбір елдерде, адамның бостандығына қарсы қылмыстар кеңінен тарауда. Бұл мемлекеттер әртүрлі құрылымдарда орналасқан.

Бұл Ирак және Ауғаныстан Азияда. Албания, Македония, Босния және Герцеговина Еуропада. Орталық Африка мемлекеттері. Бразилия және Колумбия Оңтүстік Америкада. Мексика Солтүстік Америкада. Қазіргі әлемде бостандықтарға қарсы қылмыстарды тек қана қылмыстық элемент қана емес, мемлекеттік билік те жасауда.

Қазақстан Республикасында адамдарды ұрлау қылмыстары 20 ғасырдың 90 жылдары кеңінен етек жая бастады. Таяу уақытта аталған саланы реттейтін заңдар қабылданды. Негізгі заң ол Қазақстан Республикасының Конституциясы.

Аталған қылмыстардың бірден өсуіне Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға өтуі танылады. Жеке меншіктің пайда болуына байланысты, жекешелендіру

жүргізілді, соның ішінде ірі ауқымды кәсіпорындар жекешелендірілді. Көптеген адамдар тағдыр тауқыметіне қалып, жұмыссыз және ақшасыз қалды, ал кейбіреулері бір сәтте миллионер болып шықты.

Нәтижесінде адамдарды ұрлау кенінен өріс алды. 1990 жылдардың басында көптеген ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қауымдастықтар пайда болды. Адамдарды ұрлаудың көптеген үлесі осыларға тиесілі.

Адамдарды ұрлау құқық қорғау органдарының қылмыстық қудалаудан бас тартуы үшін және қылмыстық топтардың бір бірімен бәсекесін шешу мақсатында жүргізілді.

Құлдыққа қарсы күресуді халықаралық құқықтық реттеу 19 ғасырда басталды. Бірақта құлдықты сынайтын барлық құжаттар, формалды сипатты иеленді. Мәні бойынша құлдыкқа қарсы бірінші халықаралық конвенция 1926 жылы Женевада Ұлттар Лигасының шеңберінде қабылданды. БҰҰ 1948 жылы қабылданған Адамның Жалпыға бірдей Декларациясы құлдық пен құлдық саудасының барлық түріне тиым салды. 1956 жылы Женевада құлдықпен күресу мәселесіне байланысты, 59 мемлекеттің өкілдерінің конференциясы өтті, онда құлдықты және құл саудасын жоюды азайтуды көздеді.

Қолданылып жүрген қылмыстық заңға сәйкес ондай мінез-құлықтан туған әрекет (әрекетсіздік) біріншіден қоғамға қауіпті, әрине екіншіден қылмыстық заңға қайшы болуы керек. Қылмысты жасалынған құқық бұзушылық фактісі ретінде айтқан кезімізде, тек объективтік жақтың белгілері, ең алдымен туындаған зардап ретінде қарастырамыз. Бірақ қылмыс – бұл кеңістікте және белгілі мезгілде қалыптасатын үдеріс.

Осы жерде қылмыстың объективтік жағы элементін бейнелейтін көбінесе негізгі үш белгіні атап өтуіміз қажет. Оған жататындар қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), қылмыстық зардап және екеуінің арасындағы себепті байланыс (материалдық қылмыстарға тән). Қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) бұл адамның құқыққа қайшы, саналы, белсенді немесе енжар түрде қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін мінез-құлқының сыртқы көрінісі болып табылады.

Қылмыстық іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қандай да болмасын қылмыстың қажетті белгісі ретінде объективтік жақтың келесі қосындыларын: қылмыстық зардап және оны туындататын себепті байланыс болып келеді.

Қылмыстық әрекет қылмыстық құқықтың зерттеу заты ретінде психологиялық және физиологиялық тұрғыдан адам іс-әрекетіне тән барлық белгілерді қосады. Ең алдымен кез келген әрекеттің бірқатар жалпы белгілерін қарастырамыз. Әрекетті қылмыстың объективтік жағының элементі ретінде талдау үшін, ең алдымен оның сыртқы көрінісіне, яғни нысанына назар аударуымыз қажет. Қылмыстық құқық ғылымы, қылмыстық әрекетті ерікті әрекет (*mens rea*) деген ұғыммен байланыстырады.

Адамды ұрлау қылмыс құрамы әрекет арқылы жасалады. Қоғамға қауіпті іс-әрекет пен одан туындайтын зардаптың арасын объективті түрде жалғастыратын себепті байланыс болады. Бұл материалдық құрамға жататын қылмыстардың объективтік жағының қажетті белгісі болып табылады деп айтқанбыз. Адам ұрлығы қылмыстылығының латенттігі тым жоғары. Осы тұрғыдағы қылмыстардың жоғары болатындығын бірнеше себептермен түсіндіруге болады:

- 1) Ұрланған адамдардың құқық қорғау органдарына шағымдануға мүмкіндігі болмайды.
- 2) Осы тұрғыда қылмыс жасайтын қылмыстық топтар өте жоғары ұйымдасып әрекет етеді.
- 3) Адам ұрлаумен айналысатын топтар халықаралық деңгейде әрекет етіп басқа мемлекеттің осындай топтарымен бірігіп жұмыс істейді.

Криминологиядағы себептілік – күрделі және аса шиеленіскен мәселелердің қатарында саналады. Сондықтан оған деген көзқарас байыптылықпен жүзеге асырылуы тиіс.

Кез келген құбылыстардың шығу тегін сипаттайтын жалпы категория ретінде детерминация (лат *determinante*- анықтау) танылады.

Қылмыстық құқықта қылмыстардың сипатын және қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтау қол сұғушылық объектісімен байланысты топтастырылады. Криминологияда біз қоғамдық қатынастарды топтастыруға жүгінуге тиістіміз, ол өз кезегінде қылмыстардың туу себептерін және жағдайларын ескеріп оларды болжау арқылы алдын алу шараларын қолдануға мүмкіндік береді.

Себептілік – бұл себеп және салдар арасындағы объективті, жалпы генетикалық (өндіретін, туындататын) байланыс. Себептілік үдерісі уақыт бойынша кезең кезеңімен дамуда және себеп әрқашанда салдарды тудырады. Ақпаратты және психофизикалық энергияны ауыстыру – қоғамдық қатынастар аясындағы себептіліктің типтік қасиеті. Мінез-құлық нормалары, құндылықтар жүйесі, ағымдағы шынайылықтар жөніндегі мәліметтер тұлғаның, қауымның және қоғамның көзқарасын және психологиясын қалыптастыра отырып әр түрлі қайнар көздер және ақпарат каналдары арқылы тұлғалармен анықталады.

Қорыта айтқанда, адамға бостандық табиғаттан, туылғаннан берілген яғни, ол абсолютті оны мемлекет немесе басқа бір кісі оған оны сый ретінде берген жоқ. Адам өзінің бостандығын өзі басқарады, өз еркімен өмір сүреді, олардан ешкім айыра алмайды. Қазақстан Республиканың Конституциясының 12-бабының 2-тармағында көрсетілген. Бірақ, заңда көрсетілгендей адам қылмыс жасаса, соттың қылмыскерді бас бостандығынан айыруға құқығы бар. Сондай-ақ Республика Конституциясында адамның жеке басына - өміріне, қадір-қасиетіне қол сұғылмауына кепілдіктер берілген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясы. 30.08.1995 ж. - 2017.
2. А.Н. Ағыбаев. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлік. – Алматы: «Жеті жарғы», 2016. - 384б.

Коньсбекова М.Р., Дарменбекова А.Н.

Особенности преступлений вещания

В статье рассматриваются отличительные признаки похищения человека с другими смежными составами. К преступлениям против личной свободы человека относятся его похищение, незаконное лишение свободы и незаконное помещение в психиатрический стационар.

Ключевые слова: *похищения человека, незаконное лишение свободы, незаконное помещение в психиатрический стационар, уголовная ответственность.*

M.R. Konysbekova, A.N. Darmenbekova

Special features of broadcast crimes

In the article the distinguishers of theft of man are examined with other contiguous with-ставами. To преступлениям his theft, illegal imprisonment and illegal apartment in psychiatric permanent establishment, belong against the personal freedom of man.

Key words: *kidnapping, unlawful imprisonment, illegal placement in a psychiatric hospital, criminal liability.*

УДК 340

ПРИЗНАКИ АДМИНИСТРАТИВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ И ВИДЫ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ВЗЫСКАНИЙ В РК

Нурмаганбет Е.Т., Омиргалиев М.Ж.

Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган

В данной статье рассматриваются понятие, признаки и виды административной ответственности, виды административных правонарушений и проблемы привлечения к административной ответственности

Ключевые слова: административная ответственность, административные взыскания, штраф, арест, конфискация.

Административная ответственность — это самостоятельный вид юридической ответственности, которая заключается в том, что орган управления или должностное лицо вправе применить к лицу, совершившему административное правонарушение, меры административного взыскания.

Основанием административной ответственности служит административное правонарушение (проступок), за совершение которого к виновным применяются административные взыскания.

К административной ответственности привлекается широкий круг органов и должностных лиц, перечень которых содержится в Кодексе РК об административных правонарушениях и других законах и подзаконных актах: органы исполнительной власти, местного самоуправления, их должностные лица, суды и судьи. Административные взыскания в отличие от дисциплинарных применяются органами и должностными лицами в отношении лиц, не подчиненных им по работе или службе [1].

В целом основные черты административной ответственности сводятся к следующему:

а) административная ответственность устанавливается как законами, так и подзаконными актами, либо их нормами об административных правонарушениях. Следовательно, она имеет собственную нормативно-правовую основу. Нормы административной ответственности образуют самостоятельный институт административного права. В отличие от этого уголовная ответственность устанавливается только законами; дисциплинарная - законодательством о труде, а также различными законами, подзаконными актами, устанавливающими особенности положения отдельных категорий рабочих и служащих; материальная ответственность - законодательством о труде, гражданским законодательством, а в отдельных случаях - нормами административного права;

б) основанием административной ответственности является административное правонарушение. Уголовной - преступление; дисциплинарной - дисциплинарный проступок; материальной - причинение материального вреда (ущерба) или гражданско-правовой деликт;

в) субъектами административной ответственности могут быть как физические лица, так и коллективные образования. Уголовной - физические лица; вопрос о дисциплинарной ответственности органов и организаций является дискуссионным. Но его постановка обоснованна ибо предусматривается отставка органов исполнительной власти, прекращение незаконной деятельности общественных объединений и . т.п. Природа этих мер не определена в законодательстве [2].

Физические лица субъектами административной ответственности могут выступать в качестве граждан, должностных лиц, несовершеннолетних и т.д. Но этот момент не представляет ее особенности;

в) за административные правонарушения предусмотрены административные взыскания. За преступления - уголовные наказания, за дисциплинарные проступки - дисциплинарные взыскания. Материальная ответственность выражается в имущественных санкциях;

г) административные взыскания применяются широким кругом уполномоченных органов и должностных лиц: исполнительной власти, местного самоуправления, а также судами (судьями). Уголовные наказания - только судом; дисциплинарные взыскания - органами и должностными лицами, наделенными дисциплинарной властью и в пределах их компетенции; меры материальной ответственности - судами общей юрисдикции и арбитражными судами. В отдельных случаях - в административном порядке;

д) административные взыскания налагаются органами и должностными лицами на неподчиненных им правонарушителей. По этому признаку административная ответственность отличается от дисциплинарной, меры которой к работникам и служащим применяются в основном в порядке подчиненности вышестоящим органом, должностным лицом. В установленных случаях в таком же порядке могут применяться меры материальной ответственности (администрацией за причиненный ущерб предприятию его работником и т.д.);

е) применение административного взыскания не влечет судимости и увольнения с работы. Лицо, к которому оно применено, считается имеющим административное взыскание в течение установленного срока;

ж) меры административной ответственности применяются в соответствии с законодательством, регламентирующим производство по делам об административных правонарушениях. Уголовные дела рассматриваются в соответствии с уголовно-процессуальным законодательством; дисциплинарные - в соответствии с нормами, устанавливающими порядок дисциплинарного производства; дела о материальной ответственности - как правило, в порядке гражданского судопроизводства [3].

Административное взыскание — это мера административной ответственности за административное правонарушение. Цели его — защита правопорядка, воспитание лиц, совершивших административные правонарушения, в духе уважения к закону и предупреждение совершения новых правонарушений самими правонарушителями и другими лицами.

В соответствии со ст. 41 Кодекса РК «Об административных правонарушениях» от 5 июля 2014 года № 235-V ЗРК За совершение административных правонарушений могут применяться следующие административные взыскания:

- 1) предупреждение;
- 2) административный штраф;
- 3) конфискация предмета, явившегося орудием либо предметом совершения административного правонарушения, а равно имущества, полученного вследствие совершения административного правонарушения;
- 4) лишение специального права;
- 5) лишение разрешения либо приостановление его действия, а также исключение из реестра;
- 6) приостановление или запрещение деятельности;
- 7) принудительный снос незаконно возводимого или возведенного строения;
- 8) административный арест;

9) административное выдворение за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства [4].

Административный штраф довольно часто применяется проверяющими органами в качестве меры воздействия на предпринимателей за выявленные в результате проверки нарушения. Поэтому знание о порядке его наложения и оплаты поможет Вам своевременно его уплатить. Ведь недобросовестное отношение должника к уплате административного штрафа в будущем может служить отягчающим обстоятельством при рассмотрении других правонарушений [5].

Новый КоАП РК с 1 января 2015 года вводит сокращенное производство и снижает в нем штрафы наполовину. Теперь, если водитель признает вину на месте, то инспектор ДПП должен вручить ему копию протокола и «скидочную» квитанцию с реквизитами для уплаты штрафа. Водитель в свою очередь, расписывается у него на корешке квитанции. После этого в течение 7 дней можно уплатить 50% от штрафа. После посещения банка с платежкой надо тут же съездить в полицию и снять штраф из ее базы. «Тема» скидок касается только тех штрафов, что были выписаны на месте нарушения полицейскими, а не зафиксированными видеокамерами [6].

Как известно, с 1 января 2016 года действуют изменения в пункте 1 статьи 890 Кодекса об административных правонарушениях в соответствии с Законом "О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам предпринимательства". Согласно изменениям, постановление о наложении административного взыскания не подлежит исполнению, если оно не было приведено в исполнение в течение года со дня его вступления в законную силу. «Деятельность по исполнению постановлений состоит из двух логически взаимосвязанных этапов:

1. Первый этап - это обращение постановлений к исполнению, а второй этап - это непосредственное приведение их в исполнение. На первом этапе ключевая роль принадлежит органу (МВД, суд и тому подобное), принявшему постановление. Постановление направляется органу или должностному лицу, уполномоченному приводить его в исполнение, в течение суток со дня вступления документа в законную силу.

2. На втором этапе уже специально уполномоченные органы осуществляют деятельность по взысканию штрафа, то есть ваше дело передают либо специальному полицейскому подразделению, либо судебным исполнителям».

Нарушителю предоставляется возможность оплатить штраф добровольно не позднее 30 дней (плюс 10 дней на обжалование), отправившись в банк. Можно заплатить и половину штрафа при рассмотрении дела в ускоренном порядке, в течение 10 дней, но кроме тех, что зафиксированы системой автоматической видеofиксации [7].

Штраф, наложенный за выявленные в результате проверки нарушения, вносится (перечисляется) в государственный бюджет с обязательным последующим уведомлением в письменной форме проверяющего органа, вынесшего постановление о наложении штрафа.

Постановление о наложении административного взыскания обращается к исполнению судьей, органом (должностным лицом), вынесшим постановление.

Конфискация — это принудительное безвозмездное обращение предмета, ставшего орудием совершения или непосредственным объектом административного правонарушения, в собственность государства.

Конфискация как мера административной ответственности состоит в безвозмездном изъятии только предмета правонарушения, но не вообще имущества правонарушителя как меры уголовной ответственности.

Лишение специальных прав, предоставленных гражданину (права управления транспортными средствами, права охоты) на срок от пятнадцати дней до трех лет.

Лишение права управления транспортными средствами не может применяться к лицам, пользующимся этими средствами в связи с инвалидностью, кроме случаев, предусмотренных законодательством.

Лишение права охоты не может применяться к лицам, для которых охота — основной источник существования [8].

Административный арест применяется в исключительных случаях за отдельные виды правонарушений чрезвычайного положения — до 30 суток. Административный арест не может применяться к беременным женщинам, женщинам, имеющим детей в возрасте до 12 лет, к лицам, не достигшим 18 лет, к инвалидам I и II групп.

Административное взыскание может быть наложено не позднее двух месяцев со дня совершения административного правонарушения, а при длительном правонарушении — двух месяцев со дня его обнаружения.

Порядок исполнения обязательных работ должен осуществляться по аналогии с привлечением к труду лиц, подвергнутых административному наказанию в виде административного ареста. То есть, организация трудового использования лиц, привлеченных к обязательным работам, возлагается на местные органы исполнительной власти, которые по согласованию с руководителями органов внутренних дел, в структуре которых находятся специальные приемники для административно арестованных, определяют перечень организаций, где может быть использован труд правонарушителей. С руководителями этих организаций должны заключаться соответствующие договоры.

Понятие эффективности применения административных наказаний определяется отношением между результатом и той целью, для достижения которой они назначаются. При этом, их эффективность зависит и от тех затрат, которые связаны с исполнением назначенных административных наказаний. Применяемые наказания будут эффективны в том случае, когда они будут соответствовать социальным потребностям, т.е. регулировать оптимальный вариант поведения человека и обеспечивать наступление фактического результата, соответствующего цели наказания (предупреждения совершения новых правонарушений как самим правонарушителем, так и другими лицами) [9].

Законодательство об административной ответственности организаций не упорядочено и не представляет еще сложившуюся систему. По общему правилу субъектами административной ответственности выступают организации — юридические лица. В отдельных случаях к административной ответственности могут привлекаться обособленные подразделения юридических лиц — филиалы. Административная ответственность юридических лиц наступает в виде штрафа.

Рассматривая сущность административных наказаний, мы делаем вывод, что, они являются мерой административной ответственности. Ответственность является правовой категорией, научной абстракцией. Для правоприменительной (юрисдикционной) деятельности необходима видовая определенность в законе соответствующих типов юридической ответственности (административной, уголовной, гражданско-правовой, дисциплинарной и др.).

ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Мусина Б. Б. Административное право РК.- Алматы: НИЦ КОУ, 2007.- 100 с.
2. Ибрагимов Х.Ю. Административное право РК.- Алматы: НИЦ КОУ, 2007.- 150 с.
3. Таранов А.А. Административное право РК.- Алматы, 2002.

4. Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от июля 2014 года № 235-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017г.)
[//https://online.zakon.kz/](https://online.zakon.kz/)
5. Мусина Б. Б. Административное право РК.- Алматы: НИЦ КОУ, 2007.- 100 с
6. Оплатить штрафы можно с 50% и 30% скидками.- <https://motor.kz/>
7. Изменения и дополнения в Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» // <http://krg.kgd.gov.kz/>
8. Стахов А.И. Административная ответственность: Учебное пособие для студ.высш.учеб.заведений. / А.И. Стахов, В.П. Иванов.- 2-е издание перераб. и доп.- Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2013.- 111с.
9. Административная ответственность в Республике Казахстан: Учебник.- Алматы: Нұр-Пресс, 2013.- 1 электр. опт. диск.

Нурмағанбет Е.Т., Өмірғалиев М.Ж.

ҚР-дағы әкімшілік қылмыстардың әкімшілік жауапкершілігі мен түрлерінің белгілері

Бұл мақалада әкімшілік жауапкершілік, оның белгілері туралы түсінік беріліп, әкімшілік құқықбұзушылықтар, әкімшілік жауаптылықтың түрлері мен оның жүзеге асырылу мәселелері қарастырылған.

Кілттік сөздер: *әкімшілік жауапкершілік, әкімшілік айыптулдар, айыптул, тұтқындау, тәркілеу.*

E.T. Nurmaganbet, M.Zh.Omirgaliev

Signs of administrative responsibility and types of administrative crimes in rk

This article deals with the concept, attributes and types of administrative responsibility, types of administrative offenses and problems of bringing to administrative responsibility

Key words: *administrative responsibility, administrative penalties, fine, arrest, confiscation.*

ӘОЖ 340

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТУРА ИНСТИТУТЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ

Нұрмағанбет Е.Т., Акашов А.С.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
[zhgu.edu.kz.](mailto:zhgu.edu.kz), alish3101@mail.ru*

Бұл мақала адвокатураның ережелері мен заңды мәртебесін сипаттайды. Сонымен қоса негізгі бағыттары мен міндеттері. Қазақстан Республикасындағы адвокатура институты туралы, оның пайда болуы мен даму жолдары қарастырылады.

Кілттік сөздер: *адвокатура, адвокаттық қызмет, заңнама, кеңес, құқық, кепілдік.*

Адам мен азаматтың құқығына кепілдік беретін заңның конституциялық ережелерінің арасында маңызды конституциялық принцип ретінде, қолданылатын білікті заң көмегімен алу құқығы ерекше орын алады. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3 тармағында әрбір адамның білікті заң көмегімен алуға

құқығының бар екендігі нақты көрсетілген. Ал заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі [1].

Қазіргі уақытта Қазақстанда адам мен азаматтың құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді атқаратын әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар, қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің бар екенін атап өтейік. Мысалы, соттар, прокуратура, ішкі істер, әділет органдары жоғарыда аталып өткен құқық қорғау міндеттерін бір-бірімен тығыз байланыс жасай отырып атқарады. Дегенмен, осы міндеттерді табысты жүзеге асыру адвокатура сияқты қоғамдық-құқықтық институтсыз мүмкін емес. Қазақстандық заңнамада адвокатура құқық қорғау органы ретінде көрсетілмесе де, ол іс жүзінде құқық қорғау қызметі міндетін атқарады. Сөйтіп, азаматтардың билікті заң көмегін алу құқығын қамтамасыз етуге тиісті құқық қорғау жүйесінде адвокатураға маңызды орын беріледі. Шетел терминдеріне сүйенсек, «адвокатура» термині ұйымды, адвокаттар алқасын немесе адвокат қызметін білдіреді.

Е.Баяновтың пікірін назарға алатын болсақ, адвокатураның қызметі мемлекеттің кепілдендірген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген әркімнің өз құқықтарының, бостандықтарының сот арқылы қорғалуына және білікті заң көмегінен алуға құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесуге арналған деп көрсетіледі. Ал жалпы адвокатура термині бойынша – жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және «Адвокаттық қызмет туралы» заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы [2].

Қазақстандағы 1980 жылғы 13 қарашада бекітілген «Адвокатура жайлы Ережелер»-дің көптеген баптары қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасы «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның негізін қалады [3].

Құқықтық реформаның тұжырымдамалық бағытталуы адвокатура институтының республика құқық қорғау жүйесінде лайықты орын алып, өзін-өзі басқаратын, өзін-өзі қаржыландыратын коммерциялық емес ұйым ретіндегі дербестігін сақтайтығында. Ал бұл үшін адвокат өзінің кәсіби парызын орындауға тиісті іс жүргізу құқықтары мен міндеттемелерін алуға тиіс.

80-ші жылдар шегінде және 90-шы жылдардың басында құқық саласында басталған өзгерістердің пәрменді, білікті адвокатураны қалыптастыру үшін негіз қалағандығын атап өткен жөн. Адвокатураның «қосалқы сот мекемесі» екендігі туралы жалған ұғымға негізделген қоғамдық теріс пікір бірітіндеп жойылды.

Сөйтіп, адвокатура шын мәнінде мемлекеттің қажетті қоғамдық-құқықтық институтына айналды, бұны адвокаттар еңбегінің рөлі мен беделінің артуы айғақтайды. Мысалы, 1995 жылдың басында адвокаттардың жалпы санының 1989 жылмен салыстырғанда үштен бір есеге артып, екі мыңнан асты. 1992 жылы Алматыда 244 адвокат болды, ал 1997 жылдың 1 қаңтарында Алматы қалалық адвокаттар алқасында мүшелердің саны 300 адамнан асты. Алайда адвокаттың сот ісінің кез-келген сатысында бәсекелестік, тұлғаға қол сұқпаушылық, абырой мен беделді құрметтеу, кінәсіздік презумпциясы, заң көмегі мен қорғау құқығын алу принципімен қамтамасыз етілуі тұрғысында процеске толыққанды қатысушы болғандығы туралы айтуға әлі ертерек.

1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы барлық қолданыстағы заңдарды реформалау қажеттігін туғызды, осыған, атап айтсақ, 1997 жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының қабылдануын дәлел ретінде тілге тиек етуге болады.

Адвокатура жағдайы мен адвокаттың құқықтық мәртебесінің әртүрлі мемлекеттерде бірдей еместігі белгілі. Бұл тек қоғамда, елде және заңнамада қандай құқықтық режим және тұлғалардың жағдайы, олардың құқықтары мен бостандықтарының

қандай күйде екендігіне ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің құқықтық жүйесі мен ұлттық дәстүрлерге және оның экономикасына да байланысты.

Қазіргі уақытта адвокатура қызметін тәртіптейтін негізгі заң жоғарыда аталған арнайы заң болып табылады, онда адвокаттық қызметтің тәртібі мен мазмұнын және осылардан туындайтын құқық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар біріктіріліп жүйеленген.

Бұл заң Қазақстан Республикасы Конституциясы мен құқықтық реформалардың Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қабылданды. Онда Конституция негізінде қабылданған нормативтік-құқықтық актілердің ережелері; бұның алдында жинақталған практикалық тәжірибе; жетекші қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері ескерілді.

Адвокатура қызметінің негізгі даму бағыттары:

- жеке адамдардың өз құқықтарын, бостандықтарын соттауға қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасы Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

- қылмыстық істер бойынша қорғауды, азаматтық, әкімшілік және өзге істер бойынша өкілдік етуді жүзеге асыру жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастыру;

- заңдарда тыйым салынбаған заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету.

Осыған сәйкес адвокатура қызметі:

1) адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігі;

2) адвокаттық қызметті заңдарда тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыру;

3) заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, соттар, анықтау және алдын-ала тергеу органдары, басқа да мемлекеттік органдар, өзге ұйымдар мен лауазымды адамдар тарапынан адвокаттардың қызметіне араласуға жол бермеу;

4) кәсіби мінез-құлық нормаларын және адвокаттық құпияны сақтау принциптеріне негізделеді.

Алғаш рет нақты «адвокат» түсінігі беріледі, бұрын қолданылған адвокатура туралы Ереже мен Қазақ ССР ҚЖК-да «қорғаушы» терминіне қоғамдық, сондай-ақ кәсіби қорғаушылар қатар телінді [4].

Енгізілді және қарастырылды:

- адвокаттық кәсіби мінез-құлықның нормалары (16 бап);

- адвокаттық қызметтің кепілдіктері (бұрын қолданылған Ережеде тек адвокаттың құқықтары мен міндеттері ғана қарастырылды, ал адвокатқа берілген құқықтарды қамтамасыз ету механизмі (тегершігі) болған жоқ, енді 17-бапқа сәкес бірқатар кепілдіктер қарастырылды; мысалы, 2-тармақта адвокатты ол заң көмегін көрсетіп отырған адаммен тендестіруге тыйым салынады, бұрынғы қылмыстық сот ісінде тергеушілер адвокатқа көп жағдайда ол қорғайтын адаммен бір қарады, ал 8-тармақ анықтау және алдын ала тергеу органдарын қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген жағдайларда адвокатпен келісілген мерзімде тергеу және өзге іс жүргізу әрекеттеріне оның қатысуы қажеттігі туралы адвокатқа кейде тіпті оның бастардан бір сағат бұрын ғана хабарлайтын жағымсыз практиканы тоқтатты, оның нәтижесінде нақты іс бойынша қорғау және т.б. формалды түрде болатын) адвокаттың тек қана өзі үшін ғана емес, сондай-ақ адвокат көмегін пайдалану мүмкіндігін алған клиент үшін де;

- адвокаттық құпия (18 бап);

- адвокаттың өз қызметін заңды тұлғаны тіркемей-ақ жеке дара жүзеге асыру (19 бап) және т.б.

Заң мазмұнын құрайтын бүкіл нормативтік материал 4-тарау мен 34 бапқа (баптар, өз кезегінде, тараудан, тармақ пен тармақшадан тұрады, бұл нормативтік құқықтық актінің құрылымына сәйкес келеді) мына ретпен жүйеленген:

- жалпы ережелер;
- адвокаттың мәртебесі;
- адвокаттық қызметті ұйымдастыру;
- қорытынды және өтпелі ережелер [5].

Алайда қолданыстағы Заң өзінің бүкіл маңыздылығына қарамастан әрі қарай жетілдіруді қажет етеді. Ол тек ұйымдық мәселелерге ғана емес, сондай-ақ жалпы заңдық базаның жетілдіруімен де байланысты, атап айтқанда, адвокаттың; анықтау, тергеу, прокуратура және сот органдарымен өзара қатынас тәртібін дәлме-дәл және анық құқықтық реттелуі жоқ. Халықаралық ынтымықтастық саласында Қазақстан Республикасы Адвокаттары одағының құқықтық мәртебесі мен жағдайы анықталмаған және т.б.

9-бапқа сәйкес адвокаттық қызметпен шұғылданғысы келгендер аттестациялық комиссияға біліктілік емтиханын тапсырғаннан кейін және оның ұсынысымен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі лицензия береді, онда аталған тұлғаға адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығы үшін рұқсат етеді. Алайда адвокаттық бірлестік қызметінің негізгі принципі Заң «тәуелсіздік» деп атады. Бұдан осы құқық институты дербес немесе мемлекеттік органдар өкілдерімен бірге 1991 жылғы 28 маусымдағы Заңмен адвокатураға үміткерлерді қабылдауды, адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығына үміткер тұлғаларды аттестациялауды қамтамасыз ету мақсатында халық депутаттары Кеңестерінің облыстық атқару комитеттері (оның ішінде Алматы қаласы әділет басқармалары жанынан біліктілік комиссиялары құрылды, олардың құрамына адвокаттардың кемінде елу пайызы, заң ғылымының өкілдері және тәрбиелі заңгер-практиктер кірді) адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығына үміткерлерді аттестациялауға тиіс болды.

1998 жылдан бастап адвокатты тергеу немесе анықтау, болмаса сот тағайындайтын барлық қылмыстық істер бойынша заң көмегі іс жүзінде тегін көрсетіледі. 1999 жылдың 26 тамызындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің ережелері» Қаулысымен тұрақты және жергілікті жалақысы жоқ, тұрмысы нашар азаматтар білікті заң көмегіне мұқтаж болған кезде арнайы баптардағы тәртіппен анықталған адамдар санаты мүддесін қорғау жөніндегі адвокаттар қызметін республикалық бюджеттен қаржыландыру қарастырылды. Олар, әдеттегідей, кәмелетке толмағандар, зейнеткерлер, мүгедектер, көпбалалы және жүкті әйелдер, жұмыссыздар мен өзге де тұрмысы нашар азаматтар.

Аталған мәселені шешу және тұрмысы нашарларға заң көмегін көрсету жөніндегі адвокаттар қызметін ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 желтоқсанда республикалық қаражат есебінен адвокаттар жалақысының қолданыстағы жүйесіне өзгерістер мен толықтырулар қарастыратын N1683 қаулысы қабылданды.

Жоғары аталған Қаулыны жүзеге асыру барсыныда азаматтардың әлеуметтік қорғалмаған санаттарына адвокаттар көрсететін заң көмегімен қатар қылмыстық, азаматтық және әкімшілік сот ісін жүргізуде тұлғаларды қорғауды қамтамасыз ету деңгейі де айтарлықтай көтерілді.

Адвокаттардың, олар қорғайтын тұлғалар құқығының ұдайы бұзылуы, жоғарыда аталған органдардың пайдалы пікірсайысына қатысу ниетінің жоқтығы, бірқатар өзге шешілмеген мәселелер Қазақстанның жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде

қалыптасуына кедергі келтіреді. Бұл құқықтық немқұрайлық пен азаматтардың мемлекеттің өзі жариялаған принциптерін жүзеге асыру қабілетіне сенбеуін туғызады, азаматтардың қорғану және білікті заң көмегін алудағы конституциялық құқықтарын кемсітушілікке алып келеді.

Нарықтық экономиканың дамуы, құқық жүйесін реформалау жаңа нормативтік актілерді қабылдау және басқа да көптеген жайттар заңдарды терең білу мен оның дұрыс қолдануды талап етті. Осының бәрі адвокатураның алдына жаңа міндеттер мен мәселелерді қойды.

Адвокаттар қызметін мамандандырудан туралы мәселе, екіншіше орай, қолданыстағы «Адвокаттық қызмет туралы» Заңда орын таппаған, ал бұл мәселе оны күнделікті практикаға енгізу мақсатында адвокаттар алқасында талай рет талқыланған. Ақиқатында адвокаттарды мамандандыру процесінің қазір жүріп жатқандығын айта кеткен жөн, алайда заң көмегінің дербес түрі ретінде тамырын тереңге жайған жоқ.

Сонымен, адвокатураның даму деңгейі – бұл адам мен азаматтың құқықтарын және бостандықтарын заңмен қамтамасыздандырудың нақты өлшемі. Заңнама кұр сөз болып қалмай, адвокатураның тәуелсіздігі мен үлкен абыройына кепілдік беруге, оның қызметіне, заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, сот, анықтау және алдын-ала тергеу органдары, басқа мемлекеттік органдар, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, өзге ұйымдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан араласушылыққа жол бермеуге тиіс.

Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау мен жүзеге асыру мақсатында заң көмегін көрсету кепілдігі болып табылады [4].

Қорытындылай келгенде, жалпы қолданыстағы Заң адвокаттардың қызметінде кездесетін кедергілерге байланысты бар проблемаларды шешті деп айтуға болмайды. Өйткені адвокаттар құқығы көбінесе қылмыстық іс жүргізуші органдардың жекелеген лауазымды адамдары тарапынан бұзылады. Заң талаптарын бұза отырып бұл қызметкерлер қасақана және ешқандай негізсіз адвокаттарға өздерінің қорғаушыларымен кездесуде олардың саны мен ұзақтығына кедергі жасайды.

Тағы да, адвокаттар рөлі мен маңызын қылмыстық сот өндірісі бойынша түсінбеу, құқық қорғау органдары тарапынан болатынын айта кету керек. Бұл жайлы 1999 жылы 30 қазанда болған Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының съезінде айтылған болатын. Осы съездің үндеуінде «Уақытысында алған шақырулары бойынша съезд жұмысына бірде-бір Жоғары Соттың, Бас Прокуратураның, Әділет министрінің, Ішкі істер министрінің, Салық полициясы мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің лауазымдары қатыспады. Съезде қаралған мәселелер тек адвокаттарды ғана емес, бүкіл қоғамды ойландыратын мәселелер болатын.

Шын мәнінде, адвокаттың оның қорғауындағы адамның құқығын бұзу, оларға қарсы жоғарыда көрестілген органдардың түсініксіздікпен қарамауы Қазақстанның демократиялық және құқықтық мемлекет деп санай отыра, өзінің басты қазынасы адам және оның өмірі мен денсаулығы деп санайтын бекітпелеріне байланысты шешілетін бірқатар проблемаларына кедергі жасайды. Бұл дегеніміз құқықтық нигилизм мен мемлекеттің олардың принциптерін жариялау мен іске асыру қабілетіне азаматтардың сенбеушілік күмәнін туғызады. Және ол азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау үшін кәсіби заң көмегі алдына нұқсан келтіреді [5].

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының адвокатура саласындағы проблемаларды шешу қолға алына бастады. Мысалы, заңгер болу үшін, жоғары заңгер білімі болу, адвокаттар алқасында алты айдан бір жылға дейін тағылымдамадан өту, аттестаттау процесінен өту және адвокаттар алқасы мүшелеріне кіру керек.

Тағылымдама ақылы болып табылады, оның бағасы жылына 140 мыңнан 280 мың теңгеге дейін. Алқаға кіру үшін бастапқы жарна сомасы аймаққа байланысты 700 мыңнан 800 мың теңгеге дейін құрайды. Заңға сәйкес, аймақтық адвокаттар алқасы құзыретіне жатады. Үміткер адвокат мәртебесін алу үшін бірнеше күрделі процедуралардан өтуі тиіс және шамамен 1 млн теңге төлеуі керек.

Енді осы процедураларды жеңілдету үшін, Әділет министрлігі Республикалық алқасымен бірлесе отырып, бастапқы жарнаны 100 АЕК (226.900 теңге) дейін және тағылымдаманың айына 5 АЕК (11345 теңге) дейін азайту мәселелері талқылануда.

Осы шаралар адвокаттар санының артуына әкеледі деп күтілуде, себебі шығындар сомасы екі есе көп қысқаратын болады. Өз кезегінде, адвокаттық корпусы санының өсуі оның ішінде бәсекелестікті арттырады және көмек көрсету үшін қаламақы сомасының азаюына әкеледі. Сонымен қатар, бәсекелестік адвокаттардың өз біліктілігін арттыруына талпындырады. Тиісінше, құқықтық көмек сапасының және оның халыққа қолжетімділігінің жақсаруы керек деп күтіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
2. Баянов Е. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері, 1-ші кітап. – Алматы, 2014. – 380-381 бб.
3. Мейірбекова Г.Б. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет. – Алматы, 2012. – 208 б.
4. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» N 195 Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
5. Тыныбеков С. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет. – Алматы, 2003. – 317б.

Нурмаганбет Е.Т., Акашов А.С.

Становление и развитие института адвокатуры Республики Казахстан

Данная статья описывает положение и правовой статус адвокатуры. К тому же основные направления и обязанности. Рассматривается становления и развития института адвокатуры в Республике Казахстан.

Ключевые слова: *адвокатура, адвокатская услуга, законодательство, совет, право, гарантия.*

E.T. Nurmaganbet, A.S. Akashov

Advantages and development of the Academy of Design and Architecture of the Republic of Kazakhstan

This article describes conditions and legal status of advocacy. Moreover the main directions and duties. The article focuses on the formation and development of advocacy institution in the Republic of Kazakhstan.

Key words: *advocacy, advocacy service, legislation, advice, law, guarantee.*

ӘОЖ 340

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЛҚАБИЛЕРДІ ІРІКТЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІБІ

Тинистановна С.С., Асанова А.С.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Tin_019@mail.ru; zhgu.edu.kz*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы алқабилер институтының пайда болып, дамуы мен алқабилердің қызметі, сот процесіне қатысуға іріктеу тәртібі мен олардың қатысуы туралы қарастырылған.

Кілттік сөздер: *алқабилер, сот, кандидат, әділеттілік, айыптау, іріктеу.*

Сот билігі мемлекеттің негізін құрайтын, еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғыруы жолындағы демократиялық даму тетіктерінің бірі болатын болса, азаматтардың мемлекеттік құқықтық саясатқа қатынасы және қоғам тарапынан билікке сенім білдіру деңгейі сот төрелігін тиімді жүзеге асыруға тікелей байланысты. Пәрменді және тәуелсіз сот билігі мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы үйлесімді өзара байланыстың принципті кепілінің бірі, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың басты құралы болып табылады. Ендеше, алқабилер сотының да маңызы ерекше. Алқабилер соты туралы еліміздің басты құжаты Конституцияның 75 -бабында: «Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады», - деп көрсетілген [1].

Елімізде алқа би институтының модельдерін енгізу, талдау мәселелеріне байланысты ғылыми әдебиеттерде қызу пікір-таластар болды. Республикада шығатын «Қылмыстың алдын алу» криминалогиялық журналының бір номерін түтелімен осы тақырыпқа арнауы осының айқын көрінісі. Өлі де мұны өмірге енгізу әсте де оңай шаруа емес. Енгізген күнде де қазақстандық сот жүргізу ісі екі ұдай жол айрығында болды. Өйткені ол француздық-германдық (немесе «құрлықтық» - «континентальдық») және ағылшын-американдық (немесе англо-саксондық) деп аталатын классикалық сот үлгісінің бірін таңдауы қажет болды. Жоғарғы соттың дайындаған аралас немесе француздық-германдық - құрлықтық үлгі бойынша қылмыстық істер үш кәсіби судья және арнаулы комиссия мүшелерінің таңдауымен сот міндетін атқаруға жіберілген тоғыз алқа би соттары мүшелерімен (оның жетеуі — негізгі, екеуі — қосалқы) қаралады. Үкім кеңесу бөлмесінде судьялармен бірге сот алқа мүшелерінің қатысуымен көпшілік дауыспен шығарылады.

2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде алқабилер соты енгізілуі бір кезеңнің қомақтылығын, маңыздылығын арттырып қана қоймай жалпы халықтық сотқа деген сенімін одан әрі нығайта түседі. Бүгінгі таңда әлемдік тәжірибеде алқабилер институтының екі түрі бар. Оның бірінде айыптау жазасын шығаруға қоғамдық өкілдермен бірге кәсіби судьяда қатысуға міндетті. Бұл Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің таңдап алған алқабилер институтының құрылықтық үлгісі. Заң қоғам мүшесіне, яғни алқабиге мемлекетіміздің ең алғашқы кезеңде облыстық соттың соттауына жатқызылған, ауыр қылмысы үшін қылмыстық заңмен өлнм жазасы көзделген қылмыстық істер бойынша сот төрелігін атқаруға қатысу мүмкіндігін беріп, өте жауапты, ауқымды міндет жүктейді. Бұл ретте алқаби - соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қааатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы. Бүгінгі таңда қолданысқа енген заңға сәйкес адам тағдырын таразылап, шешуге 2 кәсіби судьямен бірге 9 алқаби араласатын

болды. Осындай үлкен қауыммен шығарылған сот үкімінің әділдігі халық алдында күмән туғызбайтыны айдан анық» [2].

Алқабилердің құқықтық мәртебесі қандай деген сұрақ туындауы мүмкін. Оған қылмыстық іс жүргізу заңында белгіленген тәртіппен қылмыстық іс бойынша сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу жөніндегі өкілеттіктер берілген және сотта өз міндеттерін атқарған кезеңінде судьялардың тәуелсіздігі заңдарында белгіленген кепілдіктер қолданылады. Сот процесіне халық атынан қатысатын алқабидің өзіне тән құқықтары мен міндеттеі де бар. Әр алқабидің өзінің ішкі наным бойынша істің мән - жайын өз бетінше бағалауға және өз пікірін алқабилер алқасының алдына қойылған сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға, процеске қатысушыларға төрағалық етуші судья арқылы сұрақтар қоюға, заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, сот тергеуіндегі барлық басқа да іс - әрекеттерге қатысуға, төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай - ақ сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты, өзіне түсініксіз басқа да мәселелер бойынша сұрақтар қоюға құқылы. Сол секілді сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкілдеріне бағынуға, алқабилердің міндеттерін атқару үшін, егер сот отырысында үзіліс жарияланған немесе істі тыңдау, немесе кейінге қалдырған жағдайда, сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге, реті келмесе төрағалық етушіге қандай себептері бар сол туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

Алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізуді енгізудің қажеттілігі Елбасымыздың Жарлығымен бекітілген құқықтық саясат тұжырымдамасында және Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген. Жалпы ТМД елдері бойынша біздің еліміз Ресейден кейін осы институтты енгізген екінші мемлекет болып табылады.

«Қазақстанның сот ісін жүргізуде сот-құқықтық реформалаудың жана кезеңі - қылмыстық істерді қарау кезінде әділсотты жүргізу үшін алқабилер сотын енгізу қажет болды. Алқабилер соты - отандық әділсот тарихындағы принципті жаңалық және халықтың сот билігі тармағындағы жұмысқа қатысуының бірден - бір мүмкіндігі. Қазақстан Республикасының алқабилер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, Қылмыстық іс жүргізу кодексінен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Алқабилер қатысуымен істі қарау - демократия қағидаларының жарқын көрінісі. Мемлекет үшін адам құқықтары мен бостандықтары басты құндылық болып табылса, алқабилер соты Ата Заңымызбен бекітілген осы негізгі құндылықтарды қорғауға бағытталған. Алқабилер соты басымдықтарға ие, олар: алқалық, тәуелсіздік, сот қателіктерінің азды кем тәуекелі. Құқықтық жағынан дамыған мемлекеттер тәжірибесі көрсетіп отырғандай, алқабилер соты - мәнісі жағынан айыпталушыны кінәсіз деп жорамалдау принципі бұлжытпай сақталатын бірден - бір орган. Яғни, кәнісін ешбір шүбәсіз дәлелдеу болмаған жағдайда, сотталушы айыптау үкімінің шығару қажеттігін не оның мақсатқа сай болуын негізге ала отырып, кәсіби судьяның пікіріне ешкімнің де ықпал ете алмайтынына нақты сене алады. Алқабилер мүшелігіне қойылатын талаптар, қылмыстық істі қарауға қатысуға оларды іріктеу, істі қарау, дауыс беру тәртібі туралы Қазақстан Республикасының «Алқабилер туралы» Заңында көрсетілген. Алқабилердің қатысуымен облыстық соттың қарауына жататын аса ауыр қылмыстар қаралады және мұндай қылмыстар үшін өлім жазасы тағайындалады. Оның өзінде, тергеу аяқталғаннан кейін қылмыстық іспен танысу барысында айыпкер, өзінің қылмыстық ісін алқабилердің қатысуымен қарау жөнінде өтініш білдіріп, ол өтінішін қылмыстық іс сотқа түскеннен кейін алдын ала тыңдау барысында оны бекітсе ғана, қылмыстық іс алқабилердің қатысуымен қаралады» [3].

«Алқа билер құрамына жиырма бес жасқа толған, сотты болмаған, наркологиялық немесе психо - неврологиялық диспансерде есепте тұрмайтын, әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылмаған Қазақстан Республикасының азаматтары ғана алынады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында қылмыстық сот ісін жүргізуді алқа билер сотының қатысуымен жүзеге асыру қажеттігі айтылған» [4].

Қазақстан Республикасында 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарда және, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттарда алқабилердің қатысуымен сот бір судьяның және он алқабидің құрамында әрекет етеді.

2016 жылы 8 қыркүйекте «Әділеттік - құқықтық қорғаудың басты талабы» атты Қазақстан Республикасы Жоғары Соты мен Бас Прокуратураның бірлескен жобасы дөңгелек үстелде талқыланды. Дөңгелек үстелде Президент әкімшілігі, Конституциялық кеңес, Парламент депутаттары, соттар, прокурорлар, адвокаттар, нотариустар алдында Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Ж. Асанов: «Сот беделі – бүкіл биліктің абыройы. Бірақ, соттың беделін арттыру тек соттың ғана емес, бүкіл мемлекеттік аппараттың міндеті», - деп атап көрсетті [5].

Айыпталушының өтініші болғанда ғана қылмыстық сот ісі алқабилердің қатысуымен жүргізіледі. Тергеуші алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін айыпталушыға істің барлық материалдарын таныстырып, іске алқабилерді қатыстыру үшін өтініш беруге болатынын, сондай-ақ соттың алқабилердің қатысуымен шығарған үкіміне шағым жасау және шағымды қарау ерекшеліктерін, осындай өтінішті қанағаттандырудың құқықтық салдарын түсіндіреді. Айыпталушы өзіне алдын ала тергеудің аяқталғаны туралы хабарлағаннан кейін және істің барлық материалдары ұсынылған кезде ғана аталған өтінішті беруге құқылы. Тергеуші айыпталушының алқабилерге қатысты қалауын хаттамада көрсетуге міндетті [6].

Айыпталушының істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініші болған кезде судья алдын ала тыңдау жүргізеді. Судья алдын ала тыңдауды міндетті түрде прокурордың, өтініш білдірген сотталушының және оның қорғаушысының қатысуымен жабық сот отырысында жеке-дара жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 14-бөлім 65-тарауында «Істер бойынша Алқабилердің қатысуымен іс жүргізу» қарастырылған:

«Егер сотқа шақырылған алқабиге кандидаттардың жиырма бесінен азы келсе не олардың кейбірін сот талқылауына қатысудан босатқаннан кейін немесе төрағалық етуші судья өздігінен бас тартулар мен қарсылық білдірулерді қанағаттандырғаннан кейін олар он жетіден азайып қалса, төрағалық етуші сот отырысының хатшысына алқабиге кандидаттар құрамының жетіспейтін санын қосалқы тізімнен толықтыру туралы өкім береді. Бұл жағдайда сот отырысында алқабиге қосалқы кандидаттарды шақыру үшін үзіліс жарияланады», - деп қарастырылған [7].

Заңда көрсетілген негізде алқабидің:

1) істің мән-жайларын өзінің ішкі нанымы бойынша өз бетінше бағалау және алқабилер алқасының алдына қойылатын сұрақтарға жауап беру мүмкіндігін алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

2) процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға;

3) заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жергілікті жерді және үй-жайларды тексеріп-қарауды жүргізуге, сот тергеуіндегі барлық басқа да әрекеттерге қатысуға;

4) төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай-ақ сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты өзіне түсініксіз басқа мәселелерді түсіндіруді сұрап өтініш жасауға;

5) сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқығы бар.

Заңда көрсетілген құқықтарымен қатар, олаға жүктелген міндеттері де қарастырылған:

Алқабидің істі тыңдау кезінде сот отырысының залынан кетуге, сонымен қатар істі тыңдау кезінде сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз іс бойынша сөйлесуге құқығы жоқ.

Алқабидің істі талқылау барысында мәліметтерді сот отырысынан тыс жинауға, жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуға құқылы емес.

Алқабидің өз міндеттерін атқармауы, сондай-ақ осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы заңда белгіленген жауаптылыққа, сондай-ақ төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттету мүмкіндігіне әкеп соғады [8].

Алқабилер соты – сот жүйесіндегі демократиялық институттардың бірі. Негізгі ерекшелігі халық қылмыстық істерді қарауға тікелей қатысады, бұл әлбетте, қазақстандық соттардың қылмыстық істерді қарауының кәсіпқойлығын арттырады, соттарда қылмыстық істерді жарилы түрде қараудың көрсеткіші болып табылады.

Ең жоғарғы заңдық күші бар Ата Заңымызда алқабилердің қатысуымен қылмыстық істерді сотта қарау кезінде ел жұртшылығының сот билігін атқаруға қатысуы, кінәлінің істеген іс-әрекетін жоғары заң білімі бар, мемлекеттің өкілі ретіндегі лауазымды тұлға-кәсіби судьяның айыпты деп тануы ғана емес, қылмыстық процеске қатысатын, бейтараптықты сақтайтын, қоғамның белсенді, ел ішінде абыройлы, жүріс-тұрысында ешбір заң бұзушылықтары байқалмаған азаматтардың іс жүргізуге қатысып, іс бойынша шындыққа жетуге, кінәсіз бірде-бір адамның қылмыстық жауаптылыққа тартылмауын берік қамтамасыз етеді.

Алқабилерге кандидаттарды іріктеуге қарсылық білдіру:

1. Егер ол осы іс бойынша жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер болып табылса, немесе куә ретінде шақырылса, не шақырылуы мүмкін болса;

2. Алқабиге кандидат осы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге сарапша, маман, аудармашы, куәгер, сот отырысының хатшысы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, қорғаушы, күдіктінің, айыпталушының заңды өкілі, жәбірленушінің өкілі, азаматтық талапкер немесе азаматтық жауапкер ретінде қатысса;

3. Алқабилерге кандидат жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің, айыпталушының, сотталушының немесе оның заңды өкілінің, прокурордың, қорғаушының, тергеушінің немесе анықтаушының туысы немесе жекжаты (аға-інісі, апа-қарындасы-сіңлісі, ата-анасы және ерлі-зайыптылардың баласы) болып табылса;

4. Алқабилерге кандидат осы іске жеке, тікелей, жанама мүдделі деп санауға негіз беретін өзге де мән-жайлар болса, прокурор, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сотталушы және оның қорғаушысы, оған қарсылық білдіруді мәлімдеуі тиіс [9]. Төрағалық етуші тараптардың пікірін тыңдағаннан кейін алқабилерден бас тарту туралы қаулы шығарады.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін әділ жүзеге асыруда алқабилер сотының маңызы зор, сондықтан алқабилерді дұрыс іріктеу, сот процесінде заңда көзделген тәртіппен қатысудың рөлі жоғары деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
2. Ш. Уәлихановтың «Сот реформасы туралы» жазбалары, көш халықтың нысандағы билер соты. 1864 ж. 28-ақпан. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
3. Әлімбаев М.Т. Сот жүйесін мамандандыру туралы // Заңгер. – 2004.- №4.-18 б.
4. Қазақстан Республикасының Құқықтық Саясат тұжырымдамасы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
5. Асанов Ж. Әділеттілік - құқықтық қорғаудың басты талабы // Заң және заман, 2016. №10.- 8-9 б.
6. Кенжалы С. Алқабилер – сот пен халық арасындағы дәнекер // Заң, 2015.-№8.- 27-29 бб.
7. 2014 жылы 4 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі // <http://adilet.zan.kz/>
8. Нұрмашев Ү. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Қысқаша курс: Оқу құралы / Ү. Нұрмашев, Н. Апахаев.- Өнд. толық. 2-бас.- Алматы: Жеті жарғы, 2013.- 320б
9. Сабыроа А. Алқабилерді іріктеу тәртібі // Заң, 2017.-№4.- 15-17 бб.

Тинистанова С.С., Асанова А.С.

Правовой порядок отбора суда присяженных в Республике Казахстан

В данной статье рассмотрены развитие института присяжных в Республике Казахстан, отбор и участие присяжных в судебном процессе.

Ключевые слова: *жюри, судья, кандидат, юстиция, преследование, вербовка.*

S.S. Tinistanova, A.S. Asanova

The legal procedure for selecting a court of sworn in the Republic of Kazakhstan

This article examines the development of the institution of jurors in the Republic of Kazakhstan, the selection and participation of jurors in the judicial process.

Key words: *jury, judge, candidate, justice, prosecution, recruitment.*

ӘОЖ 340

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

Тинистанова С.С., Атиев М.А.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Tin_019@mail.ru; zhgu.edu.kz*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы Президент институтының қалыптасуы, даму кезеңдері, президенттік басқарудың маңызы, қазіргі президенттік биліктегі реформалар туралы баяндалған.

Кілттік сөздер: *президенттік басқару, реформа, қалыптасуы, дамуы, маңызы.*

Еліміз егемендігін алып, тәуелсіздікке қол жеткізген аз ғана уақыттың ішінде мемлекеттік және қоғамдық институттардың қарыштап дамуына ықпал ететін, Қазақстанның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін бірқатар аса маңызды заңнамалық актілер қабылдады.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін біздің Конституция талап ететіндей, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қатыссыз құқықтары мен бостандықтарының теңдігіне кепілдік беретін жағдай жасау болып табылады. Осы орайда ұлттық келісімді сақтау мен нығайтуда, Қазақстанның көпұлтты халқының бірлігін қамтамасыз етуде президенттің рөлі арта түсетін болады.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан әлеуметтік мемлекеттің берік іргетасын қалап, дамудың аса сапалы деңгейіне ойдағыдай жақындап та қалды. Халықтың өмір стандарттары үздіксіз жоғарлауда. Бүкіл халық игілігіне экономикалық дамудың конституциялық қағидаты елімізде әлеуметті бағдарлы бағыттықтағы нарықтық экономика қағидаттарының қалыптасуына қуатты түрткі болды. Алдыңғы қатарлы бәсекелесуге қабілетті мемлекеттер қатарына қосылу және қолдағы бар жетістіктерді арттыру мақсатында ұзақ мерзімді бағдарламалық құжаттар – Қазақстан-2030, Индустриялық-жанартпалық даму және 2020 жылғы дейін Қазақстанның стратегиялық даму бағдарламалары іске асырылады [1].

Қазақстанда президенттік институт билігінің қалыптасуы ең алдымен тарихи объективтік факторлар жиынтығынан және субъективтік алғышарттардан тұрады. Бұл алғышарттардың екеуі де жақындап қалған КСРО-ның ыдырауының әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық және идеологиялық шарттармен және қоғамда саяси түбірлі өзгерістер қажеттігін өсуімен, бұдан әрі мемлекетті басқарудың жаңа, кеңестік дәуірден кейінгі нысанына ауысу шарттарымен тығыз байланыста болды.

Қазақстанда президенттік басқару нысанының басым болуы бірнеше факторлардан: атап айтқанда, шынайы саяси процесс және қалыптасқан азаматтық қоғам жағдайында саяси партиялардың болмауынан; мемлекеттік органдардың қоғамды, оның тұрақтылығы мен дәйекті дамуын ыңғайлы басқаруға қабілетсіздігінен; өкіметтің күш-жігерін жұмылдыруды қажет ететін құқықтық мемлекеттің бастапқы кезеңінің қалыптасуынан; елдің экономикасын қайта құру жөнінде жедел де қажетті шешімдерді қабылдау арқылы экономикалық процесстерді реттеу; сондай-ақ азаматтардың елді бір адамның басқаруына үйреншікті мінез-құлқынан тұрады. Сондықтан да Қазақстанда президенттік институттың пайда болуы объективті де, субъективті де факторлардан тұрады [2].

Қоғамның саяси-құқықтық болмысын адам мен азаматтың жеке өмірінің құндылығына айырықша назар аударылатын ізгіліктіліктің жалпыәлемдік бағытына сай даму талаптарына сәйкес болғандықтан оның құқығы мен бостандығы қазіргі тауағы кез-келген конституцияның негізі қалауда. Бұл қағида Қазақстан Республикасы Конституциясының да негізін құрайды. Осы орайда Қазақстан Конституциясы президенттік институтты жеке адамның құқығы мен бостандығының кепілі ретінде белгілейді.

Бұл президенттік институттың табиғатынан: жалпыға тең сайлауы (халық президентті сайлау арқылы оған өзінің құқығы мен бостандығын қорғауды сеніп тапсырады), мерзімділігінен (президент белгілі бір мерзімге сайланады), ауысуынан (бұл лауазым бір немесе екі рет сайлануы мүмкін), сатқындық жасаған кезде президентті қызметтен аластатуға болатын конституциялық мүмкіндіктерден (парламент президентке қарсы кәне қойып, тексеру жүргізеді) туындайды.

Президенттік институттың табиғаты өкілеттігін жүзеге асыру барысында үнемі басты мақсатты ұстануға - жеке адамның құқығы мен бостандығын стратегиялық қорғауға мәжбүр етеді [3].

Қазақстан Республикасының Президентігіне сайлануға қойылатын талаптар 2017 жылғы Конституцияға өзгерістер енгізілгенге дейінгі оқулықтарда мынадай талаптар қойылады деп көрсетілген:

1. Қазақстан Республикасының Президентін конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

2. Республика Президенті болып тұмысынан Республика азаматы болып табылатын қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын Республика азаматы сайлана алады.

3. Республика Президентінің кезекті сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

3-1. Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және конституциялық заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде өткізіледі.

Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Егер кандидаттардың бірде-бірі көрсетілген дауыс санын ала алмаса, қайтадан дауысқа салынады, оған көп дауыс алған екі кандидат қатысады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі..

2017 жылы 10 наурызда Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларда көрсетілгендей, III-бөлімнің 41-бабының 2-тармағында Қазақстан Республикасының Президенті болу үшін қойылатын талаптарға «жоғары білімі бар» деген талап қосылып, «Конституциялық заңда Республика Президентігіне кандидаттарға қосымша талаптар белгіленуі мүмкін», - деп тұжырымдаған [4].

Алғаш рет президент қызметі Қазақ КСР Конституциясының көлемінде бекітілген еді. 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында президенттік республиканың негізгі элементтері анықталғанымен, бірақ сонына дейін тұжырымдалмағанды.

Қазақстанда 1995 жылғы Конституцияға сәйкес президенттік басқару формасы белгіленді. Оның маңызды шарты – мемлекет басшысы билігінің оны бүкіл халықтың сайлауы жолымен заңды деп танылуы.

Елдегі дағдарыс та Қазақ КСР Президенті тұғырының бекітілуіне өз ықпалын тигізді. Өйткені 1990 жылдың көктеміне қарай КСРО да қоғамдық өмірдің барлық салалары үлкен дағдарысқа ұшырағаны белгілі. Саяси жүйенің негізі болған коммунистік партияның әлсіреуі мемлекеттік биліктің де әлсіреуіне әкеп соқты. Мұндай жағдайда Жоғарғы Кеңес кәсіби тұрғыдан туындаған проблемаларды шешуге қауқарсыз еді. Туындаған проблемаларды шешуге қабілетті жаңа мемлекеттік билік органын құру қажеттілігі туындады, өйткені сол кезде әрекет еткен мемлекеттік органдардың ешбірі ол функцияны атқара алмады. Халықтың сеніміне ие, жауапкершілікті, белгілі бір деңгейде бақылауда болатын, туындаған проблемаларды шешуге қабілетті, яғни мемлекеттің функцияларын атқара алатын мемлекеттік орган қажет болды. Мұндай орган тек қана Президент болуы мүмкін еді

Елдегі дағдарыс бүкіл мемлекеттік билік органдарының қысқа мерзімде нарықтық экономикаға өтіп, құқықтық мемлекет орнатуға жұмылдырылуға ықпалын тигізді. Президент тұғырын бекітудің алғышарттары арасында көпұлтты қазақстандық қоғамды жүйелендіру қажеттілігін ерекше атап кетуге болады. Мұндай маңызды проблеманы шешу үшін неғұрлым тиімдісі, әрине, президенттік институт еді [5].

Бірінші кезең - кеңестік-парламенттік республика - оның пікірінше, 1990 жылғы 24 сәуірдегі «Қазақ КСР-сы Президентінің қызметін құру және Қазақ КСР-ның

Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңындағы «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Басшысы Қазақ КСР-ның Президенті болып табылады» деген формулада көрсетілген.

Екінші кезең - кеңестік-президенттік республика - 1990 жылы 20 қарашада «Қазақ КСР-ында мемлекеттік билік және басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР-ның Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын қабылдаудан басталады. Онда 114 бап мынадай редакцияда берілген: «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының, оның жоғарғы атқарушы және өкімдік етуші билігінің Басшысы Қазақ КСР-ның Президенті болып табылады».

Үшінші кезең - күшейтілген Жоғарғы Кеңесі бар жартылай президенттік республика - мерзімі бойынша 1993 жылғы Конституциямен байланысты. Оның 75 бабында «Қазақстан Республикасының Президенті мемлекет басшысы болып табылады және атқарушы биліктің бірыңғай жүйесін басқарады» деп жазылған.

Қазақстандағы төртінші, қазіргі кезеңдегі президенттік институттың құрылуы мен қалыптасуын В.А. Малиновский — бесінші республика — деп атайды. Бұған 1995 жылғы Конституцияны жүзеге асыру кезеңін жатқызған [6].

Көріп отырғанымыздай, қазақстандық авторлардың республикада президенттік институттың қалыптасу кезеңдерін бөлуі мен негізгі ерекшеліктері шамамен сәйкес келеді. Осы арада қалыпты — құқықтық жағынан алып қарағанда, Қазақстандағы президенттік институттың қалыптасу кезеңінің басталу уақытын көрсетуде А.Х. Бижановтың белгілі қадам жасағанын айта кеткен жөн. В.А.Малиновскийді «кеңестік республика» (Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесі) және «парламенттік республика», «президенттік республика» түсініктерінің мәнін анықтауда қолданған. Бірінші ұғымға бір партиялы билік, ал екіншісіне — мемлекетте биліктің бөлінуі тән болады. Кеңестік өкілдік жүйе негізіне депутаттың өкімдік мандаты жатады; парламентаризм кәсіби және парламентарийлердің тәуелсіз мандаты негізінде құрылады [7].

Президенттік билік институтының қалыптасу процесін талдай отырып, еш бір жағдайда, 1990 жылдың 24 сәуіріне дейін мемлекеттің басшысы қызметін елдің алқалы президенті аталып кеткен Жоғарғы Кеңестің Президиумы атқарғанын және 90-шы жылдардың басына дейін сол кездегі Қазақ КСР-ның Конституциясына қарқынды түрде енгізілген өзгерістер мен толықтырулар кезеңін айналып өтуге болмайды.

Мемлекеттегі жоғарғы бірыңғай билікті тұлғалаудағы, жеке жауапкершілікті бекітудегі және қазақстандық қоғамның партиялық-кеңестік ұжымдық жауапсыздықтан бас тартуының алғашқы қадамы ретінде 1989 жылдың күзіндегі оқиғаны ерекше бөліп көрсету қажет. 1989 жылдың 21 қыркүйегінде Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесінің он бірінші шақырылған XIV съезі «Республикада саяси қайта құруларды одан әрі жүзеге асырудың шаралары туралы» мәселе қарады. Оның қорытындысы бойынша Қазақ КСР-ның «Қазақ КСР-ның Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды, онда 1978 жылғы Республика Конституциясындағы басқа новеллалармен бірге Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүлде өзгеше ережесі енгізілді. Ол заңға өзгертулер енгізу және нормативтік жарлықтар шығару құқығынан айырылды [8].

Конституцияда Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министр енгізген ұсынумен Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайды; Сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін дербес тағайындайтындығы қосылған.

44-баптың 8,9 тармақтарындағы мемлекеттік бағдарламаны бекіту, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын барлық органдардың қызметкерлеріне арналған қаржыландыру мен еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы өкілеттілігі алынып тасталды;

44-баптың 10-1 тармақ енгізіп, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен

тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық кеңеске өтініш жолдайды»-деп қосылған.

Осы баптың 18-тармағына: Күзет қызметі мен республикалық ұлан «өзіне бағынысты Мемлекеттік күзет қызметін жасайды», - деп өзгертілген.

45-баптың 2-тармағы (53-бабының 4-тармағында көзделген ретте Республика Президенті заңдар шығарады, ал 61-баптың 2-тармағында көзделген ретте Республиканың заң күші бар жарлықтарын шығарады) алынып тасталды [5].

Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы президенттік билікті қайта бөлу бағыттарын тұжырымдау, мемлекеттік билікті реформалаудың негізгі бағыттарын айқындау арқылы мемлекеттік билік механизмін күшейту жүзеге асырылады деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бижанов А. Х. Стабильность в Казахстане: Состояние и проблемы: О внутривнутриполитических и социальных проблемах в Казахстане // Казахстан-спектр-2005.-№1.- С. 19-22.
2. Бижанов А.Х. Конституционные права на труд, образование и охрану здоровья – основа социальной модернизации современного Казахстана.- <http://www.eni.kz>.
3. Политическое лидерство в современном Казахстане: методологические, методические и теоретические аспекты. – Алматы: Ақыл кітабы, 2001. – 134 с.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
5. Баймаханова Д.М. Президент РК – гарант соблюдения основных прав и свобод граждан: специфика основных направлений деятельности.- Вестник КазНУ. Серия юридическая. - №1(69).- 2014.- С.54-58.
6. Малиновский В. А. Лидер: Президентская власть в Казахстане на рубеже эпох: Монография. Астана: ТОО "Издательство НОРМА-К, 2012. - 528 с.
7. Малиновский В. А. Становление и развитие президентской формы правления в РК // Научные труды «Адилет», 1997.- №1.- С. 52.
8. Сулейманов А.Ф. Правовой статус Президента РК, порядок его избрания и смещения // Вестник КазГУ. Серия Юридическая. Алматы, 1999, №2.- С. 122-128.

Тинистановна С.С., Атыев М.А.

Формирование и развитие института президентства в Республике Казахстан

В данной статье рассмотрены вопросы формирования института Президентства, этапы развития и сущность президентской формы правления в Республике Казахстан, а также реформы президентской формы правления современного Казахстана.

Ключевые слова: *президентская администрация, реформа, формирование, развитие, значение.*

S.S. Tinistanova, M.A. Atiyev

Formation and development of the presidency in the Republic of Kazakhstan

This article discusses the formation of the Presidency Institute, stages of development and the essence of the presidential form of government in the Republic of Kazakhstan, as well as reforms of the presidential form of government of modern Kazakhstan.

Key words: *presidential administration, reform, formation, development, meaning.*

ӘОЖ 340

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР – МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТЕГІ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ БАСТАУЫ

Тинистанова С.С., Болатжанов А.А.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
zhgu.edu.kz*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билікті жетілдіру бағытында жасалған конституциялық реформалардың маңызы мен оның рөлі туралы қарастырылған.

Кілттік сөздер: билік, реформа, Президент, үкімет, өзгерістер, реформаның маңызы.

Қазақстан Республикасында болып жатқан конституциялық реформаның мақсаты - демократиялық процестерді ілгерілету арқылы мемлекеттегі басқару жүйесінің тиімділігін арттыру. Осының арқасында Қазақстандағы жағдайды одан әрі жақсартуға, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге мүмкіндіктер туатын болады. Бұнымен қоса, билік тармақтары арасындағы теңгерімділік сақталады. Парламент пен Үкімет және сот билігі өз өкілеттіктері аясында, теңгерімді жағдайда жұмыс жасайтын болады деген болжам жасалып отыр.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Бесінші басымдық – институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты.

Біз жеке меншікті қорғауға, құқық үстемдігіне және баршаның заң алдында теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған реформалар жүргізудеміз. Бұл жұмысты жалғастыру керек.

Сонымен қатар, әкімшілік және қылмыстық заңнаманы ізгілендірген жөн. Әкімшілік айыппұлдар әділетті және құқық бұзу деңгейіне сәйкес болуға тиіс.

Сот жүйесіне деген сенімнің артуына қол жеткізу қажет. Судьялардың жұмысына заңнан тыс кез келген ықпалды жою маңызды», - қадап айтқан [1].

Бұл жолдауында қай саланы жетілдіру қажеттігі, өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бағыттарды айқындаған болатын.

Ал «Қазақстан Республикасы Президентінің билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі» Үндеуінде: «Реформа екі негізгі бағыт бойынша іске асады.

Біріншіден, Президенттің әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеудегі біршама өкілеттіктерін Үкіметке және басқа да атқарушы органдарға берген жөн.

Сонда бұл салаға Үкімет, министрліктер және әкімдіктер толықтай жауап беретін болады.

Өкілеттіктерді беру тиісті заңдарды өзгерту арқылы іске асады.

Бұл өзгерістерді Үкімет қазіргі Парламенттің сессияның аяғына дейін Парламентке енгізуі тиіс.

Екіншіден, одан да күрделі міндет – билік тармақтары арасындағы қарым-қатынасты конституциялық деңгейде теңгерімді ету.

Осы реформаның аясында Үкіметті жасақтаудағы Парламенттің рөлін күшейтеміз», - деп атап көрсетті [2].

Мемлекет басшысы конституциялық реформалардың негізгі бағыттарын айқындай отырып, әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеудегі Үкіметтің басымдығын күшейтіп, министрліктер және әкімдіктердің жауаптылығын арттыруды көздейтін шаралардың іске асатындығын аңғартты. Сонымен қатар, билік тармақтары арасындағы, яғни, заң шығарушы, атқарушы, сот билігінің жүзеге асуындағы теңгерімді ету қағидасын ұстануды ұсынды, Үкіметке қатысты парламентаң өкілеттілігінің күшейетіндігін алға тартқан болатын.

Қазақстанның конституциялық дамуындағы реформаларға зер салатын болсақ, мысалы, тарихи деректерге сүйенсек, ұдайы дамып, жетіліп, өзгеріп отыратын мемлекеттік құрылыс пен қоғам өмірі конституцияның дамуына әкеледі. Ал, конституциялық реформа – қоғам дамуы тұсындағы қажеттілік пен бұқараның құқықтық таным талабы бойынша үкімет әрекетімен және саяси-құқықтық шешімдердің тізбегімен дүниеге келетіні белгілі.

1998 жылғы 7 қазанда Қазақстан Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Жаңа өзгерістер мен толықтырулар қос палата қызметінің мерзімі, депутаттардың сайлануы, Үкімет мүшелерінің құзыреті шегінде анағұрлым кең дербестік беру, әкімдерді сайлау тәртібін бекіту мәселелеріне қатысты болды. Қазақстан саяси партиялардың пропорционалды өкілеттік негізінде партиялық тізім бойынша Мәжіліс сайлауына қатысуына мүмкіндік жасады.

Қазақстандық қоғам дамуы мен мемлекеттің жаңа жағдайдағы негізгі қырларын айқындау мақсатында халықаралық тәжірибеге сүйенген конституциялық реформа жүргізу мәселесі көтерілді.

2007 жылғы өзгерістерге сәйкес, Конституциямызға енгізілген демократиялық өзгерістердің негізгі бағыттарын мыналардан көруге болады. Біріншіден, бірқатар билік уәкілетті Парламентке өтті, яғни құзыреттік міндеттер қайта бөлінді. Осылайша Парламенттің рөлі күшейіп, мемлекеттік басқаруға жаңа үлгі – президенттік-парламенттік басқару жүйесі бекітілді. Елбасының депутаттық корпуспен билік өкілеттігін бөлісу күшпен немесе қысыммен емес, Президенттің өзі қабылдаған шешім бойынша жүзеге асып отыр.

Жаңа өзгерістерге сәйкес, Парламент жаңа өкілеттікке ие болудың арқасында Үкімет құрамын жасақтау, сондай-ақ қажет кезінде үкімет мүшелері – министрлерді кері шақырып алу және атқарушы билік органдарына бақылау жасау құқына ие болды. Заң шығарушы ұйым реформаларға тиісті заңнамалық база қалыптастырумен қатар, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға да бақылау жасайтын болды [3].

2011 жылғы конституциялық реформаларды жүргізу барысында, билік өкілеттіктерін байыпты қайта бөлу, тұтастай алғанда саяси жүйені демократияландыру мәселесі қамтылған болатын.

Парламенттің конституциялық-құқықтық мәртебесін күшейтумен бірге оның өкілдігін де бірдей күшейтуді қолдады. Мәжілісті – пропорционалды жүйеде саяси партиялар, ал сенатты – басым түрде мәслихаттар қалыптастыратындығын алға тарта отырып, партиялық жүйені, мәслихаттардың мәртебесі мен жауапкершілігін, сайлау құқығын нығайтуымыз керек», – дейді ол. Сонымен қатар қауымдастық министрлер мен әкімқаралар жауапты болуы үшін олардың үстінен мықты парламенттік бақылау орнату керектігін білдірді.

Парламент қабылдаған заңдарды орындамаған немесе оларды толығымен жүзеге асырмаған жағдайда атқарушы билікке ықпал етудің барынша тиімді түрі дәл осы парламенттік бақылау жасау, парламенттің бақылау өкілеттігін заңнамалық реттеу мәселесі көтерілді. Қазақстанда парламенттік бақылауды толыққанды жүзеге асыру үшін қажетті мүмкіндікті қарастырмайды. Дәлірек айтқанда, «парламент және оның

депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңда парламенттік бақылау, парламенттік тыңдау, депутаттық сауал, үкіметке сенім туралы мәселені қарау секілді оның жекелеген формалары ғана кездеседі [4].

Р. Абазов атап көрсеткендей, мемлекеттік басқару модельдерінің теориясында «баяу кадамды реформа» және радикалды реформа деген бар. Посткеңестік елдердің әрқайсысы дамудың әртүрлі моделін ұстанып келеді. Қазақстан «баяу кадамды реформа» және радикалды реформаға бой ұрмай, екі бағытты да бір-бірімен сабақтастыруға тырысып, «алтын ортаны» алып келе жатқан жалғаз мемлекет. Қазақстан даму жолындағы жұмыс тәжірибесіне сүйеніп, дамудың «қазақстандық моделін» қалыптастыра бастады. Ғалымның пікіріне сүйенсек, Қазақстан өзінің даму тәжірибесінде басқарудың француздық үлгісіне жақын болғанымен, бір жағынан, мұсылмандық құндылықтарды да ұмытпай, халықтың жартысы ауылда тұратындығын, ана тілінде сөйлейтіндігін, салтын құрметтейтіндігін ескеріп, Малайзия, Сингапур сынды елдердің «азиялық моделінен» де үлгі алуды ұсынады [5].

Билікті қайта бөлудегі негізгі мақсат-мемлекеттің басқару жүйесінің тиімділігін арттыру. 25 жыл ішінде қазақстан реформаларды жүзеге асыруды «Алдымен – экономика, содан кейін саясат» қағидасымен жүзеге асырып келді. Сондықтан қазіргі таңда Елбасы жолдауында айтылған экономикалық жаңғыртуға қатысты реформалар мен конституциялық реформалар қатарластыра қолға алынып отыр.

Бұл реформаларды жүзеге асырудың арқасында Қазақстандағы жағдайды одан әре жақсартуға, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын одан әрі көтеруге мүмкіндіктер туатын болады. А. Куспановтың пікірінше, ол үшін: билік тармақтары арасындағы теңгерімді қалыптастыру керек. Мәселен, Парламент пен Үкімет және сот билігі өз өкілеттіліктері арасында теңгерімді жағдайда жұмыс істеген болса, бұл жақсылыққа бастайды. Бірқатар билік өкілеттілігі Парламентке өтті, яғни күзиреттік міндеттер қайта бөлінді. Осылайша, Парламенттің рөлі күшейіп, мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі қалыптаса бастады [6].

Ал 2017 жылғы реформаға тоқталатын болсақ, әсіресе, үкіметке қатысты, жергілікті басқару органдарына қатысты конституцияның баптарына бірқатар өзгерістер енгізілгені белгілі: Ү-бөлімнің 64-бабы 2-тармағында: «өзінің қызметінде Үкімет Республика Президентінің және Парламенттің алдында жауапты», - деп өзгерді;

66-баптың 2-тармағына Үкімет «Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді», - деп қосылды;

66-баптың 8-тармағынан «Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады», - деген Үкіметтің өкілеттілігі алынып тасталды;

66-баптың 9-1 тармағы: Үкіметіне «Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді», - деп өкілеттілік берілді;

67-баптың 4-тармағына «Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде Президентке және Парламентке баяндап отырады», - деп қосылды;

70-баптың 1-тармағына «Үкімет жанадан сайланған Республика Мәжілісінің алдында өкілеттілігін тектатады»;

Конституцияның ҮІІ-бөлімде Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының өкілеттілігіне қатысты мынадай өзгерістер қарастырылған:

86 – баптың 5-тармағына қатысты, енді мәслихаттың өкілеттілігін Республика Президенті емес, өзгерістерге сай, «Республика Президенті Премьер-Министрмен және

Парламент палаталарының төрағалайымен консультациялардан кейін тоқтатады», - деп қарастырылды. Сонымен қатар, 87 – баптың 4-тармағына әкімдерді тағайындауға қатысты, Президент айқындаған тәртіппен емес, «Өзге де әкімшілік –аумақтық бөліністердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметтен босатылады», - өзгеріс енгізілді.

Президент атап көрсеткендей, бұл министрлер кабинетінің өкілетті билік алдындағы жауапкершілігін арттырады. Тиісінше, биліктің заң шығарушы тармағының атқарушы билікке бақылауын күшейтеді. Айтылған екі бағыттың қай-қайсысы да жауапкершілік пен кәсібилікті арттыру арқылы мемлекеттік басқару тиімділігін күшейтеді. Жұмыс тобы барлық сұрақтарды жан-жақты зерттеп, қоғамдық талқылауға шығару үшін ұсыныстар жиынтығын әзірлеуі қажет. Президенттік билік сақталады. Сондықтан мемлекет басшысы ішкі саясат, ұлттық қауіпсіздік, әскери қуаттылық секілді ауқымды істермен айналысады. Қасым-Жомарт Тоқаев, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы: Қызмет атқарып жүрген Мемлекет басшысы құзыретін биліктің тармақтарына өз еркімен беруі - дүниежүзіндегі саяси өмірде өте сирек кездесетін құбылыс. Конституцияға енгізуді көздеп отырған өзгерістер Қазақстандағы демократиялық үдерістерді жетілдіру жолында, жалпы мемлекетіміздің дамуында маңызды бетбұрыс болатыны анық. «Біздің саяси жүйеміз мықты Президент, беделді Парламент, есепті Үкімет тұжырымдамасына негізделетін болады.

Сонымен қатар, IX-бөлімде, 91-баптың 2 – тармағына мемлекеттің біртұтастығына қатысты мынадай толықтырулар енгізілген: «Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді»; сондай-ақ 3-тармағын қосып, «Республика конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетіні туралы Конституциялық кеңестің қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдум немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады», - деп тұжырымдалған [7].

Конституциялық реформа – мемлекетімізді одан әрі демократияландыру жолындағы маңызды тарихи кезең. Бұл реформалар саяси-әлеуметтік дамуға, экономикалық жаңару мен жаңғыруға үлкен серпін берді. Конституцияның жаңа үлгісімен мемлекетіміз ұзақ жылдар алға қойған үлкен мақсаттарды орындауға қадам басты.

Қорыта келгенде, ең бастысы бұл реформа мемлекеттегі президенттік билікті әлсіретпейді. Керісінше, Президенттен біраз өкілеттіктерді алып, жұмысын жеңілдету арқылы халықтың, елдің болашағына қатысты үлкен стратегиялық мәселелермен шұғылдануына біршама мүмкіндік беретін болады. Бұл ретте Мемлекет басшысы билік тармақтары арасындағы үйлесімді жұмысты қамтамасыз етіп отыратын жоғарғы арбитр рөлін атқарады, мемлекеттік басқарудың тиімді жолдары жүзеге асады деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы // <http://www.akorda.kz/>
2. Қазақстан Республикасы Президентінің билік тармақтары арасындағы өкілеттіліктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі Үндеуі. - Егемен Қазақстан №17 (28998) 2017 жыл 26 қаңтар.

3. Ибрагимов Ж. Конституциялық реформа-қоғамды демократияландырудың шынайы бағыты.- Астана ақшамы, 2017 жыл қараша.

4. Көмекбайұлы Б. Конституциялық реформа – мемлекеттілікті дамытудың жаңа кезеңі.- <http://abctv.kz/kz/>

5. Абазов Р. Қазақстан реформа жүргізудің оңтайлы сәтін таңдап отыр.- Заң газеті, 2017 жыл 21 ақпан (№14 (2939)).

6. Қуспанов А. Билік тармақтары арасында тенгерім қалыптаспақ.- Заң газеті, 2017 жыл 14 наурыз (№20 (2945)).

7. Тинистановна С.С. Қазақстан Республикасындағы конституциялық реформалар: қазақстандық биліктің жаңа моделі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми көпшілік журналы.-Астана, 2017.-№6 (51).- 150-154 бб.

Тинистановна С.С., Болатжанов А.А.

Конституционные реформы – начало изменений в государственной власти

В данной статье рассмотрены роль и значения конституционных реформ, направленные на совершенствования государственного управления в Республике Казахстан.

Ключевые слова: *власть, реформа, президент, правительство, изменения, реформы.*

S.S. Tinistanova, A.A. Bolatzhanov

Constitutional reforms - the beginning of changes in state power

This article examines the role and significance of constitutional reforms aimed at improving the state management in the Republic of Kazakhstan.

Key words: *power, reform, president, government, changes, reforms.*

ӘОЖ 340

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕГІ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

Тинистановна С.С., Жұмақанова А.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Tin_019@mail.ru; zhgu.edu.kz*

Бұл мақалада құқықтық мемлекеттегі адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы, сонымен қатар, азаматтардың жеке басының құқығы, әлеуметтік-экономикалық, саяси құқықтарының жүзеге асуы туралы қарастырылған.

Кілттік сөздер: *құқық, мемлекеттілік, жеке тұлға, әлеуметтік, экономикалық, саяси құқықтар.*

Құқықтық мемлекетке тән басты белгілердің бірі – заңның үстемдігі болатын болса, сол заң адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғап, оның сақталуы мен жүзеге асуына мемлекет кепілдік береді.

Қазақстан Республикасының азаматтарының құқықтарына берілетін мемлекет тарапынан кепілдік, азаматқа тумысынан берілетін құқық, құқықтарына қоса міндеттері, сонымен қатар азаматтығы жоқ азаматтардың, шетел азаматтарының құқықтары мен міндеттерін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Конституциясының 12-бабында:

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

3. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

5. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.-деп бекітілген [1].

Қазақстан Республикасында адамдар мен азаматтардың Конституция мен заңдарда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен жүзеге асыруды қамтамасыз етуі тиіс мемлекеттік институттар құрылады және жұмыс істейді.

Адамның құқығы мен бостандығын қорғау және қамтамасыз ету жөніндегі маңызды мемлекеттік институттардың бірі Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады. Президенттің тиісті өкілеттігінің заңдық негізі Конституцияда, сондай-ақ Президенттің Президент туралы Конституциялық заң күші бар Жарлығында бекітілген.

Конституцияда Қазақстан Республикасының Президенті - адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі деп жазылған. Президенттің қызметіне кірісер сәтінде халыққа беретін антында мынадай сөздер бар: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтайды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді.

Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жөніндегі мәселелер бойынша Парламент мәжілісіне қарауға Үкімет енгізетін құқық қорғаушылық заң жобаларына Президентің бастамашылығы Президенттің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі қызметінің басты бағыттарының бірі болып табылады. Үкімет арқылы Президент бастамашы болған кейбір заңдарды айтсақ та жетеді [2].

Қазақстан Республикасының шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы Заң, Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы Заң, Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайына және жасының ұлғаюына байланысты мемлекеттік әлеумет-тік жәрдемақы төлеу туралы Заң, және т.б. Сонымен бірге Президент өз өкілеттігі шегінде нормативтік азаматтық актілер сияқты, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін жеке сипаттағы актілер де шығарады.

Президенттің «Қазақстан Республикасы Президентінің актілері туралы» Жарлығында жарлықтармен адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданатындығы белгіленген. Ол Президенттің тиісті Жарлығымен бекітілген мемлекеттік қызмет принциптерінен айқын көрінеді. Президенттің Жарлығы бойынша:

а) мемлекет мүддесі алдында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының және заңды мүдделерінің басымдығы;

ә) жалпыға ортақтық, яғни, мемлекеттік қызметке кіруге барлық азаматтардың тең құқылығы;

б) қоғамдық пікірді ескеру мен жариялылық мемлекеттік қызметтің маңызды принциптері болып табылады. Жоғарыда көрінгендей, мұнда мемлекеттік органдар

қызметінің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруды және қорғауды көздейтіндей принциптер қарастырылған.

Президент, сондай-ақ адам мен азаматтың саяси, әлеуметтік-экономикалық және жеке құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруды көздейтін жеке құқықтық актілер шығарады. Атап айтқанда, Президент республика азаматтығын, саяси баспана беру мәселелерін шешеді, республиканың мемлекеттік наградаларын, құрметті және өзге де атақтар береді. Президент ауыр қылмысы үшін сотталғандарға кешірім жасайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан консультативті-кеңесші орган ретінде адам құқығын қорғау жөніндегі комиссия құрылды. Комиссияның басты міндеті Президенттің конституциялық мәртебесі - оның адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау тетігін жеңілдетуді жүзеге асыруына ықпал ету болып табылады. Комиссия бұл міндеттерді орындау мақсатында мемлекет басшысының және комиссияның атына адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары бойынша жолдаған өтініштерін қарайды, адам құқығының сақталуы туралы жыл сайын баяндамалар жасайды, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизмін жетілдіру туралы ұсыныстар және т.б. әзірлейді. [3].

Мемлекеттік қызметке кіруге тең құқық Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық саяси құқықтарының бірі болып табылады. Конституцияда мемлекеттік қызмет туралы бірқатар негіз боларлық идеялар беріледі. Онда мемлекеттік қызмет лауазымына кандидатқа қойылатын талап тек лауазымдық міндеттер сипатымен ерекшеленіп, заңмен белгіленетіні көрсетілген.

Құқықтық мемлекетке азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі соттың маңызы зор. Сот жүйесінің үш сатылы жүйеге өтуі: аудандық және оған теңестірілген соттар бірінші сатыда, басым көпшілік істер осы сатыда қаралады. Ал, облыстық сот апелляциялық сот сатысының рөлін атқарады, ал кассациялық сот енді жоғарғы Соттың құзіретінде. Үш сатылы соттың болуы азаматтардың сотты созбалы процесте жүруінен құтақарады, ал апелляциялық сатыда сот бір судьяның алдында емес, енді сот алқасының қарауымен өтеді. Алқа кем дегенде 3 судьядан құралады, сот үкімінің адалдығына жол ашады,- деп қарастырылған [4].

Азамат пен адамның құқығының, бостандығының және міндетінің конституциялық негіздері

Жеке адамның қоғамдағы жағдайы мемлекет дамуының деңгейін сипаттайды. Адамның өміріне, жеке бостандығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға ешкімнің де құқығы жоқ. Сондықтан, Қазақстан Республикасының Конституциясы, басқа да заңдары азаматтың жеке бостандығын қамтамасыз етуге айрықша назар аударады. Егер өміріне, денсаулығына, азаматтық қадір-қасиетіне қауіп төнсе әр адам мемлекеттік органдардан көмек сұрауға, заңмен қорғалуға құқылы. Жоғарыда айтылғандай, ол үшін арнаулы органдар жұмыс істейді. Адам өзінің құқы мен бостандығын бұзушылардан қорғанып Республика Президентіне жүгінуге құқылы. Бірде-бір мемлекеттік орган, бір де бір лауазымды адам азаматтың құқығын шектей алмайды. Бұл, адам құқығы мен бостандығы шектелген жағдайда, оған қайзаңды бұзғаны, қандай құқық бұзушылық жасағаны туралы хабарлануы тиіс.

Ең маңыздысы, адамның табиғи құқығы - өмір сүру құқығы.

1. Әркімнің өмір сүру құқы бар.

2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға қақысы жоқ. Өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамға кешірім жасау туралы арыздану құқығы беріледі. Өлім жазасы ауыр қылмыс жасаған адамның ерекше қауіптілігіне байланысты және жауаптылықты ауырлататын

мәнжайларда қолданылады. Өлім жазасына мораторий енгізілуіне байланысты ең ауыр жаза өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы қолданылатыны белгілі.

Жеке адамның өміріне қол сұқпаушылық Конституция арқылы қорғалады.

«Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды».

Конституцияның осы қағидасы, негізінен, лауазымды адамдарға қатысты. Қазақстан Республикасының заңдары денеге жарақат түсіретін, адамның қадір-қасиетін қорлайтын мұндай шаралардың қолданылуына үзілдікесілді тыйым салады. Азаптау ұрып-соғу, төбелесу, дене жарақатын салу түрінде көрінуі мүмкін.

Қорлау - жеке басын, ұлттық қадір-қасиетін қорлау және басқа әрекеттер түрінде көрінуі мүмкін. Айыпталушыға, күдік келтірілушіге, куәгерге, сарапшыға қатысты мұндай әдістерді қолданған милиция, прокуратура қызметкерлері қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Құқықтық мемлекеттегі аса маңызды дүние - заң адамның бостандығын басқа жеке адамдардың да зорлық-зомбылығынан қорғайды. Егер кімде-кім адамды өз бетімен бостандығынан айыруға әрекет етсе ол адам қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Мұндай іс-әрекет күш қолдану (жеке болмеге қамау, психикалық ауруханаға жатқызу және басқалары) не күш қолданамын деп қорқыту жолымен жүргізілуі мүмкін. Егер адам қылмыскерді ұстау және оны құқық қорғау органдарына тапсыру мақсатында күш қолданса, әрине, ол жауаптылыққа тартылмайды. Өйткені ол өзінің азаматтық міндетін орындайды. Егер де лауазымды адам (милиционер, тергеуші) өзінің қызмет бабын пайдаланып, адамды бостандығынан заңсыз айырса, онда ол билігін теріс және асыра пайдаланғаны үшін жауаптылыққа тартылады. Оның үстіне айыпталушыдан, куәгерден күштеу жолымен алынған жауаптың заңдық күші болмайды [5].

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап, тір адамға және мәйітке экспертиза жасау барысында шыққан шығынның мөлшерін анықтаудың жаңа тарифы мен барлық шығынды төлеуді кінәлінің мойнына алуы мен төлемі экспертиза жасаған орталықтың бюджетіне түсетін болады. Сонымен қатар, құқығы бұзылған азаматтардың құқығын қамтамасыз ету үшін қызмет жасайды [6].

Әр адам, өз еркі бойынша, өзінің дінге қатысын өзі белгілеуге құқылы. Егер адам қайсыбір дінге сенетін болса, оның діни рәсімдерді, әдет-ғұрыштарды орындауына ешкімнің кедергі келтіруге құқы жоқ. Әрине, діни рәсімдерді, әдет-ғұрыштар мен дәстүрлерді орындау басқа адамның, қоғамның заңды мүдделеріне кесел келтірмеуі тиіс. Заң дінге сенетіндердің құқы мен бостандығын тікелей және жанамалап шектеуге немесе оларға жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге тыйым салады. Конституция бірде-бір діннің артықшылығын көздемейді. Діни көзқарастары үшін жаулық пен кекшілдікті көздыру адам құқын бұзу болып есептеледі. Дінге сенетіндер қасиетті деп есептейтін құрылыстар мен орындарды, заттар мен бұйымдарды қорлау мен арамдау құқық бұзушылық болып табылады [7].

3. Жанғалиев атап көрсеткендей, халықтың саяси еркіндігі – Ата Занның негізін құрайды. Заң адамның әлеуметтік, қызметтік, мүліктік жағдайына, ұлтына, тіліне, наным сенімі мен дініне қарамастан бәріне ортақ, заң алдында барлығы тең және де осы қағида қоғамның негізіне айналды. Заңымыз еліміздегі теңдікті қамтамасыз етті, азаматтардың құқығының кепілін анықтады. Заңда белгіленген «даралық», «құқық», «еркіндік» және де «теңдік» сөздері өмірдің негізіне айналды [8].

Бірақ, ереуіл Қазақстан Республикасы заңдары шеңберінде өткізілуі тиіс. Ереуілшілер басқа азаматтардың заңды мүдделерін бұзбауы, оларға материалдық және басқалай зиян келтірмеуі, қоғамдық тәртіпті бұзбауы, басқа да заңсыз әрекеттер жасамауы тиіс. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактте де

ереуілшілерге осындай талаптар қойылған: «.. мемлекет әр елдің заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын жағдайда ереуілге шығу құқы қамтамасыз етуге міндеттенеді» [9].

Құқықтық мемлекетте адам құқытарына нұқсан келген жағдайда, оны қалпына келтіру жағдайын да қарастырады. Мәселен, мемлекет азаматтардың құқығына нұқсан келген жағдайда, қоршаған ортадан, басқа жағдайда болса да, зиян келтірген жақтың орнына келтірген қаржы мөлшері зардап шеккен шығынның мөлшерінен аз болмауы тиіс. Сонымен қатар, зиян келтіруші жақ келтірген зияндарды өтеуімен қоса, сот шығындарын да қоса өткереді [10].

Құқықтық мемлекет ұстанған басым бағыттың бірі – заң үстемдік ете отырып, арнамыс бостандығын жариялайды, бірақ адамды оның азаматтық міндетін орындауынан босатпайды. Мемлекеттегі әрбір азаматтың заңды құрметтеуін, заңды бұзбауын, заңды бұзған жағдайда жауапкершілік бар екендігін алға тартады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
2. Амандыкова С.К. Конституционное право РК. - Караганда: Болашақ, 1998. -212 с.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің актілері туралы» Жарлығы / «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
4. Бердіғұлова Ж. Заңдағы өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қызмет етеді // Заң, 2016.- №2.- 12-13 бб.
5. Баймаханова Д.М. Президент Республики Казахстан – гарант соблюдения основных прав и свобод граждан – специфика основных направлений деятельности // Вестник КазНУ, 2014.- №1 (69).- С. 54-59.
6. Мамаев К. Защита прав граждан в уголовном процессе // Заңгер, 2016.-№5.- С. 19-20.
7. Баймаханов М.Т., Аюпова З.К., Ибраева А.С.и др. Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан: Монография.-Алматы: КазГЮА, 2001.-287 с.
8. З. Жанғалиев Конституция ел дамуының кепілі // Заң және заман, 2015.-№3.- 17-18 бб.
9. А.Г. Матюхин Конституционная власть в Казахстане.// Мысль, 2009.- №12.- С. 77.
10. Сулейменов М.К. Защита гражданских прав.- Алматы: Юридическая фирма «Заңгер», 2011.- 225 с.

Тинистанова С.С., Жумаканова А.

Обеспечение прав и свобод человека в правовом государстве

В этой статье рассматривается защита прав и свобод человека в области верховенства права, а также осуществление права граждан на самоопределение, социально-экономические и политические права.

Ключевые слова: *право, государственность, личность, социальные, экономические, политические права.*

S.S. Tinistanova, A. Zhumakanova

Ensuring human rights and freedoms in a state governed by the rule of law

This article deals with the protection of human rights and freedoms in the rule of law, as well as the exercise of citizens' right to self-determination, socio-economic and political rights.

Key words: *law, law, state, personality, social, economic, political rights.*

УДК 340

АДМИНИСТРАТИВНЫЙ ШТРАФ: ПОРЯДОК ОПЛАТЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ ЗА НЕУПЛАТУ

Чукмаитов Д.С., Есимбеков Т.Қ.

*Жетысуский государственный университет им.И. Жансугурова, г. Талдыкорган,
zhgu.edu.kz*

Эта статья рассматривает понятие административного правонарушения и ответственности. Наряду с этим рассматривает такие понятия как уплата штрафа, порядок уплаты штрафа и последствия не уплаты штрафа.

Ключевые слова: административное правонарушение, ответственность, штраф, порядок оплаты, последствия.

Административная ответственность — вид юридической ответственности, который определяет обязанности субъекта претерпевать лишения государственно-властного характера за совершение административного правонарушения [1].

Административный штраф - это денежное взыскание, налагаемое за административное правонарушение в случаях и пределах, установленных законодательством РК, в размере, соответствующем определенному количеству месячного расчетного показателя, действующего на момент возбуждения дела об административном правонарушении.

Размер штрафа выражается в процентах от: суммы нанесенного окружающей среде вреда; суммы неисполненного или исполненного ненадлежащим образом налогового обязательства; суммы неуплаченных (неперечисленных), несвоевременно и (или) неполно уплаченных (перечисленных) социальных отчислений; суммы неперечисленных, несвоевременно и (или) неполно исчисленных, удержанных (начисленных) и (или) уплаченных (перечисленных) обязательных пенсионных взносов и обязательных профессиональных пенсионных взносов; суммы стоимости подакцизных товаров, полученных в результате незаконного предпринимательства; суммы, неучтенной в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности либо учтенной ненадлежащим образом; суммы сделки (операции), совершенной (проведенной) с нарушением финансового законодательства Республики Казахстан; суммы дохода (выручки), полученного в результате осуществления монополистической деятельности или нарушения законодательства Республики Казахстан об электроэнергетике, о естественных монополиях, законодательства Республики Казахстан, регулирующего деятельность финансового рынка и финансовых организаций; стоимости энергетических ресурсов, использованных сверх утвержденных нормативов за период, в котором произошло правонарушение, но не более чем за один год; суммы незачисленной национальной и иностранной валюты; суммы неуплаченных (неперечисленных), несвоевременно и (или) неполно уплаченных (перечисленных) отчислений и (или) взносов на обязательное социальное медицинское страхование [2].

Если штраф в добровольном порядке не выплачен или истек срок отсрочки (рассрочки) уплаты штрафа, то в этом случае проверяющий орган вправе взыскать штраф в принудительном порядке:

1. Порядок принудительного взыскания штрафа у физического лица или индивидуального предпринимателя:

Проверяющий орган направляет постановление о наложении штрафа по месту работы либо по месту, где должник получает вознаграждение, пенсию, стипендию, для удержания суммы штрафа в принудительном порядке из заработной платы или иных доходов должника.

Если должник не работает, и у него нет официальных доходов, проверяющий орган направляет постановление о наложении штрафа судебному исполнителю для обращения взыскания на имущество должника.

2. Порядок принудительного взыскания штрафа у юридического лица:

Проверяющий орган направляет постановление о наложении штрафа судебному исполнителю, который направляет данное постановление в банк для изъятия денег с банковского счета юридического лица без его согласия в порядке, установленном законом.

Банк или организация, осуществляющая иные виды банковских операций, законом обязаны перечислить сумму штрафа в бюджет в установленном порядке.

В случае отсутствия денег на счетах юридического лица судебный исполнитель обращает взыскание на другое принадлежащее должнику имущество (например, недвижимость, автотранспорт и т.п.) [3].

После оплаты штрафа постановление о наложении штрафа, по которому взыскание штрафа произведено полностью, с отметкой об исполнении возвращается проверяющему органу, вынесшему постановление.

При этом в течение года со дня окончания исполнения постановления о наложении административного взыскания лицо, на которое был наложен штраф считается подвергнутым административному взысканию.

Не маловажным является тот факт, что сведения о лице, привлеченном к административной ответственности, заносятся в административный банк данных о лицах, совершивших административное правонарушение, и хранятся в течение года со дня исполнения постановления. То есть, уклонение от исполнения и неуплата административного штрафа способствует тому, что каждый должник продолжает числиться по специальному учету Комитета по правовой статистики и специальных учетов Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан длительное время.

Административный штраф довольно часто применяется проверяющими органами в качестве меры воздействия на предпринимателей за выявленные в результате проверки нарушения. Поэтому знание о порядке его наложения и оплаты поможет Вам своевременно его уплатить. Ведь недобросовестное отношение должника к уплате административного штрафа в будущем может служить отягчающим обстоятельством при рассмотрении других правонарушений [4].

Новый КоАП РК с 1 января 2015 года вводит сокращенное производство и снижает в нем штрафы наполовину. Теперь, если водитель признает вину на месте, то инспектор ДПП должен вручить ему копию протокола и «скидочную» квитанцию с реквизитами для уплаты штрафа. Водитель в свою очередь, расписывается у него на корешке квитанции. После этого в течение 7 дней можно уплатить 50% от штрафа. После посещения банка с платежкой надо тут же съездить в полицию и снять штраф из ее базы. «Тема» скидок касается только тех штрафов, что были выписаны на месте нарушения полицейскими, а не зафиксированными видеокамерами [5].

Штраф, наложенный за выявленные в результате проверки нарушения, вносится (перечисляется) в государственный бюджет с обязательным последующим уведомлением в письменной форме проверяющего органа, вынесшего постановление о наложении штрафа.

Постановление о наложении административного взыскания обращается к исполнению судьей, органом (должностным лицом), вынесшим постановление.

Кроме того, КРКоАП предусмотрена возможность оплаты административного штрафа в сокращенном порядке, если правонарушение, за которое предусмотрено взыскание в виде штрафа, обнаружено должностным лицом на месте его совершения, установлено совершившее его физическое лицо, которое признает свою вину и соглашается с размером штрафа.

В таком случае, физическое лицо вместе с протоколом об административном правонарушении получает квитанцию об уплате административного штрафа в порядке сокращенного производства. Ему будет разъяснено право в 7-дневный срок с момента вручения протокола, оплатить 50% от суммы штрафа. Если правонарушитель не согласен с фактом правонарушения, дело рассматривается в общем порядке.

Однако, ни во всех случаях применяется порядок сокращенного производства. Порядок оплаты штрафа в сокращенном порядке не применяется, в случаях, если:

санкцией статьи предусмотрены иные виды взыскания, правонарушения совершены несовершеннолетними, лицами, обладающими привилегиями и иммунитетом, по делам, которые рассматриваются органами налоговой службы, правонарушение зафиксировано сертифицированными специальными контрольно-измерительными техническими средствами и приборами [6].

Как известно, с 1 января 2016 года действуют изменения в пункте 1 статьи 890 Кодекса об административных правонарушениях в соответствии с Законом "О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам предпринимательства". Согласно изменениям, постановление о наложении административного взыскания не подлежит исполнению, если оно не было приведено в исполнение в течение года со дня его вступления в законную силу. «Деятельность по исполнению постановлений состоит из двух логически взаимосвязанных этапов:

1. Первый этап - это обращение постановлений к исполнению, а второй этап - это непосредственное приведение их в исполнение. На первом этапе ключевая роль принадлежит органу (МВД, суд и тому подобное), принявшему постановление. Постановление направляется органу или должностному лицу, уполномоченному приводить его в исполнение, в течение суток со дня вступления документа в законную силу.

2. На втором этапе уже специально уполномоченные органы осуществляют деятельность по взысканию штрафа, то есть ваше дело передают либо специальному полицейскому подразделению, либо судебным исполнителям».

Нарушителю предоставляется возможность оплатить штраф добровольно не позднее 30 дней (плюс 10 дней на обжалование), отправившись в банк. Можно заплатить и половину штрафа при рассмотрении дела в ускоренном порядке, в течение 10 дней, но кроме тех, что зафиксированы системой автоматической видеофиксации [7].

Административный штраф является самой распространенной административной санкцией и выполняет сразу несколько функций: карательную, превентивную и компенсационную. Однако обязанные лица зачастую злобно уклоняются от уплаты штрафа. Законодателем созданы предпосылки, призванные обеспечить своевременное и добровольное выполнение гражданами и должностными лицами обязанности по уплате административного штрафа, но указанные возможности не всегда используются.

В этом случае цели административного наказания не достигаются, правомерное поведение граждан и должностных лиц не обеспечиваются, а бюджет несет потери.

Неуплата административного штрафа не относится к длящимся правонарушениям, в связи с чем, деяние считается совершенным и оконченным на следующий же день по истечении установленного срока.

После этого суд или надзорный орган, вынесший постановление за 1-е правонарушение направляют соответствующие материалы судебному приставу-исполнителю для взыскания суммы административного штрафа в порядке, предусмотренном законодательством.

Кроме того, должностное лицо государственного органа, уполномоченного осуществлять производство по делам об административных правонарушениях, составляет протокол уже об административном правонарушении, не уплатившего административный штраф. Копия этого протокола направляется судье в течение 3 дней со дня составления указанного протокола.

Протокол об административном правонарушении может быть составлен и в отсутствие правонарушителя (должника), если виновному лицу было надлежащим образом сообщено о времени и месте его составления, разъяснены права и обязанности. Решение по данному делу принимает только суд.

Неуплата административного штрафа в срок влечет за собой последствия, предусмотренные статей 894 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Административный штраф должен быть уплачен лицом не позднее 30 дней с момента вступления постановления о привлечении к административной ответственности в законную силу.

Если штраф не оплачен в течение 30 дней с момента вступления постановления в законную силу, постановление о наложении штрафа направляется администрации, организации, где лицо, привлеченное к ответственности, работает либо получает вознаграждение, пенсию, стипендию, для удержания суммы штрафа в принудительном порядке из его заработной платы или иных доходов. Удержание штрафа производится в срок, не превышающий шести месяцев.

В случаях увольнения лица с работы либо невозможности взыскания штрафа из его заработной платы или иных доходов, администрация организации в десятидневный срок со дня увольнения или наступления события, влекущего невозможность взыскания, возвращает постановление о наложении штрафа, органу, вынесшего постановление, с указанием нового места работы лица, причин невозможности взыскания, а также с отметкой о произведенных удержаниях.

Если физическое лицо, не работает или взыскание штрафа из заработной платы или иных доходов невозможно, постановление о наложении штрафа направляется судебному исполнителю для принудительного исполнения [8].

Следует отметить, это понятие сложное и многогранное, поскольку количество физических и юридических лиц, способных претерпевать негативные результаты нарушения закона, гораздо больше количества субъектов права, несущих ответственность, так как многие из правонарушений попросту не были выявлены, или не установлены их субъекты, а также возможно истечение сроков давности привлечения к ответственности.

Меры правового принуждения используются по отношению ко многим субъектам (и к невменяемым лицам, и к очевидцам, которые игнорируют повестки в суд, и к лицам, помещаемым в приемники-распределители и другим), но они не считаются мерами юридической ответственности. Административная же ответственность представляет собой государственную реализацию административно-правовых наказаний по отношению к физическим и юридическим лицам, которые совершили административное

правонарушение . Результаты проведенного исследования позволят сформулировать следующие теоретические выводы?

1. С принятием кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях, впервые на территории Казахстана возникли законные административно-правовые отношения между гражданами, должностными лицами, лицами без гражданства и юрисдикционными органами, применяющими меры административного принуждения и виды административных наказаний;

2. В КоАП Республики Казахстан перенесен центр тяжести на защиту прав граждан, что придает новому Кодексу черты подлинно демократического закона.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Административная ответственность в Республике Казахстан: Учебник.- Алматы: Нұр-Пресс, 2013.- 1 электр. опт. диск.

2. Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года № 235-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017 г.) // <https://online.zakon.kz/>

3. Стахов А.И. Административная ответственность [Текст]: Учебное пособие для студ.высш.учеб.заведений. / А.И. Стахов, В.П. Иванов.- 2-е издание перераб. и доп.- Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2013.- 111с.

4. Мусина Б. Б. Административное право РК.- Алматы: НИЦ КОУ, 2007.- 100 с

5. Оплатить штрафы можно с 50% и 30% скидками.- <https://motor.kz/>

6. Ч. Акимбеков Порядок оплаты административного штрафа.- <http://pravstat.prokuror.kz/>

7. Изменения и дополнения в Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» // <http://krg.kgd.gov.kz/>

8. Н. Ахаев Платите штрафы вовремя - www.vkogps.kz |

Чукмаинов Д.С., Есімбеков Т.К.

Әкімшілік айыппұл: төлеу тәртібі мен төлемедің салдары

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы түсінік берілген. Сонымен қатар айыптұл төлеу мен айыптұл төлеудің тәртібі, төлемедің зардаптары туралы қарастырылған.

Кілттік сөздер: *әкімшілік құқық бұзушылық, жауапкершілік, айыптұл, төлеу тәртібі, салдары.*

D.S.Chukmainov, T.K. Esimbekov

Administrative penalty: payment or implications for non-payment

This article deals with the notion of administrative offense and responsibility. Along with this, he considers such concepts as the payment of a fine, the procedure for payment of a draft, and the consequences of not paying a fine.

Key words: *administrative offense, liability, fine, order of payment, consequences.*

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘӨЖ 657

НАРЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРҒА БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТИҢ МАҢЫЗЫ МЕН МАҚСАТЫ

Байдыбекова С.К., Тасыбай Б.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Мақалада бухгалтерлік есептің маңызы мен мәні және бұл жүйені жүргізу мен аяқтау үрдісі қарастырылған.

Кілттік сөздер: бухгалтерлік есеп, заңды тұлға, кәсіпорын, қаржылық активтер, қаржы көздері, несиелік міндеттемелер, инвестиция, қаржы есебі, басқару есебі.

Меншік иелігінің кез келген түрлері, нарықтық әрекетке түсуші заңды тұлғалар, ұйымдар мен мекемелердің барлығында бухгалтерлік есеп жүргізіледі. Меншігінде қаражаттары мен мүліктері, қорлары мен капиталы, алған міндеттемелері, өндірілген дайын өнімдері, қорлары, негізгі құралдар мен айналым қаражаттары, сатып алу мен сату өрісі, шаруашылық жүргізу үрдісі бар шаруашылық ұйымдарда бухгалтерлік есеп жүргізу жүйесі экономикалық қатынастардың басты мәселесіне жатады. Сондықтан, бухгалтерлік есепті күрделі жүйе деп түсінген жөн. Экономикалық қатынастардың барлығы да есепке алыну керектігі бухгалтерлік есепке тән мән мен мағына, алғы шарт және міндетті түрде орындалуға тиісті нақтылы үрдіс болып табылады. Бухгалтерлік есеп жүйесі ұйымдардағы сатылы экономикалық үрдісті қамтамасыз ету бағытында құрылуы керек. Шаруашылық фактілері экономикалық үрдістің кезеңдік негіздерін құрайтын заңдылық сабақтастыққа жауап беретін болып қалыптасады [1,23б].

Ол мынандай кезеңдерге бөлінеді: активтер мен бұлардың көздерін қалыптастыру; инвестициялар келтіру; қаржылық активтерді қаржыландыру және несиелік міндеттемелер қабылдау; қалыпты жағдайда жүргізілетін өндірістік үрдістің өзгерістері мен қалыптасуын есепке алу; өндірістік шығындар жұмсап, табыстар табу жолдарының есебін жүргізу; түскен табыстар бөлу және қайта бөлу; бөлінбеген таза пайданың ұдайы көбеюін қамтамасыз ету және түскен тазапайданы өндіріс үрдісін кенейту мен ары қарай жетілдіруге, бұлардың қорлануын қалыптастыруға жұмсау.

Экономикалық заңдылықтардың өндірістік үрдісте іске асырылатын кезеңдеріне тән құрылған жоғарыдағы сабақтастық кезеңдер қаржылық талдау мен басқарушылық шешім қабылдау үшін аса қажет [1,44б].

Бухгалтерлік есеп деп - ұйымдар қызметін тиісті ақпараттар және мәліметтермен қамтамасыз ететін мәні бар жүйені айтамыз. Нарықтық қатынастардың экономикалық өмірге енуіне байланысты әдетте коммерциялық бағыттағы және меншікті ұйымдар табыс табуды мақсат тұтады [4,65б].

Бухгалтерлік есеп - базарлы сауданы, технологиялық ерекшеліктерге сай өнім өндіруді, экономикалық бостандықты, кәсіпкерлік қатынастарды, бірлескен әрекеттерді т.с.с. байланыстар жөніндегі көрсеткіш мәліметтерді даярлап, тиісті тұтынушыларға хабарлап, талдап, мұның негізіне тиімді шешімдер қабылдайды. Сондықтан бухгалтерлік есептің алғы шарты экономикалық қатынастарға, мұның өзін теориялық тұрғыда зерттеуге, басқарудың тиімді жолдарын анықтауға ақпараттар дайындайтын ерекше бағыттағы айрықша жүйе. Қандайда болмасын есеп ақпараттары мен көрсеткіштерін, мұндағы цифрларды экономикалық маңызы зор мәселелер деп қараған жөн. Бухгалтерлік есеп нарықтық қатынастарға байланысты іс-әрекеттерді саналы түрде жүргізу мен мәліметтерді жан-жақты қолдану және бұлардың маңызын түсіну үшін ақпараттар жинап,

тиімді және тиімсіз, пайдалы және зиянды мәліметтер жүйесін топтастырып, белгілі дәрежеде шешім қабылдау үшін көрсеткіштер мен мәліметтер даярлайды.

Бүгінгі күннің талабына сай бухгалтерлік есепте қолданылатын үлгі - мәтін, бастапқы құжаттарды рәсімдеу, есеп регистрлары және қорытынды есеп көрсеткіштері т.б. жазулардың көлемі мен маңызы қарапайым жолдармен жасалып, пайдаланушы қауымға түсінікті болуы керек. Жалпы есеп жүйесінде қабылданған тәжірибеге және көптеген ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда бухгалтерлік есеп ең әуелі өзінің байқау, өлшеу, тіркеу принциптерін жүзеге асырады.

Байқау принципі деп - шаруашылық жүргізушілер өрісіндегі фактіні немесе объектіні көзбен көруді айтамыз.

Өлшеу деп - натуралдық өлшеммен берілген есеп объектісін ақшалай өлшемге айналдыруды айтады.

Тіркеу деп - бухгалтерлік есеп мәліметтері мен көрсеткіштерін ақпараттар тасушы құралдарға түсіруді айтамыз.

Сонымен байқау, өлшеу және тіркеу принциптері бірімен-бірі тығыз байланысқан, бірінің мазмұнын бірі толықтырып отыратын сабақтастық жүйе деп таныуымыз керек.

Бухгалтерлік есептің маңызы мен мәні және бұл жүйені жүргізу мен аяқтау үрдісі, ең әуелі бухгалтерлік есеп негізін біліп үйренуден, қаржы есебін жүргізу тәсілдерінен, басқару есебіндегі көрсеткіштерді бағалай білуден, қаржылық қорытынды есепті сапалы жасаудан, сондай-ақ ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметін экономикалық жағынан талдаудан тұрады. Бухгалтерлік есеп жүйесіндегі ақпараттар қазіргі кездегі Қазақстандық бухгалтерлік есеп стандарттар талабына сай кәсіпкерлерге, мамандарға, салық және қаржы салаларындағы қызметкерлерге, т.б. тұлғаларға қызмет көрсетеді. Потенциалды қаржы салымшы инвесторлардың, басқа да несиелендіруші заңды тұлғалардың қаражаттарын іске қосып, түпкі мақсат - таза табыстың көлемін арттырып отыру үшін бухгалтерлік есеп өрісіндегі қалыптасқан ақпараттарды хабарлап отыру қажеттігі туындайды [2,356].

Сондықтан, ғылыми тұрғыда жасалған концепциялар мен тәсілдер негізіне сүйене отырып, елімізде қабылданған арнайы ереже-нұсқауларға сай жасалып, жарияланатын қаржылық қорытынды есеп пен ұйымдардың бухгалтерлік қорытынды есебінің мәліметтері сыртқы пайдаланушыларға түсінікті болуы керек. Мұндай мәселелерді шешіп, ұйымның экономикалық өміріне өндіріп отыру үшін, бухгалтерлік есеп негізі - қаржы есебі, басқару есебі, қаржылық қорытынды есеп, қаржы көрсеткіштерін талдау жүйелерінің арасында үзілмейтін сабақтастық байланыс құрылуы керек.

Негізі мен түпкі мақсатын түсінбей жасалған есеп пен ақпараттық жүйе экономикалық қатынастарды қалыптастырмайды. Болашақта түсетін пайдаға қол жеткізбейді және ұйымның экономикалық тиімділігін қалыптастырмайды. Олай болса кез келген ұйымдар, өз қызметін тиімді бағытта үздіксіз дамытып отыруы үшін, материалдық және еңбек ресурстарын басқа да сырттан көрсетілген қаржылық қызметтерді, ғимараттар мен жабдықтарды т.с.с. пайдаланады. Ресурстардың барлығын да қаржыландыру керек. Яғни қаржы көздерін қалыптастыру қажеттігі туындайды. Қаржыландыру көздері мен бұлардың әдіснамалары, ресурстардың көлемі мен қозғалысы жөніндегі мәліметтер де бухгалтерлік есеп жүйесінде жүргізіледі. Бухгалтерлік есеп жүйесіндегі мәліметтер мен ақпараттарды пайдалана отырып, басқару өрісіндегі шешімдер қабылданады және мұндай ақпараттар сыртқы пайдаланушылар үшін де өте қажет.

Бухгалтерлік есеп басқару жүйесін қамтамасыз ету мақсатын іске асыру үшін өзінің арнайы әдістері мен ережелерін қолданады. Бухгалтерлік есеп бақыланатын және өлшеу мен тіркеуге, тексеруге, қорытындылауға жататын көптеген шаруашылық фактілерінен туындайды. Шаруашылық фактілерінің маңызы мен мақсатын түсіну үшін бухгалтерлік

есепке тән ерекшеліктердің мәні мен мағынасын түсіне білу керек. Бухгалтерлік есепке тән мақсат - ұйымдар қызметіндегі барлық орын алған шашыранды шаруашылық фактілерін жүйеге келтіріп тиісті құжаттарға жазу, бұларды бағалау, жинақтау мен қорытындылау болып табылады.

Ұйымдардағы бухгалтерлік есеп жүргізу мақсаты екі деңгейде танылады.

Бірінші деңгейде бухгалтерлік есептің тіркеу қызметі және көптеген шаруашылық фактілері мен экономикалық өзгерістерін жинақтау, ақшалай өлшемге айналдыру қызметі орындалады.

Екінші деңгейде бухгалтерлік есептің күрделі мәселелері атқарылып, әртүрлі әдістерді, ережелер мен принциптерді қолдана отырып, бухгалтерлік есеп жүйесінде жасалған қорытынды ақпараттар жүйесіндегі шаруашылық фактілерінің маңызы бағаланып өлшенеді, шашыранды фактілер жинақталып талданады.

Басқару үрдісінің негізгі саласы болып танылған бухгалтерлік есеп жүйесі арқылы ұйымдардың ағымдағы қызметінің барысы тексеріледі, сапалы даярланған ақпараттарды талдай отырып, стратегиялық және тактикалық бағыт анықталады, ресурстарды тиімді пайдаланудың жолдарын қабылдаудағы субъективтік факторларды болдырмаудың тәсілдері қарастырылады.

Сапалы жүргізілген бухгалтерлік есептің мақсаты төмендегі сатылы қызметтерді қамтамасыз етуге арналған: ұйымдардың табыс түсіріп, бәсекелестік ортадағы тиімділігін арттыру үшін жасалған бизнес-жоспарының орындалуы дәрежесін тексеру; активтерді өз орнымен тиімді жұмсау арқылы өндірілген өнімдердің өсу қарқынын және бұларды сатудан түскен түсім көлемін бухгалтерлік есеп жүйесінде айрықша зерттеу; меншіктің барлық түрлерінің сақталуын, активтердің қолда бары мен қозғалысын, ұйымдардың қаржылық және төлем өтеушілік қабылетінің орындалуын тексеру; алдау, ұрлау, көзбояушылық және сыбайластық жағдайларды болдырмау, ақша т.б. құндылықтарды жеке адамдардың сіңіріп кетушілігіне жол бермеу, тексеру жүргізу және мұндай жағдайларды тиісті орындарға дер кезінде хабарлау; бухгалтерлік есеп, аудиторлық қызмет және салық жөніндегі заңдардың сақталуы мен нормативті актілердің орындалуын қадағалауға мүмкіндік жасап отыру.

Бухгалтерлік есеп өрісінде төмендегі мәселелердің шешілуі қамтамасыз етіледі: ұйымдар өрісіндегі шаруашылық үрдістің қорытындысын шығарып, басқарушылық шешім қабылдауға қажетті ақпараттар қалыптастыру, сондай-ақ қаржы салымшы инвесторлар, қоюшылар, сатып алушылар, несиелендірушілер, салық және қаржы органдары арасындағы қалыпты жағдай жасау мақсатында толық және сенімді ақпараттар қалыптастыру; экономикалық ресурстардың және активті мүліктерді тиімді әрі орынды пайдалану үшін, бұлардың қолда бары мен қозғалысын тексеріп отыруды қамтамасыз ету [5,386.].

Бухгалтерлік есептің ең негізгі мақсаты - ұйымдар қызметінің өсу қарқынын қамтамасыз ету, әртүрлі варианттағы салыстырмалы мәліметтер қалыптастыру, талдау шараларын орынды жүргізу арқылы басқарушылық шешім қабылдау болып табылады.

Бухгалтерлік есеп кәсіпкершілікпен айналысушы тұлғалардың барлығына қажетті білім беруді қамтамасыз етеді.

Есеп жүйесі көптеген әлеуметтік және экономикалық жағдайларға тікелей әсер етеді. Бухгалтерлік есептің рөлі мен мүмкіндігі халықаралық бизнестің құрылуы мен қалыптасуына, мұның дамуы мен өркендеуіне ықпал етеді. Бухгалтерлік есеп тілі жан-жақты тұнық ақпараттар жүйесімен қамтамасыз етілген жағдайда бизнеске қатысушы жақтар ұтымды арақатынастық байланыста болады.

Бухгалтерлік есеп жүйесі ұйымдардағы активті қаражаттар мен меншікті капитал, міндеттемелер мен алынған несие, негізгі құралдар мен материалды емес активтер, тауарлы-материалды құндылықтар, ақша қаражаттары, есеп айырысудың жағдайы, алашақ-

берешектермен есеп айырысу, өндірілген өнім, мұның өзіндік құны, түскен табыс, жұмсалған шығын, жалға беру мен алу, жылдық қорытынды есеп жасау, салықтың жекелеген түрлері бойынша есеп айырысу, инвестициялық қаржы салымы, үлес қосушылармен есеп айырысу дивиденттік төлемдер сияқты т.б. қозғалыстарды және осы жоғарыда айтылған есеп объектілерін бағалау қызметтерін атқарады. Сонымен қатар осы жоғарыда көрсетілген бухгалтерлік есеп объектілері бойынша экономикалық және қаржылық талдау жасау, есеп ақпараттарын пайдаланушылардың талабын қанағаттандыру жұмыстары да атқарылады [6,876.].

Бухгалтерлік есеп жүйесін жүргізу үрдісі негізінен ресми қабылданған нұсқау ережелерге, тәжірибеде қолданылатын бухгалтерлік есепке тән теориялық принциптерге, баланстық тәсілге, бухгалтерлік есеп жүргізудің әдіснамаларына, бухгалтерлік есеп счеттарына негізделген. Бухгалтерлік есеп жүйесі бастапқы құжаттар жасаудан бастап бұларды жинақтап, тіркеу жөніндегі нақтылы мәліметтерді арнайы үлгідегі реестрлерге жазу, бас кітаптарға жазу, бұлардың негізінде жылдық баланстық қорытынды есеп жасаумен аяқталады. Есеп жүйесі тек қана бастапқы құжаттар негізінде және ақшалай өлшеммен жүргізіледі. Яғни әрбір құжатқа жазылып көрсетілетін мәліметтер үлгі пішімі мен мәтіні бар қағаздарға ақшалай өлшеммен жазылып қабылданған арнайы счеттарға түсіріледі. Бухгалтерлік есеп жүйесіне қатаң талап қойылып, бұл үрдіс арқылы бақылау мен тексеру, түгендеу мен бағалау, жинақтау мен талдау сияқты маңызы зор мәселелер зерделеніп отырады.

Бухгалтерлік ақпараттық жүйе қаржылық және басқарушылық болып екіге бөлінеді. Қаржылық есепті - сыртқы есеп деп, ал басқарушылық есепті - ішкі есеп деп те атайды.

Ақпараттар жүйесі екі саладан тұрады:

- 1) сыртқы пайдаланушылардың мүддесіне арналған ұйымдардың қаржылық қызметі жағдайын бағалауға қызмет ететін қаржылық есеп;
- 2) ішкі пайдаланушылардың мүддесіне арналған ұйымдардың шаруашылық қызметін талдау мен бағалауға қызмет ететін басқарушылық есеп.

Сонымен, бухгалтерлік есеп жүйесі өзіндік ақпараттардан және жалпы жинақталған басқа да ақпараттардан тұрады. Егер бухгалтерлік есеп ақпараттары пайдаланушы жақтардың мүддесін қанағаттандырмаған жағдайда, онда бухгалтерлік есептің қажеттілігі де болмайды.

Қорыта келгенде, бухгалтерлік есеп жүйесінде, мұның өзіне тән әдіснамалары мен ережелері және есеп жүргізудің айрықша принциптері қалыптасқан. Әдіснамалар мен принциптерді дұрыс қолдана білудің маңызы өте зор.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңы, №234-III, 28.02.2007ж.
2. Бухгалтерлік және қаржылық есеп принциптері (Халықаралық стандарт) [Мәтін]: Оқулық / Ә. Әбдіманапов.- Алматы, 2009. – 535б.
3. Кеулімжаев Қ.К., Әжібаева З.Н., Құдайбергенов Н.А. Бухгалтерлік есеп принциптері. Алматы: Экономика, 2009. – 280б.
4. Әбдішүкіров, Р.С. Бухгалтерлік есеп. 1 кітап [Мәтін]: Оқу құралы / Р.С.Әбдішүкіров, Б.С.Мырзалиев. – Алматы: Нұр-Пресс, 2011. – 328бет.
5. Нұрсейітов, Э. О. Ұйымдардағы бухгалтерлік есеп [Мәтін] / Э. О. Нұрсейітов.- Алматы: ТОО«Издательство LEM», 2012. – 432с.
6. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп. Оқу құралы. Алматы: «LEM» баспасы, 2010. - 358с.

Байдыбекова С.К., Тасыбай Б.

Цель и значение бухгалтерского учета для предприятий в условиях рыночной экономики

В статье рассмотрена сущность, значимость бухгалтерского учета, система ведения, а также процессы завершения.

Ключевые слова: бухгалтерский учет, юридического лица, предприятия, финансовые активы, финансовые источники, кредитные обязательства, инвестиции, финансовый учет, управленческий учет.

S. K. Baydybekova, B. Tasybai

The purpose and importance of accounting for enterprises in a market economy

The article considers the essence, importance of accounting, the system of reference, as well as the completion processes.

Key words: accounting, legal entity, enterprise, financial assets, financial sources, credit commitments, investments, financial accounting, management accounting

ӘОЖ 330

ИННОВАЦИЯЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байтаева Г.Р., Тәнірберген Т.Х.

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Тіма.9.9@mail.ru*

Мақалада индустриялық-инновациялық бағдарлама аясында мемлекеттің мүмкіндіктері іске асырылады, инновациялық саясат қалыптасады. Бұл мақалада инновацияны мемлекеттік басқару проблемалары және оларды шешу жолдары қарастырылады.

Кілттік сөздер: мемлекеттік басқару, логистика, инновация, шикізат, инфрақұрылым, жемқорлықты ұғыну индексі, экономика, жемқорлық.

Соңғы жылдары Қазақстан экономикасы қарқынды түрде дамып келе жатты. Бір жағынан, бұл индустриялды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы сияқты басқа да жоспарлардың арқасында. Екінші жағынан, соңғы жылдары дамыған елдер тарапынан шикізатқа сұраныстың артуы. Мысалы, мұнай, газ, алтын мен бидай сияқты. Дегенмен, бұл жақсы уақыттар біздің ел үшін ұзақ уақыт жалғаса беруі мүмкін болмады. Қарқынды істеп тұрған зауыттар мен шикізатқа негізделген экономиканың кездері артта қалды. Қазіргі кез интеллектуалды меншік, ғылыми-техникалық зерттеулердің жетістіктері мен инновацияларға негізделген заман болып табылады. Ал, біздің, өз тәуелсіздігін алғалы бері 25 жыл болған және Кеңес Одағы қол астында болған мемлекет үшін бұл жаңа нәрсе болып табылады.

Сонымен қатар, ХХ ғасырда Қазақстан тек шикізатты өндіретін мемлекет болғандықтан, дайын және қосымша құны жоғары өнім шығаруға мүмкіндік беретін өндіріс орындары салынбаған болатын. Мұнай мен газ немесе түсті металлургия зауыттарының орындары бөлек. Олардың өнімдерін дайын, толығымен аяқталған және жоғары пайда алып келеді деп айту қиын болып отыр. Оны біз қазіргі таңда мемлекет өз басынан қатарынан екінші рет өткізіп жатқан дағдарыстан байқай аламыз. Сондықтан, жоғарыда келтірілген себептерге байланысты, қазіргі таңда Қазақстан үшін жаңа

технологияларды игерумен байланысты түрлі кедергілер мен проблемалар туындауда. Ол проблемаларды қатарымен айтып шығатын болсақ:

1. Логистикамен байланысты туындайтын проблемалар;
2. Инфрақұрылымның ескіруі;
3. Жер көлемінің үлкендігі;
4. Шикізатқа тәуелділік;
5. Мұхиттарға тікелей шығатын жолдардың болмауы;
6. Кадр жетіспеушілігі;
7. Сыртқы факторлар;
8. Ғылыми-техникалық базаның толық жетілмеуі;
9. Инновацияға ие, ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын кәсіпорындардың аздығы;
10. Басқарушы органдардағы жемқорлық;
11. Берілетін қаржылай көмек, гранттар мен ғылыми зерттеулерге жұмсалатын қаржының аздығы[1,65-68б].

Логистикамен байланысты туындайтын проблемалар инновацияларды игеруге тікелей әсер етуі төмен. Бірақ, қаншай айтқанымен экономикада бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Сол себепті, тікелей әсері бомаса да, аталмыш фактор жанама түрде өз әсерін тигізеді. Өйткен, жаңа технологияларды игеру, ғылыми зерттеулерде жүзеге асыру халықаралық байланысты орнатпаса мүмкін емес. Тауарлардың, шикізаттар, қызмет көрсетулер мен кадрлардың жүріп тұруы оңтайлы да жеңіл болуы қажет.

Логистиканың нәтижелік индексі LPI (Logistics Performance Index) транспорттық және экспедициялық компаниялар, ұлттық немесе аймақтық логистикалық операторлар мен халықаралық сұхбат негізінде есептеледі. Аталмыш сұхбат екі бөлімнен тұрады, олар:

1. LPI халықаралық индексі анықталады. Бұл жағдайда сұхбаттан өткендер, бірлесіп жұмыс жасайтын 8 елдің логистикалық компанияларының нәтижелігін бес баллдық шкала бойынша бағалайды;

2. LPI ішкі индексі анықталады. Бұл жағдайда сұхбаттан өткендер, өздері жұмыс жасайтын мемлекеттің логистикалық жүйесін бес баллдық шкала бойынша бағалайды.

Осы екі бағытта жүргізілген сұхбаттардың негізінде мемлекеттің логистикалық жүйесі бағаланып, халықаралық рейтингтегі орны анықталады. Сонымен қатар, логистиканың нәтижелігін бағалау үшін келесі өлшемдер негізгі болып тандап алынан:

- Кедендік және шекаралық тіркеудің нәтижелігі(customs);
- Сауда мен көлік инфрақұрылымының сапасы(infrastructure);
- Бәсекеге қабілетті бағалар бойынша, халықаралық жүк тасымалын ұйымдастырудың оңтайлығы(international shipments);
- Логистикалық қызмет көрсетулердің сапасы мен біліктілігі услуг (logistics quality and competence);
- Жүктің өтуін қадағалау(tracking & tracing);
- Жүкті уақытымен жеткізу көрсеткіші(timeliness) [2,28-34].

2007 жылдан бастап Халықаралық банктің халықаралық сауда жөніндегі тобымен екі жылда бір рет есептелетін логистиканың тиімділігі индексінің 2016 жылғы көрсеткіштеріне сәйкес Қазақстан 88-ші орында болған. Аталмыш санақ әлемнің 160 елдерінің арасында жүргізілген және бұл индексте кедендік қызметтің тиімділігі, сауда, инфрақұрылым сапасы сияқты көрсеткіштер негізгі болып алынған болатын. Берілген көрсеткішті саралайтын болсақ, Ресей Федерациясы 90 орында, ал соғыс болып жатқанына қарамастан логистиканың дамуы бойынша Украина 61 орында болған. Ал, соңғы 20 жылда Қазақстан үшін үлгі болған Сингапур бұл рейтингте бесінші орында тұр.

Әрине, Сингапур кішкентай қала-мемлекет және Сингапур үшін логистикалық қызметті дамыту ыңғайлы болып отыр. Оған қоса, бұл мемлекетте әлемдегі ең үлкен теңіз порттарының бірі орналасқан. Сол себепті, логистиканың жоғары деңгейде болуы бұл мемлекет үшін міндетті заттың бірі болып табылады. Ал, Қазақстан жер көлемі үлкен болғандықтан, логистикалық қызметті дамытумен байланысты бірқатар қиындықтар туындауда. Осыған байланысты, Қазақстан тек қана логистикалық қызметті емес, сонымен қатар жалпы экономиканы дамытуда өзіне ұқсас дамыған елдерден үлгі алуы қажет. Мысалы, Канада мен Австралия. Қуанышқа орай, қазір Қазақстан Үкіметі сингапурлық тәжірибенің біздің мемлекет үшін жарамайтындығын түсініп, жоғарыда аталған Канада мен Австралияның тәжірибесін талдауда.

Экономикалық жағынан және бұл фактордың инновацияларды игеруге жанама түрде тигізетін әсерін айтатын болсақ, 2015 жылдың деректеріне сәйкес, Евразиялық Экономикалық Одақ елдерінің Жалпы Ішкі Өнімінің (ЖІӨ) 10-12% осы логистикалық қызмет көрсетулерден құралады, яғни транспорттық сектор әр елдің ЖІӨ-нің 7-8% құрайды. Ал, Европалық Одақ (ЕО) елдерінің көрсеткіші 20-25% тең болып табылады. Сонымен қатар, Евразиялық Экономикалық Одақ (ЕЭО) елдерінің логистикалық қызметінің жоғары деңгейде болмауына байланысты, бұл тауардың құнына қатты әсер етеді. ЕЭО елдеріндегі логистикалық ұстанымдардың тауардың соңғы құнындағы мөлшері, шамамен 20-25% құрайды, ал кейбір жағдайларда тіпті 35%-ға тең болады. Егер салыстыратын болсақ, әлем елдерінде орташа деңгей 11% тең, ал Қытайда бұл көрсеткіш 14 %, ЕО елдерінде 11% және АҚШ пен Канадада логистикалық қызметтің ұстанымдары 10 %-ды құрайды [3,44-466].

Көріп отырғанымыздай, логистикалық қызметтен түсетін пайда аз емес. Сонымен қатар, логистика ЖІӨ құрылымының айтарлықтай көлемін алып отырғанын байқай аламыз. ЖІӨ мемлекеттің экономикасының жағдайының жалпы көрінісін бейнелейді. Логистикалық компаниялардың қызметінен түсетін кірістермен қатар, аталмыш ұйымдардың мемлекеттің инновацияларды тез игеруде, енгізуде айтарлықтай орын алып отыр.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Қазақстан экономикасы қазіргі кезде мемлекетке қатты тәуелді болып келеді. Бұл арада, мемлекеттік бюджет тарапына қаржыландырылатын даму бағдарламалары, ТДЖҰА тарапынан берілетін қайтарымсыз мемлекеттік гранттар және т.б. жайлы айта аламыз. Мемлекеттің халықаралық қатынастарының жағдайы, сыртқы сауда операциялар мен ЖІӨ көлемінің өсу қарқыны экономиканың жағдайына тікелей әсер етеді. Экономикада мемлекеттің үлесі жоғары Қазақстан үшін бұл айтарлықтай әсер ететін фактор болып табылады. Ал, бұл арада логистиканың алатын орны туралы жоғарыда келтірілген деректерден айтарлықтай деуге болады. Сол себепті, жақсы ұйымдастырылған логистика мемлекеттің инновациялық үрдістермен тиімді басқара алуына жанама, ал жаңа технологияларды сатып алу, енгізу мен оларды игеруіне тікелей түрде әсер етеді. Өйткені ТДЖҰА тарапынан берілетін инновациондық гранттардың бірі, олар: технологияларды сатып алу үшін берілетін грант пен басқарушылық және өндірушілік технологияларды енгізу. Сонымен қатар, логистикалық қызметпен байланысты туындайтын жоғары ұстанымдардың кесірінен, қазіргі таңда Қазақстан үшін логистикамен туындайтын мәселелер негізгілердің бірі болып табылады.

Басқару органдарындағы жемқорлық мәселесі біздің елде талай жылдардан бері маңызды проблемалардың бірі болып келеді. Бұл мәселе жалғыз инновацияларды енгізу мен зерттеулерді жүзге асыруда ғана емес, сонымен қатар жалпы экономиканың дамуына да үлкен кедергісін тигізеді. Ал, мемлекет экономикасының жағдайы барлық салалардың: білім мен ғылым, инновацияларды енгізу мен осы үрдісті басқару, кәсіпкерліктің дамуы,

әлеуметтік және басқа да салалардың барлығын қамтиды. Сол себепті, жемқорлық проблемасының экономикаға тигізетін зияндары негізінде қарастырғанымыз дұрыс болып отыр [4].

Жемқорлықты анықтауда ең басты қиыншылық ол — белгісіздік. Өйткені, жемқорлық нақты қандай деңгейде, кім жемқор немесе қай органда бұл мәселе көбірек тараған екенін анықтау мүмкін емес. Өз кезегінде жемқорлықтың экономикалық дамуға, инвестицияларды тартуға немесе мемлекеттік даму бағдарламаларының сапалы түрде орындалуына қаншалықты әсер ететінін нақ айту мүмкін болмай отыр. Тек қана, жемқорлықтың экономиканың нақты жағдайы туралы мәліметтерді бұрмалауда басты орынды алатыны белгілі. Жемқорлық мемлекеттік инвестициялардың нәтижелігін төмендетеді, инфрақұрылымды дамыту мен салықтық түсімдердің мөлшеріне де әсер етеді. Осыған байланысты жемқорлық мемлекет үкіметіне мемлекеттік шығындарды қаржыландыру үшін кедерлігерін тигізеді. Сонымен қатар, жемқорлық инвесторға қосымша салық сияқты болып мемлекет экономикасына тікелей инвестициялардың мөлшерін әлде-қайда төмендетеді. Осы себептерге байланысты жалпы экономиканың нәтижелігіне үлкен әсер етеді.

Қазіргі таңда коррупцияны анықтау қиын болғанымен, жемқорлық деңгейін ұғыну индексі арқылы мемлекеттегі жемқорлық деңгейіне белгілі бір мөлшерде баға беруге мүмкін болып отыр. Жемқорлық деңгейін ұғыну индексі (Индекс восприятия коррупции, ағыл. The Corruption Perceptions Index) — Transparency International ұйымымен 1996 жылдан бері мемлекеттік сектордағы жемқорлық деңгейін жыл сайын есептейтін индекс.

Бұл индексті жемқорлық фактісімен ұсталған мемлекеттік қызметшілердің саны арқылы есептеу жөнді емес. Өйткені, ол тек қана құқық-қорғау органдарының қызметінің сапасын ғана көрсете алады. Сол себепті, бұл индексті есептеуде аналитикалық ұйымдар мен мемлекеттегі эксперттердің ой-пікірлері негізгі болып алынған. Төменде берілген кесте-12 аталмыш рейтингтегі Қазақстанның әлемнің дамыған елдерімен салыстырғандағы орны жайлы мәліметтер келтірілген.

Кесте12–Жемқорлықты ұғыну индексі бойынша әлем елдерінің рейтингі 2016 ж.

№	Жемқорлықты ұғыну индексі
1	Дания 90
2	Жаңа Зеландия 90
3	Финляндия 89
4	Швеция 88
5	Швейцария 86
6	Норвегия 85
7	Сингапур 84
8	Нидерланд 83

9	Канада 82
10	Германия 81
131	Қазақстан 29

Ескерту - Кестені әлем елдерінің рейтингі негізінде автор құрастырды.

Бұл рейтингті есептеген кезде 100 баллдық шкала қолданылған. Баллдар жоғарылаған сайын мемлекеттік сектордағы жемқорлық деңгейін ұғыну жоғары деңгейде болып, ал жалпы жемқорлық деңгейінің төмендігін көрсетеді. Яғни, жемқорлықтың экономика үшін зиянды жақтарын басқарушы органдардың ұғыну сапасын анықтайды. 12-кестеде берілген рейтингтен көріп отырғанымыздай алғашқы орындарды Скандинавия елдері иеленіп отыр. Бұл таң қалдыратын нәрсе емес, өйткені көптеген индекстерде осы түбектің елдері алғашқы орындарға ие. Ал, Қазақстанның жағдай мен орнын саралайтын болсақ, Қазақстан Республикасының 131 орында болуы жақсы емес. Дегенмен, бұл рейтинг жемқорлық мәселесін шешуде және басқарушы органдардың жемқорлық мәселесін ұғынуда Қазақстанның жалпы жағдайын көрсетуде. Оны біз Қазақстанның жинаған баллдарынан көре аламыз. Бірінші орындағы Дания мен Қазақстанның баллдарын айтатын болсақ, Данияда 91, ал Қазақстанда 28 балл болып, екі ел арасындағы айырма 63 баллға тең. Бұл деректер негізінде, логистикалық қызметпен туындайтын проблемалармен қатар, жемқорлық деңгейінің жоғары деңгейде болуы Қазақстан Үкіметі үшін негізгі мәселелердің бірі. Сонымен қатар, мемлекет экономикасының дамуының негізгі тежеушісі болып табылады [5].

Жалпы, жемқорлықты жойып жіберу немесе аталмыш мәселенің кейбір дамыған елдерде жоқ деу орынсыз. Себебі, бұл мәселені толығымен құтылу мүмкін емес. Оны біз жоғырады 12-кестеде келтірілген мәліметтер негізінде көріп отырмыз. Байқағанымыздай 100 баллды ешбір мемлекет жинаған жоқ және бұл әлем елдерінің барлық елдерінде белгілі бір деңгейде жемқорлық мәселесі бар екендігін көрсетіп отыр. Сондықтан, қазіргі таңда тек жемқорлықпен байланысты қылмыстарды дер кезінде ашып отыру сапасын ғана арттыруға болады. Ал, бұл арада әлем елдері арасында тәжірибе аламасумен қатар, Қазақстан Үкіметінің осы мәселені ұғынуы негізгі болып табылады.

Қазақстан Республикасы алдында инновациялық үрдістерді басқаруда туындауы мүмкін кедергілер жайлы сұрақты қорыта отырып, инновацияларды енгізу мен технологияларды игеруде ең басты орынды ғылыми зерттеулер, ғылыми статьялар мен зерттеу орталықтары алады. Басты мәселенің бірі осы болып табылады. Сонымен қатар, жоғарыда айтып кеткеніміздей, логистика мен жемқорлық мәселелері, ғылым сияқты инновацияларды игеруде негізгі қиындықтардың бірі болып табылады. Сондықтан да, бөлімнің басында айрықша аталған мәселелердің ішінен шұғыл түрде шешімді қажет ететін негізгілерін бөліп көрсететін болсақ, олар: логистикамен туындауы мүмкін проблемалар, жемқорлық және ғылыми-техникалық базаның жеткілікті деңгейде болмауы.

Аталған үш негізгі факторлар Қазақстанда инновацияларды игеруге және жаңа технологияларға сүйеніп дамуға ықпал етеді. Сол себепті, осы берілген факторлар қазіргі таңда Қазақстан үшін инновациялық технологияларды дамыту, енгізу мен ғылыми зерттеулерді жүзеге асырып, зерттеу нәтижелерінде пайда болған жаңа технология немесе ұйымдастыру түрін өндіріс процессіне енгізуде өз кедергілерін тигізіп отыр [6,2016].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Инновационные стратегии предприятия: альтернативные направления формирования // КазЭУ Хабаршысы. – Алматы, 2016. – № 6. – С. 65-68.
2. Сулейменов Е. Научное обеспечение диверсификации экономики Казахстана // Диверсификация экономики Казахстана: проблемы и перспективы. Материалы междунар. конф., Г. Смаилова. – Алматы: ИМЭП, 2015. – С.28–34.
3. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. // Ресейлік нанотехнологиялар. – Алматы, 2014. – 44-46 б.
4. «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-ІІІ ЗРК Кодексі.
5. Жемқорлықты ұғыну индексі бойынша әлем елдерінің рейтингі. – Электрондық ресурс. - // <http://gtmarket.ru/ratings/corruption-perceptions-index/info/>
6. Сәбден О. Қазақстан экономикасының инновациялық дамуындағы негізгі проблемалар. – Алматы: Экономика, 2011ж.– 2016.

Байтаева Г.Р., Танирберген Т.Х.

Государственные проблемы в управлении инноваций.

В рамках индустриально - инновационной программы реализуются возможности государства, формируются инновационная политика. В данной статье рассматриваются проблемы государственного управления инновациями.

Ключевые слова: государственное управления, логистика, инновация, сырье, инфраструктура, индекс восприятия коррупции, экономика, коррупция.

G.R. Baytaeva, T.H. Tanirbergen

State problems in the governance of innovation.

Within the framework of the industrial-innovative program, the state's capabilities are realized, innovative policies are being formed. This article examines the problems of state management of innovation.

Key words: public administration, logistics, innovation, raw materials, infrastructure, the corruption perceptions index, economy, corruption.

ӘОЖ 338.483 (574)

**ТУРИЗМДЕГІ АНИМАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ
МЕН МАҢЫЗЫ**

Беркінбаева Е.Е.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
mirai2007@mail.ru*

Осы мақалада туризмдегі анимациялық бағдарламалардың типологиясы қарастырылып, анимациялық бағдарламаларды ұйымдастыру мәселелері анықталды, анимациялық бағдарламаларды қабылдау факторлары анықталды.

Кілттік сөздер: анимация, туристік анимация, қонақ үй, мейрамхана, ірі теплоход.

Соңғы уақытта турфирмалар мен спорттық-сауықтыру мекемелері қонақ үйдегі көңіл көтеру сияқты қосымша қызмет түріне көп көңіл бөле бастады. Қазір көңіл көтеру

бағдарламалары анимация деген ресми атау алды. Бұл сөз туристік нарықта біршама қарқынмен ене бастады. Жиі, аниматор сөзін естігенде бірден ұйымдастырушы- бастаушы ретінде қабылдайды. Бірақ, қазіргі заманғы анимация мағынасы біршама ауқымды.

«Анимация» ұғымы латын тілінен шыққан (anima деген сөзінен - жел, ауа, жан; animatus - жандану) және жігерлік, ынталандыру, белсенділікке тіршілік күштер, тарту деген мағына білдіреді.

Анимация - бұл қызмет көрсету сапасын жоғарылату мақсатын қуатын өзіндік қызмет, және сонымен бірге - бұл жарнаманың өзіндік формасы, пайдалылықты жоғарылату және туристік кәсіпкерліктің пайдалылығы үшін қонақтарды және олардың таныстарын қайта тарту формасы. Ол туристік өнімнің нарықта алға басуын көздейді [1].

Анимация - бұл туристік кәсіпорында (туркомплекс, мейманхана, круиз теплоходы, пойыз және тағы басқалар) іске асатын туристік қызметтің бір түрі.

Туристік анимация - бұл туристің белсенді әрекетке түсуін қатыстыратын туристік қызмет. Туристік анимация туриспен (аниматор) тураниматордың дербес адамгершілік байланыстарына, адамгершілік жақындықтарына, көңіл көтерулердегі аниматор және туристің бірлескен қатысуына негізделеді.

Туристік анимация - (қонақ үй, мейрамхана ірі теплоход және тағы басқаларда) туристік кәсіпорындағы жиынтық қызметтің ең маңызды бөлігі. Бұл тек қана ермек емес, туристік қызметтің мамандылығының биік дәрежесінің өрнегі, туристік өнімнің ең маңызды құрамды бөлігі. Сондықтан, туристік кәсіпорындағы кез келген басқа қызметер сияқты анимация жоспарланатын, айқын регламент белгіленетін және ұйымдастырулы басқарылатын қызмет болуы керек. Ол заттық, қаржы және кадрлық қорлармен қамтамасыз етілген болуы тиіс.

Туристік анимацияның негізгі мақсаты демалыста туристің қанағаттануы, күштерін қалпына келтіру. Туристік анимацияның ең маңызды рекреациялық функциялары осы болып табылады.

Демек, туристік анимацияның мәні сапаның жоғарылауында, әртүрлілік пен туристік өнімнің тартымдылығы, сұраныстың үлкею, жүктеменің жоғарылауы, оның қолдануының тиімділігін жоғарылату және де туристік қызметтің тиімділігінің жоғарылауы мен тұрақты клиенттердің санының үлкеюі. Туристің демалыстағы қажеттілігін тудыратын демалыспен, саяхатымен қанағаттануы және оның сұранысының өсуі оған қонақ үйлік қызмет көрсеткенде туады. Яғни материалдық - техникалық базада, мәдени-тарихи орындарда, рекреациялық инфраструктурада және қызмет көрсетуші персонал жұмысын атқарғанда көрінеді.

Мәдени - тарихи комплекс - бұл туристік іс- әрекетте және анимациялық бағдарламада белсенді қолданылатын материалды және материалды емес мәдени және тарихи байлықтардың байланысы.

Көне заманнан бастап керуен сарайларда, жолай тамақтандыратын орындарға қонақтарды тарту үшін барлық мүмкін болар көңіл көтеру шаралары мен спорттық жарыстарды да қолданатын болған. Қазіргі кезде олар анимациялық бағдарламалар деп аталып, туристік индустрияның қосымша саласы ретінде қолданылуда.

Туризмдегі анимация бос уақытты өткізу үшін арнайы бағдарлама құрастыру болып табылады. Анимациялық бағдарламалар спорттық ойындар мен жарыстар, би кештері, карнавалдар, хобби, рухани қызығушылықтан тұрады. Бұл туризм саласындағы «жан баурау» үшін жасалған туристік бағдарлама және сол арқылы клиенттер тарту әдісі.

Туристік терминологиялық сөздікте анимацияға мынадай анықтама берілген: «көңіл көтеруді және спорттық ойындарды ұйымдастыру, бос уақытты өткізу үшін арнайы бағдарламалар құрастырудағы туropolейтинг комплексі.

Анимациялық бағдарлама мағынасында бір мақсатқа біріккен туристік, денешынықтыру- сауықтырушылық, мәдени - шаралық, танымдық және көрермендік іс - әрекет өткізу жоспары жатыр. Мысалы, бір күндік анимациялық бағдарлама құрастырсақ ол бірнеше анимациялық шаралардан тұрады. Олар: спорттық жарыстар, кешті сауықтыру бағдарламасы, жағажайдағы ойындар және т.б. болуы мүмкін. Анимациялық бағдарламалар туристің қонақ үйде болған барлық уақытында оған барлық тілектерінің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Қонақ үй аниматорының ең жоғарғы өнері саяхаттын күтпеген тілегін орындау болып табылады. Осылай, анимациялық бағдарламалар аниматорлармен қонақтардың көңілін көтеру үшін құрастырылады.

Бірақ бір қызықтысы, бір бағдарлама қонақтарға әртүрлі әсер етеді. Мысалы, біреулеріне оң әсер туғызса, екіншілеріне теріс әсер береді. Ұсынылған анимациялық бағдарламаларды қабылдау үдерісі бірнеше факторлардан тұрады. Олар: қатысушылар мен көрермендер жасы, білімділігінің деңгейі, жынысы, этникалық жабдығы, бағдарламаны жүзеге асыру кезіндегі көңіл-күйі (сурет 1).



Сурет 1 - Анимациялық бағдарламаларды қабылдауға әсер ететін факторлар
Ескерту – зерттеу материалдары негізінде автормен жасалған.

1-суретте көрсетілген факторларды ескере отырып, тұтынушылардың қызметін алдын - ала анықтап алған жөн, әртүрлі қажеттілікті қанағаттандыру үшін, қорда әртүрлі іс-шаралар мен бағдарламалар сақтаған дұрыс. Сонымен қатар, туристік кәсіпорындағы анимациялық қызметтердің материалды-техникалық базасын күшейткен жөн.

"Анимация", "қонақ үй анимациясы", "туристік анимация" ұғымдарының әртүрлігі анимациялық іс - әрекеттің көп түрлілігіне байланысты. Бұл көптүрлілік туристік маршрут құрастырғанда, қонақ үй бизнесінде де, жалпы қалада да, ұйымдар да, кәсіпорындар мен клубтар да көрінеді. Сондықтан, қалалық және муниципалдық, клубтық және парктік, мектептік және ұйымдық анимацияларды - балалар, жасөспірімдер, студенттік, пенсионерлер үшін, отбасылар үшін деп те айтуға болады [2].

Ал, бізде көп кездесетіндері: туристік, рекреациялық және қонақ үйлік анимация, осылардың мағынасын анықтасақ (сурет 2).



Сурет 2. Туранимация типологиясы

Ескерту – зерттеу материалдары негізінде автормен жасалған.

2-суреттен көріп тұрғанымыздай, рекреациялық анимация – бос уақыт қызметінің рухани және адамның дене күштерін қалпына келтіру бағытталған түрі. Рекреациялық мақсатпен іске асатын бос уақыт бағдарламалары кәсіпорындарымен де, туристері бар туристік кәсіпорындар және қонақтармен де, тұрғындармен де жүргізе алады. Бұл рекреациялық анимациямен тығыз байланысқан.

Туристік анимация – бұл туристік кәсіпорында (туркомплекс, қонақ үй), көлік құралдарда (круиз теплоходы, пойыз, автобус және тағы басқалар) немесе туристің келген орнында (қалалық ауданда, театр немесе қаланың бағында және т.б.) іске асатын, туристерді қатысуға тартатын арнайы дайындалатын туристік іс-әрекет түрлері. Басқаша айтқанда, туристік анимация - туристерді белсенді әрекетке түсіретін туристік қызмет [3].

Туристік анимация бағдарламаларын әзірлеуде бағдарламаның өте қызық өтуіне мүмкіндік беретін көп ерекшеліктерді есепке алу қажет.

- туристердің ұлты;
- жасы (бала, жастар, орта жас, үшінші жас шамасы);
- жынысы (әйел, ер адам, бірлескен);
- құрамы(жеке, топтық, массалық);
- туристердің қатысу белсенділігі(белсенді, белсенді емес)

Жүйелік амал тұрғысынан туристік анимация – бұл арнайы айрықша тілдесудегі, қозғалыстағы, мәдениеттегі, шығармашылықтағы, уақытты жағымды өткізудегі, көңіл көтерудегі туристік қажеттіліктерді қанағаттандыру.

Бұл қажеттіліктер алуан түрлі болады, себебі адамдар демалыс түсінігін әртүрлі мағынада ұғынады: біреулеріне демалыс саяхат болса, басқаларына бұл кітап оқу, орманда серуендеу, балық аулау және т.б. Саяхаттың сұранысы мен мотивациясына байланысты туристік қызмет көрсету тәжірибесінде туристтердің (демалушылардың) әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыратын келесідей анимация түрлері қалыптасады:

- қозғалыстағы анимация – заманауи адамның рахаттылық пен жағымды әсерлерімен үйлесетін қозғалыстағы қажеттіліктерін қанағаттандырады;
- уайымдау арқылы анимация – тілдесуде, ашылуларда, сонымен қатар қиындықтардан өту кезінде жаңаны, белгісізді сезіну қажеттіліктерін қанағаттандырады;
- тілдесу арқылы анимация – жаңа, қызықты адамдармен тілдесуде, адамдардың ішкі дүниесін ашуда және тілдесу арқылы өзін тануда қажеттіліктерін қанағаттандырады;

- тыныштану арқылы анимация – адамның күнделікті шаршаудан психологиялық жеңілдену қажеттілігін тыныштану, жеке қалу, табиғатпен байланыс арқылы қанағаттандырады;

- мәдени анимация – адамдардың жеке тұлға рухани дамуындағы қажеттілігін мәдени-тарихи ескерткіштермен және мемлекет, аймақ, халық, ұлт мәдениетінің заманауи нұсқасымен байланыстыру арқылы қанағаттандырады;

- шығармашылық анимация – адамның шығармашылықта, өзінің таңдай білу қабілетін көрсетуде және рухани жақын адамдармен біріккен шығармашылық арқылы байланыс орнатуда қажеттіліктерін қанағаттандырады [4].

Анимациялық бағдарламалар көбінесе кешенді сипаттамаға ие, ал аталған анимация түрлері сол бағдарламалардың құрамды элементтері болып табылады.

Анимациялық бағдарламаларға таза көңіл көтеру шараларымен бірге әртүрлі спорттық ойындар, жаттығулар және жарыстар кіреді. Мұндай үйлесімділік бағдарламаларды әлде қайда мазмұнды, қызығырақ және денсаулықты нығайту, қалпына келтіруде пайдалы етеді, сондықтан туристік анимация мен спорт арақатынасында көбінесе ең үлкен қалпына келтіру-сайықтыру эффектісіне жетеді.

Сонымен қатар, анимациялық бағдарламалар маңыздылығы, артықшылығы және саяхаттың жалпы бағдарламасындағы (турөнімде) анимациялық бағдарламалар көлемі бойынша 3 негізгі түрге бөлінеді:

1- түрі. Анимациялық туристік маршруттар - бір анимациялық бағдарлама үшін мақсатты туристік жорық немесе саяхат формасындағы бір анимациялық қызметтен екіншісіне көшетін әртүрлі географиялық нүктеде өтетін үзіліссіз анимациялық процесстер.

2-түрі. Қосымша анимациялық қызметтер - негізгі туристік қызметке қолдау ретінде турпакетте айтылатын, технологиялық үзілістерде, жолдағы кешігулерде, ауа-райының бұзылуы кезінде қолданылатын анимациялық бағдарламалар.

3-түрі. Қонақ үйлік анимация - тураниматор мен туристің жеке адамгершілік жақындығына, дербес адамгершілік байланысуына негіздерген кешенді рекреациялық мейманханалық қызмет.

Бағдарламалық анимациялық әсер адамға демалысы кезінде оның денсаулығын сақтау мен қалпына келтіруіне әрқалай мүмкіндік туғызады: соматикалық, физикалық, психикалық, өнегелі.

Денсаулықтың бұл құрамдас бөліктері туристік анимация бағдарламасы мен бағытының сәйкес шартты типологиясын анықтайды:

Бірінші тип – спорттық, спорттық-сауықтыру, спорттық-көңіл көтеру бағдарламалар.

Екінші тип – оқиғалы-көңіл көтеру, шытырман оқиғалы-ойын бағдарламалар.

Үшінші тип – танымдық, спорттық-танымдық, мәдени-танымдық, экскурсиялық, үйретуші, әуесқойлық бағдарламалар.

Төртінші тип – біртекті бағдарламалардан құрастырылған кешенді бағдарламалар.

Спорттық анимациялық бағдарламалар спорттың қандай да бір түрімен әуестенетін және демалыспен бірге жаттығулардың белгілі бір жүйесі бойынша спортпен айналысу үшін спорттық-туристік кешенге келуші туристерге арналады [5].

Спорттық-сауықтыру бағдарламалардың спорттықтан айырмашылығы олар туристерге, спорт және белсенді демалысты сүйшілерге есептелген, туркешен олар үшін – таза табиғат пен таза ауа жағдайларында белсенді физикалық ауыртпалықтар арқылы күшін қалпына келтірудегі жалғыз орын және мүмкіндік болып табылады.

Спорттық-көңіл көтеру бағдарламалары кез келген жастағы туристерге бағытталған. Олар туристерді қызықты, тартымды, көңілді сайыстар және залалсыз жарыстар арқылы белсенді қозғалысқа қызықтырумен құрастырылады.

Спорттық–танымдық бағдарламалар туристерді белсенді демалыс (жорық, жаяу экскурсиялар) үрдісінде рухани-өнегелі құндылықтарға қатыстырумен құрастырылады.

Экскурсиялық бағдарламалар экскурсияның алуан түрлерінен құрастырылады, ал үйретуші бағдарламалар туристерге әр түрлі икемділік пен дағды алуға (жүзуде және өзге де спорттық жаттығулар мен өнердің алуан түрлерінде) көмектеседі.

Туркешеннің мәдени – танымдық анимациялық бағдарламалары туристерді ұлттың, мемлекеттің, жергілікті халықтың мәдени-тарихи және рухани құндылықтарына қатыстырумен құрастырылады және оларға: мұражайларға, театрларға, кинотеатрларға, көркемөнер галереяларына, саябақтар, көрмелер, ұлттық фольклорлық шараларға, концерттерге, поэзия кештеріне бару, мәдениет қайраткерлерімен кездесу кіреді. Бұл бағдарламалардың кейбіреуі туристердің төлейалушылығына, интеллектуалды дамуының деңгейіне байланысты.

Шытырман оқиғалы ойын анимациялық бағдарламалары туристің қызықты, толқытатын, ерекше нәрселермен (мысалы, рольды ойындар мен сайыстарға, үнгірлерге баруға, пираттардың шабуылы, халық хикаялары мен аңыздары кештеріне, таушаңғы курорттарында түнгі түсулерге, тақырыптық серуендерге қатысу) жақын болуымен құрастырылады. Бұл бағдарламалар демалушылардың жасына, жынысына, ұлтына, біліміне тәуелсіз сұранысқа ие.

Әуесқойлық анимациялық бағдарламалар туристерді шығармашылыққа, жергілікті ұсақ-түйектерді жасау сайыстарына тартумен құрастырылады, бұл олардың жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктеріне қызығушылығын тудырады. Мұндай бағдарламаға қатысқаннан кейін қонақ жергілікті ұлттық тілде сөйлесе алатындығына, ұлттық музыкалық аспаптармен, билермен, асханасымен, т.б. танысқандығына көзі жетеді. Бағдарламаларды өткізу формалары әр түрлі болуы мүмкін: табиғи жабдықтардан жасалған ұсақ-түйек аукциондары, әуесқойлық фотосуреттер, авторлық өлеңдер мен әндер фестивалі, вокалдық және аспаптық орындаушылар концерті, балалар суреттері мен құмды мүсіндер көрмесі.

Оқиғалы-көңіл көтеру анимациялық бағдарламаларына кіреді: мерекелік шаралар, сайыстар, фестивальдар, карнавалдар, тақырыптық күндер, жәрменкелер, дискотека, би кештері, көркемөнерпаздық концерттері, т.б.

“Қызығушылықпен тілдесу” түріндегі анимациялық бағдарламалар шынында, айтылған бағдарламалардың қисындасуы болып табылады, алайда мұнда қызығушылықтарға, ниеттерге, темпераменттерге, ұлттарға, т.б. сәйкес қарым-қатынасқа тартатын еркін, жабысқақ емес, жайлы жағдайға көп көңіл бөлу керек. Ол үшін қарым-қатынас катализаторы – жаққсы аниматор қажет. Бұл бағдарламаларды өндіруде келесідей мақсаттар қойылады:

- өзін көрсету қажеттілігін қанағаттандыру;
- өз икемділігін дамытуда туристерді (қонақтар, демалушылар) мадақтау;
- көңіл көтеру мен дағдыларды жасампаз қалыпқа бағыттау;
- күнделікті мәселелер мен стресстерден босату;
- имиджді өзгерту мен кернеуді босансыту;
- мәдениет саласында қосымша білім алу.

Әр түрлі ұлттар, жастар, ауқаттылық және мүмкіншіліктер (физикалық, интеллектуалдық, т.б.) қонақтарының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін анимация бағдарламалары маусым бойы құрамы, қарқындылығы, өткізу уақыты және басқа да параметрлері бойынша өзгеріп тұруы қажет.

Қорытындылай келсек, анимациялық бағдарламалардың қонақ үй қызметінде маңызы өте зор. Әрбір қонақ үйде ұсынылған анимациялық бағдарламалар қонақтың демалысын қалағанындай өткізуіне мүмкіндік береді. Себебі, анимациялық бағдарламалар қонақтардың жасын, ұлтын, жынысын, ерекше қалауын ескере отырып құрастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Алиева Ж.Н. Туризмология негіздері. – Алматы, 2012. – б.165-166
2. Булыгина И. И.. Значение курса анимации в подготовке менеджеров туризма. – М., 2011.- 156-159 с.
3. Гольцов Г.Г. Проектирование социально-культурной деятельности. – Орел, 2008. – 68 с.
4. Грушин Б. Творческий потенциал свободного времени. – М.: Профиздат, 2012. – 57 с.
5. Культурно-досуговая деятельность / Под ред. А.Д.Жданова, В.М.Чижикова. – М., 2009. – 188 с.
6. Чудновский А.Д. «Гостиничный и туристический бизнес», – М, 2011. – 23с.

Беркинбаева Е.Е.

Типология и необходимость анимационной деятельности в туризме

В данной статье рассмотрена типология анимационных программ в туризме, выявлены проблемы организации анимационных программ, раскрыты факторы восприятия анимационных программ.

Ключевые слова: *изумление, туристическая анимация, гостиница, ресторан, большой корабль.*

E.E. Berkinbaeva

Typology and the necessity of animation activities in tourism

This article describes the typology of animation programs in tourism, the problems of organization of animation programs, explains the elements of perception animation programs.

Key words: *amazement, tourist animation, hotel, restaurant, large ship.*

УДК 338.48

ЗАМАНАУИ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ҮЛГІСІ НЕГІЗІНДЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КИЕЛІ ОРЫНДАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ ФАКТОРЛАРЫ

Биготанов Қ.С., Мусина Т.С., Гусенов Б.Ш.

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
kaisar-bek@mail.ru, musina_76@mail.ru, king_bara@mail.ru*

Мақалада заманауи Ұлы Жібек жолы үлгісі негізінде Алматы облысындағы киелі орындардың инвестициялық тартымдылығын зерттеу факторлары қарастырылған. Елдегі және аймақтағы қасиетті орындардың тартымдылығын талдау және зерттеу қажеттілігінің себептері көрсетілген. Алматы облысының киелі орындарына қатысты қоғамдық пікірді қалыптастыру және насихаттау саласында ғылым және мәдениет өкілдерінің бастамалары айырықша аталған.

Кілттік сөздер: *инвестиция, инвестициялық тартымдылық, киелі орындар, рухани жаңғыру, даму факторлары, даму моделі, Ұлы Жібек жолы, туризм, инфрақұрылым.*

Туризмнің дамуы Қазақстан экономикасы мен оның аймақтарының құрылымдық өзгерісінің басым бағыты болып табылады.

Алайда, туристік ағынды қамтамасыз ету инвестициялық модель талап етілетін бәсекеге қабілетті туристік өнімді жасағанда ғана мүмкін болып табылады. Сонымен қатар, инвесторлар үшін түрткі болатын себеп өздерінің қызметін жүзеге асыратын аймақтардың, сондай-ақ туризм саласының жеткілікті инвестициялық тартымдылығы болып табылады.

Алматы облысының туризм саласының инвестициялық тартымдылығын айқындау процесінде Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында өзекті мәселені көтереді: «Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген» [1], осылайша аймақтағы туризм саласының инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету мәселесін шешу, бір жағынан – бәсекеге қабілетті туристік өнімді қалыптастыру, екінші жағынан – киелі орындарға инвестициялық ресурстарды жеткілікті көлемде тартуда болып тұр. Бұл үшін, біріншіден, аймақтағы туризм саласының инвестициялық тартымдылығын айқындау механизмдерін жасау, екіншіден, алынған мәліметтер нәтижесінде киелі орындарды зерттеудің кешенді аймақтық бағдарламасын әзірлеу барысында туризм саласындағы аймақтық органдармен біріккен іс-шаралар қабылдау, үшіншіден, бағдарлама шеңберінде инвесторларды тартудың сәйкес моделін даярлау қажет.

Облыс аумағында Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан қасиетті Әулие Ағаш мекені, Ешкі Өлмес қыстауы, Бесшатыр қорғаны, «Қойлық» көне қалашығы және т.б. бар.

Алматы облысы Ұлы Жібек жолының бойында орналасқандықтан, ішкі және келу туризмін дамыту үшін қызығарлықтай перспективаларға ие. Туристік орындардың тартымдылығы факторын ескере отырып, заманауи Ұлы Жібек жолы үлгісі негізінде Алматы облысындағы киелі орындардың инвестициялық тартымдылығын зерттеу – аймақ экономикасын зерттеуші ғалымдар үшін өзекті мәселеге айналып отыр.

«Жібек Жолы» (Ұлы «Жібек Жолы») — Қытайдың Ши-ан деген жерінен басталып, Шинжән, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа баратын керуендік жол бағыты. Атауды алманиялық ғалымдары Ф. фон Рихтхофен (F. von Richthofen) бен А. Герман (A. Herman) XIX ғасырда ұсынған [2]. Ұлы Жібек жолы-адамзат өркениеті жасағын тарихи ескерткіштердің бірі. Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан басталған бұл жол Еуропа мен Азияның-Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған көпір болған. Оның Қазақстан жерін кесіп өтетін тұсында VI ғасырдан бастап, екі бағыт: Сырдария және Тянь-Шань жолдары бағыттары дамыған. Бірінші жол Қытайдан басталып, Шығыс Түркістан Қашғар арқылы Жетісуға, содан Сырдарияны жағалап, Арал маңынан әрі қарай Батыс елдеріне өткен.

X—XII ғғ. Жібек жолының бір тармағы күллі Іле алқабын оңтүстік-батыс жағынан көктей өтіп, солтүстік шығысқа қарай кетеді екен. Бұл тармақ Науакенттен басталып, Бунджикен және Қастек асуы арқылы жүріп, Іле Алатауының теріскей жоталарына әкелген. Өлгі асуға тағы бір жол Баласағұннан келетін болған. Бұл арадағы танымал белгі қасиетті Ұрын-Арж тауы екен. Жол Іле Алатауының баурайындағы, кәзіргі Қастек, Қаскелең мен Алматы орындарындағы шағын қалашықтар арқылы Талғар қаласының теріскей шетіне орналасқан Тәлхиз (Тәлхира) қаласына жеткен. Осы арада Талғар өзенінің оң жағалауындағы тау баурайында орта ғасырдың аса ірі қала жұртының ойран болған орны жатыр. Тәлхиз транзитті сауданың үлкен орталығы болған [3].

Іле алқабына басқа жолмен де келе береді екен: Құлан мен Аспарадан немесе Нұзкенттен шығып, Шудың орта және төменгі ағысындағы қалаларға барған. Сосын

Тасөткел қайраңынан өтіп, жол Шу-Іле тауларының теріскей жоталарын жағалап келіп, Іле Алатауының теріскей бетіндегі қалаларды қуалай жүрген.

Тәлхизден Жібек жолы екіге айрылады: оңтүстік желісі Есік пен Түрген, Шелек үстімен жүріп, Іленің Борохудзир маңындағы өткелінен өтіп, оның оң жағалауын қуалап, Хорғос арқылы Алмалыққа жетеді де, осындағы Ыссық көл жақтан келген жол тармағымен қосылады. Жолдың осы бөлігінен археологтар Есік, Түрген, Лауар сияқты кішкене қалалардың, үлкен қала Шелектік төбешіктеніп қалған орындарын тапты, Іленің оң жағымен жол қазіргі заман қыстағы Көктал мен Жаркент арқылы өтеді. Көктал маңында Ілебалық қаласының орны бар.

Тәлхизден басталатын теріскей жолы Талғар өзенін қуалай жүріп, Іленің Қапшағай шатқалы маңындағы өткеліне дейін жеткен. Одан әрі жол Шеңгелді үстімен Алтын Емел белесінен асып, Көксу алқабына түседі де, Екіоғыз қаласына жетеді. Ол кәзіргі Дунғановка селосының орнында болған. Вильгельм Рубрук бұл қаланы Эквиус деп атаған. Іле алқабының ең үлкен қала жұртының бірі тап осы жерден табылған. Онда 1253 ж. болған В. Рубрук осынау қалада «сарациндер» (иран көпестері) тұрушы еді-деп жазады.

Жол Екіоғыздан шығып, қарлықтар жабғысының астанасы Қойлыққа барады екен. Бұл шаһардың хан базарларымен аты шыққан. Онда мұсылмандармен бірге, өздерінің шіркеуі бар христиандар да тұрған. Ол жөнінде моңғол ханы Мөңкеге бара жатып, осы қалаға соғып кеткен, Людовик IX - елшісі, монах-сопы В. Рубрук хабарлайды. Қойлық - қарлықтар орталығы болған, IX ғ. - XIII ғ. бас кезінде Іле алқабының солтүстік-шығыс бөлегі қарлықтар қоластына қараған. Қойлық Қаратал өзені алқабында кәзіргі Антонов селосының шет жағында тұрған. Рубруктың жазбаларына қарағанда, Қойлыққа жақын-жуық жерде христиандар селосы болған, Жібек жолы сол арқылы өткен. Содан әрі қарай жол Тентек алқабымен жүріл, Алакөлі айналып өтіп, Жонғар қақпасын басып Шихо алқабына жетеді, сосын Бесбалықты басып, Дунхуанға барады да, Ішкі Қытай жаққа шығандап кетеді екен.

Қазір Жібек жолының тарихын зерттеу, оны жаңғырту, осы жол бойындағы елдердің саяси, экономикалық, мәдени байланыстарын ұлғайту қайта қолға алынып отыр. 1987 жылы ЮНЕСКО-ның бас конференциясының XXIV сессиясы «Ұлы Жібек жолын зерттеудің халықаралық жобасын» қабылдады. Оған Грекия, Португалия, Египет, Италия, Қытай, Индонезия, Моңғолия, Оман, Шри Ланка, бұрынғы Кеңестер Одағы қатысты. «Адамды қоршаған орта, жер мен теңіз қорлары», «Мәдениет және болашақ» атты бағдарламалар бекітілді. Осы бағдарламаларды іске асыруға қатысты 1991 жылы Қазақстанда «Жібек жолы» атты Ұлттық комитет құрылды. Ұлы Жібек жолы көне дәуірде де, қазір де Еуразия халқы үшін мәдени байланыс, саяси, рухани мәселелерді шешуде маңызы үлкен.

Ұлы Жібек жолы мемлекеттер мен мәдениеттердің сауда-экономикалық байланыстары негізінде өзара тоғыстырып, ортағасырлық мәдени алмасуға мүмкіндік берді. Ұлы Жібек жолының тарихи маңыздылығы мен қажеттілігі тарихшы ғалымдардың зерттеу көкжиегінен тыс қалған емес. Заманауи тарихи кезеңдегі біздің мақсатымыз – Ұлы Жібек жолының сауда-экономикалық өзектілігін ғылыми тұрғыда жаңғыртып, оның бойындағы киелі орындардың инвестициялық тартымдылығын зерттеу болып табылады. Ұлттық туризмді болашақта ұлттық табыстың маңызды құраушысы ретінде қалыптастыру үшін Ұлы Жібек жолы үлгісі негізінде Алматы облысындағы киелі орындардың инвестициялық тартымдылығының моделін жасау қажет. Бұл модельде инвестициялық тартымдылықтың барлық факторлары кешенді түрде талданып, мемлекет, ғылыми қоғам және бизнес өкілдері ынтымақтастығымен ғылыми-тәжірибелік зерттеу жүргізілу нәтижесінде шешім қабылданады. Тек сонда ғана Ұлы Жібек жолы бойындағы киелі орындардың табыстылығы және олардан келетін әлеуметтік-экономикалық тиімділіктер

туралы нақты ұсыныстар айтуға болады. Бұл мәселелер ұлттық, сонымен қатар халықаралық маңызы да үлкен, себебі, Ұлы Жібек жолы – оның бойындағы елдердің барлығына ортақ тарихи-мәдени мұра. Ол мұраны жаңғырту – ортақ міндетіміз болып табылады, сондықтан зерттеу барысында жобаның халықаралық маңыздылығы факторын да естен шығармауымыз керек.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы тапсырмаларды орындау мақсатындағы іс-шаралар, зерттеулер басталып та кеткендігі қуанарлық жағдай. Алматы облысында бірнеше экспедиция сапарға шықты. Солардың бірі отандық БАҚ өкілдері мен блогерлерден құрылған топ «Сакральді Қазақстан» экспедициясы аясында екі күндік сапарға шықты. Арнайы топ Қойлық және Сағабүйен көне қалашықтарында, Қапал ауылындағы Тамшыбұлақ қайнарында, ақын Сара музейі мен көне білім ордасы Мамания мектебінде болды [4].

«Киелі жерлер географиясы» арнайы жобасы бойынша қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі өңірлік комиссия құрылды. Музейдің ғылыми кеңес мүшелері және жергілікті өлке тарихын танушылар бірлесе отырып, аудандағы қасиетті жер мен киелі орындар жайлы мәліметтерді кеңінен талқылауда. Аталған орындардың фотосуреттері, олар жайлы ел аузындағы аңыз-әңгімелер топтамасы жинақталып, география, тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарымен тығыз байланысы зерделенуде. Жер-су атауларының шығу тарихы мен пайда болуын, мағынасын, дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, жазылу мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін топонимика ғылымының деректеріне толықтырулар енгізіледі. Сондай-ақ, ел аузындағы аңыздар желісі мен көнекөз қариялардың айтуына сүйеніп, еліміздің киелі жерлері мен қасиетті орындары, ашық аспан астындағы мұражайлар жайлы жаңа тарихи ақпараттар арта түсері кәміл. Жер-су атауларының шығу тарихын зерттеу, зерделеу жұмыстары қолға алынды. Сол нышанның негізінде «Бастау–2017» танымдық экспедиция маршрутының жобасы дайындалып, өз жұмысын бастады.

Соған орай облыста «Жетісудың киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы жүзеге асуда. Кеңес мүшелерінің алғашқы отырысы 2017 жылдың 28 маусымында өткен еді. Енді Жетісудың қасиетті жерлерінің тізімін қалыптастыру мақсатында Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасында екінші рет бас қосты.

Жиынға сараптамалық кеңес мүшелері, облыстық мәдениет басқармасы, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталық, аудандық, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары және жұмыс тобының мүшелері, БАҚ өкілдері қатысты.

Жоба бойынша ұсынылған 57 сакралды нысанынан кеңес мүшелерінің шешімімен «Қазақстанның киелі жерлері» картасына алтауы енетін болады [5].

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көтерілген мәселелердің түйіні еліміздің тамыры терең тарихын ғасырлар қойнауынан аршып, ел-жұрт қастерлеген қасиетті мекендердің, құрметті есімдердің маңызын өскелең ұрпаққа таныстыруға негізделген. Осыған орай Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстық филиалы мен I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті бірлесіп «Рухы бекем, киелі мекен – Жетісу» атты экспедиция ұйымдастырды [6].

Университеттің бас корпусында ұстаздар мен студенттер қауымының сапарға сәттілік тілеген жанашыр сөзінен соң жол таңдамайтын 9 автокөлік жолға шықты. Топырағы құнарлы Кербұлақ, Панфилов, Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарындағы «Найзатапқан» мен «Әулиеағаш», Тамшыбұлақ, Қарауылтөбе, Қойлық т.б. киелі жерлерді аралап, елде айтылатын аңыздарды саралап, арнайы монографиялық кітапқа мәліметтер

жинақтауды мақсат еткен экспедиция мүшелерінің игі шаралары жүгі ауыр міндет, абыройлы іс екендігі айдан анық.

Аталмыш іс-шаралар, біріншіден, ұлттық туризмді насихаттауға, екіншіден, өлкеміздегі киелі орындар мен жерлерді танытуға, үшіншіден олардың туристік нысан ретіндегі инвестициялық-әлеуеттік мүмкіндігін анықтауға жол ашады.

Алматы қаласы және облысында еліміздегі туристік пилоттық кластер жобасы жүзеге асып жатқандығы белгілі, сол себепті мемлекеттік қолдау шаралары және бағдарламаларын да зерттеу барысында назарда ұстаған жөн.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 мамырдағы № 508 қаулысымен бекітіліп, енгізілген Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы бойынша туризмді Қазақстан Республикасындағы дамудың ұлттық басымдықтарының бірі ретінде қарастыру үшін бес негізгі экономикалық және әлеуметтік мүдделер бар:

1) туризм саласында, оның ішінде дәстүрлі ауылдық өмір салтынан қол үзбей, ауылдық және шалғайдағы аудандар халқы мен жастарды 230 мыңнан астам жұмыс орнымен қамтамасыз ету мүмкіндігі;

2) отбасылар, шағын және орта кәсіпорындар үшін бизнес мүмкіндіктер жасай отырып, халықтың қалың санаты арасында кәсіпкерлік қызметтің мәдениетін дамытуға жәрдемдесу;

3) Қазақстан Республикасының өңірлері мен ауылдық аудандарын дамытуға үлес қосу, оның ішінде шалғай аудандардағы инженерлік-көліктік инфрақұрылымды, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің инфрақұрылымын дамыту;

4) ауыл шаруашылығын, машина жасауды, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, өндірістік емес секторды қоса алғанда, экономиканың басқа да секторларында ынтымақтастыққа жәрдемдесу және мүмкіндіктер жасау;

5) ұлттық және мемлекетаралық өзара түсіністікті ілгерлетуге ықпал ететін жағымды және өнімді мәдениетаралық қатынастар құруға жәрдемдесу.

Қазақстан Республикасында туризм индустриясын дамытудың стратегиялық пайымдауы – бұл 2020 жылға қарай Қазақстанды жаһандық танымал туристік дестинация ретінде бекіту.

2020 жылға дейін Қазақстан Республикасында туризм индустриясын дамытудың негізі мақсаттары:

1) қажетті инновациялық, энергия тиімді инфрақұрылым құру;

2) жаңа туристік «тәжірибелердің» жүйесін жасау және жергілікті және шетелдік туристерге арналған халықаралық бәсекеге қабілетті өнімдер мен қызметтер әзірлеу;

3) экологиялық туризмді және экологиялық ағартуды, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда дамыту;

4) туризм саласын басқару мен реттеудің кәсіби жүйесін жасау;

5) Қазақстанға және ел ішінде қолжетімділікті ұсыну болып табылады.

2020 жылға дейін Қазақстан Республикасындағы туризм индустриясын дамытудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) мемлекет экономикасына туристік саланың үлесін арттыру;

2) Қазақстан Республикасында туризм индустриясы өсуінің едәуір әлеуетін ескере отырып, экономикалық өсу мен инвестицияларды ынталандыру;

3) туризм индустриясы мен экономиканың ілеспе салаларында жұмыс орындарын құру;

4) кәсіпкерлікті, оның ішінде экономиканың аралас салаларында ШОБ-ты және ауылдық аудандарды қоса алғанда, жалпы ел және өңірлер бойынша адами әлеуетті дамыту.

Туризм саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру және саланы дамыту жағдайын қамтамасыз ету үшін экономиканың басым секторларының бірі ретінде қазақстандық туризмді әлемдік туристік нарыққа ықпалдастыру үшін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешендерін құру қажет [7].

Алматы облысының киелі орындарының инвестициялық тартымдылығының моделін жасау аймақтың қолайлы инвестициялық ахуалын қалыптастыру бойынша ұзақ мерзімдік мақсат, міндеттерді, басымдықтарды анықтау қажеттілігімен шартталынған.

Алайда, мемлекеттің немесе оның аймағының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін бірнеше факторларды дамыту қажет. Елдің инвестициялық факторларына өндірістің дамуы, технологияның даму деңгейі, өмір сүру деңгейі және т.б. барлығы жинақталғанда елдің немесе аймақтың инвестициялық тартымдылығының толық бейнесін жасайды. Осы факторлар жағдайына және олардың даму деңгейіне кез-келген елдің экономикасы тікелей тәуелді. Қазіргі таңда бұл мәселелерге үлкен көңіл бөлініп жатқанымен, елдің даму деңгейін көрсететін көрсеткіштерді жақсарту ұзақмерзімдік және өте күрделі міндет болып табылады.

Инвестициялық тартымдылыққа тікелей ықпал ететін келесі факторларды атауға болады:

1. Тәуекел факторы;
2. Экономикалық өсім деңгейі;
3. Саяси тұрақтылық;
4. Нарық көлемі;
5. Шетелдік инвесторларға тәуелділік деңгейі;
6. Сыртқы қарыз көлемі;
7. Валютаның еркін айналымы;
8. Валюта тұрақтылығы;
9. Ішкі қор-жинақ деңгейі;
10. Инфрақұрылымның даму деңгейі.

Елдің немесе аймақтың, әсіресе олардың киелі орындарының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін бұл факторлардың әрқайсысы кешенді түрде талдауды және зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар, киелі орындардың ерекшелігі және туристік тартымдылығы факторларын да назарда ұстаған жөн. Осы факторлардың дамуы өз кезегінде елдің туристік саласының дамуына қуатты серпін беретіні анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12 сәуір 2017 http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
3. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
4. Жетісуда «Сакральді Қазақстан» экспедициясы жолға шықты 2017 жылғы 16 қазан. http://www.inform.kz/kz/zhetisuda-sakral-di-kazakstan-ekspediciyasy-zholga-shykyt_a3075185
5. Мұхтар Күмісбек Жетісудың киелі жерлері. 07.08.2017 <http://zhetysu-gazeti.kz/news/cat-11/1157/>.

6. Мәди Алжанбай. Рухы бекем, киелі мекен – Жетісу. 19 - қазан, 2017 ж. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=45286>

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 мамырдағы № 508 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы.

Биготанов К.С., Мусина Т.С., Гусенов Б.Ш.

Факторы инвестиционных результатов алматической области на основе современного шелкового пути

В статье рассмотрены факторы исследования инвестиционной привлекательности сакральных мест Алматинской области на основе современной модели Великой Шелковой пути. В том числе выявлены причины необходимости анализа и исследования инвестиционной привлекательности сакральных мест страны и региона. Особо отмечены инициативы местных представителей науки и культуры в сфере формирования общественного мнения и пропаганды по отношению сакральных мест Алматинской области.

Ключевые слова: инвестиция, инвестиционная привлекательность, сакральные места, духовная модернизация, факторы развития, модель развития, Великий Шелковый путь, туризм, инфраструктура.

K.S. Bigotanov, T.S. Musina, B.Sh. Gusenov

The factors of the investment results of almaty oblast based on the basis of the modern silk way

The article considers the factors of investment attractiveness research of the sacred places of Almaty region on the basis of the modern model of the great Silk road. Including the reasons for the need of analysis and research of investment attractiveness of the sacred places of the country and the region. Highlighted initiatives of local representatives of science and culture in the sphere of public opinion formation and propaganda against the sacred places of the Almaty region.

Key words: investment, investment attractiveness, sacred places, spiritual modernization, factors of development, development model, the Great Silk road, tourism, infrastructure.

ӘОЖ 330.342

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Сейдахметова А.А., Сейдахметов А.А.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Мақалада елдің экономикасының негізі – шағын және орта кәсіпкерлік екені қарастырылған. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы салалық және өңірлік монополизмді жоюға, рынокта тауарлар мен қызметтерді көбейтуге, жаңа жұмыс орындар ашуға, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін пайдалануға, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктер бар екені талқылады.

Кілттік сөздер: *шағын және орта бизнес, монополизм, сала, өңір, экономика, технология, ғылыми-техникалық прогрес.*

Кез келген елдің экономикасының негізі – шағын және орта кәсіпкерлік. Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, шағын және орта кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамыту елдің экономикасын көтеруде маңызды орынға ие. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы салалық және өңірлік монополизмді жоюға, рынокта тауарлар мен қызметтерді көбейтуге, жаңа жұмыс орындар ашуға, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін пайдалануға, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктер бар. Бұл туралы Президентіміз Н.Назарбаев «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы жолдауында: «Экономиканың жоғары технологиялық жаңа салаларын құру ғылымды қаржыландыруды ішкі жалпы өнімнің 3 пайызынан кем емес деңгейге дейін арттыруды талап етеді. Ішкі жалпы өнімнің энергия тұтыну ауқымын 2 есе азайту маңызды. Шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің қазіргі 20 пайызы орнына кемінде 50 пайызын өндіретін болады. Еңбек өнімділігін 5 есеге – қазіргі 24,5 мыңнан 126 мың долларға дейін арттыру керек. Әлеуметтік саланы дамытудың 2050 жылға дейін басты бағдарлары нақты индикативті цифрларда көрсетілген. Біз ішкі жалпы өнім көлемін жан басына шаққанда 4,5 есе – 13 мың доллардан 60 мың долларға дейін арттыруымыз керек. Қазақстан халық құрылымында орта тап үлесі басым елге айналады. Урбанизацияның жаһандық үрдісіне орай қалалық тұрғындар үлесі барлық халықтың қазіргі 55 пайызынан 70 пайыздай деңгейге дейін өседі. Қазақстанның қалалары мен елді мекендерін сапалы жолдар мен көліктің барлық түрінің жүрдек бағыттары байланыстырады» – дейді. Алдымен экономика, сосын саясат формуласын ұстанатын президентіміздің шағын және орта кәсіпкерлікке деген ынта-ықыласын бүкіл халық қолдауда.

Президентіміз шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды жүзеге асыру арқылы мемлекеттің одан әрі экономикалық және саяси дамуын айқындайтынын жақсы түсінеді және біледі. Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсан айындағы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында да атап өтілгендей, шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің жүйелі іс-қимылдары баяндала отырып, кәсіпкерлік ортаны одан әрі нығайтуға айрықша көңіл бөлінген. Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуының бірден-бір шешу жолы болып оларды қаржылық ресурстармен, яғни несиелен қамтамасыз ету болып табылса, оларды несиелетін екінші деңгейдегі коммерциялық банктердің жағдайына да тоқталып өтеді.

Мемлекет бүгінде кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің нарық экономикасының толыққанды қатысушысы ретінде өз қызметтерін жүзеге асырылуына қажетті жағдайды қамтамасыз етіп отыр. Міне, аз жылда республикамыз бойынша шағын және орта кәсіпорындармен жұмыс істеуді көздейтін жалпыұлттық институттар құрылып үлгерді. Сонымен қатар, «Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қоры» құрылып, табысты да талапты жұмыс жүргізуде. Кәсіпкерлікті қолдау үшін бір емес, бес бірдей бағдарлама жасалып, кәсіпкерлерімізге мемлекет тарапынан үлкен басымдықтар берілген. Кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және бизнестің билікпен арадағы іс-қимылдарының жаңа моделін құруға бағытталған «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Кәсіпкерлердің белсенділігін ынталандыруды көздейтін айтарлықтай салықтық жеңілдіктер заңдық деңгейде қарастырылды. Оның сыртында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және салық салуды жақсарту жөнінен үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Мәселен, осылайша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, шағын және орта бизнесті жеделдете дамыту шаралары жөнінде бағдарламалар әзірленіп, салық заңына түзетулер енгізілуде. Дәл осы процеспен кете берсек, аз жылда-ақ

Қазақстан әлемдегі кәсіпкерлік жасауға ең қолайлы мемлекеттердің қатарынан табылады. Әрине, бұл жұмыстардың басында тек бір ғана адам тұр: ол – президентіміз Н.Назарбаев.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды одан әрі ынталандыру үшін мемлекетіміз алдағы уақытта да көптеген жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырмақшы. Жоспарланған түрде, шағын және орта кәсіпкерліктің ІЖӨ құрылымындағы үлесінің айтарлықтай артуына қол жеткізіп, сол арқылы мемлекеттің экономикалық және саяси тұрақтылығының берік іргетасы – орта тапты нығайту қажеттілігі күн санап артуда және бұл жолда президентіміз көптеген мәселелерді шешуде. Жалпы, алдағы уақытта Еуразиялық интеграцияда, сонымен қатар ДСҰ-да Қазақстан шағын және орта бизнес арқылы бәсекеге төтеп беріп, ел экономикасын шарықтата алуы тиіс. Бұл біздің президентіміздің, мемлекетіміздің негізгі мақсаты болып табылады.

Говоря об «ограниченности во времени» как форме в которой проявляется, последовательная смена учебно-познавательной, исследовательской, управленческой деятельности субъектов, которые одновременно могут выступать и педагогическими явлениями и функционального состояния явления (вещи) или фрагмента реальности «SMART», нужно отметить их взаимосвязь, характеризующуюся через взаимодействие элементов и длительностью их бытия. Так, Болонская декларация рассчитана до 2010 года, на 10 лет. Европа каждые 2 года контролирует себя и все страны, которые подписали декларацию, смотрит – кто что сделал, чтобы к 2010 году выйти на единую структуру. Высшая школа Республики Казахстан в меру своего уровня развития, также является активным участником названного процесса, складывается положительная тенденция в реализации «Концепции о признании квалификации...»: «академической мобильности», проходит процедуру аккредитации, подтверждая государственный статус, обозначая положение университета в системе межличностных отношений и меру его влияния на образовательные учреждения, уровень реализуемых им образовательных программ, соответствие содержания и качества подготовки субъектов требованиям государственных образовательных стандартов, права на выдачу выпускникам документов государственного образца о соответствующем уровне образования. Попытка научного обоснования явления (вещи) или фрагмента реальности «SMART», есть выявление теории по отношению к практике выступающей как система абстракций, обобщающих существенное, и как система направляющих идей.

При таком соотношении теории и практики применительно к профессионально-педагогической деятельности в высшей школе выявляется не только единство связей, но и взаимодействие противоречий [4]. Исходя из этого и анализа многих комплексных программ развития принятых в каждом учебном заведении, становится очевидным их актуальность а разработанные психолого-педагогические рекомендации по реализации «Концепции о присвоении квалификации», позволяют установить, что в этих процессах не хватает системности, последовательности в теоретическом обосновании вновь формируемой модели обучения, механизм эффективного решения целого ряда задач, трудно достижимых в линейной системе обучения, направленных на: а) формирование системного мышления субъектов включающее целостное понимание не только общества но и в том числе образовательной действительности, и своей роли и места в них; б) учить творческой мыслительной и практической работе, формировать социальные, педагогические умения и навыки взаимодействия и общения, индивидуального и совместного принятия решений; в) научить субъектов овладению методами моделирования и проектирования и т.д. В этом плане довольно убедительно и своевременно, а главное положительно выглядит мнение известного профессора

М.Строжева, что «...студентам следует освоить принцип: «ценно в другом не то, что я ценю в нем, и не то, что он ценит во мне, а то, что он сам ценит в себе». Фактически, требование самоопределения сводит одну из функционализаций знания к пониманию педагогом происходящего с тем или иным студентом или сложившейся ситуации. Дело не в том, что студент не знает или знает мало, а в том, что отсутствует понимание как собственного знания, так и собственного незнания...» [5]. При таком понимании, закономерности теории познания направляют мыслительную деятельность субъекта на объективное понимание окружающей действительности, на реальную оценку событий, объектов и явлений в действительных, закономерных связях и отношениях [4]. Такой подход говорит о том, что основная цель образования как формы человеческой деятельности и общественного института, его сущность - формирование субъекта, их социализация и профессионализация посредством передачи учебной информации и выработки или усвоения знаний, умений и навыков подготовки к выполнению профессионально-педагогических функций как главной производительной силы образования и общества и субъекта общественных отношений. Вышеизложенная цель вполне соответствует реализации явления (вещи) или фрагмента реальности «SMART» и предлагаемых ее принципов, как: сочетание социальной ориентированности, мобильности, доступности, управляемости.

Вместе с тем, считаем разумным рассмотреть критическое мнение профессора Г.Б. Скок, что «... образование инертно. Педагогические изменения зреют в обществе задолго до выхода их на арену образовательной политики и практики. Можно сказать, что они подготавливаются всем предшествующим ходом развития общества и образования. Новизна тех изменений, которые общество решает произвести в области образования, лишь относительна: прослеживается их явная преемственность с тем, что уже было ранее, хотя, конечно, имеет место переосмысление нового с современных позиций...» [5]. Теоретическое (конкретнее - психолого-педагогическое) знание, взятое отдельно от практического опыта, ни сам по себе индивидуальный опыт педагога не могут внести сколько-нибудь существенного вклада в его профессиональное и личностное развитие. Лишь единство того и другого является необходимым условием развития педагога как субъекта педагогической деятельности.

В поисках истины мы опираемся на мнение профессора М.С.Кагана, что «...предмет деятельности выступает двояко: первично – в своем независимом существовании, как подчиняющий себе и преобразующий деятельность субъекта, вторично – как образ предмета, как продукт психического отражения его свойства, которое может осуществляться в результате деятельности субъекта и иначе осуществляться не может...» [6]. Таким образом, предмет деятельности может быть, и вещественным, и идеальным, существующим в воображении. Но в любом случае он, как показывает А.Н.Леонтьев, придает деятельности направленность. Возможно, перспективы ответа в создании новой модели обучения с учетом линейной и кредитной систем обучения лежат, к примеру, в уникальности нелинейной системы обучения, которая в корне отличается от традиционной системы обучения идеологией и методикой обучения, и самое главное имеет понятийный аппарат для однозначного толкования терминов, что ведет к принятию другой цели и задач в образовании, овладевать педагогической деятельностью и совершенствоваться в ней [2, С.15- 22]. В этих условиях профессионально- педагогическая деятельность профессорско-преподавательского состава высшей школы побуждается различными потребностями, отражающимися в их действиях, ведущих к удовлетворению этих потребностей, при этом основополагающие элементы явления (вещи) или фрагмента реальности «SMART», выступают как определяющие, регламентирующие, оценочные и т.д.

Важнейшей современной задачей явления (вещи) или фрагмента реальности «SMART», является объединение элементов на взаимосвязанной и достаточно логичной, строгой научной основе, включающей содержательную и доказательную стороны ее формирования. Реализация понятийного аппарата нелинейной системы обучения в высшей школе вызвана необходимостью ее правильной трактовки на практике с учетом взаимодействия структурных и функциональных элементов педагогической деятельности. В науке известно, что любое научное понятие важнейшее составляющее теоретического знания. В данном случае, во-первых, в нем отражается сущность явления (вещи) или фрагмента реальности «SMART», во-вторых новая модель обучения полностью применила бы и обосновывалась понятийным аппаратом нелинейной системы обучения, в-третьих, еще А. Дистервег отмечал, что без стремления к научной работе учитель элементарной школы попадает во власть трех демонов: механистичности, рутинности, банальности. Понятия в теории обучения входят в определенные связи и отношения и отражают ее основные положения и закономерности. При помощи понятий происходит оценка сущности учебного процесса путем выделения основных и существенных его сторон и их сравнения с целями и задачами обучения. Все понятия несут в себе информацию определенного содержания, выражающую состояние и задачи их оперативного применения. Формирование системных знаний в явлений(вещи) или фрагмента реальности «SMART», начинается с объединения понятий. Законы, принципы, правила и другие формулировки в содержании и приложении предмета обучения выполняют функцию объединения понятий в определенную систему, приобретающую познавательный и практический смысл. Сами по себе отдельные понятия ничего не могут сказать о содержании предмета обучения. Но будучи связанными определенной системой, они раскрывают структуру предмета, его задачи и пути развития.

Таким образом можно было бы установить, во-первых, взаимоотношение таких понятий как «конкретный», и «достижимый», «измеряемый и актуальный» и т.д. Во-вторых, взаимоотношение понятий «конкретный и достижимый», «измеряемый и ограничение во времени» это прежде всего, взаимоотношение интересов, участвующих в этом процессе субъектов, в ходе учебно-познавательной, исследовательской деятельности. Личные интересы субъекта выражают потребности каждого в отдельности, связанные с обеспечением их духовных потребностей в образовании, развитию личностных и профессиональных, исследовательских качеств. Ответ на реализацию в образовательной практике явления «Smart», надо искать в миссии университета, которые по мнению профессора М. Строжева, «... являются не просто учебными заведениями, а настоящими центрами развития страны и общества... создают, сохраняют и передают знания, жизненно важные для экономики, политики и социальной сферы... у них два вида продукции – новые знания и квалифицированные кадры... созданием новых знаний и развитием науки университеты в первую очередь отличаются от других вузов... главную роль здесь играет весомый человеческий и интеллектуальный потенциал, который формируется в университетах... » [7]. Возможно вне воли и желания профессорско-преподавательского состава, эволюционно, подспудно идет процесс смены парадигм образования в высшей школе, что ведет за собой необходимость акцентуализации явления «Smart». Если быть убедительным, то в условиях сотрудничества и противоборства различных общественных, экономических, образовательных явлений в обществе, в том числе, линейной и нелинейной систем образования, многие научные понятия возможно трансформируются, облекаются в новые смыслы.

Теоретическое обоснование основ явления (вещи) «SMART» на наш взгляд позволяет оптимально моделировать образовательный процесс, профессионально-педагогическую деятельность, в новой модели обучения, как результате интегрирования

двух других моделей (см. выше). Определяющее же отличие изучения теоретических основ явления «SMART» от эмпирического состоит даже не в факте создания моделей, а в способности логически с ними оперировать. Исследование, проводимое на теоретическом уровне, представляет собой мысленное экспериментирование с теоретической моделью или идеальным явлением (вещью), реальной действительностью «SMART». Таким образом, теоретический уровень поиска новой модели обучения дает основание для формулирования общих для данных моделей закономерностей, позволяющих объяснить ранее известные факты и эмпирические закономерности, а также предсказать и предвидеть будущие образовательные события, ситуации и факты. Теоретический уровень выражающийся в знаниях трансформирует образовательные результаты, полученные на стадии эмпирического познания, в более глубокие обобщения, вскрывая сущности явлений первого, второго и т.д. порядков, закономерности возникновения, развития и изменения моделей обучения. Надо отметить, что взаимодействие функциональных компонентов деятельности осуществляется при выполнении профессорско-преподавательским составом своих функциональных обязанностей, как: управленческие, организационные, методические, контрольные, оценочные и т.д. К примеру, процесс управления в учебном процессе заключается в том, чтобы направить мыслительную деятельность субъекта в сторону более активного и глубокого понимания существа изучаемого вопроса, к примеру новой модели обучения и на подготовку соответствующего базиса знаний о нем для информации, с мобилизацией таких психических свойств личности, как: сообразительность, любознательность, находчивость, динамичность применения знаний в решении учебных и научных задач.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Печен А. Человеческие качества.- М., 1985.
2. Мырзалиев Б.А. и др. Кредитная система обучения: опыт внедрения, проблемы и перспективы.- Шымкент, 2005.
3. Загвязинский В.И. Исследовательская деятельность педагога. 2- е издание.- М.: Изд. центр «Академия», 2008.- С. 17
4. Архангельский С.А. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы. – М.: «Высшая школа», 1980.
5. Скок Г.Б. Как проанализировать собственную педагогическую деятельность. Учеб. пособие для преподавателей.- М., 1998.- С. 5.
6. Каган М.С. Человеческая деятельность (Опыт системного анализа). – М., 1974.- С. 84
7. Строжев М. Экспериментальное образование и его решение для задач точных дисциплин. Мастерская открытий, ч.1, - Рига,1994.- С.35-36

Абишев Н.А., Абишева Д.Н.

«Smart» - оқыту жүйесінің негізгі білімі

Білім берудің шынайлығы өзгерісі білім берудің тарихилығы әрі шынайлығы, ол материалдық және рухани мәдениетінің даму деңгейі мен табиғилық, әлеуметтің жаңа типінің, әрекеті әлеуметтік-мәдени нәтижесі, оның маңызы заманауи жаһандық мәселелерді шешу, адамзаттың жалпы әлеуметтік үрдісінде негізделеді. Солтүстік Американың линейді білім беру жүйесінің моделінің өзгеруі білім беруде жаңа әрі әртүрлі технологияларды іздеуді сөзсіз талап етеді, және әдістер құрамының талапқа сай орындалуын көздейді.

Кілттік сөздер: *smart, модель, структуралық және функционалды құралдар, линейді және кредиттік білім беру жүйесі, нақтылық, өлшеулік, қол жетімділік, өзектілік, уақыт шектеулігі.*

N.A. Abishev, D.N. Abisheva

"Smart" as a fragment of reality in the system of training

The historical nature of educational reality consists in the fact of change result in previous reality, that is, the nature and level of development material and spiritual culture, the result of social and cultural activity of new type society, its role in solving global problems of modern times, social progress of humanity.

The modification of the linear system of learning proceeding from the understanding and interpretation of the requirements of the North American model, certainly requires the search for various educational technologies as means for implementing the corresponding methods.

Key words: *smart, model, structural and functional components, linear and credit learning system, specific, measurable, achievable, actual, time limited.*

ӘОЖ 316.6

**ПЕДАГОГТЫҢ ЭМПАТИЯЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ
АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ**

Ахаева А.Ш.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
a_akmaral_86@mail.ru*

Берілген мақалада педагогтың эмпатиялық қабілетін әлеуметтік-педагогикалық тренинг арқылы дамыту тақырыбы ашылады. Мақалада тренингтің құрылымы және эмпатиялық тренингке қажетті материалдар келтіріледі.

Кілттік сөздер: *тренинг, эмпатия, жанашырлық, рефлексия.*

Педагогикалық әрекет, адам-адам категориясына байланысты әрекеттердің көпшілігі сияқты, дау-дамайлы жағдайлар туындайтын көптеген тұлғааралық қатынастардан құралады. Мәселелік жағдайларды шешу үшін - тұлғалық ерекшеліктерді, жан-жалға түскендердің эмоцияларын және олардың арасындағы қарым-қатынасты түсінушілік қажет.

Эмпатиялық қасиетке эмоционалдық күйін бақылау дамыған дағдылары, өзінің сезімдері мен эмоцияларын талдау біліктілігі, қоршағандардың уайымын түсіну жатады.

Эмпатия (грекше *empathia* – «жанашырлық») – уайымдау және жанашырлық білдіру түрінде басқа адамның эмоционалдық күйлерін уғыну. Эмпатияның негізінде әлеуметтік-психологиялық бастама жатыр, адам мен адам арасындағы, адам мен жануар арасындағы қарым-қатынас және өнер шығармаларын қабылдау кезінде көрінеді. Жеке-психологиялық қасиет ретінде, эмпатия - адамның басқалар үшін уайымдап, жанашырлық білдіру сипатында болады.

Эмпатия коммуникация үрдісінің негізгі бөлімі. Қарым-қатынас барысындағы эмпатияны білдіру серіктестердің арасында үйлесімді, тепе-тең қатынасқа қол жеткізіп, адам құлығының әлеуметтік себептерін көрсетеді. Қарым-қатынасқа түскен кезде сырласыңызға жанашырлық білдіру мен оның ішкі жан дүниесін түсіну қажеттілігі болған әрекеттестікте, эмпатияны дамыту табысқа алып келеді. Бұл салаларға психологиялық-педагогикалық бағыттағы мамандықтар, өнер мен медицинаға байланысты мамандықтар және т.б. жатады.

Көп жағдайда, эмпатия жанашырлық және басқа адам үшін уайымдау түрінде көрініс табады. Жанашырлық – субъекттің басқа адамның күйін бастан өткізу, өзін

басқаның орнына қоя білу. Уайымдау – басқаның сезімдері өзінің эмоционалдық күйіне ықпал етуі. Эмпатия түсінігіне рефлексия құбылысы жақын болады. Рефлексия деп адамның өзін-өзі, өзінің күйлерін, өзінің уайымдарын, өзі туралы ойлары мен қоршағандардың оны қабылдау туралы пікірлерін санадан өткізуді айтамыз.

Адамның эмпатиялық қабілеті өмірлік тәжірибенің жинақталуымен, әңгімелесушінің қамығуын түсініп, оның орнына өзінді қоя алған жағдайларда дамиды. Жанашырлық оқиғаларды бастан өткізу жинақталып, тұрақты эмпатиялық мінез-құлыққа алып келеді.

Адамның эмпатиялық қабілеттері басқалармен қарым-қатынас барысында көрініс табатындықтан, осы қасиеттерді адамдармен араласу үрдісі барысында дамытқан жөн. Тұлғааралық қатынастардың тәжірибесіне жаттығудың қауіпсіз мүмкіндігі әлеуметтік-психологиялық тренинг барысында туындайды.

Тренинг – мінез-құлықтың тиімді моделін қалыптастыруға, белгілі бір дағдылар мен өзін-өзі ұстау стратегияларын жетілдіруге бағытталған топтық оқытудың белсенді әдісі. Тренинг топтық жұмыстың тиімді түрі болып табылады, өйткені қатысушылар бұрын тән болмаған мінез-құлық нұсқаларынан жаттығады, айналадағылардан кері байланыс барысында, топ мүшесі ретінде құлығы қаншалықты сауатты және олардың қандай эмоцияларын туындататынын білу мүмкіндігі пайда болады. Тренинг барысында жеке-дара қатынас қолданылады, қатысушылар өмірінде болған жағдайлар талданады, достық, қауіпсіздік және сенімділік атмосферасы қалыптасады.

Эмпатиялық қабілеттерді дамытуға бағытталған тренинг, өзін-өзі, тұлғалық эмоционалды-адамгершілік сферасының ерекшелігін, басқа адамның ойын, сезімдерін және мінез-құлқын түсіну қабілетін дамытатын әдістерден тұратын тұлғалық тренинг болуы керек. Берілген тренинг педагогтың оқушылармен сауатты қарым-қатынас құрып, олармен эмоционалды байланыс құруға қажетті маңызды кәсіби қасиеттердің жетілуіне көмегін тигізеді.

Тренинг мақсаты – тренингке қатысушылардың тұлғалық өсуі мен дамуына, өзінің эмоционалдық жан-дүниесін түсіну қабілеті мен айналадағыларға жанашырлық пен уайымдауға қабілеттерін жетілдіруге жағдай жасау.

Тренинг міндеттері:

- «эмпатия» түсінігін анықтау;
- Өзінің сезімдері мен толқуларын санадан өткізу;
- Психологиялық бақылау қабілетін дамыту;
- Серігінің бейвербальды белгілерін «оқу» дағдысын қалыптастыру;
- Қарым-қатынас барысында серіктеске жанашырлық білдіру қабілетін дамыту;
- Әр адамның ерекшелігін түсіну қабілетін дамыту;
- Тыңдай білу дағдысын қалыптастыру;
- Рефлексия біліктілігіне жаттығу;
- Басқаның құлығын болжамдау, оған деген өзінің ықпалын алдын-ала көру

қабілетін қалыптастыру және дамыту;

Психологиялық әдебиеттерде эмпатияның келесі компоненттері айқындалады:

- Эмпатияның мотивациялық-құндылық компоненті.
- Эмпатияның эмоционалдық компоненті – әңгімелесушінің басынан өткенін сезуге

негізделеді.

- Эмпатияның рационалды компоненті зияткерлі үрдістерге негізделген (салыстыру, ұқсастыру). Адамның әңгімелесушінің нақ осы шақтағы пайда болатын сезімдері мен уайымдарын алдын ала болжау қабілеті.

- Эмпатияның қылықтық компоненті – қиын жағдайға түскен серігіне іс жүзінде көмек көрсету дегенді білдіреді.

Берілген компоненттер эмпатия тренингінде өз көрінісін тапты.

Эмпатия тренингі. Тренингтік бағдарламаның құрылымы.

Тренингтік бағдарлама өзара байланысты үш бөлімнен тұрады.

Бірінші блок – ұйымдастырушылық - тренингтің тиімділігін көтеретін, топтағы жағымды әлеуметтік-психологиялық климатты орнату. Топ қатысушыларының бір-бірімен танысуы.

Екінші блок – қалыптастырушы

- Эмпатия туралы білімдерін қалыптастыру, тиімді коммуникация процессінде оның құндылығын түсініп, эмпатиялық қабілеттерін жоғарылату.

- Дамыған эмпатиялық мәдениеті бар тұлғаны сипаттайтын қасиеттерді дамыту. Жоғары эмпатиялықты қажет ететін жағдайларды талдау.

- Кері байланыс, талдау, рефлексия негізінде өзің туралы пікірлердің өзгеруі, өзінің сезімдерін қабылдау және санадан өткізу.

Үшінші блок – рефлексиялық-бағалау – өзінің тұлғалық қорын санадан өткізіп, өзгерістер рефлексиясы. Тренингтің аяқталуы.

Тренингтің ұзақтығы – 26 сағаттан 32 сағатқа дейін. Берілген сағат көлемі 3-5 күнде жүзеге асуы мүмкін, бұл қатысушылардың және тренердің қызығушылығы мен мүмкіндіктеріне байланысты болады. Тренингтің мазмұны топтың ерекшелігіне қарай; топтық динамиканың ерекшелігіне қарай; қатысушылардың өмірінде болып жатқан жағдайларға және олардың сұраныстарына байланысты өзгеруі мүмкін.

Бір тренингтік сабақтың құрылымы

Бірінші кезең – сәлемдесу, танысу.

Мақсаты: жағымды психологиялық климатты құру, топ қатысушыларының бірігуі және босансуы.

Екінші кезең – жаттығу.

Мақсаты: жемісті әрекет етуге бағыт алу, дене және эмоционалды жылыту, топ қатысушыларының белсенділігін көтеру.

Үшінші кезең – күн тақырыбы – сабақтың негізгі мазмұны (берілген сабақтың міндеттерін шешуге бағытталған жаттығулар мен тапсырмаларды орындау).

Мақсаты: жаңа ақпаратты алу, тұлғалық ерекшеліктерді түсіну, топтың дамуы, дағдыларды жетілдіру, өзінің шектеулерін, мүмкіндіктерін көру.

Төртінші кезең – сабақтың рефлексиясы.

Мақсаты: өткен сабақтың эмоционалды және рационалды бағасы, өзіндік ой-қорытындылар.

Бесінші кезең – қоштасу рәсімі, күн қорытындысын шығару.

Мақсаты: сенімділік атмосферасын құрып, топ қатысушыларының бірігуі.

Тренингке қажетті материалдар

Топ қатысушыларының танысуына, бірігуіне, белсенділігінің жоғарылауына бағытталған жаттығулар.

Ойын-сергіту сәті «Көріп тұрғанымды, айтып жатырмын». Мақсаты: сергіту сәті, топтағы атмосфераны жақсарту, сынсыз пікір айту дағдыларын дамыту.

Нұсқаулық: «Шеңбердің ішінде отырып, басқалардың мінез-құлқын байқап отырыңыз, кезек-кезекпен қатысушылардың қалай отырғанын, қылықтарын сипаттап беріңіздер. Сыни тұрғысынан емес, құр сипат ретінде айтыңыз. Мысалы: «Қайрат аяғын аяғына қойып отыр», «Жанар күліп отыр». Жүргізуші бағалау пікірлер айтылмайтынын қадағалайды. Жаттығу орындалғаннан кейін, қатысушылар орындау барысындағы қиындықтарды талқылайды.

«Өзімнің ием туралы айтып берсем...». Мақсаты: тренингке қатысушыларды топтық жұмысқа бейімдеу. Қатысушылар кез-келген жеке бір затты алады (тарақ, сөмке, қалам және т.б.) және сол заттың атынан өз иесін таныстырады, ол адам туралы қызықты

әрі ерекше ақпарат айтады. Ең алдымен жүргізуші бастайды, одан кейін көмекшісі, ары қарай қатысушылардың дайындығына қарай жалғасады. Қатысушылар сұрақ қойса болады (әр танысу екі, үш минут). Таныстырудың жүйесі төмендегідей болуы мүмкін:

- Ол кім (аты, немен айналысады, негізгі қызығушылықтары);
- Тренингке келген мақсаты;
- Осы тренингтен нені күтеді;
- Қойылған мақсаттарға жету үшін, не істеуге дайын.

Тренингке қатысушылардың эмпатия туралы түсінік қалыптасуына бағытталған жаттығулар. Эмпатияның мотивациялық-құндылықтық компоненті.

Келесі жаттығулар қарым-қатынас нәтижелерін вербализациялау дағдыларын дамытуға бағытталған. Нақты айтқанда, басқа адамның мінез-құлығын болжамдау және бақылап жатқан белгілердің мәнін анық түсіне білу қабілеттері.

«Шеңбер бойынша сезімдер» жаттығуы. Мақсаты: әр қатысушының сезімдері мен күйлерін вербализациялауда мүмкіндіктерін дамыту. Нұсқаулық: «Қазір біз бір-бірімізге доп лақтыра отырып, сезімдерді немесе күйлерді атаймыз, доты ұстап алған кезде оған қарама-қарсы мағынадағы сөзді айтамыз. Мысалы, мен допты Айманға лақтырып: «Көңілсіз» деп айтсам, Айман, допты ұстап алып, «қуанышты» дейді. Допты өзі лақтырғанда бір сезімді немесе күйді атайды. Доп қатысушылардың барлығына түсуін қадағалаңыз».

Серіктестің эмоциялары мен сезімдерін түсінуге бағытталған ойын мен жаттығулар. Эмпатияның рационалды компоненті.

Бұл жаттығулар серіктестің күйлерін қабылдап, бақылауды дамытуға бағытталған. Топ немесе адамның тұтастай бейнесін қалыптастыра алу.

«Мен көріп тұрмын» жаттығуы. Мақсаты: Бақылаушылықта дамыту. «көріп тұрмын», «талдап тұрмын», «менің ойымша» деген пікірлер арасында айырмашылықты табуға үйрету. Топ қатысушылары жұптарға бөлініп, қарама-қарсы отырады. «Жұптың әр қатысушысы кезекпен «Мен көріп тұрғанымдай...» деп басталатын сөйлем айтып, серігінің сырт келбетін сипаттайды». Жаттықтырушы серік таңдап көрсетеді: «Мен көріп тұрғанымдай, сенің қолын тізенде жатыр». Серігі: «Менің көріп тұрғанымдай, сіз оңға қарадыңыз» және т.б. «Жаттығуды орындау барысында сыни және баға беуші пікірлерден бас тартуға тырысыңыздар».

Серіктестің күйлеріне жаңашырлық білдіру дағдыларын дамытатын жаттығулар. Эмпатияның эмоционалды компоненті.

«Жағдай» жаттығуы. Мақсаты: әр түрлі эмоционалды жағдайларға ене білу дағдыларын дамыту. Топ қатысушылары шеңбер бойымен тұрады. Нұсқаулық: «Қазір біз бөлмемен қозғаламыз, кімнің атын атаған болсам, сол адам белгілі бір жағдайды ұсынады. Әрқайсысымыз өзімізді сол кісінің орнында сезінуге тырысамыз. Ал бастайық: ну орман ішімен келе жатырмыз...» Ары қарай, жаттықтырушы жиырма-отыз секунд аралығында қатысушылардың аттарын атап отырады. Жаттығу аяқталғаннан кейін, келесі сұрақтарға жауап алуға болады: «Берілген жағдайлардың қайсында сізде қиындық туындады, қайсыс сіз үшін жеңіл болды?». Жаттығу барысында ұсынуға болатын жағдайлар: «Сіз театрға кешігіп бара жатырсыз», «Сіз қараңғы жерге кіріп бара жатырсыз», «Сіз көп адамның ортасындасыз» және т.б.

Тренингтің қорытынды рефлексиясында қатысушылар мына сұрақтарға жауап бере алады: Тренинг барысында өз бойыңызда қандай психологиялық қасиеттерді байқадыңыз? Өзіңіз туралы, топ туралы қандай жаңа нәрсе білдіңіз? Сіз үшін не маңызды болды? Не үйрендіңіз? Болашақта қандай қасиеттерді дамытуыңыз қажет?

Берілген тренинг адамның Мен-бейнелерді қалыптастыру қабілеттерін дамытуға бағытталған, яғни басқа адамдардың өзі туралы пікірін қалыптастыру. Сонымен қатар,

басқалардың сезімдерін түсіне алып, өзінің уайымдары мен эмоцияларын санадан өткізу дағдыларын дамытады. Бұл дағдылар педагогикалық әрекетте пайдалы болады және қоршағандармен қарым-қатынасын жақсартуға көмегін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дерманова И.Б. Диагностика эмоционально-нравственного развития/ Ред. И сост. И.Б. Дерманова. – СПб.: Речь, 2002
2. Кипнис М. 128 лучших игр и упражнений для любого тренинга. Как зарядить, оживить, настроить и сплотить группу / М. Кипнис. – М.: АСТ; СПб.: Прайм-ЕВРОЗНАК, 2009
3. Никитина Н.Н. Введение в педагогическую деятельность: Теория и практика: Учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений/ Н.Н. Никитина, Н.В. Кислинская. – 2-е изд., си пр. – М.: «Академия», 2006
4. Профилактика синдрома профессионального выгорания педагогов: диагностика, тренинги, упражнения / авт.-сост. О.И. Бабич. – Волгоград: Учитель, 2009
5. Ромек В.Г. Тренинг уверенности в межличностных отношениях. – СПб.: Речь, 2002

Ахаева А.Ш.

Развитие эмпатических способностей педагога с помощью тренинга

Данная статья раскрывает тему развития эмпатических способностей педагога посредством социально-педагогического тренинга. В статье раскрывается структура тренинга, представлены основные блоки тренинговой программы, приводятся материалы, которые можно использовать при разработке тренинга эмпатии.

Ключевые слова: тренинг, эмпатия, сочувствие, рефлексия.

A. Akhayeveva

Development of the empathic abilities of the teacher with the help of training

This article reveals the development of the empathic skills of the teacher through socio-pedagogical training. The article describes the structure of the training, presents the main blocks of the training program, provides materials that can be used to develop the training of empathy.

Key words: training, empathy, sympathy, reflection.

ӘОЖ 821. 512. 122 - 31

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Галиева А.Н., Балтабекқызы С.

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
mirai_gali@mail.ru*

Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың ерекшелігі қарастырылады.

Кілттік сөздер: инклюзивті білім беру, тифлопедагог, әлеуметтік бейімдеу.

Инклюзивті білім беру әлемдік білім кеңістігінде білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етудің тиімді механизмі болып табылады. Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ жоғары комиссарының басқармасы атап өткендей, инклюзивті білім беру мемлекет тарапынан адамның құқықтарын шектемей жалпы білім берумен қамтамасыз етудің оңтайлы тәсілі ретінде танылған [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуде, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға инклюзивті ортада қолдау көрсету, мектепке дейінгі және орта білім саласындағы негізгі басымдылықтардың бірі ретінде анықталған.

Республиканың мектепке дейінгі және орта білім ұйымдары инклюзивті тәсілдің қажеттілігін терең түсіне отырып, қалаған нәтижеге ұдайы қол жеткізе алмаса да, елеулі қиындықтарды жеңе отырып, инклюзивті білім беруді енгізу және дамыту тәжірибесін жалғастырып келеді. Бүгінгі күні инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының мәртебесін анықтайтын және қызметін реттейтін, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды білім ұйымдарына жіберу тәртібін анықтайтын бірқатар нормативтік құжаттар бар.

Сонымен қатар, кедергісіз орта құру және инклюзивті білім беру жағдайында білім беруді ұйымдастырудың нормативтік базасы бар. Дегенмен, дамытудың келесі кезеңінде – инклюзивті білім беруді жан-жақты енгізу және озық үлгіні мектеп тәжірибесіне тарату, жаңа міндеттерді шешуді талап етеді.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру тәртібі төмендегідей болып келеді:

- жеке түзеу-дамыту бағдарламаларын іске асыру;
- мамандардың тәртіпаралық тобында кемтар балалардың проблемаларын, мүмкіндіктерін және қажеттіліктерін кешенді зерделеу (командалық бағалау);
- сөйлеу, көру, есту, қимыл-қозғалыс аппаратында, сезімдік-ерік ортасында, оқуында, қарым-қатынасында, мінез-құлқында және басқа да бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балаларды кіріктіру мақсатында кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;
- жалпы дамыту үлгісіндегі мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленетін даму мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қоса алып жүру;
- отбасы жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға (басқа заңды өкілдерге) кеңес беру және оларды оқыту;
- балалардың психофизикалық жағдайы, даму мүмкіндіктерінің ерекшелігі мәселелері бойынша аталған санаттағы балалармен жұмыс істейтін мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына консультациялық көмек көрсету.
- Түзеу арқылы дамыту жұмысы міндеттерінің өзгеруі бұрынғы кезеңдерде қол жеткізген нәтижелерді ескере отырып, қайтадан командалық бағалау бойынша өткізіледі (ЖДБ-ны іске асыру мониторингі).
- Жұмыстың негізгі әдісі ретінде "командалық әдіс" қолданылады. Бұл әдістің негізіне біртұтас команда құратын мамандардың біріккен жұмысын болжайтын және тәртіпаралық қарым-қатынас технологияларына сәйкес әрекет ететін тәртіпаралық тәсіл жатады. Командалық бағалау жылына 2 рет немесе жеке түзеу-дамыту бағдарламаларының көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.
- Команда құрамына әртүрлі бейіндегі білікті педиатрлар, балалар неврологы, физиотерапевттер, дене шынықтыру, сауықтыру дәрігері, ортопедтер, психиатрлар, сурдологтар, офтальмологтар, психолог, дефектолог-мұғалімдер (логопедтер, тифлопедагогтар, олигофренопедагогтер, сурдопедагогтер), әлеуметтік қызметкерлер, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, уқалап емдеу мамандары кіреді. Команданың форматы мен құрамы баланың жағдайы мен оның қажеттілігіне, сондай-ақ ұйымның мүмкіндігіне байланысты өзгеріп отырады.
- Жоғарыда аталған мамандардың кейбірі болмаған жағдайда, мамандардың ұсынысы бойынша меңгеруші ата-аналарды диагностикалық орталықтарға, балалар емханаларына, генетикалық кеңес орталықтарына, білім берудің арнайы ұйымдарына жібереді.

Қазіргі кезде инклюзивті білім беретін балабақшаларға, жалпы мектептерге, колледждерге ақпараттық-кеңестік және оқу-әдістемелік қолдау көрсету инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Инклюзивті және арнайы білім беру саласының мамандары, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру процесіне қосудың ерекшеліктерін ескере отырып, атап айтқанда, ұзақтығын, жүйелілігін, сабақтастығын, нәтижені бағалаудың қиындығын атап көрсетеді [2,3].

Қазақстанда біраз жылдан бері инклюзивті білім беруді жүзеге асырып келе жатқан мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдары бар. Жыл сайын инклюзивті білім беруге жағдай жасалған жалпы білім беру мекемелерінің саны артып келеді. Көру, есту, сөйлеу қабілеті, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары мынадай білім беру деңгейлерінің жалпы білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту;
- 2) бастауыш сынып;
- 3) негізгі орта білім;
- 4) жалпы орта білім.

2014 жылы Талдықорған қаласында №11 «Құлыншақ» аралас бөбекжай-бақшасы ашылған болатын. Ашылған кезден бастап көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу үрдісі жүзеге асыру мақсатында арнайы үш топ құрылды. Аталған мекемеде мектеп жасына дейінгі даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды дамытуды, мектепке дейінгі білім алуға және дамытуға қол жеткізуді көздейді. №11 «Құлыншақ» аралас бөбекжай-бақшасы екі жастан алты жасқа дейінгі көру мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді медициналық-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетуге арналған мектепке дейінгі білім беру ұйымының бір түрі болып табылады.

Балабақшадағы арнайы топта тәрбиеші-педагогпен бірге тифлопедагог, медицина қызметкері (медбике), ортопист маман жұмыс жасайды. Олар өз қызметінде Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Бала құқықтары туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңдарын басшылыққа алады.

Тифлопедагог маман көру қабілеті кемістігі салдарынан дамымаған немесе бұзылған функцияларды түзету, жетілдіру, орнын толтыру жолдары мен жағдайларын қарастырып, көру қабілетінің бұзылу түрлеріне байланысты тұлғаны жан-жақты дамыту мен қалыптастыруда арнайы нұсқау, бағдарламаны негізге ала отырып тифлотехникалық жабдықтармен коррекциялық жұмыстар жүргізеді.

Мектепке дейінгі мекемедегі тифлопедагог түзету жұмыстарын үйлестірушісі және бағыттаушы маманы болып табылады. Жұмыстың түзетушілік-дамытушылық кезеңінде балаға әсер ететін шаралар кешенін қарастырады. Жалпы түзету-педагогикалық үрдісте тифлопедагог маман көру қызметі бұзылған балалармен балабақшада жүргізілетін әлеуметтік ортаға бейімделуіне, толыққанды әлеуметтік кіріктіруге психологиялық тұрғыдан дайындайды. Балалардың көру қабілеттерінің патологиясын ескере отырып тәрбиеші-педагог, медицина қызметкері және ата-анамен бірлесе олардың жан-жақты дамуын бағдарламаға сәйкес, профилактикалық және түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастырады, балалардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі үшін жауап береді, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерімен балалардың көру қабілетін сақтау мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Тифлопедагогтың арнайы түзету сабақтары мынадай бағытқа сәйкес ұйымдастырылады:

- көру түйсігін дамыту;
- сезу және ұсақ моторикасын дамыту;
- кеңістікті бағдарлау;

- әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауды дамыту. Түзету сабақтарының барлық түріндегі тифлопедагогтың ең басты міндеті балаларды әлеуметтік-бейімдік тәртіпті қалыптастыру болып табылады.

Көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу үрдісін жүзеге асыратын тифлопедагогика ғылымы 19 ғасырдың басында дами бастады. Кеңес Одағы кезінде әр түрлі ауытқуы бар балаларға арналған оқыту-тәрбиелеу мекемелері ашылып, олар жалпы білім беру жүйесіне кірді. Көру кемістігі барлар арнайы оқыту мекемесінде білім алып, жоғары оқу орындарына түсуге жағдай жасалды. Олардың арасында акад. Л.С. Понтрягин және А.Г. Витушкин, проф. В.И. Зубов, жазушылар Н.Островский, Э.Асадов, Н.Силков, А.Притчина, сазгерлер В.Никитин, Н.Поликарпов секілді көрнекті тұлғаларды мысалға келтіруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. - М.: Просвещение, 1968.
2. Ясвин В.А. Образовательная среда: от моделирования к проектированию. - М., 2001.
3. Инклюзивное образование. Выпуск 4. Методические рекомендации по организации инклюзивного образовательного процесса в детском саду. - М.: Центр «Школьная книга», 2010.

Галиева А.Н., Балтабековна С.

Особенности организации процесса инклюзивного образования

В статье рассматриваются особенности организации инклюзивного образования в дошкольных учреждениях.

Ключевые слова: *инклюзивное образование, тифлопедагог, социальная адаптация.*

A.N. Galieva, S. Baltabekovna

Specifically organization of inculular education process

In the statue are considered the incarnation of the incarnation of inclusive education in the dowry institutions.

Key words: *inclusive education, tactile mentor, social adaptation.*

ӘОЖ 378.02:37.035.3

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ НАСИХАТТАУ ЖӘНЕ ДАМУ

Курманбаева Р.М.

№ 15 орта мектеп, Талдықорған қ., krm7044@gmail.com

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларын көркем еңбек сабағында халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу, қолөнер саласын таныстыру жолдары қарастырылады

Кілттік сөздер: *ұлттық тәрбие, тіл, дәстүр, мәдениет, ұлттық бұйым, тұрмыстық бұйым, қастерлеу, дәріптеу, қолөнер, жаңа технология, зерттеу*

Тарихқа зер салып қарасак, ағарту ісінің түрлі даму кезендерінде педагогикалық ой-пікір үнемі халықтық педагогикаға жүгініп отырғанын байқаймыз. Қазіргі оқу-тәрбиедегі дағдарыстан шығу жолын да біз осы халықтық педагогикадан іздегеніміз абзал.

Қазан төңкерісінен кейін бірқатар тарихшы, этнограф, археолог, филолог, өнертанушы ғалымдардың еңбектерінде қазақ колөнерінің кейбір нұсқалары көрсетіліп, олардың мән-маңызы сөз етіліп (Дудин С.М., Веймарн Б.В., Мошкова В.Г. т.б.), қазақ ою-өрнектерінің шығу тегі, дамуы, символикасы, қолданылуы, жасалу техникасы, классификациясы өз алдына қарастырылған (Шнейдер Е.Р., Т.К.Басенов, М.С.Мұқанов, Ө.Жәнібеков, Ә.Марғұлан, Чепелов В., Ә.Тәжімұратов, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, Қ.Мүкдинов, К.Ибраева, т.б.).

Қазақ ою-өрнектерінің тәрбиелік мүмкіндіктері (Қ.Әмірғазин, Б.Әлмұқамбетов, Н.Адамқұлов, Ж.Балкенов, Ә.Қамақов, О.Сатқанов, С.Жолдасбекова, т.б.) оларды педагогикалық институттардың керемесурет факультетінің студенттерін кәсіптік шеберлікке баулуда пайдалану мәселелері (Е.Асылханов, К.Болатбаев, Қ.Ералин, К.Ижанов, Ү.Ибрагимов, т.б.) педагогика ғылымы саласындағы зерттеу еңбектерінде де орын алған [1.7].

Зерттеу жұмысының көкейкестілігі: Қазақстанның егеменді ел болуымен байланысты оқу ағарту ісінде оның басшылыққа алатын негізгі идеялар бағытты ел басымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан – бағдарламасында көрсеткендей... «Қазақстандық патриотизмге негізделуі керек».

Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында балалар мен жастарды тәрбиелеуде ең көкейкесті мәселелері ретінде білім мекемелерінде оқушылардың этно-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу айтылған. Талғампаз қазақ бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Қол бастаған «қолбасшы», ел бастаған «елбасшы» бала тәрбиесіне мән берген

Зерттеу жұмысының мақсаты: қазіргі кезде ұлттық тәрбие мәселелерін дамытуды, кеңейтуді алдымызға мақсат етіп қойып отырмыз. Себебі, ұлтты ұлт ететін оның тілі, дәстүрі, мәдениеті. «Өткенін білмеген болашаққа жол салып жарытпайды» - дейді, дана халқымыз. Қазақ халқының ежелден тұрмыста қолданылатын ұлттық бұйымымен таныстыру. Оның қажеттілігі мен маңыздылығы туралы ақпараттар беру.

Зерттеу жұмысының міндеттері: ұлттық салт-дәстүріміздегі бар, ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан тұрмыстық бұйымдарды қастерлеу, дәріптеу.

Зерттеу пәні: оқушыларды халықтық педагогика негізінде және халқының колөнер саласындағы өндеудің жолдарына оқушыларды баулу.

Зерттеу әдістері: зерттеу жұмысымда көне заманнан бергі көрнекті ойшылдардың еңбектеріне сүйене отырып, тәлім-тәрбиенің ұлттық сипаты, және халықтың колөнер бұйымдарын дайындау барысында жаңа технология бойынша өндеу мәселелерін зерттеу.

Міне, осы ұмыт болып бара жатқан, ата-бабамыздың бізге қалдырғанын, әрі дамытып, көркейтіп кейінгі ұрпаққа мұра ретінде, көненің көзі ретінде қалдыруымыз керек.

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі оқушыларға мәдени-этникалық білім беруді жүзеге асырудың әдістемелік негізін жасауда бірқатар істер атқарды. «Жалпы білім беретін мектептер тұжырымдамасы», «Арнаулы орта білім тұжырымдамасы» «Жалпы білім беретін мектеп оқушыларын еңбекке оқыту мен тәрбиелеу тұжырымдамасы» т. б. ғылыми негізделген тәжірибеде сынақтан өткен құжаттар бұл іске оң бағдар берді десек қателеспейміз.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы заңында - «қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр-салтын оқып-үйрену үшін жағдайлар жасау», деп көрсетілген.

Халық педагогикасын жаппай оқу орындарында, мектептен тыс тәрбие мекемелерінде қолдану үшін әрбір-педагогикалық ұжым озат мектептің іс-тәжірибесімен жан-жақты танысады, тәжірибенің мәніне, жете түсініп өз мектебінде насихаттайды, оны бірте-бірте саналы түрде меңгеріп, оқу-тәрбие жұмысының процесіне енгізеді.

Қазақ мектептерінің озат тәжірибесіне сүйене отырып, халық педагогикасының негізгі мәселелерін оқу-тәрбие процесін шығармашылықпен енгізу, нәтижелерін жинақтау және одан әрі қарай насихаттау, дамыту бүкіл педагогикалық қауым алдындағы ең басты міндеттердің бірі .

Сонымен, біз халық педагогикасын насихаттаудың және оны оқу-тәрбие ісіне енгізудің бірсыпыра бағыттарын атап кеттік. Әрине насихаттау жұмыстарының нәтижесі ғалымдардың, педагогикалық ұжымдардың іскерлігіне, құзіреттілігіне, білімдарлығына және белсенділік іс-әрекеттеріне байланысты. Сондықтан, барлық орта және жоғары оқу орындарының,

Ы. Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясы жана проблеманы зерттеу, тарату және жұртшылықтың игілігіне айналдыруы, оның тәлісі.

Жас ұрпаққа білім беру, оны әр түрлі өнерге, кәсіптік іс-әрекетіне үйрету бүкіл Шығыс халықтарының ежелден келе жатқан салт-дәстүрлері. Әсіресе баланы жастайынан кәсіптік жұмысқа үйрету ата-аналардың мақсатты ісі болған. Ал ата-бабамыз өзінің ұрпағына тәлім-тәрбиені, өмірлік кәсіпті кітап бойынша емес, өмір тәжірибесіне сүйене отырып үйреткен. Бұл жөнінде халық тағылымы жұмбақтар мен мәтелдер жастар үшін өнерге, өсиет түрінде айтылатын ой-өрісінің түйіндері, сөзмәйегі болып, от басында, халық арасында дәстүрге айналған[2. 15-23].

Ғұлама ғалымдар, педагогтар еңбек тәрбиесі туралы зерттеу жұмыстарына көз салып, халық педагогикасына сүйене отырып, ұрпақты адам баласының іс-әрекетіне тәрбиелеуде ұлт дәстүріне, әдет-ғұрпына, халық тәжірибесіне сүйіспеншілікпен және үлкен құрметпен қарауды түсіне білген. Олардың еңбектерінің халық педагогикасындағы рухани байлықты үйелмен және мектеп өмірінде пайдалануда маңызы өте зор.

Міне, осыған орай, қазіргі кезеңде ғасырлар бойы үйелменде қалыптасқан еңбек дәстүрлерін, халық даналығын осы ұқыптағы педагогикалық ғылымның жетістіктерімен үлестіріп жүргізуді өмір талап өтіп отыр.

Шығыс халықтары, солардың ішінде қазақ халқының ежелден өзінің адамгершілік, парасаттық, адалдық, қайырымдылық қасиеттеріне» көзге түскен, адамгершілік қасиетті зор бағалаған. Сондықтан, адамгершілік - имандылық тәрбиесі ұлттық дәстүрлердің бірі болды.

Имандылық тәрбиесі - бұл халық педагогикасында дәстүрге, әдеп-ғұрыпқа, байсалды мінез-құлыққа айналып, адам баласының өмір заңдылығы, жарғысы болып қалыптасқан. Имандылық тәрбиесі адам бойындағы адамгершілік қасиеттерінің жиынтығы. Мысалы: ізеттілік, ілтипаттылық, әділеттік, кішіпейілдік, үлкендерді сыйлау, қамқорлық, достық, сүйгіштік, ерлік, өз Отанына берілгендік, имандылық тәрбиесі жеке адам бойындағы қасиеттердің жиынтығы деп атап кеттік. Әрине, жағымды қасиеттердің адамның рухани, психикалық дамуына болымды әсер ететіні белгілі. Солардың ішінде өз Отанын сүюшілік, оны жан тәнімен қорғау, халқына берілгендік - адамның өмірінде өшпейтін, имандылық қасиеттердің бірі.

Өткен ғасырларда қазақ халқының жүздеген, мыңдаған батырлары өз Отанын әр түрлі сыртқы және ішкі жаулардан қорғады. Олардың болып көрмеген батырлық істері ұрпақ үшін тамаша үлгі, өмірлік мұра болды. Әсіресе, қазіргі қайта құру, жанару дәуірінде қазақ батырларының ерлік, билерінің философиялық іс-әрекетіне, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүріне, тарихи-ғылыми еңбектерге сүйене отырып, олардың тарихи істерімен болашақ ұрпақты жаңа өмір талабына сәйкес таныстыруды және үйелмен тәрбиесінде, орта, жоғары мектептер оқу-тәрбие жұмысында шеберлікпен пайдалануды іске асыру педагогикалық ұжымдардың төл ісі [3. 57-66].

Халық педагогикасын насихаттау мақсатында Ы. Алтынсарин атындағы қазақтың білім проблемалары институты жасаған «Атамекен» бағдарламасы орта және жоғары

педагогикалық оқу орындары үшін көмекші құралдардың бірі. Бұл бағдарламада қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, оларды қазіргі қайта құру кезеңінің талаптарына сай тәлім-тәрбие саласында пайдаланып өткізудің негізгі бағыттары көрсетілген. Соларды қазіргі педагогика ғылымының теориялық және практикалық мәселелерімен байланыстырып өткізу принциптері еске алынған. Мысалы, бағдарламаның «Салт-дәстүр» бағытында жастарды қазақ және басқа халықтардың көп ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрлері және әдет-ғұрыптарымен таныстыру (бесік жыры, ұл ұзату, өлікті жерлеу т. б.). Этнографиялық жұмыс, фольклорлық материалдарды жинау «Қайырымдылық» бағытында өте қартайған адамдар және балалар үйлерінде жұмыс жүргізу, сәтсіз үйелмендерге көмектесу, бірлесіп әр түрлі шаралар өткізу т. б. «Достық» бағытында мәдениет және ғылым саласында тарихта әр түрлі ұлттар адамдарының қалдырған ізін, іс-әрекеттерін нәтижесін, өмірік зерттеу т. б. «Ата-ана» бағытында ғасырларда қалыптасып келген тәрбие ұлттық ерекшеліктерін, қазақ үйелменінің тарихын, дәстүрлерін зерттеу т. б.

Бағдарламадағы барлық бағыттарда және халық педагогикасының басты салаларындағы тәлім-тәрбиені іске асырудың қайнар көзі, кең өрісі үйелмен тәрбиесі. Мұны өмір көрсетіп отыр [4. 18-23].

Қазіргі таңда оқыту мен тәрбиелеудің ғылымға негізделген әдіс-амалдарына технологиясына біздің мектептеріміз, жалпы оқытушы қауым өте-мөте зәру. Өйткені тәрбие жүйесіндегі әр түрлі бағыттар кейде бір-біріне қайшы келіп қалып жүр, соның ішінде ұлттық ерекшелік ескеріле берілмейтіні анықталды.

Тарихқа зер салып қарасақ, ағарту ісінің түрлі даму кезеңдерінде педагогикалық ой-пікір үнемі халықтық педагогикаға жүгініп отырғанын байқаймыз. Қазіргі оқу - тәрбиедегі дағдарыстан шығу жолын да біз осы халықтық педагогикадан іздегеніміз абзал.

Ата-баба өнегесіндегі ең өзекті буын-еңбек тәрбиесі. балауы бастан анасының қамқатеріне, үй-ішіндегі сан-салалы шаруасына, жинақтай айтқанда, оның адамдық келбет-мүсініне қарап өседі. Дәстүр бойышша анасы осы тірліктердің бәріне ұлдарды көмекке тартып, қасынан қалдырмайды. Отбасында балажәй шаруадан өзге кесте тігеді, ас пісіреді,өзінен кішілерді ойнатады,ыдыс-аяқ жуады, т.б. Осылайша ол еңбекке үйреніп қана қоймайды, сондай-ақ өзі де болашақ ана, тәрбиеші ретінде қалыптаса бастайды.

25. Ибрагимов А.И. Нравственно-трудовое воспитание учащихся средствами изобразительного и прикладного искусства: диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук.- Алматы, 2008. - 173 с.

Ахметов Б.Б., Кыстаубаева Б.К.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін сурет салудың дәстүрлі емес техникалары арқылы дамыту мәселесін қарастыратын ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау

Мақала бейнелеу өнері сабағында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін сурет салудың дәстүрлі емес техникалары арқылы дамыту мәселесін ашуға арналған. Осы мәселені талдай отырып, біз оның ең маңызды құрылымдарын көрсеткіміз келеді. Біздің зерттеуіміздің басты идеясы бейнелеу өнері сабағында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін сурет салудың дәстүрлі емес техникалары арқылы дамыту мәселесін ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеу.

Осы мақалада біз осы мәселеге қатысты ғылыми әдебиеттерді талдаймыз және «дарын», «шығармашылық қабілеттер/ креативтік» терминдерді анықтаймыз.

Кілттік сөздер: *сурет салудың дәстүрлі емес техникалары, шығармашылық қабілеттері, дарын, креативтік, бастайыш сынып оқушылары, өнер.*

B.B.Akhmetov, B.K. Kystaubaeva

Analysis of scientific and methodological literature, covering the issues of development of creative abilities of younger schoolchildren

This article is devoted to the problem of development of creative abilities of younger schoolchildren on the lessons of fine art through unconventional techniques of drawing. We are analyzing this problem, highlight its main components. The main idea of our research lies in scientific and methodical justification of the problem of development of creative abilities of students in visual art lessons based on unconventional techniques of drawing.

In this article we will try to analyze the scientific literature on this issue, to reveal the essence of the concepts "creativity/creativity", "talent".

Key words: *unconventional painting techniques, creative ability, talent, creativity, younger students, art*

ӘОЖ 355.253.2

**БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ САБАҚТАРЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ
БЕРУДІҢ ЖАЙ-КҮЙІ**

Кангалаков М.С., Бауберіков Е.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
kangalakov@mail.ru*

Мақалада біздің қазіргі мектептің маңызды мәселелерінің бірі: оқушылардың Отан қорғауға деген құштарлығын арттыру, патриоттық тәрбие берудің жай-күйі мәселелері қарастырылған. Бұл мәселелерді шешу арқылы білімгер жастарды саналы еңбекке, белсенді қызмет етуге тәрбиелеу қажет.

Кілттік сөздер: *патриоттық тәрбие беру, этно - мәдени болмысы, патриоттық сезімнің объектісі, патриотизмнің керемет үлгі.*

Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2015-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі үшін мақтанш сезімдерін қалыптастыру, патриоттық тәрбие жүйесін жоспарлы түрде дамыту арқылы Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға дайындығын тәрбиелеу мақсатында әзірленді.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары, соның ішінде:

Азаматтардың мақсатты топтарының бойында байыпты азаматтық ынтымақтастық пен қатыстылық, этносаралық және тұлғааралық өзара түсіністіктік сезім қалыптастыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық алғы-шарттары мен шаралар жүйесін құру;

Тұтастай алғанда мемлекет пен қоғамның, жеке алғанда мемлекет пен оның азаматтарының өзара әрекетін, атап айтқанда қазақстандық патриотизмді, төзімділікті адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу жөніндегі кешенді іс-шараларды өткізу кезінде қамтамасыз ету;

Өркениетті азаматтық және тұлғааралық қатынастардың қалыптасуына жағдайлар

Тұтастай алғанда мемлекеттік бағдарлама мен әлеуметтік алғышарттар жасау болып табылады; азаматтардың Отанның мүддесіне жасампаздық қызымет атқаруды, мемлекетті нығайту, оның ұлттық мүдделерін қорғау мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қажет маңызды қасиеттерін дамытуға арналған [1].

Біз мемлекеттік бағдарламаны зерделей келе Ресей үкіметінің №122 16 қаңтардағы 2001 жылғы жарлығының 2001-2005 жылдардағы жасалған жұмыстарында қарастырамыз. Бұған себеп ғасырларға созылған достық [5].

Қазақ ұғымында төл перзенттінің туған жер алдындағы жауапкершілігі мен азаматтың Отан алдындағы жауапкершілігінің айырмасы бар. «Ер-туған жеріне» деген моральдың ұстанымы бар халық «Отанын сатқан - опасыз» - деп бір - ақ кеседі.

Небір басбұзарға ел ішінде бір тентек деп кеншілік жасайтын қазақ үшін опасызға орын жоқ. Оның ұғымында ел мүддесін сатудан асқан қылмыс болмайды.

Қазақ халқы негізінен әскери өмірге баланы ес білгеннен бейімдеп, он бес жасынан араластырған. Қасым хан тұсында Қазақ хандығында «он бестегі ұл – ұлан, он үштегі қыз - бұлан» мәтелі принципке айналған. Бұл тұжырымымызға сол кездегі әскери оқиғалардың бел ортасында жүрген ақын-жыраулар шумақтары дәлел:

«Жақынан көрдім талқы көп,
Жасым жетпей он беске,
Қорғайтын жан адам жоқ,
Жасым жетіп он беске,
Кіреп ме екенмін кеңеске» - деген Ақтамберді жырау.

Халқымыздың этно - мәдени болмысындағы патриотизмге деген айрықша көзқарас теуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш президенті көтерген қыран қанатты көгілдір Туымыздың бүкіл бітім бедері мен еңселі Елтаңбамыздағы шаңырақ бейнесінен бірден байқалатынын анық көреміз.

Бұл батырларды халықтың сыйлап, құрмет ететіндігін, оның халқына еткен қызметін ұмытпайтындығын, әрбір батыр, ел, мемлекет үшін қадірлі екендігін жастарға түсіндіріп отырғандығын дәлелдейтін деректер болып табылады.

Руналық жазулар арқылы түркі халықтарының жастарға дене тәрбиесін қалыптастыру мақсатында түрлі халық ойындарын өткізу үшін арнайы «жарыс орындарының» болғандығын білеміз. Дене әрекеттері жылдам ері нақты, ауылы толысқан, денсаулығы бекем, қаһармандық мінез-құлықта тәрбиеленген жастар өмір қиыншылықтарынан қорықпайтындығын, бұл жетістіктер халықтың азаматтыққа еркін өмір кешуін қамтамасыз ететіндігін паш еткен. Әсіресе «Менің елім батыр, қайратты, сол себепті халық бүліншілікке жүрмейді» деп қанағат тұрмысында дене шынықтыруды ерекше бағалап, қуатты болу жеке адам үшін емес, мемлекет, халық үшін маңызды екендігін көре білген.

Түркі халқының жазба мұраларындағы тәлім – тәрбиелік ой пікірлерді айта келіп, біз өз зерттеуімізде айтылған тәрбиелік ой – пікірлерді нысына етіп қана қоймай студенттерге патриоттық тәрбие беруде тек ауызша ғана емес, көрнекі мысал ретінде олардың сезім дүниесіне әсер етерлік тағылымдық, тәрбиелік мәні зор тәжірибие ретінде қолданғанды жөн көрдік.

Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болар еді. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін оятатын елдік пен бірлікке шақыратын азаматтыққа баулитын жақсы үлгілерді тарихымыздың болмысына терең бойлау арқылы да жол табуға болады. Бұл арналар сөз жоқ студенттерді шынайы патриотизмге тәрбиелеу ісінің маңызды көздері болуға тиіс. Халық жүрегіне ұранмен жол табу қиын екені белгілі. Көңілінің незік қылын тауып шерткенде ғана жанымен қабылдап жалынына сенеді.

Еліңді сүю оның ертеңіне сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Әр ілкі қадамнан, сәл сәулелі ойдан үмітке тірек іздесең, жинала келе самал жарыққа айналады деген ақ ниет алға жетелеуі қажет. Осыған орай Дәулетбек Раев «Қазақстандық патриотизм мен гуманизм» деген мақаласында бүгінгі күні адамдар арасында «патриоттық сезімнің орнына космополитизм», «пендешілік үстем» екенін байқауға болатынын көрсеткен [59].

Ата-бабаларымыз салған қазақ-орыс арасындағы тарихи жолда неше түрлі қилы кезеңдердің болғаны баршамызға тарихтан белгілі.

Дегенмен, оның келеңсіз кезеңдерін еске алмай, тек жақсылығын көз алдымызға елестетсек, жеткен жетістіктеріміз сөзсіз, бірнеше есе асып түсетіні анық. Егемендік алғаннан кейінгі, қазіргі кезеңдегі екі ел ара - қатынасын алатын болсақ, Біріккен ұлттар ұйымының тең қатарлы мүшелері ретінде, сенімді әріптестік жағдайында, шынайы достық пен ынтымақтастың ретінде жалғасуда десек қателеспеген болар едік. Аталар дәстүрін сыйлап, қастерлей білетін көрші елдерде, даму жолының осылай өрбіуі заңдылыққа саятын терізді.

«Қазіргі дос іздейтін, жақсы көрші іздейтін заман. Соның ішінде тығыз қарым - қатынас бірінші кезекте Ресей мен орнығатын болады,» - деп елбасы айтпақшы біздің жастардың болашағы достық пен ынтымақтастықта болады деп сенеміз.

Алайда, жас адамның тағдыры бүкіл адамзат кеңестігінің құрамында болғандықтан ол қоғам тағдырымен тығыз байланыста екені белгілі. Сондықтан «бүгінгі елеуметтік саяси орта адамға өзі өмір сүріп отырған мемлекеті мен қоғамы, ел-жұрты, атамекені және жалпы адамзат өркениетінің тағдыры алдындағы жауапкершілікті мойындауды ескертеді» - дейді. Бұл ретте ол көнені жоққа шығару, патриоттық тәрбиені елсірету, көне ататектілік, танымдық, тәрбиелік өзектен адасып қалу секілді кемшіліктерді белгілейді. Ата - бабадан қалған отаншылдықтың киелі шарттарын жаңартуда «белгілі бір этно – мәдени» тәрбие жүйесін қалыптастыру керек екенін дәлелдеуге ұмтылған. Біздің пікіріміз бойынша, ол үшін ең алдымен қазақ жұртының ішкі патриоттық «мәнін» құрайтын этно-әлеуметтік мінез-құлқы қандай болған, ол қандай қағидаларға негізделгендігінің менін ашу қажет. Мұны философ Д.Раев жастарды патриотизмге тәрбиелеудің нормасы «сегіз қырлы, бір сырлы» болу талабы қойылуы керек дей келе, оны атамекенді, ел намысын қорғау, жаудан беті қайтпау, ата - тегін жадында сақтау, сөз асылын қадірлеу, тапқырлық пен алғырлық, ат құлағында ойнау, ата салтын бұзбау (жасы үлкенді, ата - ананы сыйлау, құдайы қонақтың мәселесін қайтармау, көрші хақын жемеу, қайрымды, ірі жүректі, бауырмал болу, т.б.)- деп көрсетеді.

Осыны терең сезіну ғана отансүйгіштік өр рухтың өрге ұмтылған ұл - қыздың сенімді серігіне айналуына мүмкіндік береді. Тек рухы күшті халық қана еңсесі биік егемен мемлекет құра алатынына кешегі мен бүгінгі тарих куә. Тәрбие берудің мазмұны мен әдіс-тәсілдері қай кезде белгілі бір қоғамдық құрлысқа теуілді және оның барлық қарама - қайшылықтары сипатталады.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі Отан десек, оның мазмұны - туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық жақындық, туысқандық сезімдерін ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы болады. Тәлім – тәрбиелік мұраларымыздың ішкі бастауларына кіретін рухани дүниелер бұлармен ғана шектелмейді. Мәселен XII ғасырдағы Ахмет Игүнекидің «Хақиқаттар сыйы» (шындық сыйы) атты шығармасында сол деуірдегі адамдардың моралдық нормаларын сөз еткен. (Дүние қоныз бүгін бар да, ертең жоқ), жауыздық пен қатігездікті (қанды қан мен жуып тазартуға болмайды, осы іспеттес мінездегі толып жатқан міндеттерді сынады, адамның жақсы қасиеттері өнегелік («Адам өзінің жақсы ісімен басқаларға үлгі болуы тиіс») пен жақсылықты («саған біреу жамандық істесе, сен оған жақсылық пен жауап бер»), қайырымдылық пен мейірбандылықты паш етеді [2].

Әлемдік деңгейдегі ой алыбы Абайдың философиясындағы басты танымдық бағыттар:

Адамның ары мен ұятын жетілдіру;

Надандық пен кедейлікті жою;

Адамның адамгершілігін дамыту;

Адамды мұратқа жеткізуде, білім мен ғылымның атқаратын рөлін көрсетіп, іс жүзінде дәлелдеу;

Еңбек ету арқылы адамның танымдық қабілетінің өсуі, өркендеуі оның жеке дүниесінің дамуына ықпал етіп, үнемі толысу қажеттілігінің пайда болуына көз жеткізіп, оларды өзінің поэзиялық туындылары мен қара сөздерінде баяндағаны белгілі. Абайша айтқанда бақытты болу жолдарының бірі - адамның өзін - өзі тануы (білуі) [3].

Адам өмірінің мағынасы туралы философиялық пікірлердің жүйесі ежелден қалыптасқандығы белгілі. Ал, Абай ойларының негізгі мазмұндары, адамның мағыналы өмір сүру үшін, оның өмірі үш философиялық қағидаларға негізделуі керек. Олар: «Адам бол», «адамгершілікке жол тап», «адамдық абыройды сақта».

Адам алдымен өзін - өзі сыйлауы керек. өзін сыйламаған адамды ешкім сыйламайды. Адам баласы өмір бойы бөгде адамдармен тығыз байланыста болады. Сол үшін, басқа адамдар туралы жаман ойламауы керек. Адам жақсылық жасаса жақсылыққа, жамандық жасаса жамандыққа ұшырайды. Бұл мәселеде, Абай пікірінің адам ақылына қонымдылығы, сыйымдылығы ерекшеленіп тұрады. Абайдың жалпы дүниетанымы мен философиясы ерекше бір мәдени құбылыс. Философиялық ойлардың негізгі міндеттерінің бірі - іргелілеу, даму. Адамға қатысты мәселе оның толыққанды кемелденуі.

Біздің пікіріміз бойынша, студенттер ғана емес жалпы кез-келген адам соғыс іс - әрекеттерінде немесе басқа жағдайда ерлік, отаншылдық істерге бару үшін, оған алдымен рухани жағынан дайын болу керек. Әйтпегенде, қару - жарақты қанша меңгергенмен, отаншылдық іс - әрекетке ішкі жан - дүниесі, сана - сезімі дайын болмаса елі, жері үшін жанкештілікке баруы екі талай. Бұл жерде, ата тектен келе жатқан ұлттық болмыстағы патриотизмнің орны бөлек. Сондықтанда студенттерді патриотизмге тәрбиелеуге қатысты ғылыми педагогикалық әдебиеттер мен ғұлама - ғалымдардың тарихи - философиялық еңбектерін зерттеу барысында рухани жағынан патриотизмге тәрбиелеу керек деген ойдамыз.

Халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, патриотизмнің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінде тәуелсіз ел болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің, даналығының арқасы. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, жоңғар шапқыншылығы кездері, одан бертіндегі ұлт – азаттық көтерілістер, ұлы Отан соғысын алып қарасақ, ондағы батырлардың ешқайсысы елін жерін Отанын қорғауда жанын, тәнін аямаған.

Қазақ тарихында ұзақ жылдар бойы қаһармандық жалпылама түрде жазылып келді. Оның мазмұнында хандар, билер, сардар бектер, ұлт-азаттық қозғалыстың көптеген басшылары нақтылы көрсетілмеді. Тарихи әділдік, ұлттық қаһармандарымыз таптық принципке, идеология мүдесі негізінен құрбандыққа шалынды.

Жаңа теуелсіз заманымызда көптеген қаһармандар тарихқа оралды, өшкендеріміз қайта жаңғырып, елеусіз қалғандар қайта зерттеле бастады. Шын мәнінде қаһармандар ұлтымыздың ұлылары, халық перзенттері, тарих қайраткерлері міне, осындай өркениеттік деңгейдегі ұлы тұлғалардың аттары атала бастады, сондай ұлы тұлғаны мысалға келтірсек Жалаңтөс баһадүр.

Жалаңтөс туралы деректер көрнекті ғалым ағартушылар қазақстандық көрнекті ғалымдар Х.Досмұхамедов [4],С.Кекілбаев[4], Х.Мұхамбетжанов [6], Н.Төрөқұл [7], сияқты көрнекті қоғам қайраткерлері шығармаларында кездеседі.

Баһадүр туралы жазылған очерктерде Жалаңтөстің есімін анасы Ақтұмар көкжал қасқырдың төс етіне жерік болумен байланыстырады. Енді бір авторлар «жалаң жауға шапқанда, үстіндегі сауытын шешіп тастап, түгі желбіреп, қалың қол ішінде қойып кеткенде жаудың үрейі ұшқаннан орталары опырайып қала беретін»-дейді.

Осы бір тезисті Жалаңтөс баһадүр туралы жазған еңбектер қайталай береді. Шын менінде ол ұлы құрылыстардың қазына бұлағы:

- әкеден қалған мұра;
- жерден түскен байлық;
- тұтқындардың тегін еңбегі;
- бұхарадағы колөнершілікті дамытып, сауда-саттықтан, оның ішінде баска елдерден болған саудадан түскен табыс.

Сөз жоқ бұның бәрі жаугершілік кезінде түскен асыл қазыналар мен бабалар мұрасы.

Бірақ Жалаңтөс баһадүр сараң бай дәрежесінде қалмаған, жиған-терген байлықты өркениет мұқтажына жаратты, ұлт даңқын сан тарапқа таратты [6].

Жалаңтөс баһадүрдің мұндай позициясы оның ұлтқандығын, ұлтжандығын ғана көрсетіп қойған жоқ, оның өз мүддесін ұлт мүддесіне бағындырған ұлы патриот қайраткерлігін танытты. Бір ғасырдың ішінде қазақ хандығын мықты бір ортадан билік шығарып, желкілдеген ту астында 300 мың қол жинап, қазақ халқының осы күнгі этнотерриториясын қалыптастыруда Жалаңтөс баһадүрдің қосқан үлесі сөзсіз. Біз отан тарихы ретінде осындай батырларымыздың қаһармандық ерліктерін нағыз патриоттық үлгі ретінде қабылдауымыз қажет.

Қазақ халқының дала төсінде өсіп, батырда батыл, ата-бабасының ерлігін қайталайтын ұрпағын дүниеге әкеліп, тәрбиелеу ғасырлар бойы жалғасқан. Қазақтың бойында ұлылықтың, батырлықтың, ержүректіктің қаны бар. Ақ туды бостандықтың бақыт таңы ретінде жоғары көтеріп, елдікті, халықтың тыныштығын бірлігін қорғаған Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапрашты Наурызбай, Шақшақұлы Жәнібек сияқты батырлар ерлігі тарихта жыр болып жазылып, ұрпағына үлгі болды. Ғасырлар жырлап өткен батырлардың ерлігін бүгінгі күнде ұрпақтары ұмытпай есте сақтауда Наурызбай батыр аты аңызға айналып, тарих бетінде ерлігі алтын әріппен зерленді [6].

Наурызбайдың ерлігін жыраулардың, қазақ елінің бүгінгі ұл-қызын ерлікке шақырудың тамаша бір үлгісі өнегелі деп бағалау ләзім:

Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қанжығалы Бөгенбай,
Қаракерей Қабанбай,
Шақшақұлы Жәнібек,

Ұлттық рухтың күштілігін осыдан да көруге болдаы. Атасының бергенін зейінді ұл сол қалпында баласына беріп отырады. Ұлттық ереже мен салт – дәстүрдің бұзылмай сақталуын қатаң қадағалады. Онсыз ерліктер тұмайтынын олар өте жақсы түсінді. Егер албырт жас кімді қорғайтынын білмесе, не үшін атқа қонатынын сезбесе, құр айқайдан қасиетті ерлік туындап жарытпас еді. Асыл бабалардың бүгінгі ұрпақтарына да осындай ерекшеліктер өте керек. Ол көкіректе жалын болып жануға тиіс. Сондықтан шырақ болып жарқылдауы керек. Қазақ үшін, қазақ мемлекеті үшін деген ұран қазақтың ер баласының кеудесінде айқайлап тұрса қандай ғанибет!

Еліміз батыр бабалар тойын атап өткенде, ең алдымен осы мазмұнға назар аударғанды басты қағида етіп алса, қазақстандық патриотизм мен ұлттық патриотизмді нығайта алатын факторға ұласады. Оған күмән жоқ.

Кешегі екінші дүниежүзілік соғыста Кеңес өкіметінің басшалары орыстың халық батырларының еруағын бекерден бекер сыйлаған жоқ. Сондай үрдістерден біз де үнемі сабақ алуға тырысамыз.

Осындай пікірді Қазақстан жағдайында пайдалансақ, өсіп келе жатқан жас буындарда отанымыздың елеуметтік саяси құбылыстарға дұрыс көзқарас қалыптастыра білсек, жаңа мазмұнды сана, сезім, іс-әрекет аясында олардың жалпы патриоттық ой – пікіріне ықпал етер еді. Мұндай ойды толығымен келтіріп отырған себебіміз бейбітшілік жағдайдағы патриотизмнің сипатын көрсету. Бұны жай ғана күнделікті өмірдегі қарабайыр, ұсақ-түйек деп қарауға болмайды. Бүгінгі Қазақстан жағдайындағы ұлттық патриотизмнің басты көрінісі – қазақтың ана тілінде сөйлеуі; балаларына ұлттық тәрбие беруі, ұлттық мінез, жүріс-тұрыс қалыптастыру, ізет, құрмет, қайырым, мейірім, т.б. сезімдерін дамытуы; қала, жер-су, көше, т.б. өз атымен атау, үй жиһаздары т.б. ұлттық сипатына мән беру, ұлттық мәдениетті берінен жоғары тұту, қазақ өнеріне ден қою, секілді толып жатқан ірі, ұсақ нәрселер. Осылардың ең бастысы - өз ұлтын мақтан ету жақсы жақтарымен басқа ұлт өкілдеріне өнеге көрсетуге әрқашан дайын болу, өзгелерді жатырқамау. Ал қазақстандақ патриотизм қазақ және басқа ұлт өкілдерінің Қазақстанды «өз Отаным» деуге негізделеді.

Ресми деректерге сүйенсек, қыркыншы жылдардың қырғынына қайысқан қазақ ұлты перзентінің жүз біріне Кеңес Одағының батыры атағы беріліпті. Яғни, жалпы көрсеткіш бойынша Одақтың негізін құраған үш славян халқы мен еврей және татарлардан кейінгі орында қазақтар тұр. Өктемдігі жүріп тұрған ұлттың кейбір өкілдерінің тарапынан болған кейбір әделетсіздіктерді, солақай саясатты есепке алсақ, халқымыздың қаһармандығы күмен қалдырмайтын ақиқат. Бұл-патриоттық тәрбиенің жемісі. Оның ішінде ізгілікке, адам сүйгіштікке, парасаттылыққа негізделген игілігі. Егер патриотизм деген қасиетті ұғым жекеше адамдардың, топтардың, тіпті тұтас этностық немесе діни бірлестіктің эгоизмі мен пайда табу мақсаттарына пайдаланатын болса, онда оның зардабы ұшан-төгіз.

Өткен ғасырдың пешенесіне бұйырған екі бірдей жиһандық соғыстың аралығындағы Германияның мысалы жоғарыда айтылған пікірімізге көрнекі дәлел бола алады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың ойын құнын көтеріп, экономикасы тұралап қалған елді дер кезінде ұсынылған ұлттық идея–неміс патриотизм желеп топтастырып, халық шаруашылығын қалпына келтіріп қана қойған жоқ, аз ғана уақыт ішінде қарыштап дамуға жеткізді. Ұлтшыл патриотизмнің жаппай қанат жайуы нәтижесінде өрлеп, шарықтау шегінде фашизмге айналған бұл идея өзі дүниеге ескелген державаны ақыры күйретіп тынды. Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы Жапон империализмі туралы да осындай тұжырым жасауға болады. Сондықтан да белгілі қоғам қайраткері Джонсон патриотизм ұғымын жеке мүддеге бағындырғандар жайлы «Онбағанның ең соңғы жеткен жері– патриотизм» деген қанатты сөзі шындықты дәлелдей түседі.

Әрине, жоғарыда айтылған жағдайлар негізінен белгілі бір ұлт өкілдері басымдылық танытатын елдерде орын алатыны белгілі жағдай. Ал басқаларға өктемдік жүргізбек түгілі өз жерінде өгей баланың күйін кешіп, тілі мен діні, ділі қажу көріп келе жатқан қазақ терізді ұлттың атын иеленген республикада патриотизм қалай дамып, ұлттық идея қандай негізде ілгерілеуі керек - деген заңды сұрақ туады. Яғни, елдегі этностық топтардың тарихи сабақтастығына һәм мұқтаждықтарына нұқсан келтірместен бүкіл республика тұрғындарын жалпы халықтық ортақ мүддеге жұмылдыру үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алуы керек. Соған сай республиканы мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың өкілдері қазақстандық қоғамның ұйтқысы болып отырған қазақ халқының төңірегіне топтасуы қазіргі уақыт алға тартып отырған қажеттілік екенін саналылықпен түсінуі және түйсінуі керек. Сонда ғана жарастықты салтанат құрып, баршаға бірдей игілігін тигізеді. Яғни, шынайы интернационалист болуы қажет. Сонымен біз жоғарғы оқу орындары студенттеріне патриоттық тәрбие беру теориясының жай-күйін талдай отырып, қазіргі кезде патриоттық тәрбие проблемаларын айқындауға талпыныс жасадық. Сондай

проблемалардың бірі бүгінгі қоғамдық сұраныстың өсуіне байланысты жоғарғы оқу орындарында студенттерге патриоттық тәрбие беру болып табылады, ал оны шешудің бір жолы қазақ этнопедагогикасы негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру екендігін анықтадық. Сондықтан осы мақалада студенттерге патриоттық тәрбие беруде қазақ этнопсихологиясы мен этнопедагогикасы мүмкіндіктерін қарастырдық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қ.Б. Жарықбаев Түрік патриотизмінің төркіні неде? //Егемен Қазақстан. -1998. - №221. -Б.1.
2. С.Т.Иманбаева Воспитание патриотизма у старшекласников игровыми формами туристско-краеведческой деятельности: автореф. дис. ...канд пед.наук.М.,-1999. - 26 с.
3. Қалиев Ж.Н. Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру: п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. авторефераты. – Астана, 2005.-Б.31.
4. Б. Сүлейменова «Бастауыш сынып оқушыларын қазақ батырлар жыры арқылы адамгершілікке тәрбиелеу»
5. Н.Ә. Назарбаев «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз»//Егемен Қазақстан. -2000. - №221. -Б.1.
6. Құрманбаев М.Ж. Мәлік Ғабдуллин мұрасындағы этнопедагогикалық құндылықтар арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу. п. ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2003.-Б.27.
7. Қасымбеков Ж.А. Спорт және дене тәрбиесі арқылы жасөспірімдердің патриоттық қасиеттерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. авторефераты. – Түркістан, 2006. –Б.30

Кангалаков М.С., Баубериков Е.

Состояния патриотического воспитания на уроках начальной военной подготовки,

В статье рассматриваются актуальные проблемы настоящего времени такие как: повышение интереса молодежи к проблемам патриотизма, состояние патриотического воспитания среди учащихся. Решив эти проблемы, нам необходимо воспитывать жизненно активных, сознательных молодых людей.

Ключевые слова: патриотическое воспитание, этно - мөдени бытие, объект патриотизма, отличный пример патриотизма.

M. S. Kagalakan, E. Bayberikov

Patriotic education on the lessons of basic military training, state

The article consider a topical problems of the present time such as: increasing the interest of young people to the problems of patriotism, the state of patriotic education among students. we need to educate the vitally active, conscious young people having solved these problems.

Key words: Patriotic education, ethno - mdeni being, the object of patriotism, an excellent example of patriotism.

ӘОЖ 355.253.2

БОЛАШАҚ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРҒА ӘСКЕРИ - ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Кангалаков М.С., Дәулетхан З.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
kangalakov@mail.ru*

Мақалада біздің қазіргі мектептің маңызды мәселелерінің бірі: оқушылардың Отан қорғауға деген құштарлығын арттыру, патриоттық тәрбие деңгейін қалыптастыру мәселелерінің теориялық негіздері қарастырылған. Бұл мәселелерді шешу арқылы оқушы жастарды саналы еңбекке, белсенді қызмет етуге тәрбиелеу қажеттігін көрсетеді.

Кілттік сөздер: *патриоттық идея, халықтық педагогика, халықтық психология, қазақтардың ұлттық ойындары, ұлтжандылық мәселесі.*

Патриоттық отансүйгіштік рухында тәрбиелеудің тарихи әлеуметтік негіздері

Әлем тарихында патриоттық тәрбие және әскери патриоттық туралы білім ғасырларға тамырымен терең кеткен. Әлемдегі өркениеттің дамуындағы ерекшеліктер дінмен, салт-дәстүрлермен, әртүрлі этникалық факторлармен өлшенген.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында біз патриоттық тәрбие беруді Қазақ әскери педагогикалық негізінде қарастырамыз. Өйткені жалпы тәрбиелеу процесі батыс еуропа мен американдық үлгіні қабылдап бара жатқанға ұқсайды. Сондықтан халықтық педагогика негізінде оқушылардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыратын болсақ, Қазақстанның даму жолында өзінің сара жолы болады деп есептейміз. Қазақстан әрі батыс, әрі шығыс елі ерекше ортада тұрған көп ұлтты мемлекет.

Жалпы патриотизм сөзі гректің «Отан», «ел» деген сөзінен шыққан. Патриоттық идея – Отаншылдық адамға туа біткен қасиет емес, ол жүре түзелетін адамның саналы өміріндегі қабаттас құбылыс. Отанға деген сезімнің шынайы қайнар көзі – туған жер табиғаты, ана тілі, салт – дәстүрі, тарихи ата – бабаларының ерлігі. Олар әр адамзат бойына намыс, ар, сүйіспеншілік ұялатады. Бірде бір адамзат өзінен бұрынғы ата – буынның ақыл – ойын, тәрбиелік тәжірибиесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Қай ел, қай халықтікі болмасын, озық тәжірбиені жатсынбай қабылдағаны дұрыс. Осыған орай өзге емес, өзіміздің ата-бабаларымыз, яғни батырларымыз Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бегелдинов және тағы да басқалардың өткен ерліктері, көрсеткен қызметтері неге тұрады?! Тек солардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арқасында ғана қазір бейбітшілік заманда өмір сүріп жатырмыз. «Бұл дүниеде біздің Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан. Бұл туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Ол үшін әрбір азамат еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жақсы жан – тәнімен сезіну керек», - деген ел президентінің ғибрат сөзі патриоттық ұғымының, ел мен жердің бүтіндігін сақтау, халықтар достығы мен бірлігі екенін нақтылай түседі. Бойымызда отансүйгіштік, ерлік, батырлық, патриоттық сезімдерді арттыру үшін өткен ата-бабаларымыздан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алуымыз керек.

Жоғарыда айтылғандарды талдай отырып біз республикамыздың орта білім беретін орта мектептерде алғашқы әскери дайындық сабақтарында халықтық педагогикаға негізделген әскери патриоттық тәрбие беруді оқу-тәрбие ісінде қолдануды ұсынамыз. Қазіргі

жағдайда ұрпақ тәрбиесінде халықтық педагогика мәселесін көтеріп жүрген отандық ғалымдар еңбектеріне көп сүйенеміз.

Қ.Б. Жарықбаев докторлық зерттеуінде қазақ халқының педагогикалық ой – пікірінің даму тарихын кезең-кезеңге бөліп қарастыра келе, «халықтық педагогика», «халықтық психология», «этнопедагогика», «этнопсихология», терминдерінің айырмашылықтарын нақтылайды [1].

Сонымен қатар ғалым қазақ этнопедагогикасының ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда зерттеп, анықтауда диалектикалық философияны басшылыққа алу қажет деп есептейді. Бұл жерде ұлт мәдениеті мен ұлттық тәлім-тәрбие тарихын салт-сана, әдет-ғұрып (этнография), фольклористика, ұлттық психология мен ұлттық философия ғылымдарымен тығыз байланысты қарастырады.

Ғалымдардың еңбектерін зерделей келе біз халық педагогикасындағы озық үлгілерді оқушыларды патриоттық тәрбиелеу барысында қолдануды қарастырдық.

Біз К.Ж. Қожахметованың теориялық-методикалық монографиясын зерттей отырып алғашқы әскери дайындық сабақтарында ұлттық ойындарды оқушылардың патриоттық сезімдерін тәрбиелеуде қолданамыз.

Ғалымның теориялық ой пікірлерін зерттей келе мынадай тұжырымдарын қарастыруды жөн көрдік.

Алғашқы әскери дайындық сабақтарында халықтық мұраларымызды жете қолданбай жеке адамды толыққанды тәрбиелеу мүмкін емес. Қазіргі кезде қоғам алға қойып отырған тәрбие міндеттерін шешуде этнопедагогика дәстүрлері мен тәжірибесін педагогика ғылымының әдістемелік-теориялық қағидаларымен біріктіру көкейкесті мәселе ретінде қарастырған.

Сонымен қатар халықтық педагогика негізінде патриоттық – адамгершілік тәрбиелік проблемасымен шұғылданып жүрген ғалымдардың еңбектерін де қарастырамыз.

Оқушыларда патриоттық ұғымды тәрбиелеуде қазақстандық патриотизммен ұлттық патриотизмнің ерекшеліктерін анықтаймыз. Оқушылар өздерінің патриоттық сезімдерін осы бағытта табады деп ойлаймыз.

С.Т. Иманбаеваның «Оқушыларға ұлттық жауынгерлік дәстүр арқылы ерлікке баулудың педагогикалық негіздері» еңбегінде оқушылардың ұлттық жауынгерлік дәстүрі арқылы ерлікке баулудың ғылыми-теориялық негіздерін педагогикалық тұрғыда алғаш рет қарастырып, тарихи және теориялық мазмұны айқындалады. Ұлттық жауынгерлік дәстүрлердің құндылықтары жинақталған ғылыми-әдістемелік кешен негізінде білім мен тәрбие беру арқылы оқушының жеке басылық қасиетінің қалыптасуына ықпал ететін тәрбиелік жүйе ретінде қарастырады [2].

Халықтық педагогикадағы жауынгерлік дәстүрлерді кешенді түрде зерттей келе біз өз еңбегімізде оқушыларға патриоттық тәрбие беруде қолданамыз.

Ж.Н. Қалиев "Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру" атты кандидаттық диссертациялық жұмысында мектеп оқушыларына сыныптас тыс жұмыстарда халық педагогикасы құндылықтары негізінде патриотизмге тәрбиелеу жұмыстарына тарихи - педагогикалық тұрғыда сипаттама беріп, ұлттық патриотизм және қазақстандық патриотизмге анықтама беріледі. Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында халық педагогикасы құндылықтары негізінде патриотизм идеясын қалыптастырудың шарттары мен құрылымдық үлгілері жасалып, оны іске асырудың әдістемелерін ұсынады [3].

Біз өз жұмысымызда оқушыларға халықтық педагогика негізінде әскери патриоттық тәрбие беруді қарастырамыз. Біз Ж.Н. Қалиевтің жұмысындағы идеялық әдістемелерін негізге ала отырып патриот оқушы тәрбиелеуде халықтық құндылықтарды пайдаланамыз.

Халықтық педагогикадағы атамекенге сүйіспеншілікті дамыта отырып біз оқушылардың бойында әскери патриоттық сезімді тәрбиелеуді ұсынамыз.

Б. Сүлейменова «Бастауыш сынып оқушыларын қазақ батырлар жыры арқылы адамгершілікке тәрбиелеу» еңбегінде бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиенің педагогикалық мәні мен мазмұны бүгінгі көзқарас бағытында анықтайды. Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудегі қазақ батырлар жырының мүмкіндіктері негізделеді. Бастауыш мектептің оқу бағдарламалары мен оқулықтарын зерттеп білуде, қазақ батырлар жырын, батырлық ертегілерді оқу-тәрбие процесінде пайдаланып жүрген мұғалімдердің озық тәжірибелеріне талдау жасайды [4].

Ғылыми зерттеулерді оқып-үйреніп талдауда, педагогикалық тәлім-тәрбиеде, оқушыларға патриоттық тәрбие беру ғылымының теориясын өз алдына дербес проблема ретінде анықталғанын және ол үнемі зерттеп отыруды қажет ететіндігін көруге мүмкіндік берді.

Біздің ойымызша патриотизмге негізделген тәрбие жұмысын жүргізуде республикамыздың орта мектептерінің проблемасы ерекше мәнге ие болады. Себебі бүгінгі оқушы болашақ маман ретінде қалыптасып, өмірлік ұстанымын айқындап, өркениетті елдер қатарына қосылуда өздерінің үлкен септігін тигізеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз - Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, ербір азаматтың өзін - өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы отансүйгіштікті нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезініп, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді» делінген [5].

Адал адам Отанын сүйеді. Адал, ақ жүрекке Отан - анасындай. Отанға деген махабатты өлшеуге болмайды деген болатын. Осы айтылғандар халықтың асыл ойының түйіні мақал – мәтелдерден өзекті орын алған. Меселен, жас ұрпаққа ел қадірін «өз елің алтын бесігің», «Отан - оттан да ыстық» «туған жерге туынды тік», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» «Жекен жерінде көгерер, ер елінде көгерер» деген асыл сөздермен білдірген. Жастарды кіндік кесіп, кір жуған жері үшін, елпештеп өсірген елі үшін қасық қаны қалғанша жаумен жағаласа білетін, Отанын шын сүйетін батыр етіп тәрбиелеуді көздеген халық өзінің өлең - жырларынан, аңыз еңгімелерін, мақал - мәтелдерін осы тақырыпқа арнаған. Сондықтан лиро - эпостық, батырлар жырларының басты кейіпкерлері ата - анасы, сүйген жары, туған жері, өскен елі үшін жаумен кескілесе күрес жүргізіп, ерлікпен данқын шығарған халықтың сүйікті ұл - қыздары болып келеді «Отан үшін отқа түс, күймейсің, арың үшін алыс, өлмейсің», «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», деп халық өз ұрпағын отанын сүйуге шақырады [6].

Патриоттық рух - қазақ елінің елеңдік өркениетті елдер көшіне қосылып дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуға мүмкіндік беретін бірден - бір күш.

Отансызадам - қайжерде де бейшараадам. Тіпті миллиардқамалынып, бай бопшетелдежүрсең, сен бері бір шетелдіксің. Басқа елде сұлтан болғанша өз елінде ұлтан бол, - деп ата – бабамыз өсиет қалдырған болатын. Сондықтан қазақтың баласы қай жерде жүрмесін өз Отанын сүйіп, Отанының теуелсіздігі мен болашағы үшін қасық қанын ямауы керек. Осы үш қасиет болса, біздің еліміз қалай да өркендейді [6].

Бүгінгі күнге дейін сақталып, теуелсіз мемлекетке ие болу дәрежесіне дейін көтеріліп отырған қазақ халқының тарихына көз жіберсек, сонау Білгеқаған, Тонкөктен бастап жерін, елін, тілін, дінін қорғаудағы өшпес ерліктерге толы.

Белгілі ғалым Л.Н.Бакаев “народ в жилах которого течет кровь Кабанбай батыра, Богенбай батыра народ, в которых дух негибаемого и мудрого, Бауыржана Момышулы такой народ может проявить мудрость и волю и преодолев все трудности и препятствия на своем пути, построит сочное казахское государство в Центральной Азии” -деп атап көрсеткендей халық жадында” Абылай ғасыры – ерліктің ғасыры”, “Батырда Қаракерей Кабанбайдан асқан батыр жоқ, үйсін Төле биден асқан би жоқ” деп халық жадында мәңгі

сақталуы, бабаларымыздың елін, жерін қорғаудағы ерен ерліктері ұрпақ тәрбиелеуде негізі орын алады [6].

Батырлар жырындағы басты жау монғол феодалдары мен жоңғар шонжарлары, “Алпамыс батыр” жырындағы басты жау қалмақ ханы Тайшыққа, “Қобыланды батыр” жырындағы монғолдар, “Қамбар батыр” жырындағы қалмақ ханы Қараманға қарсы күресі бейнеленеді. Сан ғасырға созылған шайқастарда елдің ерлік дәстүрін дәріптейтін Қобыланды, Алпамыс, Ер Қосай, Ер Сайын, Қамбар т.б. батырлар жырында көзделетін мақсат келер ұрпақты елін, жерін сүйеге, Отанын шетел шапқыншылығынан қасықтай қаны қалғанша қорғауға тәрбиелеу.

ХУІІІ ғасырдағы халқымыздың ерлік және жауынгерлік тәрбие мәселесі

М.Қ.Қозыбаевтың басшылығымен жарық көрген “Абылай хан” атты ғылыми-практикалық конференция материалдарын жинақтаған еңбекте жақсы көрсетілген. Қазақ халқының зиялы қауымы ХУІІІ ғасырдағы халқымыздың басынан өткен сұрапыл өмірді, тарихи оқиғаларды ғылыми жүйеге келтіре отырып, оны бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалануда баға жетпес асыл мұра екеніне тоқталады. Сонымен қатар, халқымыздың ерлік және жауынгерлік тәрбие мәселесі “Абылай хан” атты жинақта сол ғасырда өмір сүрген, сұрапыл оқиғалардың ішінде жүріп еліміздің ауыр да қиын заманын суреттеген ақын-жыраулар, би-шешенде

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қ.Б. Жарықбаев Түрік патриотизмінің төркіні неде? //Егемен Қазақстан. -1998. - №221. -Б.1.
2. С.Т.Иманбаева Воспитание патриотизма у старшекласников игровыми формами туристско-краеведческой деятельности: автореф. дис. канд пед.наук.М.,-1999. - 26 с.
3. Қалиев Ж.Н. Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру: п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. авторефераты. – Астана, 2005.-Б.31.

Кангалаков М.С., Даулетхан З.

Будущим защитникам отечества военно - патриотического воспитания, теоретические основы

В статье рассматриваются актуальные проблемы настоящего времени такие как: повышения интереса молодежи к проблемам патриотизма, теоретические основы становления и улучшения состояния патриотического воспитания в школах. Решив эти проблемы, мы можем доказать необходимость воспитания жизненно активных, сознательных молодых людей.

Ключевые слова: *идея патриотическая, народная педагогика, народная педагогика, народные игры казахов, меселесі патриотизма.*

M. Kangalakav, Z. Daulethan

Future defenders of the fatherland of military - patriotic education, the theoretical foundations

The article consider a topical problems of the present time such as: increasing youth's interest in problems of patriotism, theoretical foundations for the formation and improvement of patriotic upbringing in schools. Having solved these problems, we can prove the necessity of bringing up vitally active in conscious young people.

Key words: *idea of Patriotic, folk pedagogy, folk pedagogy, the national game of the Kazakhs, msales patriotism.*

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

УДК 81

РОЛЬ КОММУНИКАТИВНЫХ ИГР ПРИ ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ ВУЗОВ

Абайдельданова М.К.

*Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган,
meruert.abaydeldanova@mail.ru*

В статье рассмотрены игровые формы работы при обучении русскому языку студентов неязыковых специальностей вузов. Объектом анализа является использование коммуникативных игр на занятиях русского языка. Особое внимание уделяется формированию коммуникативных навыков у студентов, изучающих русский язык.

Ключевые слова: *игра, игровое обучение, коммуникативные игры, речевая деятельность, русский язык*

Игра – одно из замечательнейших явлений жизни, деятельность, как будто бесполезная и вместе с тем необходимая. Невольно чаруя и привлекая к себе как жизненное явление, игра оказалась весьма серьёзной и трудной проблемой для научной мысли. Различные исследователи и мыслители нагромождают одну теорию игры на другую — К. Гросс, Ф. Шиллер, Г. Спенсер, К. Бюлер, З. Фрейд и пр. Каждая из них как будто отражает одно из проявлений многогранного, переливчатого существа игры и ни одна, по-видимому, не охватывает подлинной его сущности. Всё же человеческая игра — это никак не просто функционирование созревших в организме систем и не движение, которое совершается только потому, что внутри организма накопился излишек нерастроченной энергии. Игра — это деятельность; это значит, что игра является выражением определённого отношения личности к окружающей действительности. В игре выражается более непосредственное отношение к жизни, она исходит из непосредственных побуждений — непосредственных интересов и потребностей[1, 649].

Игровое обучение имеет глубокие исторические корни. Известно насколько игра многогранна. Она обучает, развивает, воспитывает, социализирует, развлекает. Но исторически одна из первых ее задач - обучение. Не вызывает сомнения, что игра практически с первых моментов своего возникновения выступает как одна из форм обучения, являясь способом воспроизводства реальных практических ситуаций с целью их освоения и выработки необходимых человеческих черт, качеств, навыков и привычек, развития способностей. Еще в древних Афинах практику организованного воспитания и обучения пронизывали приемы сравнения и сопоставления, обеспечиваемые пафосом соревнований. Дети, подростки, юноши постоянно состязались в гимнастике, танцах, музыке, словесных спорах. В Западной Европе в эпоху Возрождения и реформации к подлинному использованию принципов игрового обучения призывали Томмазо Кампанелла и Франсуа Рабле. Они хотели, чтобы дети без труда, без принуждения, а как бы играя, знакомились со всеми науками. Джон Локк рекомендовал использовать игровые формы обучения. Жан-Жак Руссо, ставя задачи гражданского воспитания человека, предлагал программу педагогических мероприятий: общественно полезный труд, совместные игры, празднества. Педагогический феномен игры истолкован в трудах А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинского, К.Д.Ушинского. Игра является неременной слагаемой педагогических технологий современной высшей школы.

Роль игр при обучении русскому языку студентов неязыковых специальностей казахского отделения незаменима. Многие методисты считают, что на раннем этапе овладения русским языком именно игра является наиболее эффективной формой обучения. С помощью игры у студентов развивается интерес к иноязычному общению, создается иноязычная информационная база (словарь, речевые клише, фразы), формируются речевые механизмы. Достоинство игровых методов и приемов обучения заключается в том, что они вызывают у студентов повышенный интерес, положительные эмоции, помогают концентрировать внимание на учебной задаче, которая становится не навязанной извне, а желанной. Они позволяют решать учебные задачи в атмосфере заинтересованности и активности. В ситуации игры процессы восприятия, понимания и усвоения протекают в сознании студентов более точно и быстро. Популярность игровых форм занятий во многом связана с тем, что игровые манипуляции реализовывают также важнейшие коммуникативные и лингвистические функции. Игры помогают сделать процесс познания и закрепление пройденного материала более продуктивным за счет повышения интереса студентов к тем аспектам, которые могут казаться им скучными. Закрепление старых и приобретение новых речевых навыков и умений в игровой форме происходит более активно. К тому же во время игры, в отличие от индивидуального опроса, задействованы все студенты группы, что позволяет им раскрыться в большей степени, проявить лидерские качества. Чтобы игра на занятиях русского языка прошла успешно, следует учитывать некоторые условия и хорошо подготовить ее. Например,

- Следует заранее продумать, отвечает ли игра цели данной темы занятия;
- игра должна строиться на материале, который знаком студентам;
- игра должна служить для закрепления или повторения учебного материала. Не рекомендуется использовать игру для изучения нового материала, так как студенты будут делать много ошибок, и это нарушит течение игры;
- правила игры нужно формулировать коротко и ясно;
- в каждую команду лучше включать студентов с различной подготовкой, чтобы по возможности в командах были равные силы;
- результаты игры можно записывать. Активность студентов повышается, если результаты записаны на доске, чтобы все могли следить за ними;
- к использованию игры в каждом случае надо подходить творчески: решать, что в этой игре может увлечь студентов, что будет полезно повторить. Преподаватель может изменить условия игры, упростить или усложнить задание, учитывая подготовленность группы.

Классификация игр может носить различный характер, однако, чаще всего игра развивает или языковые навыки, или коммуникативные.

Основное назначение коммуникативных игр - организация языкового общения. Они представляют собой учебные задания, в ходе которых формируются и совершенствуются речевые навыки. Коммуникативные игры на занятиях русского языка позволяют активизировать языковой материал в речевых ситуациях, которые имитируют реальный процесс общения. Они вносят разнообразие в процесс обучения, стирают психологические барьеры в общении студентов, стимулируют их активность. В их ходе обычно возникает дискуссия, обмен мнениями, информацией, учащиеся приобретают навыки, необходимые им для реального общения. Выполняя коммуникативные задачи определенной ситуации, студенты решают их общедоступными и общеизвестными средствами, поскольку используют опыт всего коллектива группы, находят решение поставленной задачи, приходят к общему соглашению.

Далее мы рассмотрим более подробно некоторые виды игр, которые можно применять на занятиях русского языка.

1. «Давайте узнаем больше друг о друге».

На первом занятии знакомство можно сделать более интересным, если не просто попросить студентов рассказать о себе, а заполнить анкеты следующего типа, кроме официальной информации о персональных данных студента, можно предложить учащимся дополнить предложения, например:

- Мое любимое место на Земле -...;
- в детстве я мечтал (а)...;
- в ближайшие несколько недель я бы хотел (а) ...;
- больше всего я боюсь...;
- больше всего я люблю...;
- если бы я не поступил (а) в этот вуз, я бы поехал (а)...;
- русский язык...

Следующий этап - построение вопросов к данным высказываниям. Цель игры - поговорить с каждым студентом в группе, ответить на вопросы и запомнить информацию друг о друге. В конце игры преподаватель собирает анкеты и выборочно читает утверждения. Например, студент написал, что больше всего он любит читать книги. Задача группы вспомнить, кто это.

2. Сочиняем истории: «От А до Я».

Группа делится на две или три команды (в зависимости от количества учащихся). Каждая команда получает лист с вертикально напечатанным на нем алфавитом. Задача – написать предложения, начинающиеся, соответственно, с данных букв. Но это должны быть не отдельные предложения, а связный текст с сюжетом. Команды могут сами придумать сюжет, он может быть привязан к теме, которая изучается в данный момент. Цель данной игры – проверить словарный запас студентов, развитие креативного мышления, умение работать в коллективе.

3. «Правильно или Неправильно».

Цель: практиковать понимание путем ложных и истинных утверждений.

Реализуемый материал: слова и конструкции, которые употребляются, должны быть известны студентам. Игра может быть адаптирована к любому уровню.

Подготовка к игре: составьте список подходящих предложений. Поставьте два стула у доски так, чтобы было достаточно места и студенты могли подойти к стульям. Над одним стулом поместите табличку «правильно», а над другим – «неправильно».

Описание игры. Разделите группу на две команды и пронумеруйте игроков. Затем произносится предложение, например: «Санкт-Петербург – столица России». После паузы называется номер «Пять». Номер пять из каждой команды должен выйти и сесть – в данном случае на «неправильный» стул – и получает очко для своей команды. Наглядный пример в таблице 1.

Таблица 1. «Правильно-Неправильно»

«Правильно»	«Неправильно»
В русском языке пять функциональных стилей речи	Полилог – это речь одного человека
Кавалерия-конница – это синонимы	А.С.Пушкин жил в 20 веке
Слово «Язык» имеет много значений	«Я помню чудное мгновенье...», строчки из стихотворения М.Ю.Лермонтова

Комментарий. В игре могут быть использованы фрагменты изучаемых текстов. Преподаватель готовит несколько текстов (предложений), которые правильны или неправильны в соотношении с текстом известным студентам. Это может быть одним из

способов проверки домашнего задания. Игры, в которых играющие двигаются, обычно очень популярны, однако, если создается много шума, то студенты могут оставаться на местах и отвечать: «Правильно» или «Неправильно». Они могут также помечать свои ответы индивидуально или в командах на листе для ответов.

4. Слова с перепутанными буквами.

Цель: тренировать правописание изученной лексики.

Реализуемый материал: существительные, относящиеся к выбранной тематической группе.

Подготовка к игре: преподаватель должен подготовить несколько групп с перепутанными буквами, каждая группа относится к какой-то тематической группе.

Описание игры: студенты работают индивидуально или в парах. Чтобы отнести слова к какой-то теме, дается одна минута на каждую группу слов. Победителем является тот, кто набрал большее количество правильных слов.

Например, вот, что я ем на завтрак:

олмкоо	ырс
кисосис	айч
ласат	офек

(правильные слова: молоко, сосиски, салат, сыр, чай, кофе)

Альтернатива. Дайте возможность каждой команде подготовить список слов с перепутанными буквами, которые попытаются разгадать другие команды. Каждая группа слов должна объединяться одной темой. Это хороший способ заставить студентов учить новые слова в тексте [2, 10-13].

5. «Скажи иначе».

Цель: объяснить слова, используя описания, синонимы и антонимы.

Реализуемый материал: игровой блокнот, карандаш, песочные часы и 50 двухсторонних карточек со словами.

Подготовка к игре: студенты делятся на команды.

Описание игры: каждая команда выбирает карточку, дается время на обсуждение. На карточках могут быть любые слова – существительные, глаголы, прилагательные и т.д. При объяснении нельзя использовать части разгадываемого слова, а также однокоренные слова. **Например,** при объяснении слова «автобус» нельзя говорить о «типе автомобильного транспорта». Можно сказать, что это «маршрутное транспортное средство». При объяснении слова «самолет» нельзя говорить о том, что это «летающее средство передвижения», потому что в словах «летающее» и «самолет» один и тот же корень. Когда команды готовы, песочные часы переворачивают, и игрок начинает объяснять слово. Слова должны быть угаданы именно в той форме, в которой они приведены в карточке.

6. При изучении темы «**Публицистический стиль**» можно использовать игру «**Интервью**».

Цель: тренировать беглость в вопросно-ответной беседе.

Реализуемый материал: достаточное знание языка, чтобы вести довольно беглый разговор в пределах знакомого словаря и в пределах знаний грамматики.

Подготовка к игре: каждый студент или команда должны выбрать хорошо известное историческое лицо и узнать интересные факты о нем перед игрой.

Описание игры: группа из четырех студентов работает вместе. Один из них изображает хорошо известное лицо, другие интервьюируют его. Позже они могут поменяться ролями. Они могут спрашивать о личной жизни этого человека, о семье и работе, которую он выполнял и т.д. остальные студенты могут пересказать то, что они узнали и дополнить информацию об этом человеке самостоятельно.

Альтернативы: 1) вся группа может изобразить пресс-конференцию, где может задавать вопросы неограниченное количество журналистов. 2) группа может придумать воображаемую ситуацию, являющуюся причиной интервью. 3) выберите героя из книги, которую прочитали студенты и проинтервьюируйте его [2, 38].

Итак, мы рассмотрели лишь малую часть коммуникативных игр, которые можно использовать в учебном процессе. Умелое сочетание игр разных видов позволяет провести занятие более интересно и занимательно. В игре создается непринужденная атмосфера, способствующая абстрагированию от обстановки на занятии, что способствует снятию языкового барьера и наиболее полной реализации коммуникативного потенциала студентов. Также коммуникативные игры способствуют включению в процесс всех учащихся, в том числе и тех, чьи навыки в ту или иную сторону отличаются от среднего показателя группы.

Таким образом, коммуникативные игры – это полноценная часть учебного процесса, не менее важная, чем традиционное выполнение упражнений из учебника или пересказ текста. Создавая возможность для общения, пусть даже ограниченную искусственными рамками, коммуникативные игры становятся тем звеном, которое связывает педагогический процесс и реальный мир.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Издательство: Питер, 2002.
2. Губанова Т.В., Нивина Е.А. Русский язык в играх: учебно-методическое пособие. – Тамбов: Изд-во Тамб. гос. техн. ун-та, 2007.

Абайдельданова М.К.

ЖОО тілдік емес мамандық студенттерін орыс тілін оқытудағы коммуникативтік ойындарының рөлі

Мақалада ЖОО тілдік емес мамандық студенттеріне орыс тілін оқытудағы ойын формалары қарастырылады. Талдау нысаны ретінде орыс тілі сабақтарында коммуникативтік ойындарды қолдану ерекшелігі алынды. Орыс тілін меңгеретін студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға айрықша назар аударылады.

Кілттік сөздер: *ойын, ойын арқылы оқыту, коммуникативтік ойындар, тілдік әрекет, орыс тілі.*

M.K. Abaideldanova

The role of communicative games in learning russian language among students non-linguistic specialities

In the article game forms of work are considered when teaching students of non-linguistic specialties of higher education to the Russian language. The object of analysis is the using of communicative games in Russian lessons. Special attention is paid to the formation of communicative skills among students of the Russian language.

Key words: *game, game training, communicative games, speech activity, Russian language.*

ӘОЖ 810

**АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ
КОНЦЕПТУАЛДЫ ТАЛДАУ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТӘРЖІМАЛАУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
(С.МОЭМНІҢ «АЙ ЖӘНЕ ТАҚЫР ТИЫН» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Алпысбаева А.Е., Букеева А.С.

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Талдықорған қ., aygul.alpysbaeva.91@mail.ru, bukeeva_akbota@mail.ru*

Бұл мақалада «Аударма ісі» мамандығының білімгерлеріне ағылшын жазушысы С.Моэмнің «Ай және тақыр тиын» романындағы ағылшын мәдениетінің соматикалық кодымен байланысты фразеологизмдерді қазақ тіліне концептуалды талдау арқылы аудару ерекшелігі көрсетіледі. Қазіргі лингвистикадағы антропоцентристік, аударматанудағы лингвомәдени бағыттың басымдылығы негізінде «сөз» және оның «мағынасын» емес, фразеологизмде жасырын тұрған «мәдени кодты» концептуалды талдау арқылы анықтап аудару аудармадағы өрескел қателіктерге жол бермейтіні дәлелденеді.

Кілттік сөздер: *мәдени код, мәдениеттің соматикалық коды, концепт, концептуалды талдау, соматикалық фразеологизмдер, көркем аударма, эквиваленттілік*

Қазақстандағы аударматану ғылымы жан-жақты зерттеуді, зерделеуді, отандық ғылыми дискурсты құруды талап ететін, қарқындап ілгері қадам басып келе жатқан жас ғылымдардың бірі. Елімізде аудармаға қатысты пікірлер 1950 жылдардан бастап көбірек айтыла бастады. Өйткені осы кезеңде біздің елімізде аудармаға баса мән беріліп, біршама әдебиеттер (көркем шығармалар) бір тілден екінші тілге аударылды. Б.Т. Суюмбекова, М.Ж. Бельгибаева «Қазіргі қазақ аудармашылары және аударматану ілімі» атты еңбектерінде «Елуінші жылдарда ең алғаш болып аударманың тілдік – стилистикалық аспектісіне тоқталған ғалым М.Әуезов еді. Ғұлама жазушының ғылыми тұжырымдарымен таныса келе, біз М.Әуезовті Қ.Жұбановтан кейінгі аударманың лингвистикалық теориясының негізгі мәселелерін көрсетіп берген ғалым деп есептейміз» [1,140] деп жазады. Себебі, бұл кезеңге дейін қазақ интеллегенциясы, жазушылар мен журналистер, сондай-ақ, ғалымдар бір тілден екінші тілге аудару ісі тек әдебиеттану ғылымының мәселесі деген тоқтамға келді. Бұдан әрі М.Әуезов көрсеткен «ақын-жазушының өз ана тілінің ұлттық формасы мен түрін кәдеге жаратып, өз тарапынан» жаңа сөз туындыларын қосу, жаңа сөз байланыстарын жасап, бар сөздердің мағыналарын тереңдету, жанартуы керек» деп айтқаны-аударманың лингвистикалық теориясының бастауы іспеттес болды [1,140]. Ғалым-жазушының мұндай пікірге келуінің бірнеше себептері кейінгі ғылыми тұжырымдамаларда көрініс алды. Мәселені айқындау үшін Р.К.Садықова өз зерттеуінде ғалым А.Алдашеваның төмендегі тұжырымына тоқталып өткен: «Тәржіманың толыққанды жазба үлгілерінің қалыптаса бастаған кезеңі - 1920-30 жылдар; ал шын мәнінде алғашқы тәжірибелер қорытылып, кемшіліктер жөнге түсіп, «көркем аударма да соны шығармалар сияқты, творчестволық еңбекті, шеберлікті талап ететін үлкен искусство» екенін мойындатқан 1950-1960ж. арасы [1,140]. Бұл кезең, сондай-ақ, қоғамдық-саяси, ресми мазмұндағы әдебиеттің, оқу-ағарту әдебиетінің жаппай тәржімалана бастаған кезі болатын.

Ал қазіргі қазақ аудармашыларының алдында үлкен міндеттер тұр. Солардың бірегейі қазақ халқының әдеби мұрасын әлемге танытып қана қоймай, әлем әдебиетінің баға жетпес туындыларын өз еліне таныту. Себебі ғылым-білімдегі ең озық тәжірибе жетістіктері алдымен ағылшын тілінде жарияланады. Бұл міндетті орындауға себепкер

болатын аудармашы мамандығын таңдаған білімгерлер көркем туындыны сапалы аударудың бірден-бір кепілі – тіл мен мәдениет арасындағы байланыстан алшақтамай, түпнұсқа мәтіндегі мәдени коннотация мен концептілер жүйесіне талдау жасап барып қана аудармаға кірісу керек екендігін түсінуі тиіс. Көркем аудармада ең алдымен қиындық тудыратын элементтер – мәдени шартталған ұғымдар. Тілдегі сипаттардың бір мәдени кодтан екінші мәдени кодқа трансформациялануы метафора мен метаномиялардың туындауына себепкер болады. Терминологиялық сөздікке назар аударсақ, мәдени код – мәдениеттің осы берілген типін түсінудің кілті: бұл халыққа ата-бабадан қалған қайталанбас мәдени өзгешеліктер, бұл мәдениетке тиесілікті анықтауға мүмкіндік беретін қандай да формада жасырынған ақпарат [2]. Осындай ақпаратты аудармада концептуалды талдау жасамай, ізденіссіз аударма салу аудармашыны үлкен қателіктерге әкеліп соқтырады, көркем туындының мәнін жоғалтады. Көркем аудармада орны ерекше концептуалды талдаудың алғышарты – «концепт» ұғымы. Ғалым Ю.С. Степановтың еңбектеріне сүйенсек, концепт адамның менталды дүниесіндегі мәдениеттің негізгі ұясы, ол біріншіден, ұғымның мазмұнын қамтиды және оны мәдени факт ететін – этимология, нақты бір концептінің қысқаша тарихы, заманауи ассоциациялар, бағалар, тәжірибе және т.б. қамтиды [3, 71]. С. Аскольдов концептті ойлау барысында адамға бір-біріне жақын көптеген заттардың орнын алмастыратын ойлау құрылымы деп анықтаған [4,12]. В.А. Маслова концептке келесі анықтаманы береді: «Концепт окружен эмоциональным, экспрессивным, оценочным ореолом; это тот, «пучок» представлений, понятий, знаний, ассоциаций, переживаний, который сопровождает слово и выражаемое им понятие. Концепты – предмет эмоций, симпатий и антипатий, а иногда и столкновений различных мнений». Ғалым әрі қарай ұғым мен концепті былайша ажыратады: «Если понятие – это совокупность познанных существенных признаков объекта, то концепт – ментальное национально-специфическое образование, планом содержания которого является вся совокупность языковых средств (лексических, фразеологических, паремнологических и др.)» [5, 26-28]. Келтірілген анықтамаларды түйіндесек, концепт ол сөзді және оның беретін мағынасын сүйемелдейтін түсініктер мен ұғымдар, байланыстардың жиынтығы болып табылады. Концепт концептуалды талдауға әкелді. Адамның ішкі әлемінің концептілері, орыс, ағылшын, неміс және француз тілдерінің әлем бейнесінің концептуалды құрылымының этномәдени ерекшеліктерін зерттеу аясындағы жұмыстарымен белгілі Мәскеудің Кемеров мектебінің зерттеулеріне сүйенсек, концептуалды талдау әдісі бірнеше кезеңнен тұрады: концепт сөздің ішкі қалпының талдауы; концептуалды метафоралар мен метаномияларды зерттеу (концепттің бейнелі белгілері), концептті категоризациялау әдісін қызметтік, құндылық және бағалау белгілері арқылы сипаттау, сөздің лексикалық мағынасына талдау жасау, символикалық белгілерді анықтап, сценарийді зерттеу.

Аудармашы білімгерлерді осындай талдауға машықтандыру үшін аудармашы педагогтар көркем аударма бойынша практикалық сабақтарда түрлі тәжірибе ұйымдастыра алады. Мысалы, ағылшын жазушысы Сомерсет Моэмнің «Ай және тақыр тиын» романындағы ағылшын мәдениетінің соматикалық кодын білдіретін фразеологизмдердің қазақ тіліне аударуды концептуалды талдау арқылы жүзеге асыру аударма үрдісін қаншалықты нәтижелі, жеңіл әрі тиімді ететініне көз жеткізіп көрейік.

Бірақ алдымен не себепті фразеологизмдер және не себепті дәл соматикалық фразеологизмдер деген сұрақтарға жауап беру орынды. В.А.Маслова «Лингвокультурология» атты еңбегінде бірінші сұраққа төмендегідей ұтымды жауап береді: «Не себепті дәл фразеологизмдер, метафоралар, символдар зерттелінеді? Себебі олар халықтың мәдениеті мен ділі туралы мәліметтің ең бағалы қайнар көзі, оларда мифтер мен аңыздар, әдет-ғұрып сақталған» [6, 10]. Атақты орыс тілтанушысы Б.А.Ларин осы ойды дәлелдей түседі: «Фразеологизмдер үнемі жанама түрде халықтың көзқарасын,

қоғамдық құрылымын, өз дәуірінің идеологиясын бір тамшы шықта көрінген таң шуағындай бейнелейді» [6, 10]. Дәл осындай қасиетке метафоралар мен символдар да ие.

Сондай-ақ фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аудару күрделі мәселелердің бірі екенін атап айтпасқа болмайды. Аударма үдерісінде фразеологизмдердің толық мағынасын жеткізу жеткіліксіз, аудармашы түпнұсқадағы фразеологизмнің ұлттық «рухын» беруге тырысуы керек. Оған дәлел бірқатар ғалымдардың тұжырымдамалары. Қырғыз ғалымы Н.К.Абдыракматова «фразеологиялық бірліктерді бір тілден екінші тілге аударудағы қиындықтар – олардың ұлттық калорит ерекшеліктерін, автордың фразеологизмді ауыспалы мағынада қолданылуын (авторлық, жеке), белгілі бір тарихи уақыт шеңберінде қолданылған фразеологизмдердің өзіндік мағынасын дұрыс жеткізу мәселелерін қамтиды. Аудармашы әр фразеологизмнің түпкі этисологиясын, сол халықтың сөйлеу мәдениетін жетік біліп, тиісті эквивалентін таңдайды. Ал ол эквивалент грамматикалық форма, эмоциональды-экспрессивті мағына, ішкі құрылымы мен стилистикалық қолданысы жағынан тепе-теңдікте болуы тиіс» [7, 11] – десе, қазақ ғалымы А.Алдашева аудармашының міндетіне келгенде «тәржімашы тепе-теңдікті дәл табу керек. Бұл үшін «фондық ақпарат», «фондық білім» яғни түпнұсқаның көздеген идеясын, негізгі мазмұнын, автордың тілстиль шеберлігін, ақыр соңында екі тілдің күллі лексикалық-грамматикалық жүйесін жетік білуі, меңгеруі аса маңызды» [8, 168] деген тұжырым жасайды.

Ал, қазіргі лингвистикадағы негізгі идея болып табылатын тілдің антропоцентристік бағыты соматикалық фразеологизмдерге ерекше назар аудартады. Антропоцентристік парадигма - ол зерттеушілер назарының объектілерді танудан субъектіні зерттеуге ауысуы, яғни тілдегі адам мен адамдағы тілдің зерттелуі. И.А.Бодуэнде Куртэне айтқандай «Тіл тек белгілі бір тілдік қоғамды құрайтын индивидтердің психикасында, санасында, миында өмір сүреді» [6, 11]. Аталмыш парадигма адам денесін әлемнің тілдік және концептуалды құрылуының моделі деп мойындайды. Және дененің параметрлері таным мен концептуалдану параметрлеріне айналады. Шетелдік ғалымдар (В. Подорога, Л. Талми, Дж. Лакофф, М. Джонсон) әлемнің антропоморфтық концептуалдануы жаңа мағыналардың тууына немесе қолданыстағы мағыналардың метафорикалық концептуалды өзгерістеріне әкелуі мүмкін деп тұжырымдайды [9,125]. Сонымен қатар лингвист Ю.А.Башкатованың «...соматикалық код түсінігі әмбебап болып табылады, себебі жер бетінде өмір сүретін барлық адамдардың дене және оның мүшелері туралы түсінігі жалпыға белгілі адам құрылымы мен дененің қызметімен шартталған. Сондай-ақ түрлі тіл мен мәдениет өкілдерінде дене мүшелерінің атаулары тек өздеріне түсінікті ассоциациялар, бір біріне ұқсамайтын эмоция, бағалау және символикалық мағыналарды тудыруы мүмкін. Демек соматикалық код тек әмбебап емес сондай-ақ мәдени шартталған: қандай да бір халықтың қоғамдық және әдеби дәстүрлерінде орын алған білім оның мазмұнына өзіндік із қалдырады» [10, 93] деген көзқарасы мен «Соматикалық лексика, яғни адам денесінің мүшелері мен ішкі органдары, биологиялық субстанциялары мен жабындылары әлемнің кез келген тілінде жиі қолданыспен ерекшеленуі бұл лексикалық аяның индивидтің санасында қалыптасқан әлемнің бейнесін суреттеуде алатын орнын айқандайды» [11] деген лингвист М.С. Иевскаяның тұжырымы соматикалық фразеологизмдерді зерттеу объектісі ретінде алынуына түрткі болды.

Ал Сомерсет Моэмнің аталмыш романы фразеологизмдерге, әсіресе соматикалық фразеологизмдерге бай: *to lose one's head, to rub shoulders with somebody, to rack one's brain, to make head and tail of something, to believe one's eyes, to keep body and soul together, to hold somebody's tongue, to cut the ground from/ under someone's feet, somebody's feet walking in the mood, to be at hand, to have a heavy heart, roof over somebody's head, to have unerring eye.* Мысалы, автор романда «*to make a head or tail of something*» (жолма-жол аудармасы: бір нәрсенің басы мен құйрығын жасау) соматикалық фразеологизмін бірнеше рет қолданады: «*Mrs Strickland pondered deeply for some time. It was quite clear that she couldn't make head or tail of my announcement*» [12, 61] (Жолма-жол аудармасы: «Миссис Стрикланд біраз уақытқа терең ойға шомды. Оның мен айтқан хабардың ақ-қарасын ажырата алмай тұрғаны ап-анық еді.») немесе «*Do not ask me. I couldn't make head or tail of it. I never saw such a thing in my life*» [12,191] (Жолма-жол аудармасы: «Меннен сұрама. Мен оның ақ,

қарасын тани алмадым. Ондай нәрсені өмірімде ешқашан көрген емеспін»). Кембридж баспасының түсіндірме сөздігінде бұл фразеологизмге мынадай түсініктеме беріледі: «It means to realize something clearly or to understand someone or something that someone has said» [13, 129]. Яғни, бір нәрсені немесе біреудің айтқанын анық түсіну, ажырату. Жоғарыдағы екі мысалда да автор фразеологизмді болымсыз түрде қолданады. «Head» қазақ тілінде «бас». Дененің бас жағының, алдыңғы бөлігінің функционалды, мәдени басымдылыққа ие болуы бұл соматикалық аймақта бас, бет әлпет, қол тәрізді адамның тіршілік етуіне қажет аса маңызды дене мүшелерінің орналасуы себеп болады. Баста мидың орналасуы бүкіл дененің барлық мүшелерінің қозғалысын, ойлау әрекетін басқару мүмкіндігін береді. «В любой системе управления отношения управляющего и управляемых предстает как пирамидальная структура верха и низа аналогично мифологической концепции божественного устройства мира, аналогично и специфическому строению человеческого тела, в котором прямохождение на задних конечностях сделало управляющий орган – голову – вершиной телосложения» [14, 78]. Сол себепті аталмыш фразеологизмді «to make tail and head of smth» деп айту өте орынсыз болар еді.

Дәл осындай ерекшелік қазақ тілінде де бар. Қазақ тілінде бұл тіркестің эквиваленті жоқ, бірақ бір нәрсенің ақ-қарасын ажырату; ақ, қараны таныды (оң, солын білді) деген аналогын атауға болады: қазақ тілінің фразеологиялық сөздігіне сүйенсек, «Ақ пен қара: дұрыс-бұрысы, жөні мен қисығы. Мысалы, Ынсапсызға не керек, істің ақ пен қарасы. «Нан таппаймыз» демейді, Бүлінсе елдің арасы (Абай) [15, 465]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «ақ» сөзінің ауыспалы мағыналарына келесідей анықтамалар беріледі: 3. Ауысп. Адал, таза. 4. Сұлулық пен әдемілік бейнесі. 5. Махаббат пен сүйіспеншілік бейнесі. 6. Қадір мен қасиет бейнесі. 7. Құрмет пен ілтипат бейнесі.

АҚ II 1. Шын, тура, ақиқат; хақ. 2. Құдай, пір, алла; хақ тағала. [16, 28-29] Демек, «ақ» сөзі қазақ тілінде жоғары адами құндылықтардың символы. Жүректің, көңілдің, ниеттің ақтығы – рухани байлықтың жоғары шыңы деп есептеледі. Ал, «қара» сөзі қарама-қарсы мағынаға ие, қара жүректі, қара ниетті, қара ойлы, қарабет – ұятсыз, арсыз, жексұрын; қара бауыр – тасбауыр, мейірімсіз адам деген түсініктер қалыптасқан. Қазақ тілінде де «қара-ағын ажырату» деген тұрақты тіркестің өмірге келуі де мүмкін емес болар еді. Себебі концептуалды қалыптасқан құндылықтар реті сондай. Ақ символикасы-жақсылық, қара- жамандықтан жоғары тұрады. Яғни, ағылшын тіліндегі тұрақты тіркес қазақ тіліндегі аудармада соматикалық бейнелілігін жоғалтқанмен екі тілде де жоғары-төмен семиотикалық құрылымы іске асады.

Ал, көру мүшесі көзге қатысты фразеологизмдер романда бірнеше рет қолданыс тапқан: ‘I didn’t altogether believe my eyes. The days that had passed since I left Wellington seemed extraordinary and unusual’. [12,173] Жолма-жол аудармасы: «Мен өз көзіме өзім сенбедім. Веллингтоннан кеткеннен бастап өткізген күндерім әдеттен тыс ерекше болып көрінді».

‘To believe one’s (own) eyes’ (өз көзіне өзі сену) фразеологизміне мынадай анықтама беріледі: to believe one’s (own) eyes means to believe to what you see, mostly used in a negative form [13, 196]. Яғни, көргеніне сену дегенді білдіреді әрі көбінесе болымсыз түрде қолданылады. Қазақ тілінде бұл тұрақты тіркестің толық эквиваленті бар «өз көзіне өзі сенбеу» және қазақ тілінде де көбінесе болымсыз формада ғана қолданылады. Бірақ формасы болымсыз болғанымен, мағынасы жағымды эмоциямен, бір нәрсеге таңғалумен де байланысты болуы мүмкін.

Келесі тұрақты тіркеске «to have unerring eye» (жолма-жол аудармасы:қырағы көзі бар болу) бір нәрсені көруге немесе табуға табиғи қабілеті бар адамға, оның ерекшелігі мен қабілетін суреттеуге қолданылады деп анықтама берілген: «to have unerring eye» means to have a natural ability for seeing or finding something and used while describing a man’s peculiarities and character [13, 224]. ‘He had an unerring eye for the despicable motive in

actions that had all the appearance of innocence.' [12, 9] Жолма-жол аудармасы: «Ол еш күнәсіз болып көрінетін әрекеттердегі арам ойлы түрткіні көретін қырағы көзді болатын». Қазақ тілінде ондай адамды қырағы көз (көзі қырағы болу) деген тұрақты тіркеспен сипаттайды. Көзі қырағы болу, қырағы көз: тез байқап қалатын, барлағыш адам. Мысалы: «Қырағы көз, Қалғып кетті дегізбе, Жау тұмсығын шепке жақын енгізбе!» (С.Сейфуллин) [15, 297];

Демек, екі тілде де көру мүшесінің атқару қызметіне байланысты туындаған тұрақты тіркестер екі мәдениеттегі соматикалық кодтың ұқсас элементі болып табылады.

Автормен бірнеше рет қолданылған келесі соматикалық фразеологизм «skin and bone(s)» (жолма-жол аудармасы: тері мен сүйек(тер). Сөздіктегі анықтамасы: «Skin and bone(s) is a phrase which was created by Dickens and means to be exhausted, weak and famished. It's used to describe a man. Synonym: a bag of bones» [13, 36]. Яғни, бұл тұрақты тіркестің авторы Ч.Диккенс әрі қажыған, әлсіз, ашыққан болуды білдіреді. Адамды сипаттауға қолданылады. Синонимі «сүйек толған қап». С.Моэм бірінші мысалда бұл тұрақты тіркес арқылы адамның адамның ауырып, құр сүйек болып қалғанын сипаттайды: 'In a few days Strickland began to get up. He was nothing but skin and bone. His clothes hung upon him like rags on a scarecrow.' [12, 107] Жолма-жол аудармасы: «Бірнеше күнде Стрикланд аяққа тұра бастады. Оның құр сүйек сұлдері қалған. Үстіндегі киімі бақша қаракшысына ілініп тұрған ескі-құсқы шүберектей салбырап тұрды.»

Қазақ тілінде де адамның азып, қажығанын сипаттау үшін «құр сүйек-сұлдері қалды» деген тіркес жиі қолданылады. Құр сүйегі (сұлдері қалды. Сұлдер – адамның әбден жадаған, шапшаған кейпі): әбден арықтап, жүдеді, қалқиған денесі қалды. Мысалы: «Бізден бетер Таңсықтың ашыққаны батты, сап-сары болып қатып, құр сүйегі қалды.» (Б.Майлин) [15,327]; «Жалғыздықтың түсіп басына Батырбек сонда қамықты, Сырты бүтін, іші түгін, Құр сүйегі қалыпты.» (Н.Байғанин) [15,318];

Ал, адамның тіршілігі үшін маңыздылығы жағынан жүректен кейін тұратын «қан» концептісінің антропоморфтық белгілері әр түрлі әрі қазақ халқының дүниетанымында аса ерекше орынға ие. Ең біріншіден ол адамның тегі жайында ақпарат береді. Халқымыз ежелден тектілікке, қан тазалығына аса мән беріп, жеті атадан аспай қыз алыспаған, жеті атасын білмеген жетесіз деп атаған. Содан қаны таза, қаны бір, тегі бір, қанында бар деген тұрақты тіркестер қалыптасқан әрі жиі қолданысқа ие. Сомерсет Моэмнің романда «қан» концептісіне қатысты фразеологизмдерді жиі қолдануы әрі қазақ тіліндегі фразеологизмдермен мағыналық эквиваленттілігі соматикалық лексиканың әмбебаптығының тағы да бір белгісі. Мысалы, to be in one's blood or to have something in one's blood (жолма-жол аудармасы: біреудің қанында болу). Ағылшын тілінің фразеологиялық сөздігінде бұл тіркеске төмендегідей анықтама беріледі: «It means to have mankind qualities or feature of character, appearance which are inherited». Яғни, бұл қанмен берілген адамдық қасиеттер, мінез қырлары мен бет-әлпетке ие болу. Романнан мысал келтірсек: 'I made allowances I have always had sympathy for artists. It's in our blood, you know.' [12,191] Жолма-жол аудармасы: «Мен жеңілдіктер жасадым, менің үнемі суретшілерге жаным ашитын. Білсеңіз, бұл біздің қанымызда бар». Ағылшын жазушысы бұл фразеологиялық тіркес арқылы бүкіл әулеттеріне тән ортақ рухани қызығушылықты көрсету үшін қолданады. Қазақ тілінде аталмыш фразеологизмнің толық эквиваленттері бар: to be in one's blood – қанына тарту, шыққан тегіне бұру, қанында болу. Мысалы: «Кәрі қыран көре алмағанды жас қыран іледі. Тек айтарым: қанына тартпағанның қары сынсын дейді қазақ.» (І.Есенберлин) [15, 412];

Сонымен қатар романда адамның ішкі эмоциясын, сезімдерін көрсету үшін «қан» сөзіне қатысты бірнеше фразеологизмдер қолданыс тапқан. Солардың бірі «to make oneself bad blood» (жолма-жол аудармасы: өзінің қанын жаман қылу). It means to make oneself angry. Яғни, өз-өзін ашуландыру деген мағына беретін фразеологизм романда адамның ашу-ыза үстіндегі эмоциясын көрсету үшін қолданылған: 'But I don't imagine to yourself

that I make myself bad blood on that account.' [12, 90] Жолма-жол аудармасы: «Бірақ мен қанымды осы үшін қарайтамын деп ойламаппын». Қазақ тілінде де адамның ашу үстіндегі сезімін, ыза-кегін көрсету үшін қанын қайнату, қанын қарайту тұрақты тіркестері жиі қолданылады. Қаны қарайды – ызаға булықты, кектенді [15, 470]. Мысалы: «Абай сонша қабынып, қанына қарайғандай, отқа түсермендей боп келген екен [15,92]; «Қаны қайнады – ашу қысты, ызаланды». Демек, эмоцияны, адамның ішкі сезімін білдіруге қатысты қолданыс тапқан соматикалық лексика, яғни «қан», екі халықтың өміріндегі тілдік бейненің ұқсас екендігін тағы да бір дәлелдей түседі.

Болашақ аудармашы білімгерлерге аударманы осындай концептуалды негіздерді талдаудан бастауды үйрету көркем аудармада аударылмайтын немесе аудару қиындық туғызатын, мәдени шартталған, концептуализацияланған көркемдік-бейнелеу құралдарын, фразеологизмдерді тәржімалау үрдісін оңтайландырып, түпнұсқа авторының ойын айнытпай жеткізіп, түпнұсқа туындыда сипатталған мәдениеттің белгілерін бұрмалауға жол бермейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Б.Т. Суюмбекова, М.Ж. Бельгибаева. Қазақстандағы аударматану ілімінің даму тарихы мен қалыптасуы // ВЕСТНИК ЖГУ им. И. Жансугурова No 2-3 / 2012. 137-141 бб.
2. Интерактивті терминологиялық сөздік. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауындағы терминдер мен ұғымдар [Электронды ресурс]. <https://strategy2050.kz/news/10457> (Астана қаласы 30 Маусым 2016, 19:59)
3. Молчанова Г.Г. Английский как неродной: текст, стиль, культура, коммуникация. – М.: Олма Медиа Групп, 2007. – 381 с.
4. Джусупов Н. Проблема концепта в современной лингвистике // Преподавание языка и литературы. Научно-методический журнал, 2004. №4. –С. 12-17.
5. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие/ В.А. Маслова. Минск: Тетра Системс, 2004. – 256 с.
6. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: «Академия», 2001. – 194 с.
7. Абдырақматова Н.К. Особенности межъязыковой транспозиции фразеологических единиц. Автореферат. ...канд.фил.наук.- Бишкек,2011. – 23с.
8. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арда, 2006. – 248 б.
9. Пименова, М. В. Концептуальные исследования. Введение: учебное пособие / М. В. Пименова, О. Н. Кондратьева. – М.: Флинта, 2011. – 176 с.
10. Башкатова Ю.А. Соматический код в английской и русской языковой картине мира //ВестникКемГУ 2013 № 3 (55) Т. 2. –С.90-93.
11. Иевская М.С. Соматические фразеологические единицы (СФЕ) английского языка, включающие личностные характеристики человека // Международный научно-исследовательский журнал <http://research-journal.org/languages/> Выпуск Октябрь 2012.
12. Моэм С.У. «The Moon and Sixpence». М.: «Менеджер», 2004.-316.
13. Cambridge international dictionary of idioms. United Kingdom at University Press, Cambridge 2002. – 608 p.
14. Каган М. С. Философия культуры / М. С. Каган. – СПб.: Петрополис, 1996. – 415
15. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: «Ғылым», 1977.- 665.
16. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.-968б.

Алпысбаева А.Е., Букеева А.С.

Особенности перевода соматических фразеологизмов английского языка на казахский язык путем концептуального анализа (на основе романа С. Моэма «Луна и грош»)

В данной статье рассматриваются особенности перевода на казахский язык английских фразеологизмов, которые отражают соматический код культуры путем концептуального анализа на основе романа «Луна и грош» английского писателя С. Моэма. Анализ и выводы статьи показывают, что концептуальный перевод скрытого «культурного кода» которую несет в себе тот или иной фразеологизм не допускает ошибок при переводе нежели перевод «слова» и его «значения». Аргументы статьи обосновываются на лингвокультурном направлении переводоведения и антропоцентризма в современной лингвистике.

Ключевые слова: культурный код, соматический код культуры, концепт, концептуальный анализ, соматические фразеологизмы, художественный перевод, эквивалентность.

A.E. Alpysbanva, A.S.Bukeeva

Peculiarities of translation of English somatic phraseologies into Kazakh through conceptual analysis (on the basis of S. Maugham's novel "The Moon and sixpence")

This article examines the peculiarities of translating English phraseological units into the Kazakh language, which reflect the somatic code of culture through conceptual analysis based on the novel "The Moon and the sixpence" by the English writer S. Maugham. Analysis and conclusions of the article show that the conceptual translation of the secretive "cultural code" that this or that phraseology carries in itself does not allow mistakes in translation, rather than translating "words" and its "meanings." Arguments of the article are based on the linguocultural direction of translation studies and anthropocentrism in modern linguistics.

Key words: cultural code, somatic culture code, concept, conceptual analysis, somatic phraseology, artistic translation, equivalence

УДК 376.42

ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ КОГНИТИВНОГО ПОДХОДА ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Кылышпаева М.Х., Кылышпаева С.Х.

*Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова, г.Талдыкорган,
Madina_6709@mail.ru*

В данной статье обсуждается актуальность задачи формирования межкультурной коммуникативной компетентности - способности, позволяющей языковой личности выйти за пределы собственной культуры и приобрести качества медиатора культур, не утрачивая собственной культурной идентичности. При этом одной из центральных задач современного этапа изученности проблемы является создание концепции когнитивного подхода при формировании межкультурной коммуникативной компетентности и, в конечном счете, компетентности.

Ключевые слова: межкультурная коммуникативная компетентность, когнитивный подход, языковая личность, интеграция, глобализация.

Стабильность и благополучие мира в третьем тысячелетии во многом будут зависеть от способности молодого поколения проявлять терпимость, уважать иные культурные и социальные особенности, от воли и желания понять друг друга и сотрудничать друг с другом, искать и находить пути урегулирования социокультурных конфликтов.

Интегративные процессы в Европе и остальном мире, переход от биполярного к полиполярному сотрудничеству, от диалога к полилогу культур, постоянно растущая академическая мобильность молодежи требуют не только желания понять соседа по общему планетарному дому, но прежде всего предполагают готовность овладеть его языком. Хочется надеяться, что XXI век будет веком взаимопонимания, веком сотрудничества без этнических, расовых и культурных барьеров. Устранение этих барьеров зависит от воли, желания и способности людей разрешать возникающие межэтнические, межконфессиональные и межкультурные конфликты. Это возможно только на основе понимания и уважения социокультурных различий народов мира и практического осуществления основополагающих принципов межкультурной коммуникации.

Повышение интереса к проблемам межкультурной коммуникации в современном мире очевидно. Оно связано с процессами глобализации, выражающимися не только в процессах бизнес-интеграции, но и расширении инфопространства, развитии новых информационных технологий, расширении деловых и личных контактов. Казахстан постепенно входит в мировое сообщество, что обуславливает необходимость новых подходов при обучении иностранному языку студентов как лингвистических, так и нелингвистических вузов, для которых иностранный язык используется как инструмент будущей профессиональной деятельности. Так, анализируя содержание экономической деятельности в иноязычной среде, А.Ю. Попов отмечает, что «контакты с иностранными партнерами, которые раньше были эпизодическими и совершались через переводчика, в наше время стали реальностью повседневной жизни» [1]. В результате этого, как отмечает Е.И. Пассов, возникло противоречие между резко возросшей потребностью общества в повышении уровня «иноязычной грамотности», с одной стороны, и неэффективной системой обучения иностранным языкам, не обеспечивающей достижения конкретного позитивного результата, с другой [2]. Поскольку у каждого человека в его многочисленных социальных функциях представление о достигнутом результате будет индивидуальным, целью обучения иностранным языкам становится не набор конкретных умений, а формирование такой языковой личности, которой иностранный язык будет нужен «для жизни», «для общения в реальных ситуациях» [3], и которая будет в состоянии осуществлять эффективное общение с представителями других культур. Критерием эффективности реального общения является его продуктивность, достижение взаимовыгодных результатов [4]. Иностранный язык используется выпускниками экономических вузов в работе в иностранных представительствах казахстанских компаний, в иностранных компаниях, при коммуникации на разного рода профессиональных конференциях, в личном общении. Умение адаптироваться к новым информационным средствам, технологиям и потокам (в плане определения их надежности, профессиональной значимости, новизны, коммуникативной релевантности); быть профессионально подготовленным к участию в международных бизнес-коммуникациях; умение адаптировать все личностные особенности к условиям конкретного рынка труда - вот те качества, которые, наряду с квалификационными характеристиками выпускника современного вуза, определяют его конкурентное преимущество, обеспечивают его карьерный рост и определяют, в конечном счете, его жизненный успех.

В этой статье обсуждается актуальность задачи формирования межкультурной компетентности - «способности, позволяющей языковой личности выйти за пределы

собственной культуры и приобрести качества медиатора культур, не утрачивая собственной культурной идентичности» [4]. При этом одной из центральных задач современного этапа изученности проблемы является создание концепции когнитивного подхода при формировании межкультурной коммуникативной компетенции и, в конечном счете, компетентности.

Адекватное речевое поведение в любом профессиональном формате требует освоения студентами не только системно-языковых знаний, но и знаний законов, обычаев, национального менталитета страны изучаемого языка, так как несовпадение деловых культур в процессе взаимодействия означает дисбаланс в работе механизмов принятия решений, самоорганизации, разрешения конфликтов. Для зарубежных методистов, уже давно работающих в условиях взаимодействия разных культур, идея включения культурологического компонента является аксиоматичной [5]. Необходимость включения явлений культуры в систему методических мероприятий при обучении иностранному языку в школах и вузах разного профиля отмечается и многими известными отечественными методистами (Тер-Минасова, Елизарова, Сафонова, Баграмова, Глухов, Пассов и др.) [6], которые говорят о качественно новом подходе к формированию иноязычной коммуникативной компетентности в условиях как языкового, так и неязыкового вуза.

Одной из основных проблем, стоящих перед отечественными учеными, является проблема целеполагания, то есть разработка иерархии целей и задач, соподчинение управленческо-педагогических задач по их функциям и содержанию. Говоря о целях обучения, большинство методистов до недавнего времени пользовалась термином «компетенция» (языковая или речевая) [7]. Однако в последнее время методическая литература разводит два понятия «компетентность» и «компетенция», основываясь на толковании этих двух терминов в русскоязычных толковых словарях [8]. В целях уточнения содержания понятий представляется целесообразным разграничить «коммуникативную компетенцию» и «коммуникативную компетентность». Обогащаясь за счет соответствующих знаний, умений и навыков в процессе учебно-профессиональной деятельности, языковая компетенция способствует формированию у обучаемых коммуникативной компетентности и обеспечивает в дальнейшем их успешную культурно-профессиональную деятельность. Языковую компетенцию следует, на мой взгляд, рассматривать как ресурсное качество, которое выступает в качестве основы для принятия эффективных решений и определяет уровень компетентности. Иначе говоря, языковая компетенция, достигая высокого уровня развития в результате обогащения новыми знаниями, умениями, навыками «превращается» в компетентность как интегративное качество личности.

Формирование иноязычной коммуникативной компетентности является одним из важных аспектов профессиональной подготовки специалистов. Профессиональную коммуникативную компетентность можно определить, как способность решать коммуникативные задачи в определенных рамках множество коммуникативных ситуаций. В условиях бизнес-общения (в широком смысле) профессиональная иноязычная коммуникативная компетентность это способность решать бизнес-задачи для достижения определенного бизнес-результата в контексте другой бизнес-реальности и другой культуры.

Структура профессиональной иноязычной коммуникативной компетентности достаточно сложна и включает не только лингвистический компонент (владение средствами речевой коммуникации), информационный компонент (профессиональная компетенция), но и культурологический компонент (наличие фоновых знаний о партнерах по коммуникации и реалиях, принадлежащих другой культуре).

Процесс адаптации обучаемого к особенностям экстралингвистической действительности понимается многими методистами как процесс аккультурации

обучаемых [9]. В структуре языковой личности обычно выделяют вербально-семантический уровень (лексикон), связанный с владением языком общения (его фонетического, интонационного, лексического, грамматического уровня); когнитивный уровень (тезаурус), связанный с интеллектуальной сферой и формирующий на основе понятий, идей, системы ценностей «картину мира»; прагматический уровень (прагматикон), связанный с мотивами, установками, интенциями личности.

Чтобы сформулировать те задачи, решение которых является неперенным условием обучения иноязычной межкультурной коммуникации, важно определить, какие знания необходимо передать обучаемым для успешного решения проблем аккультурации. В межкультурной коммуникации участники коммуникативного акта оперируют либо универсальными (энциклопедическими) знаниями, т.е. знаниями, присущими всем, либо знаниями-регионализмами, т.е. знаниями, которыми обладает определенный контингент людей, связанных общей историей и местом расположения. В последнем случае можно говорить о межкультурных аналогах. Однако основная проблема аккультурации связана со знаниями, не совпадающими у участников коммуникации из-за их принадлежности к разным культурам. В этом случае говорят о фоновых знаниях, отличающихся от энциклопедических, в частности, тем, что они не являются системными и существуют в виде локальных ассоциаций. Ряд исследователей делит фоновые знания на знания реальных (предметов и явлений национальной культуры) и знаний норм поведения (этикет), а все вместе определяют как культурную грамотность языковой личности.

По наблюдениям Г.В. Елизаровой [10], при том, что современные коммуникативные методы обеспечили высокий уровень владения языковой формой (носителя языка отмечают грамотность, насыщенность, беглость речи российских студентов), выявились и недостатки существующей системы, в которой отсутствует установка на формирование межкультурной компетентности. Коммуникативная компетентность, беглость и правильность речи при отсутствии представлений о культурном компоненте значения не гарантируют взаимопонимания и результативной совместной деятельности. По этой причине достижение главной цели общения - его эффективности (получение результата) - крайне затруднено, что особенно негативно сказывается на лицах, занимающих социально значимые позиции в обществе в целом и в экономике, в частности.

Трудность освоения культурологических знаний состоит в том, что в обычном общении культурный компонент значения индексален, то есть он не обозначает денотат, а отсылает к той или иной культурной реалии, он далеко не всегда явно выражен и может быть осознан интуитивно или подавлен наличествующими стереотипными когнитивными моделями.

Обучение межкультурной компетентности - это комплексный образовательный процесс, осуществляемый на основе целостной методико-филологической модели, предполагающий анализ культурных универсалий и оппозиций, подбор теоретического материала, отражающего современные тенденции в языке и языковой политике, реализацию комплекса учебно-практических мероприятий, основанного на анализе ожиданий обучаемых и запросов потребителей; отборе конкретного материала с учетом его профессиональной, межкультурной и коммуникативной релевантности; определении основных дидактических приемов, номенклатуры функциональных умений и навыков.

Основой методологии формирования межкультурной коммуникативной компетенции является когнитивный подход, подразумевающий погружение студента в псевдореальную проблемную ситуацию, где осуществляется поиск решения с последующим анализом речевых и неречевых действий.

Анализ большого количества профессионально-ориентированных текстов и бизнес-ситуаций позволяет выделить наиболее частотные грамматические проблемы в английском языке, требующие проработки в экономическом вузе. В качестве основного

приема при формировании грамматикона с учетом межкультурной коммуникативной компетенции предлагается когнитивно-деятельностный, основанный на формировании концептуальных грамматических фреймов (в частности, формирование концепта времени) и их усвоение в системе коммуникативных упражнений. Важным является сопоставление грамматических явлений в культурологической парадигме.

При формировании лексических и ситуационных концептов система упражнений должна быть направлена на формирование адекватного представления о соответствующем фрагменте картины мира в казахском, русском и английском языках в целях минимизации возможного возникновения культурной неадекватности поведения в чужой культуре. Формирование межкультурной коммуникативной компетенции при обучении лексике должно базироваться на концептуальном анализе. Задачами анализа является диагностика типа фрейма, соответствующего английской лексической единице, выявление его составляющих, сравнение с соответствующим концептом в казахском, русском языках, создание наряду с традиционной системой упражнений, направленных на актуализацию понятия, специфического комплекса, детерминирующего последующий рефрейминг.

Принцип концептуального анализа является центральным при формировании межкультурной коммуникативной компетенции. С этим принципом соотносится требование сознательного отношения студента к предъявляемому материалу. Этот принцип предполагает максимальное редуцирование упражнений типа drills, возможность широкого использования преподавателем упражнений, направленных на поиск ошибок. Самым главным в рамках рассматриваемого требования является умение студента на базе анализа выстраивать фреймы текстов и дискурсов.

При обучении деловому общению вся система упражнений строится на формировании фреймов, которые реализуются в определенных коммуникативных ситуациях. Предмет коммуникации тесно связан с речевым поведением субъектов и обуславливает функциональный выбор языковых средств в контексте деятельности субъектов (участников) коммуникативного акта. Поэтому в качестве предмета коммуникации в широком смысле можно рассматривать предметно-лингвистический контекст ситуации. Вся система упражнений включает информационные, при выполнении которых мотивом и целью является получение релевантной культурологической информации, и операционные, при выполнении которых мотивом и целью является формирование речевых стратегий, учитывающих межкультурную и профессиональную составляющие.

При обучении письменной речи в деловом общении с учетом культурологической составляющей обращается внимание на правильное оформление лингвистического фрейма, который создается на основе концептуального анализа, включающего макроструктуры текста, определение тематических констант содержания, лингвистический анализ на микротекстовом уровне, выделение константных элементов слотов. В структуре заданий можно выделить упражнения, направленные на формирование стратегических фреймов, где доминантой является прагматический фрейм. Он определяется генеральной интенцией, поэтому основное внимание при обучении уделяется формированию не столько формальной стороне высказывания, сколько надежному формированию прагматических фреймов и усвоению коммуникативных стратегий.

В качестве средств диагностики сформированности искомых компетентностей предлагаются тесты культурной грамотности (Culture Awareness Tests), демонстрирующие знания, умения и навыки на входе (начало курса) и на выходе (конец курса), а также анкета самооценки обучаемых (АСО), которые демонстрируют наличие культурологических ошибок, а также репрезентируют арсенал коммуникативных стратегий и тактик, которыми владеет студент, и динамику его прогресса.

В настоящее время в связи с расширением международного делового сотрудничества одной из актуальных проблем педагогики высшей школы является проблема формирования готовности студентов неязыковых факультетов к деловому иноязычному общению, которая выступает важным показателем профессионализма специалиста в любой сфере трудовой деятельности, поскольку от уровня ее сформированности в значительной мере зависит успешность деловых контактов с зарубежными партнерами.

Деловое общение - это сложный, многоплановый процесс установления и развития контактов между равноправными партнерами, порождаемый потребностями совместной деятельности. Готовность и способность к деловому иноязычному общению представляет собой интегративное профессионально значимое качество специалиста, обеспечивающее ему установление с зарубежным партнером отношений паритетного сотрудничества и выработку конструктивного решения проблем.

Согласно Государственному образовательному стандарту высшего профессионального образования Казахстана, специалист в любой сфере трудовой деятельности должен уметь «осуществлять иноязычное общение в устной и письменной форме», то есть обладать высоким уровнем готовности к эффективному общению с зарубежными партнерами на иностранном языке.

Адекватное речевое поведение в любом профессиональном формате требует освоения студентами не только системно-языковых знаний, но и знаний законов, обычаев, национального менталитета страны изучаемого языка, так как несовпадение деловых культур в процессе взаимодействия означает дисбаланс в работе механизма принятия решений, самоорганизации, разрешения конфликтов. Незнание кросс-культурных различий может существенно снизить эффективность коммуникации. На данном этапе существует потребность в поиске продуктивных средств активизации процесса формирования готовности будущего специалиста к эффективному деловому иноязычному общению.

Учитывая все это, можно совершенно обоснованно сформулировать цели, стоящие перед методистами, формирующими языковую программу овладения иностранным языком в неязыковом вузе. Такой целью должно стать формирование языковой личности, способной эффективно взаимодействовать в контексте иной культуры. В структуре иноязычной коммуникативной компетентности, которой должна обладать языковая личность, особое место занимает межкультурная компетентность, связанная с заполнением культурных лакун и адаптацией коммуникаторов к реалиям новой иноязычной культуры.

Одной из основ методологии формирования межкультурной коммуникативной компетенции является когнитивно-деятельностный подход, подразумевающий погружение студента в псевдореальную проблемную ситуацию, где осуществляется поиск решения с последующим анализом речевых и неречевых действий, а также умение графически изобразить и символически представить фрейм текста или дискурса (стереотипной информации, представленной в сознании в виде динамической и статической ментальных моделей).

ЛИТЕРАТУРА:

1. Попов А.Ю. Экономическая деятельность в иноязычной среде (опыт системного анализа бизнес-профессии)// Филология и методика преподавания иностранных языков. СПб. 1998.
2. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. 2-е изд. -М.: Просвещение, 1991.
3. Сафонова В.В. Изучение языков международного общения в контексте диалога культур и цивилизаций Воронеж: «Истоки», 1996.
4. Елизарова Г.В. Культура и обучение иностранным языкам. СПб.Союз, 2001.

5. Thomas A. Psychologie interkulturellen Lernens and Handelns. // Thomas A. (Hg.) // Kulturvergleichende Psychologie. Eine Einfuehrung. Goettingen, etc. – 1993.
6. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникации. М.: Слово, 2000.
7. Глухов Б.А., Щукин А.Н. Термины методики преподавания русского языка как иностранного. М., 1993.
8. Бим И.Л. Перестроечные процессы в обучении иностранным языкам в средней школе. // Иностранные языки 1991.
9. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. В поисках новых путей развития лингвострановедения: концепция речеповеденческих тактик. М., 1999.
10. Елизарова Г.В. Культура и обучение иностранным языкам. СПб. Союз, 2001.

Кылышбаева М.Х., Кылышбаева С.Х.

Шет тілді оқытуда конгринциялық операцияларды пайдалануымен өндірістік коммуникативание құзыретін пайдалану.

Бұл мақалада мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті құру міндеті - тілдік адамның өз мәдениетінен тысқары шығуға және өз мәдени ерекшелігін жоғалтпастан, мәдениетаралық медиатордың қасиеттеріне ие болу қабілетін талқылайды. Сонымен бірге, мәселені зерделеудің қазіргі кезеңінің негізгі міндеттерінің бірі мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда және ақыр соңында құзыреттілік қалыптастыруда когнитивті тәсілдің тұжырымдамасын құру болып табылады.

Кілттік сөздер: мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік, когнитивті тәсіл, лингвистикалық тұлға, интеграция, жаһандану.

M.Kh. Kylyshpaeva, S.Kh.Kylyshpaeva

Formation of intercultural communicative competence with the use of cognitive approach in training foreign language

This article discusses the relevance of the task of forming Intercultural Communicative Competence - the ability that lets a language personality go beyond his/her own culture and to acquire the qualities of a mediator of cultures without losing his/her cultural identity. In this case, one of the central tasks of the present stage of study is to create the concept of the cognitive approach in the formation of intercultural communicative competence and, ultimately, competence.

Key words: intercultural communication competence, cognitive approach, linguistic identity, integration, globalization.

ӘОЖ 64(375)

АБАЙДЫҢ АҚЫН ШӘКІРТТЕРІ

Мәдібаева Қ.Қ., Абильмажинова А.К.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
asel_zhana@mail.ru*

Мақалада Абайдың ақын шәкірттерін этикалық дәстүр дамыту бағытында ақын шәкірттерін шығармашылыққа баулу ұстанымы Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әсет Найманбаев, Көкбай Жанатайұлы, Әріп Тәңірбергенұлы, Ақылбай Абайұлы, Мағаня Абайұлының дастандары арқауында ғылыми жүйеде сараланған.

Кілттік сөздер: әдеби мұра, шәкірт, әдеби мектеп, поэзия, ақын.

Әріп Тәңірбергенұлы ақындық өрісінің кеңдігіне Мұхтар Әуезов ден қойған. Көкбаймен тұстас Әріп ақынның мұрасына «елеулі ірі талантты, үлкен ақынның бірі» деп баға берген.

Абайдың ақын шәкірттерінің шығармашылық мұрасын, өмірбаян кезеңдерін арнайы ғылыми еңбек жазып, зерттеуші Қайым Мұқаметқанов Әріп ақынның әдебиет тарихындағы орнын айғақтауда негізгі еңбек жасады. Тікелей Мұхтар Әуезовтің жетекшілігімен Абай төңірегінде болып, тәлім алған ақындар туралы кең, көлемді зерттеулерге 1939 жылдан кіріскен Қайым Мұқаметқанұлы бұл тұрғысында былай дейді: «Мұхтар Әуезовтің Әріп, Әсет, Мұқа ақындар туралы осы айтылған ой-пікірлерін, 1940 жылы, оның аузынан естіп, ұғынған болатынбыз. Және Мұхтардың мәслихаты бойынша жоғарыда аталған ақындардың өмір тарихы мен әдеби мұраларын арнайы зерттеп, 1950 жылы аяқтаған, «Абайдың әдеби мектебі» деп аталған еңбегімізде кіргізгенбіз. Одан кейінгі жылдары да Абайдың ақын шәкірттері туралы зерттеу жұмысы толастаған жоқ. Кейінгі жылдарда табылған шығармалары қосылып, толықтырылып отырды.

Әсіресе, Әріп ақынның өмірі мен ресми қызметі жайында архивтерде сақталған тарихи деректі мағлұматтар бойынша, оның өмір тарихы толықтырылып, жаңадан жазылды. Сол сияқты ақын шығармалары да, әсіресе айтыс-дастандары кеңірек, тереңірек зерттеліп жазылды. Қ.Мұқаметқанұлы Әріптің әдеби мұрасы әлі толық жинақталған жоқ деген мәселе қояды.

Әріп Тәңірбергенұлының ақындық мұрасын жинауды Мұхтар Әуезов күн тәртібіне отызыншы жылдардың басында қойған. Осы тұста Әріптің жерлесі ақын, жазушы, журналшы Тұрлықан Қасенұлының алғашқылардың бірі болып ақын мұрасына қатысты баспасөзде ой айтуын да ескергеніміз жөн.

Тұрлықан ақын туралы жазылған зерттеу еңбекте кездескен дерек осы ойымызды дәйектей түседі. «Ақынның екінші бір сүбелі еңбегі 1939 жылы «Социалды Қазақстанның» № 210 санында жарық көріпті. Ол – «Әріп ақын» атты көлемді зерттеу мақала (2. Тұрлықан ақын. Деректі жинақ. – Алматы. Ер-Дәулет, 201 бет).

Еңбек авторлары Төлеген Жәкітайұлы мен Сымбат Сүйіндікованың келтірген дерегіне қарағанда Тұрлықан ақынның Ғылым Академиясының қорында Әріптің әр жылдардағы 17 өлең-айтыстары түсініктемемен берілген қолжазба материалы сақталған.

Тұрлықан ақын газет арқылы жұртшылықты Абайдың шәкірті Әріп Тәңірбергенұлының мұрасын жинақтауға шақырған, өзі де бұл іске ыждаһаттылықпен кіріскен. Қолжазбаның қай жылы тапсырылғаны белгісіз болғанымен, осы 1936-37 жылдары өткізгендей. Себебі Тұрлықан ақын 1937 жылы халық жауы деп ұсталып кетті.

Т. Жәкітайұлы мен С. Сүйіндікова академия қорындағы «Әріп Тәңірбергенұлының өмірі мен өлеңдері» атты қалың томнан 1941 жылы Қайым Мұқаметқанұлы баспаға дайындаған Әріп Тәңірбергенұлының шығармалар жинағының қолжазбасын да көргендерін айтып, не дегенде де Әріп ақын мұрасын алғаш жинақтаушы Тұрлықан Қасенұлы деген пікірге тоқтайды.

Әріптің Қ. Мұқаметқанұлы «Абайдың ақын шәкірттері» (үшінші кітап) көптомдылығында бастырған өлең, дастан, айтыстары, ақын өмірбаяны туралы неғұрлым толымды мәлімет әріп Тәңірбергенұлының ақындық алымы, шеберлік даралығы, оның поэзиясындағы Абайдың ақындық ықпалы жөнінде ой дамытып жана пайымдаулар жасауға деректік, дәйектік негіз.

Қ.Мұхамедқанұлы Әріптің толықтырылған өмірбаян дерегін береді. Ақын 1856 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданында (бұрынғы Қандығатай болысы) дүниеге келген. 11-12 жасынан ауыл медресесінде оқып, кейін бастауыш орыс мектебінде орысша сауат ашқан.

Әріп Қытайдағы Ресей консулдығында тілмаш болып істеген. Бірнеше тіл білген адам.

Семейде училищеде оқыған Әріп сол тұста Абайды көреді. «Тарих, әдебиет, өнер – білім жайында Абай аузынан естіп, біліп ұққандарын көңіліне түйіп, ұлы ұстаздан тағлым алған Әріп ғылым қуу жолында мықтап түседі. Оқып жүрген кезінің өзінде өлеңмен қатар, оқиғалы шығармалар жаза бастайды. «Қожа Ғафан», «Таһир» қиссаларын оқып жүрген жылдары жазады. Осы кезден бастап, өмір бойы қолынан қалам түспейді»

Әріптің «Біржан - Сара» айтысына қатысы туралы Тұрлықан Қасенов, Қайым Мұхаметқанов келтірген дерек-дәйектер бұл айтысты Әріп ақын шағарған деген болжамды растайды.

Қ.Мұхаметқанұлы Әріп өлеңдерінің жазылу тарихы, басылым жағдайына қатысты мол деректер береді. Шығармаларын көркемдік тұрғыдан бағалап, саралайды.

Мұхтар Әуезов айтқандай, елеулі ірі талант, үлкен ақынның бірі Әріп Тәңірбергеновтің әдеби мұрасын танып, бағалау да Абайдың ақындық мектебі мәселесі бойынша зерттеулер бастан кешкен жайлардың ықпалында болды. Кейінде кеңшілік заманның өзінде зерттеушілер кең сөйлеп кетуден тартынған табу тақырыптар болды. Соның бірі – Шығыс, исламдық арқаулар мәселесі.

«Абайдың жастық шағында жазған «Әлифби» өлеңіне еліктеп Әріп те «Әлифби» атты өлең жазған. Абай арабтың әрбіп әрпіне бір-бір өлең жолын арнап жазса, Әріп арабтың жиырма тоғыз әрпіне жиырма тоғыз шумақ өлең жазады.

Мысалы:

Әлиф, сенің аузың бал, негіз дүр,
Пәрдәң хулла жамылған жамалың нұр.
Не Күләндам, не Балқис ғажайыпсың,
Затыңның кім екенін білмедім бір,

– деп келеді. Өлеңнің өң бойында Шығыс киссаларындағы ғашықтар аты көп кездесіп, соларды деріптеу сарыны басым болып отырады. өлеңде араб, фарсы сөзі көп орын алады», – деп, осы ұзақ өлеңге тоқталуында зерттеуші бірталай нәрсені іркіп қалғандығы да байқалады.

Тек Абайдың ақын шәкірттері туралы ғана зерттеумен шектелмеген, көп жасаған күрделі ғұмырында қазақ әдебиеті тарихының аса өзекті дерекнамалық, текстологиялық, мазмұндық-теориялық бағыттарының барлығында сергек ғылыми зерттеулер, ыждағатты, қайырлы еңбек жасап кеткен, Мұхтар Әуезовтің тікелей шәкірті Қайым Мұхамедқанұлы осы өлеңнің астарындағы сопылық поэзия нышандарын байқамады деп айта алмаймыз.

Нұр, бұлбұл, ғашық, шәрбат, мас болу, дерт, т.б. сопылық поэзияның көркемдеу атрибуттары,

Ни, нәйбат төкті нұрын, қайғы құшып,
Мас болдым жамалыңа шарап ішіп.
Не десен нәрменінде өлмейін деп,
Зар тұтып, жүрмін жылап сізді тосып.

Ләм-Әлиф, ләмекеңде тұрған жайың,
Дидарың көрсете көр ықти дәйім.
Адамзат ғашық болар сізді көрген,
Сипатың тоты құстай бек мүләйім.
Я, ярдам етсең келер пәрменіңнен,
Айрылдым ғашық құшып дәрменімнен
Сайратқан екі дүние бұлбұлысың,
Болармын қайтсем аулақ арманымнан,

- деген жолдардан айтушының ғашығы нақтылы бір адам емес екендігін сезінуге болады. «Ләмәқан» – Алла мекені деген пайым айтылып жүр. Әріп бұл өлеңді ежелгі Шығыс шайырлары үлгісінде жазған Абайдың жас шағында жазған өлеңінде де сол сарын бар еді.

Әріптің өз заманы, сол заманның түрленіп, құбылған адамы, отаршыл империяның елбұзар қитұрқы, өктем пиғылы, дүние болмыстың құбылыс, құпиялары түскен өлеңдері тек тақырып қамтумен емес, мейілінше шебер, шешен, суретті тіл, түпсіз шыңырау ой алымымен, ақиқат өмір айнасындай дәл, нақтылығымен биік поэтикалық өреде туған, ақындық дара ұстаным, қайталанбас машығымен, тіл кестесімен баурап әкететін шынайы өнерпаздық бағыт деуімізге болады. Әріп ақынның «Тәуірбек болысқа», «Найман Серікбай қажыға», «Базаралыға», «Байтоқаның қызына», «Сараға» сынды арнау өлеңдері бар.

Еңбексіз, ұйқышыл, мылжың, ұрлық, арызқой өмірге әуестеніп бара жатқан жұртына қаратып айтылған көп өлеңінде Абай үлгісі анық.

Сорлы елім көріп жүрсін еңбекті жау
Ел кезіп, есек айтып, ізденіп дау.
Істейтін бар кәсібің ұрлық, зорлық,
Кісі жоқ алдын ойлар бір дені сау.

Әріп шығармашылығындағы өзекті желінің бірі дін, шариғат жайы, Абайдың «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңі шариғатта жоқ қазақи салт – қалың мал жайына қатысты айтылған. Абайдың немере інісі, шоқтығы биік шығармашылық тұлға Шәкәрімнің «Жолсыз жаза» («Еңлік-Кебек»), «Қалқаман-Мамыры» да осы бағытта жазылған.

Әріп ислам шарттарын адамның өмір сүру қағидалары мәнінде танып, мойындаған ірі дін оқымыстысы. Бұл бағытта Абайдағы дін жайы дүниетаным арқаулары әлі де келелі, тұтас зерттеулерді күтіп келе жатқандығын ескергенде, Әріп Тәңірбергенұлының, жалпы Абайдың ақын шәкірттерінің шығармашылығы дін негіздері жайлы зерттеулердің сабақтастықта өрістеу қажеттілігі әлі де күн тәртібіндегі күрделі мәселе.

Әріп ақын «Қалыңмал туралы» атты шығармасын былай бастайды:

Адамға Хауа ана арнап жаратты хақ
Гибрат түп атаңнан ойланып бақ.
Әлемнің тұңғыш ұлы, тұңғыш қызы,
Бұлардан басқа жандар келмеген шақ.
Екеуі сүйісті де жолдас болды,
Қалың малды шығарған қандай ақымақ,
Әркімнің жақсы, жаман өз теңі бар,
Ықтияр бірін-бірі сүйіп таппақ...

Ақын «Теңін тап та тегін бер, түзел жұртым» дейді, жас қызды алпыстағы шалдың алуы, бойжеткен қызды жеті жасар балаға телуді айыптап сөйлейді. Әріп Абай айыптаған, Шәкәрім түнілген әменгерлік, қалыңмал, ғұрпын таста дейді еліне.

Әкең құрсын, жас қызын малға сатқан,
Шешен құрсын, өтірік жылап жатқан.
Бұл тәртіп білімді елдің бірінде жоқ,
Шатылып жалғыз қазақ тәңір атқан.

Абайдың айналасында жүріп, ақылымен шығармашылық бағыт түзген дарынды Әріп ақын Шәкәрім, Көкбай, Ақылбай, Мағауия, Әсет, Мұқа т.б. сынды шығыстық қисса дастандар үлгісімен де «Қисса Зияда - Шаһмұрат», «Қожа Ғафан», «Қисса Таһир», «Қисса Нұрғызарұн», «Қисса Баһрам» сынды шығармалар жазған.

1884 жылы жазылды делінетін «Қисса Зияда - Шаһмұрат» Қазан басапсынан 1890, 1892, 1896, 1912 жылдары төрт қайтара басылым көргендігін Әріп мұрасын жинап, зерттеуші Қ. Мұхаметқанұлы айтқан болатын.

Әріп мұсылман дінінің негіздері туралы ғылымнан хабары мол оқымысты адам болған. Құранды жатқа білген Қ. Мұхаметқанұлы Әріп мұсылман дініне берілген, Құдай бір, Құран шын, Пайғамбар хақ деп білген діншіл ақын деп баға берген.

Әріптің дүние болмыс, иман, өлім туралы өлеңдерінде Абайдың «Махабатсыз дүние дос», «Алланың өзі де рас, сөзі рас» «Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма?» т.б. дін, дүниетаным иірімдеріне тартқан туындыларымен айқын үндестік бар. Шебер, өткір, ұтқыр тілді, суретті, бейнелі тілді ақын дүние туралы өлеңдерінде тапқыр поэтикалық тәсілдермен дүниенің «бетін тырнайды».

Әріп поэзиясы «адамның адамшылығы неден» дейтін Абай ұстанымына жалғасқан шығармашылығымен биік гунанистік өріске шыққан.

Әріп ақын да Абайдың баласы Тұрағұлдың естелігінде айтылғандай Абайдың «Мың бір түн» ертегілерінен енді орыс поэзиясына ден қойған жылдарында (XIX ғасырдың сексенінші жылдарының ақыры, тоқсаныншы жылдардың басы – Қ.М., Ә.Ә.). Пушкиннің «Евгений

Онегинінен» аудармалар жасайды. Абайдың ақын шәкірттерінің шығармашылығын арнайы зерттеген абайтанушы Қ. Мұхаметқанұлы ақындық мектептегі жаңа бетбұрыс, кезең ерекшеліктерін қадап айтады.

Әріптің 1890 жылдардан былайғы негізгі өлеңдері нағыз сыншыл реализм бағытында жазылған. Өлеңдерінің идеялық мазмұны тереңдей түседі».

Әріп ақын – XIX ғасырдағы мұсылмандық ағартушылықтың, заман екпінімен сахараға жайыла бастаған жаңа оқу – ғылым, білімге, өнерге таратудың жаршысы болу миссиясы екіұдай тағдыры қыл үстінде тұрған елі үшін күніреніп, күйзелген, дүниені барлап, рухани күрес майданына ұлы мақсат, көп міндетпен бел шешіп кіріскен Абай өнегесінде қалыптасқан қайталанбас шығармашылық тұлға.

«Ғылым туралы» өлеңінде замана бағытын түп тереңіне көз салып барлаған, қамын жеген елі үшін дүниеден баз кешуге бар, шынайы күрескерлік табиғатымен жұртының жанын жырман жаулаған үлкен ақындық тұлға кеңінен шолып сөйлейді.

Дүние – теңіз, ғылым – кеме,
Кемесіз терең суға түсем деме.
Толқыны тауға ұксаған мына заман
Сезе ме мұны даңғой жарым неме

Суы ашы бұл теңіздің, іші жайын,
Толқыны төңкерілер барған сайын.
Қауіпсіз балық аулап пайдаланар,
Сенімді кеме болса кімде дайын.

...Кемесіз суға кетер арандаған,
Себепсіз ешбір нәрсе жаралмаған.
Малтумен көрген күнің құрып қалсын,
Ұят қой анда санда қараңдаған.

Ақын отарлық езгідегі елінің шерменде күйін осылай толғайды. Жан сақтаудың сөз образбен әдіптелген амалдарын уағыздайды.

Ақынның әлеуметтік бағыттағы шығармаларындағы уытты сарказм оның өзіндік дара поэтикалық қолтаңбасын айқындай түсті.

Абайдың ақын шәкірттерінің бірі Әсет – әнші ақын. Әнші-композитор. Әсет суырыпсалма ақпа ақын – импровизатор. Әсет – дастаншыл ақын, эпик ақын. Әсет – айтыс ақыны. Әсет – сыршыл лирик. Әсет – аударма шығармалар жазған дарын. Қ. Мұхаметқанұлы Әсетті қолына домбыра алса нөсерлетіп жыр төккен, домбырасымен қаламы қағаз бетінде қатар жүйіткіген сауатты саңлақ ақын болған деп таныстырады.

Туған халқының төлтума, дара сипатты өнерпаздық дарыны дарыған, әлемдік дағдылы өнер бағытында кездеспейтін өнертұтастығы (синкретизм – Қ.М., Ә.Ә.) сынды қазақ еншілеген ғажайып өнерпаздық салттың біртуар саңлағы.

Әл салсаң Әсеттей сал әсемдетіп,
Қоздырып делебені әсерлі етіп.
Шырқатып, шығандатып, шалықтатып,
Шапшытып, шүмектетіп, нөсерлетіп.

Әсет Найманбаев қазіргі Қарағанды облысында, Ақтоғайда дүниеге келген. Әсет Найманбайұлының шығармашылық мұрасын Абайдың ақындық мектебі ауқымында арнайы зерттеген Қ. Мұхаметқанұлы Абай және Әсет хақында мынадай жайларды баяндаған болатын.

«Әсеттің ақындық, әншілік өнер жолында үлгі-өнеге алған ұстазы Абай. Әсет 1889 жылдан бастап ұлы ақынның ауылында болып, Абайдан тәлім-тәрбие алған ең талантты шәкірттерінің бірі. 1889-90 жылдар Абайдың ең бір мағыналы өткізген өмір кезеңі еді. Ақын өмірінің бір кезеңін Мұхтар Әуезов толық сипаттап, 1933 жылы жарияланған «Абайдың туысы

мен өмірі» атты еңбегінде жазған болатын. 1889 жылы ел жұмысын өзінің інісі Оспанға тапсырып, өзі бір беткей ілім іздеу жолына ақындыққа берілгенін айта келіп: Сонымен 89-жылға келіп, сыртқы өміріндегі тыныштық толас болған соң, мүмкін болғанша бұрынғы мақсат, арман қылған, мағыналы өмірін бастап көреді. Ең алдымен бұл жылда кітапты көп оқиды. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі ат айдатып қалаға жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып, оқығанын қайтарып жіберіп, жаңғыртып отырады. Осы жыл Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең жемісті жыл болады. 89-жылы 25 шамалы өлең жазылады. Бұл сөздерінің ішінде елінің өзі көрген кемшілік мінездерін қатал сыншы, үлкен ұстаз тәлімінен сынап, тексеру бар. Сонымен қатар, махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да бар, содан соң Пушкиннің «Евгени Онегинінен» аударма жасайды.

Осы жылдардан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған, ел ішінің көзі жастарына Абай ауылы үлкен білгіштіктің медресесі сияқты болды. Абай ұстаз да, сөз ұғатын ынталы, талапты жастардың бәрін шәкірт дейді.

Айтыс бәйгесіне түсіп жүлде алып, елге атағы шыға бастаған жалынды, алғыр жас ақын, асқақ әнші Әсет ұлы ақынның, кемеңгер ұстаздың алдынына келгенде 22 жаста еді.

Әсет Абайдың осы кезде қасында ұдайы болған ақын шәкірттері, өнерпаз жастардың Шәкәрім, Көкбай, Ақылбай, Мағауия, Мұқалардың арасына қосылады.

Абай дарынды ақындық ортаның ақылшысы, кім-кімнің де икемді бағытына орай тақырып ұсынып, тапсырма беріп отырған тәлімгері болды.

Ақындыққа әу баста суырыпсалма өнерімен қосылған Әсет Найманбайұлы бұл жолынан қол үзбегенімен, Абай ауылында біртіндеп жазба әдебиет үлгісіне ойыса бастаған. Абай өнегесінде А.С.Пушкиннің «Евгени Онегин» романынан еркін аударма жасайды.

Әсет қазақ әдебиетінің тарихындағы Шығыс өнегесінде дастандар жазу бағытында да қолтаңба қалдырады. Ақынның «Қызыл табан – ағаш ат», «Салиха-Сәмен» атты туындыларының жазылу мерзімі, кейінгіге сақтап жеткізушілер туралы Қайым Мұхаметқанов деректерінен жастай дүниеден озған дүлдүл ақынның шығармашылық ғұмырбаянындағы мәнді беталыстарға қаныға түсеміз.

«Қызыл табан – ағаш ат» поэмасын Әсет дәл қай жылы жазғаны мәлім емес. Поэmanın тақырыбына, оқиғасына қарағанда Әсеттің Абай ауылында болған 1889-1890 жылдар шамасында жазған шығармасы деп жорамалдауға болады. Осы жылдар Абай айтуынан тараған осындайлық жаңа, әңгімелердің ішінде өз уақытында жаңа болған «Мың біт түн», «Шаһнама», «Бақтажар», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көрұғлы сұлтан» сияқтылар болған.

Абайдан ақындық өнер бағытын үйреніп жүрген дарындардың сол тұста дастан жазбағаны жоқ. Оқиға желісін Шығыстан алған туындылардың бір мақсаты дін негізіне бұрып отыру, ізгілік, адамгершілік мұраттардың түпқайнар бастауына ынтықтық, Құран Кәрім мазмұнын қайталап айтып сіңіре түсу, ұғындыру мақсаты бел алған бір шығармашылық кезең шындығын әрбір ақынның туындысынан тани түсетініміз – рас.

Негізінде Абайдың өнегесімен өнер ұштаған ірі дарындардың шығармашылығындағы дастаншылдық бағытты Шығыс әдебиетіндегі желілес әңгіме, хикаялармен салыстыра зерттеу тұрғысында әлі де енжарлық танытудамыз. «Әзім әңгімесінің» де «Масғұттың» да, «Қызыл табан – ағаш аттың» да, тағы да басқа бірқанша дастанның түп негізін зерделеу, зерттеу – артық шаруа болмас еді.

Қ. Мұхаметқанұлы Абайдың ақын шәкірттері жазған шығыс әсеріндегі туындыларды жанрлық жақтан айқындап, саралауы қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы жанрлық жаңғыру, даму, баю, үрдісіне қатысты қисындамалар жазуда ойға ой қосатын мәнімен маңызды көрінеді. «Қызыл табан – ағаш ат» поэмасын Шығыс ертегі әңгімелерінің әсерімен жазылған, өз уақытына сай қазақ поэзиясында туған ғылыми фантастикалық поэма деуге болады.

«Салиха-Сәменді» ғалым «Ақылбай, Мағауия поэмаларының» үлгісінде жазылған, лирикалы-романтикалық поэма» деп атаған. Осы шығармада Алладан басқаға табыну, құлшылық ету, Аллаға серік қосу, пұтқа табынуды терістеу, ислам дінінің тура, ақиқат жолын

дәріштеу, уағыздау мазмұны бой тасалап тұрғандығы тұрғысында ойлай бермейміз. Негізгі мазмұн бірін-бірі ұнатқан екі ғашықтың пана іздеп тауға да, тасқа да барғаны, соның ішінде моңғұлдар сиынатын Көкше дейтін әулиенің жәрдем көрсетудің орнына атын тартып алып, өзін жаяу қайтарғанымен сабақтасып жатыр.

Оқиғаның о, дүниеде жолығысар үмітпен, екі ғашықтың өлімімен аяқталуында «Ләйлі-Мәжнүн» дастанындағы тағдыр, жазмыш концептілерімен бағыттас үрдіс байқалады.

Шуақ шашқан, шымыр қиюласқан шебер тілді Әсет бұл дастанның баяндау тіліне де жан кіргізіп, қан құйып отырған. Жымы білінбес өлең өрімі сұлулығымен тәңті етеді.

Жалпыр тау, тасқын өзен, заңғар биік,
Тұрғандай бұлттан өтіп, көкке тиіп,
Темірдей қара жартас сұрғылт түсті,
Қабағын, қаһар көзін қарсы түйіп.
Мұңлы тау аспанменен бой теңескен,
Тұрғындай бейне мүлгіп басын иіп,
Ақырған аждаһадай тасқынды өзен,
Сарқырап төмен аққан шатқа құйып.

Әсет шығармашылығының елеулі бір белесі – Рысжанмен айтысы. Айтыс өлең тарихын зерттеушілер ондай айтыскер әйелдің болғандығы туралы дерек кездеспейтіні туралы айтады. Бұл айтысты Мұхтар Әуезов шын мәніндегі өнер айтысы деп бағалаған. Әсет пен Рысжан айтысқан дүние, білім, ғылым жұмбағы қисынымен қыздырып, қызықтырып отырады. Бұл айтысты Біржан мен Сараның айтысты деп Әріп ақын жазып шығарғандай Әсет Наманбайұлының өзі шығаруы да мүмкін...

Әсеттің шығармашылық өмірбаяны түзілген деректерде бірақ мұндай болжам жоқ.

Негізінде әлде де зерттеуді күтіп жатқан көкейкесті көркемдік ұстанымдар мәселесі Абайдың қасында болып, тәлімін алған шығармашылық шыңдалуда Абай ықпалы зор ақындар мұрасын бүгінгі ғылыми талаптар, жаңа мүмкіндіктер тұрғысында дамыта, қайыра зерттеуді де күтеді дер едік. Бір ғана Әсет ақынның «Евгений Онегинді» аудару тәсілі, қай тұста Абаймен қатарласа, жарыса шырқау көркемдік шыңына құлаш ұруы – шығармашылықтағы үйрену, дағдылы машықтан бөлек өрістейтін дара поэтиканың қуатты айғақтай түспек.

Көкбай Жанатайұлы шығармашылығының көлемді бір саласы – поэмалары, жыр-қиссалары. Көкбай – поэмалары ұзақ оқиғалы үлкен шығармалар жазған эпик ақын. Оның эпикалық туындыларынан Абайдың ақындық дәстүрінің жалғастығы Абай ықпалы аңғарылады. Абай әңгімелі, оқиғалы, жыр-дастандарға өрістеп бармаған. Есесіне талантты шәкірттері тудырған жыр-дастандар қазақ поэзиясындағы жаңа үлгідегі поэмалар шоғыры болды. К.Жанатайұлының қаламынан «Абылай хан. Сабалақ», «Қандыжап», «Құлынды даласы» атты поэмалар, «Ғаділ патша», «Һарун Рашид» қиссалары сияқты эпикалық сипаттағы шығармалар туды» (Ж.Әубәкір).

Көкбай Жанатайұлы «Мың бір түн» ертегісінің желісімен екі қисса жазады. Шығыстық қисса дастандардың, оқиғаға құрылған әңгімелердің Абай айтуы бойынша айналасына мол өріс жайып тарағанын зерттеушілер нақтылы дерек, дәлелдермен атап көрсетіп отырады. Абайдың өзі сол «Мың бір түн» әңгімелерін қара сөзден гөрі өлеңмен мазмұндап, «Әзім әңгімесі», «Масғұт» сол негізде туындаған сияқты. Өлдеқанша басқа әңгімелердің дер кезінде хатқа түспегендіктен, бірте-бірте ескерусіз, ұмыт болуы да мүмкін.

Кішкенеде сауатын мұсылманша ашып, сол шығыстық жағалаудан (М. Әуезов) ғұмырының ақырына шейін қол үзбеген Абай адамшылық негіздері уағыздалған, арқауы дінде жатқан туындыларымен тындаушы жүрегін иландырып, иман ұялатуды мақсатты түрде ұстанды.

Тұрағұл Абайұлы әкесі Абай туралы естелігінде «Түн болғанда әмсе біреуге ертегі айтқызып, не өзі айттып отырғыш әдеті бар еді. Біреуге айтқызғанда, бұрын есітпеген кісіше ынтасын сала тындап, әбден айттып болған соң, айтушының адасқан жері болса айттып береді.

Қазақ ертегісінде есітпеген, білмеген ертегісі кем шығар, қазақтың ертегісінен бұрын қай жерлерде жүргені, көршілесі, күндес елдері кім екені, қарекеті не екені, елдің арманы, білімінің қандайлық кезінде шығарғандығы көрінеді деуші еді. Жас кезінде: парсы жұртының ертегілерін: «Имашит», «Қаһарман» сықылды кітаптарын да көп оқыса керек. Өзім көргенде «Мың бір түннің» кітабын оқып, алғаш біздің елге «Мың бір түнмен» таныстырған кісі менің әкем еді. Орыс кітабындағы Густав әмір сықылды әңгіме кітаптарды оқып, елді таныстырды, біздің ел «Мың бір түннен» жалығып, орыс романдарына әуестеніп кетті».

Тұрағұлдың бұл дерегі Абайдың 1890 жылдар тұсында орыс, Батыс жағына ден қойған шығармашылық бағытына қатысты.

Мұхтар Әуезов Қайым Мұхаметханұлына Абай шәкірттерінің қатарында Уәйіс Шондыбайұлын да зерттеп жазу керек деген, ол туралы өзімен таныс болғандықтан, біршама дерек те айтқан.

Қайым Мұхаметханов Уәйістің әдеби мұрасын зерттеуде әу баста кездескен қиындықтар болғанын, кейінен табылған толымды деректердің ақынның шығармашылық бағыты туралы ой қорытуға үлкен септігін тигізгенін айта келіп, өлең, дастан, айтыс, ән өлеңдерін саралайды.

Абайдың ақын шәкірттеріне тақырып ұсынып отыру дағдысы болғандығы айтылып жүр. Осында шығыстық желі, орыс әдебиетінен аударма, қайталап әңгімелеу, нәзира үрдісіндегі шығармалар туғызумен бірге Абай, Шәкәрім арнайы зерттеу еңбектер жазған арғы тарих, шежіре әңгіме бағытында да шығармалардың жазылуына ықпал жасағаны туралы таратып айтыла бермеген.

Абайдың бірінен-бірі озған шәкірттерінің ішінде Уәйіс Шондыбайұлы тарихи тақырыпта шығармалар жазды.

Уәйіс ақындындығының ерекшелік, даралық сипатына қатысты Қ.Мұхаметқанұлы бөліп атап, оның Абай шәкірттері арасында кімдердің жазу бағытына қосылатыны туралы мәселе қозғаған. Себепсіз, қисынсыз ойға бұрмайтын зерттеуші ұстанымы Уәйіс ақынның шығармашылық бетін нақтылы танысып, игеруге бастап тұр.

«Абайдың шақыруымен келген Уәйіс – ұлы ақынның талантты, білімді шәкірттері Мағауия, Ақылбай, Көкбайдың тобына қосылады».

Зерттеуші Уәйістің шығармашылығында 1916 жылдың уақиғасы басты тақырыптардың бірі болғанын айтқан. Ақынның «Тартыстың табысы» атты поэмасы бірінші дүниежүзілік соғыс жайын баяндайды.

Ақын арғы тарихтан қозғап «Жошы – Алаша Хан» атты дастан жазған.

Уәйіс өз өлеңдерінде заманға сын, әлеуметтік әділетсіздікке ашы әжуа айтуда Абайдың өлең машығына ғана, өлең түрлеріне ғана ден қояды. Еліктейді. Шығармашылықпен сіңіреді.

Білсем деп бойды бағушы ем,

Қарсы келсе, неғушы ең,

Көп түкірсе көл болар,

Кімді жерге қағушы ең.

Мен бұл сөзді кімге айттым.

Нұсқаменен күнде айттым, Аңғарарсың әрбірін,

Бойындағы мінді айттым.

Жарысқа түстік, ал міне,

Жанға батты, шынды айттым.

Іші – у, сырты – ду,

Сырғанақ неткен қу,

Көзі ашық көп надан

Өлгенше көрер бу

Басылмас тозаңы

Күнде айқай, күнде шу.

«Қайғылы хал» атты ұзақ өлеңінде ақын заманының ауыр жайын, пиғылы бұзық, надандық шырмауындағы көптің күйін күйзеле толғайды. Өктем отыршыл саясаттын халқының өмір сүру қақысына бүркіттей бүріп қол салған аяусыз аяр пиғылына үкім айтады.

«Бай мен кедей» өлеңінде Уәйіс ақын «Бай қандай?», «Кедей кім еді?» деген бағытта екі типтің, күрделі психологоиялық портретін, болмысын ашады. Абайдың «Қараша, желтоқсан мен – сол бір-екі ай» өлеңінде көтерілген әлеуметтік теңсіздікті тарқата түсіп, көріністі кеніте отырып, көлемді өлең шығарады.

Ақын елінің келешек күндеріне алаңдайды. Ендігі жас буынды өнер, білімге жақындандар деп үгіттейді. 1916 жыл дүрбелендері тұсында жұртын бірлікке шақырады.

Уәйіс туындыларының бастан-аяқ бір үлгі, бір қалыппен емес, Абай поэзиясындағы 11 буынды, 7-8 буынды байырғы халықтық, шығыстан ойысқан, орыс поэзиясы ықпалында орныққан өлеңдік өлшеммен жалғасқан жазу машығын негіз етуі – ақындық өзіндік ізденіс пе, замана көшінде хатқа түсіп, көшіріліп отырудан туындаған текстологиялық проблема ма? – ол жағы зерттеуді күтеді.

Уәйіс поэзиясында мақсатты түрде қолданылып отырған Абайдың «Бойы бұлған», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» т.б. өлеңдерінің үлгісі анық көрінеді.

Уәйістің «Бір қыздың уақиғасы» - нәзира дәстүрінде жырланған шығарма. Қ. Мұхаметқанұлы туындының әйгілі «Қырық уәзір» хикаясының желісімен жазылғандығы туралы толымды деректер келтіріп, дәйектеген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. 1964. -23б.
2. Виноградов. Вопросы современного русского словообразования. – «Русский язык в школе». 1952. №2 -17б.

Мадиваева К.К., Абилямжинова А.К.

Последователи Абая

В статье рассматриваются художественно-научные значения Абаевской литературной школы на основе этического наследия Шакарима Құдайбердиева, Асета Найманбаева, Көкбая Жанатаева, Арипа Танирбергенова, Ақылбая Құнанбаева, Мағауия Құнанбаева.

Ключевые слова: *литературное наследие, последователь, литературная школа, поэзия, поэт.*

Madibaeva K.K., Abilmazhinova A.K.

Abay's learners

The article deals with Abay's literary – scientific on the basis of K. Shakarim's, N. Aset's, Zh. Kokbay's, A. Akilbay's, A. Magauia's epic heritage.

Key words: *literary heritage, follower, literary school, poetry, poet.*

ӘОЖ 810

ҚАЗАҚ - АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕСІМ СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сейтімбетова С.Д., Молдабекова Ш.С.

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
saltanat_gold@mail.ru*

Бұл мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі сөздердің қосымша арқылы жасалу ерекшеліктері қарастырылған және осы аспектіге екі тілде салыстырмалы талдау жүргізілді. Сонымен қатар, сөзге жалғанатын өнімді жұрнақтарды топтастыру мен жаңа сөздің құралу тәсілі зерттелді.

Кілттік сөздер: қалыптасу, салыстырмалы талдау, өнімді жұрнақтар, конверсия, парадигма, сөз мағынасының ауысуы.

Жалпы тіл білімінің, сөздердің жасалуының теориялық мәселелері айқындалып, оның өзіндік ұғымдары, бірліктері белгіленгеннен кейін жеке сөздердің сөзжасамдық қабілетін айқындау, бір сөзден тараған алуан түрлі сөздердің тілдегі қызметін, ерекшеліктерін белгілеу де заңды құбылыс болып табылады. Бұл бір жағынан қоғам талабынан да туындап отыр. Еліміздің қазіргі дамуында қазақ тілін өркендету, байыту қолданылу дәрежесін арттыру мәселесі күн тәртібіне қойылып отырған мезетте осындай зерттеулердің мәні зор екені айқын. Тілдің сөзжасам саласының зерттейтін негізгі нысанасы-туынды сөздер. Туынды сөздер - тілдің сөзжасамдық тәсілдері арқылы жасалған лексикалық нұсқалар. Мысалы: арда+гер= ардагер, ой+ла =ойла, сәулет+ші=сәулетші.

Туынды сөздерге қосымша арқылы жасалған туынды түбірлер мен синтаксистік тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздер, сөзжасам тісілінің барлық түрі арқылы жасалған туынды түбірлер мен синтаксистік тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздер, сөзжасам тәсілінің барлық түрлері арқылы жасалған туындылардың бәрі жатады, туынды сөздер-тілдің сөзжасамдық әрекетінің нәтижесі [1, 236.].

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Сондықтан біздің міндетіміз қазақ тілін барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту, өйткені Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025- жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез-келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Соған орай, ең басты құндылығымыз – қазақ тілі туған тіліміздің мерейі үстем болады. Қазақстанда қазіргі кезде үштілділік, яғни тілдердің үштұғырлығы қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру саясаты мемлекеттік деңгейде ынталандырылып жатыр.

Осы заманғы ғылыми терминологияның негізін латын тілінен енген сөздер құраса, ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтаарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үрдістен біз де тыс қалмауымыз керек.

Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктер ашады. Біз бұл мақаламызда қазіргі қазақ және ағылшын тілдеріндегі есім сөздердің грамматикалық жасалу ерекшеліктеріне тоқталмақпыз.

Тіл білімінде сөздердің бір лексикалық-грамматикалық категориядан екінші бір лексика-грамматикалық категорияларға ауысулары «конверсия» (ағылшын тілінен алынған термин: conversion-айналу) деп аталады да, ол сөзжасамның бір жолы (түрі) ретінде танылады. «Проблема перехода частей речи в другую, -дейді академик В.В.Виноградов, тесно связана с проблемами выделения частей речи в языкознании. Она также имеет отношение к словообразованию, так как конверсия представляет собой один из способов словообразования» [2,176.]. Белгілі түрколог А.А.Юлдашев та конверсиялық процестің сөзжасам жүйесінде алатын орны жайында осыған ұқсас пікір айтады: «Конверсия должна рассматриваться как один из функционирующих в современных языках способов словообразования» [3, 726.]. Молдован тілінің зерттеушісі Н.Г.Корлэтяну болса, конверсиялық тәсіл бойынша сөз тудыру дүние жүзіндегі көптеген тілдерде ұшырайтынын, оның тілдердің бір тобында актив (мысалы, ағылшын, француз, неміс және т.б.) ал, енді бір тілдерде пассив түрде келетінін айта келіп, оны сөздік құрамды жаңа лексемалармен байытатын маңызды факторлардың қатарына жатқызады [4, 576.].

Конверсиялық тәсіл бойынша сөз тудыру, әсіресе, ағылшын тілінде кең қанат жайған. Конверсиялық тәсіл - ағылшын тілінің сөз жасам жүйесіндегі ең өнімді, актив тәсілдердің біріне жатады. Л.А.Уфимцеваның деректеріне қарағанда, қазіргі ағылшын тілінің лексикалық құрамындағы конверсияланған сөздердің саны (яғни бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауысқан) 7-мыңнан асып жығылады. [5, 1126.].

Қазақ тілінде жарық көрген түрлі лингвистикалық сөздіктерде конверсияланған сөздердің, негізінен, бастапқы (заттық не сындық) мағынасы көрсетіледі де, конверсиялану процесінде пайда болған соңғы жаңа мағынасы ескерілмей, «ұмыт қала береді». Ал, ағылшын тілінде жағдай мүлдем басқаша. Онда конверсияланған сөздің әрбір мағынасы сараланып, сөздіктерде жеке реестр сөз ретінде берілетіндігі жоғарыда айтылды.

Қазақ тілінде жаңа сөз жасаудың тілдің сөзжасам жүйесінде қалыптасқан өзіндік жолы, заңдылығы бар. Тілде жаңа сөздер қалыптасқан заңдылықтар бойынша, яғни сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалады.

Себепші негізге заттық мағына қосатын –шы,-ші жұрнағы қазақ тілінде аса өнімді сөз тудырушы тұлға ретінде танылады да адамның кәсібі мен қызметіне сәйкес иелік мән туғызады, яғни осы өнімді жұрнақтар көмегімен көптеген грамматикалық сөз нұсқалары жасалады.

–шы,-ші жұрнағы арқылы жасалған сөз нұсқалары:

Атқосшы//атшы. Біреудің жанына ілесіп жүріп, оның атын бағушы, делбе ұстаушы.

Осы ұзақ сапарда менің атқосшыдан жолым болды. (С.Көбеев). Рахимов менің атшыма тамақ әкеліп беруге бұйырды. (Б.Момышұлы).

Барлаушы//баршы. Барлау ісін жүргізуші. Барлаушы жіберіп байқадық. («Жұлдыз»). Баршыда жүрген кісілер хабарларын берді. (С.Сейфуллин).

Мерген//мергенші. Дәл көздеп ататын адам. Таңат- құралайды көзге атқан мерген. Ғ.Сыланов. Қасқыр аулауға қақпаншы, мергенші қаптай аттанды. Қ.Әбдіқадыров.

Қарым//қарымшы. Еткен еңбек, жасалған жақсылыққа, қиянатқа жасалатын қайтарым, есе. Қарым қайтаруға Миастың мүмкіндігі болмады (Ә.Тарази). Ол бірақ сақина өзіне сан рет келгенде, бір рет те қарымжысын қайтара алмады (Ғ.Мұстафин).

Ағылшын тілінде өнімді жұрнақтар (суффикстер) қатарына -er, -or жұрнақтары жатады. Бұл жұрнақтар ағылшын тілінде белгілі бір кәсіпке, мамандыққа байланысты зат есімдер туғызады. Мыс: People lived on and there were hospitals and cafes and artillery up side streets and two bawdy houses, one for troops and one for officers. (E. Hemingway “A Farewell to Arms”, p.11, officer - офицер syn. public servant) [6-7,116].

“The Pope wants the Austrians to win the war”, the major said (p.12, major-майор syn. principal)

The door was open, there was a soldier sitting on a bench outside in the sun, an ambulance was waiting by the side door and inside the door. (p.14, soldier - солдат syn. military servant)

You are my great and good friend and financial protector (p.18, protector- қорғаушы syn.preserver)

One of their drivers came over to me, brought by G Gordini who looked very white and sick. (p.52, driver- жүргізуші syn. operator)

The doctors were very nice and seemed very capable. (p.78, doctor-дәрігер syn. a physician)

The barber came with the porter. He was a man of about fifty with an upturned mustache. (p.92, barber – шаштараз syn. hairdresser)

The waiter came and took away the things. After a while we were very still and we could hear the train. (p.153, waiter - даяшы syn. server)

The questioners had that beautiful detachment and devotion to stern justice of men dealing in death without being in any danger of it. (p.220, questioner – тілші, syn. correspondent)

The proprietor was behind the bar. (p.229, proprietor- неси syn. the owner)

There were some aviators in the compartment who did not think much of me. (p. 235, aviator - ұшқыш, syn. pilot).

Сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі ешбір тілдік бірліктің көмегінсіз, сөз дыбыстық құрамын сақтай отырып, мағынасы өзгеріп, басқа сөз табына көшеді. Мысалы, Қорған, айтыс, бірге, біреу, басқа, өзге. Бұл сөздердің дәл осы тұлғада, осы құрамда тілде басқа мағыналары бар және ол мағыналары алғашқы негізгі мағынаға жатады. Олар: 1) қорған, айтыс, жарыс –етістік; бірге, біреу- сан есім, сандық ұғым; басқа – сын есім; өзгеше – есімдік.

Жоғарыда осы сөздердің 1) қорған, айтыс, жарыс - зат есімге көшкен мағынасы, 2) біреу – есімдікке көшкен мағынасы, 3) бірге, басқа, өзге – сын есімге көшкен мағынасы келтірілді.

Ал ағылшын тілінде түбірге аффиксация жалғанып сөздердің жасалу жолдарының бірнеше тәсілі бар. Олардың ішіндегі ең көп тараған тәсілдері мыналар: конверсия (conversion), сөз тіркестері арқылы (composition), қысқарту тәсілі (shortening), аффиксация тәсілі (affixation).[8, 17-162-1786.]

Конверсия (conversion) – яғни ешқандай аффикс пен префикстердің жалғануынсыз сөздің бір сөз табынан екіншісіне ауысуы.

Мыс: a hand – to hand (қол-қолына ұстату)

a water – to water (су-су құю, суару)

a master – to master (қожайын-басқару)

a house – to house (үй-орналасу)

Сөз тіркестері арқылы (composition) – екі сөзден жасалған күрделі жаңа бір сөзді білдіреді. Мыс: airfield - әуежай (air-ауа, field-дала), birthplace- туған жер (birth-туу, place-орын), airman - авиатор (air-ауа, man-адам), schoolday - мектеп күні (school-мектеп, day-күн), airbase - авиабаза (air-ауа, base-база), blackboard - тақта (black- қара, board - тақта), locksmith - темір ұстасы (lock-құлып, smith-ұста), bookshop - кітап дүкені (book-кітап, shop-дүкен).

Қысқарту тәсілі - бұл тілдегі сөз немесе сөз тіркестері морфемаларын ешқандай лексико-грамматикалық өзгерістерсіз санын қысқарту. Соның нәтижесінде номинативті жаңа бірліктер пайда болады. Қазіргі ағылшын тіліндегі сөзжасам жүйесінде қысқартулардың құрылымдық үш түрі берілген. Олар:

1) қиып алу. Мыс: phone-telephone

2) әріптік немесе бірінші әріптерін беру арқылы қысқарту. Мыс: the USA- the United states of America.

3) телескоптық немесе телескопизм. Мыс: telecast - television+broadcast.

Бұл қысқартулар қазіргі ағылшын тілінде кеңінен қолданылуда және өнімді тәсіл болып табылады.

Аффиксация тәсілі (affixation) – сөздің алдында қолданылатын префикс, сөзден кейін суффикс арқылы жасалу жолы.

Ағылшын тілінде -re, -de, -dis, -mis, -over, -un, -under сияқты префикстер қолданылады. Мыс: -re, to do – to redo, to read – to reread, to fill - to refill; -de, deformation, defaulter, decode; -dis, discover, disconnect, disarrange; - mis, mistake, misunderstand, misapply; -over, overcharge, overload, overcrowded; -un, unbend, unroll, unpack; -under, underwritten, undersized, underground.

Агглютинативті тілдерде сөздерге аффикстер жалғанып, сөздің морфологиялық құрамы түбірінің дыбыстық құрамы күрделенгенімен, сөздің түбірінің дыбыстық құрамы, негізінен алғанда, өзгермей сол күйінде қалады.

Батыс герман тобына енетін ағылшын тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген) флективті тілдердің қатарына жатады. Флективті тілдерде ішкі флексиямен бірге сыртқы флексия да қолданылады.

Агглютинативті тілдерде сөз құрамында аффикстердің әрқайсысы көбінесе дара мағыналы болып, бір ғана қызмет атқарса, флективті тілдерде бір аффикс бірнеше грамматикалық мағынаны білдіріп, әртүрлі қызмет атқарады. Агглютинативті тілдерде

аффикстер, түбірге жалғанып, негізгі морфемадан кейінгі орынға ие болса, флективті тілдерде аффикстер, префикс, суффикс, инфикс болп бөлінуіне қарай және соған сай сөз құрамында әртүрлі орынға ие болады.

Сонымен қорыта келе, жалпы тіл білімінде сөздердің жасалуының әр алуан тәсілдері бар. Қандай да бір тіл болмасын қоғамдағы тығыз коммуникативтік қарым-қатынасқа байланысты жаңа сөз қолдануда әр тілдің өз ішкі қалыптасу заңдылықтарына байланысты дамып, өрбіп отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. 1964. -23б.
2. Виноградов. Вопросы современного русского словообразования. – «Русский язык в школе». 1952. №2 -17б.
3. Юлдашев А. А. Конверсия в тюркских языках и ее отражение в словарях. «Советская тюркология». 1970. -№1. -72б.
4. Корлэтяну Н.Г. Конверсия в современном молдавском языке. – «Впоросы языкознания». 1956. -№3.-57б.
5. Уфимцева А.А. Слова в лексико-семантической системе языка. -Москва, 1968. - 112б.
6. E. Hemingway. A Farewell to Arms. - Moscow, 2003. -11-235б.
7. Diana Adams, Lorna Gilmour. Collins Thesaurus. The ultimate word finder. Heaper Collins Publishers. – England, 1995. (Collins Синонимдер сөздігі).
8. Карашук П.М. Словообразование английского языка . – Москва, 1977.- 17-171бб.

Сейтимбетова С.Д., Молдабекова Ш.С.

Казахско - английский языкта особениети составления слов имен

Данная статья посвящена особенностям словообразования в английском и казахском языках, а также был проведен сравнительный анализ данного аспекта в обоих языках. Кроме того, были изучены продуктивные суффиксы в образовании слов и конверсия, как способ образование нового слова путём перехода основы в другую парадигму словоизменения.

Ключевые слова: *словообразование, сравнительный анализ, продуктивные суффиксы, конверсия, парадигма словоизменения.*

S.D. Seitimbetova, Sh.S. Moldabekova

The word formation peculiarities in Kazakh - English languages.

This article is devoted to the peculiarities of word formation in English and Kazakh languages, and a comparative analysis of this aspect was conducted in both languages. In addition, productive suffixes in word formation and conversion were studied as a way of forming a new word by moving the stem into another word change paradigm.

Key words: *conversion, word combination, word formation, comparative analysis, suffix.*

ӘОЖ 94(574)

САЛАФИТТІК АҒЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ТАРАЛУЫ

Тулханы Р.Д.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
rysbek0909@mail.ru*

Мақалада салафиттік ағымның пайда болу және даму тарихы қарастырылады.

Салафиттік ағым – исламдағы барлық соңғы өзгерістерді жоққа шығара отырып, «әділ бабалар» деп аталатын ерте мұсылман қауымдастығының сенімдері мен өмір сүру салтын ұстануды үндейтін діни ағым. Бұл қозғалыстың шынайы мәнін түсіну үшін ағымның пайда болу тарихы мен негізгі идеологиялық постулаттарын бағалау қажет.

Кілттік сөздер: салафиттік ағым, ислам фундаментализмі, монотеизм, мутазилиттер, «вахаббиттер» қозғалысы.

Мұсылмандардың Үндістан мен Қытайдан Францияға дейінгі кең ауқымды аумақтарды жаулап алғаннан кейін, ислам бірте-бірте әлемдік дінге айнала бастады. Бірақ бұл процесс дінді классикалық түрде оқыту шеңберінде өте алмады және уақыт өте келе ол әр түрлі халықтардың ұлттық және діни дәстүрлерінің әсерлеріне ұшырады, нәтижесінде сектанттық пен синкретизмнің пайда болуына әкеп соқтырды. Осыдан кейінгі ғасырларда мұсылман қоғамы мен мемлекеті ғылымның, техниканың, ойлар мен қоғамдық өмірдің барлық салаларында қарқынды дами бастады. Уақыт өте келе өзгеріске ұшырайтын шарттар діндегі көптеген ережелерді рационализм мен прогрессивті қоғамның қажеттіліктері тұрғысынан түсіндіруді талап етті. Осыған байланысты ежелгі Грекия мен Рим философиясына қызығушылық артты, Аристотель, Платон және басқа да философтардың еңбектері араб тіліне аударыла бастады. Олардың әдіснамалары мен философиялық принциптері исламның кейбір діни ережелерін түсіндіру кезінде пайдаланылды. Барлық осындай процестер бастапқы діннің тазалығын қорғайтын дәстүршілердің наразылығын тудырмауы мүмкін емес еді, өйткені, олардың пікірлерінше, исламның классикалық постулаттарының ұмытылып және жаңа ережелермен алмастырылу қаупі бар еді. Осыған байланысты, шамамен хижраның төртінші ғасырында исламның түпнұсқалық тазалығын қалпына келтіруді үндейтін салафиттер қозғалысы (ас-салаф ас-салихин) пайда болды [1,11-12 бб.].

Алғашқы салафиттер Ахмада ибн Ханбалдың сүнниттік мектебінің қолдаушылары болған. Алайда, бірінші салафиттердің қозғалысы қажетті теориялық базамен қамтылмады. Тек қана «әділ ата-бабаларымыздың» мұрасына қайта оралуды үндеу және Құран мен хадистің материалдарына жүгінуді талап ету арқылы мұсылман қоғамында қалыптасқан іргелі философиялық ілімдерге, сондай-ақ христиандық, иудаизм, пұтқа табынушылық мистицизм, гностицизм және т.б. бөтен діни-философиялық ілімдердің ислам іліміне енуіне қарсы тұру мүмкін емес еді. Сондықтан да алғашында бұл қозғалыс нәтиже бермеді.

Салафиттер қозғалысының екінші рет туындауы салафиттер қозғалысына қажетті дүниетанымдық, құқықтық және философиялық негізді қалыптастырған, мұсылман теоретигі, ойшыл Абуль-Аббас Таки ад-Дин Ахмад ибн Абдулхалим ибн Маджиддин ибн Абдуссалам ибн Теймидің белсенді қызметіне байланысты болды. Ибн Тейми мұсылман мемлекеттерінің көпшілігін жойып жіберген моңғол-татар шапқыншылығы кезінде өмір сүрген. Бұл ұлы мұсылман өркениетінің құлдырау кезеңі болды. Бұл апаттың себептері туралы ойлана келе және мұсылмандардың бұрынғы ұлылығын қалпына келтіру жолдарын іздестіру кезінде, Ибн Таймийу салафизм идеяларына негізделген өзінің ілімін дамытты. Салафизмнің дүниетанымдық ерекшелігі – бұл Құдайдың уаһиндегі мәтіндерді түсіндіру мәселелерінде философиялық әдістерді жоққа шығару. Мұндай әдістер тек философ-мутазилиттер ғана емес, сонымен қатар олардың сүнниттік қарсыластары – матуридтер мен ашариттер тарапынан да қолданылған. Бірақ та, уаһи мәтіндерін түсіндіру кезінде ақыл мен логиканы пайдалану салафиттермен жоққа шығарылмайды. Яғни, салафиттер діннің барлық доктриналық аспектілерін пайғамбардың серіктестерінің (сахабаларының) және олардың кейінгі ұрпақтары – табиундардың дәстүрлеріне сәйкес түсіну керек деп есептейді [2,19-23 бб.].

«Мааридж аль-Вусул» шығармасында ибн Тейми Құдайдың мәтіндерін философиялық түсіну әдістері тек рационалды қабылдауға ғана негізделген деп жазады.

Мутазалиттің жақтаушылары ақылдың дәлелдеріне басымдылық береді. Ал, салафиттерге келер болсақ, ибн Таймидің айтуынша, олар өздерінің пайымдауларында тек Құран мен сүннет дәлелдеріне сүйенеді, түсіндіру үшін логика әдісін және логика әдістерін пайдаланбайды. Бұл адамның ақыл-ойының жетілмегендігі, ал нәсселердің Алланың тікелей сөзі екендігі бойынша түсіндіріледі. Ибн Тейми рационалды дәлелдер мен ақылды толықтай ескермей кете алмады, әйтпесе барлық діни мұралар аяттар мен хадистердің жүйесіз жинағына айналар еді. Оның философиясы бойынша ақыл тек уаһи кітабының нақты мәтінінде айтылған нәрселердің тар шеңберінде ғана әрекет ете алады [2, 24 б.].

Яғни, салафиттер құранның кейбір мәтіндері тура мағынада түсіндіріледі деп есептейді. Егер Құранда немесе хадисте аятты түсіндіретін сәйкес мәтін болса, олар осы мәтінге тоқталады. Егер ондай мәтін болмаса, салафиттердің бірінші ұрпақтарының пікірі ескеріледі, өйткені пайғамбар дәуіріне жақын өмір сүргендіктен, олар өсиет тілін жақсы біледі және құдайдан қорқушылар болып табылады. Егер бұлардың бәрі жоқ болса, салафиттік ілім ақыл мен ойлау процесіне негізделген дәлелдерді келтіруге рұқсат етеді.

Егер мәтін жоқ болса, бірінші ұрпақтың (салаф) пікірі ескеріледі, өйткені олар хабардың тілін жақсырақ біледі, пайғамбар дәуіріне жақындай отырып, үлкен мүмкіндіктер мен құралдарға ие, ақыр соңында Құдайдан қорқушы. Осылайша, салафиттік ілім бойынша ақыл-парасат діни дәстүр мен уаһидің ережелеріне толықтай бағынады.

Монотеизм доктринасы – исламның барлық негізгі мазхабтарының негізі болып табылады. Бұл мәселе бойынша салафиттердің ұстанымы басқа да матрудизм мен ашаризм сияқты сүнниттік ілімдердің ұстанымдарымен сәйкес келеді, бірақ кейбір айырмашылықтар да бар. Салафиттер монотеизм доктринасын ислам дінінің негізі деп есептейді және бұл көзқарас барлық мұсылман қауымдастығының ұстанымына сәйкес келеді.

Ислам теоретик-салафиттердің еңбектерінде монотеизм доктринасының бірлігі үш құраушыдан тұратыны айтылады:

1. Бүкіл ғаламдағы Құдайдың үстемдігі (тавхид ар-рубубия);
2. Құдайдың айрықша құқығы – қызмет етудің жалғыз нысаны (тавхид әл-улухия);
3. Құдайдың бірегейлігі – әдемі атаулар мен қасиеттерге ие (Тавхид аль-Асма ва-сап), бұл Құдайдың әртүрлі қасиеттерге ие екендігін білдіреді.

Ибн Теймидің кейбір көзқарастарына сын айтылғанымен, оның іліміндегі негізгі ұстанымдары тарихта үлкен рөл атқарды. Атап айтқанда, әр түрлі секталар мен ағымдарға қарсы оның әдістері мен дәлелдері сүнниттік қайраткерлердің полемикалық әдебиеттерінде кеңінен пайдаланылады. Ибн Тейми ілімінің барлық идеологиялық және әдістемелік принциптерін исламдағы әр түрлі реформаторлық мектептер пайдаланып келеді. Оның идеялары 18 ғасырдағы араб реформаторы Мухаммад ибн Абдулваххабтың қозғалысының («вахаббиттер» қозғалысы) идеологиясына негіз болды. Кейінірек, 19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басында ибн Теймидің идеялары мысырлық ислам реформаторларымен, «мұсылман бауырлар» (аль-ихван аль-муслимун) қозғалысының өкілдерімен, үнді фараидиттерімен және мұсылман әлеміндегі басқа да көптеген діни-саяси қозғалыстармен пайдаланылды [3, 31-32 бб.].

Әлемдік дін – ислам тек діни жүйе ғана емес, сонымен қатар қоғамды ұйымдастырудың мінсіз үлгісі. Оның аясында үш негізгі бағыттар өзара тығыз қарым-қатынаста: дәстүрлі (традиционализм), фундаментализм және модернизм. Фундаментализмнің ұстанушылары «исламды тазартуды», Мұхаммед пайғамбар мен «әділ халифтердің» дәуірі кезіндегі алғашқы ислам нормалары мен ислам институттарын қалпына келтіруді қолдайды. Қазіргі уақытта ислам фундаментализмі әлемнің көптеген елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да әрекет ететін көптеген радикалды, экстремистік және тіпті террористік топтардың идеологиясына айналды.

Фундаменталистер өздерінің әлем картинасын құруға және оны ғана дұрыс деп хабарлауға тырысады. Олар дәстүрлі исламның негіздерін тура емес, «толықтыру» арқылы өзгертуге ұмтылады. Мысалы, барлық мұсылмандар исламдағы бес парызды мойындайды:

- Біріншісі – Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне екендігіне куәлік беру;
- Екіншісі – намаз оқу;
- Үшіншісі – зекет беру;
- Төртіншісі – ораза тұту;
- Бесіншісі – қажылық қылу.

Ислам фундаменталистері тағы да үш парызды қосады. Пайғамбар неге оларды көрсетпеді деген сұраққа олар бұл үш парыздың айқындығы соншалық, Пайғамбар оларды Құранда көрсетпеді деп жауап береді. Ислам фундаменталистерінің толықтырған парыздары:

- Алтыншысы – мәңгілік жихад;
- Жетіншісі – әлемдік ислам мемлекетін құру;
- Сегізіншісі – Құдайдың шарифатын ұстану.

Қазіргі уақытта салафиттік ағым бірнеше бағыттарға бөлінген. В.В. Наумкин, біріншіден, жихадтық және жихадтық емес салафизмді ажыратады. Біріншісі, сондай-ақ тақфиризм («сенімсіздікті айыптау») деген атаумен белгілі салафиттік ағым билікті құлатуды және мемлекетте өздерінің тәртібін орнатуды қолдайды. Екінші жихадтық емес салафизмді «тыныш» салафизм деп атайды, себебі ол бейтарап әрекеттермен сипатталады [4, 41-43 бб]. Екіншіден, салафизм жанартылған және консервативті болып бөлінеді. Жанартылған салафизм немесе джадидизм өзінің бұрын қалыптасқан дәстүрлі наным-сенімдерге қарсы күресімен белгілі. Өз кезегінде консервативті салафизм қатты (ымырасыз) және ұстамды ағымдарға бөлінеді. Консервативті салафизмді ұстанушылардың қатарында талибан және неоваххабиттер қозғалысы сияқты бағыттар да бар. Кез келген діни фундаментализм доктринаның түпнұсқалық тазалығына, яғни оның негізіне оралуды қолдайды. Сонымен қатар, көптеген саяси ұйымдар осы идеологиялық негізді өздерінің діни емес мақсаттары үшін пайдаланады. Нәтижесінде, кейбір консервативті ағымдар өздеріне тән діни ерекшеліктерді жоғалта отырып, экстремизм деп аталатын саясатталған түрге айналады.

Конфессияаралық бейбітшілік пен келісім көпұлтты, көптілді және көпконфессиялы Қазақстан үшін күрделі мәселе. Қазақстанда соңғы жылдарда қалыптасқан жаңа қоғамдық-саяси ахуалдың көріністеріне назар салсақ, қоғамдағы дін мен діни бірлестіктердің рөлі өзгерді, яғни дін мен діни бірлестіктердің қоғамдық беделі және қоғамдық өмірдің әр түрлі тұстарына ықпалы айтарлықтай өсіп, мәртебесі кеңейді. Қысқа мерзім ішінде дінге сенушілердің және діни бірлестіктердің саны бірнеше есеге артып, олардың қызметінің белсенділігі жоғарылады, қазақстандық қоғамның әлеуметтік құрылымының маңызды бөлігіне айналды, мемлекеттік конфессиялық қатынастардың сипаты өзгерді [5, 9-10 бб.].

ҚР Конституциясы 14-бап 2-тармағында: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп жазылған [6]. Тіпті, Құранның әл-Хужурат сүресінің 13-аятында: «Ей, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың тақуаларың» деп, ислам үшін «ұлт», «нәсіл», «тек» секілді ұғымдардың таңсық еместігі айқын көрсетілген. Ал исламның болмысы мен рухына жат дәстүрлі емес жолды ұстанатын салафилік ағым ұлт арасына жік салып, мемлекетіміздің тұтастығын бұзуды көздеп отыр. Тіпті мемлекетіміздің тұрақтылығына өз ықпалын тигізіп отырған ислам дінінің құндылықтарын бұрмалап, ұлттың ата-бабадан жалғасып келе жатқан келіннің сәлем беруі, аруақтарға құран бағыштау, бейіт басына бару сияқты дәстүрімізді жоққа шығарып, оны «кәпірге» санап теріс насихаттап жүр. Сондықтан, қазіргі таңда елімізде ұлттық мүддеге қарсы салафизм ағымын ұстанушылар тарапынан жүргізіліп жатқан бұл үрдіс қазақ халқының ғасырлар бойы сақталып келе жатқан құндылықтарының тамырына балта шабууда.

Салафиттердің көздеген мақсаттары төмендегідей:

- әлемде орын алып жатқан лаңкестік оқиғалардың салафизм идеологиясына қатыстылығын жоққа шығару;
- қарулы жиһадтың орнына ақпараттық-психологиялық жиһад жүргізу;
- мұсылман және мұсылман емес мемлекет басшыларының сеніміне кіре отырып, халық арасында салафизм идеологиясын емін-еркін наситтау;
- «ислам дінін қорғау» деген ұранмен дінге сенушілерді саяси жанжалдарға киліктіру болып табылады.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы барлық салафиттерді үш топқа бөлуге болады:

1. Тәкфириттер – өздерімен келіспейтін адамдарға тәкфір шығаратын ең радикалды топ. Олар өздерімен келіспейтін адамдарға тәкфір шығармағандарға да тәкфір шығарады. Өздерінің сенімдерінде адал, бірізді және өте радикалды. Басқа салафиттік топтарды, әсіресе, мадхалиттерді өз ағымының шынайы сенімдерінен тайды деп айыптайды.

2. Мадхалиттер – өздерін ғана салафит деп атауға бәрінен де бейім ең үлкен топ. Басшыға бағынуға ресми түрде шақырады және бірінші топты хауаридж деп атап, оларға белсенді түрде қарсы шығады. Сондай-ақ, олар үшінші топқа да, яғни, суруриттерге қарсы шығып, оларды «Ихвандарға» – исламдық саяси ұйымға жатқызады.

3. Суруриттер – ең жымысқы, ұстанымсыз топ, ол белгілі бір кезеңде өздері бұрын насихаттап келген салафиттік идеялардан бас тартып, өздерін ханафиттерміз деп жариялады. Негізінде, олар – қойдың терісін жамылған қасқырлар [7]. Олар өздерінің арам, саяси мақсаттарын жүзеге асыру үшін сол кейіпті жамылып жүр. Тілшілердің, саясаттанушылар мен сарапшылардың арасында, шоу-бизнес саласында және басқа да жерлерде дәл осы топтың өкілдері бәрінен кең тараған. Себебі, олардың сенімдері өздерінің нанымын жасыруға мүмкіндік береді [7]. Дәл содан, олар, алғашқы екі топпен салыстырғанда, қазақстандық қоғамда экстремист және шектен шығушылар болып көрінбейді, сондықтан, осы тамаша мүмкіндікті пайдаланып, ҚМДБ-ға ғана емес, мадхалиттер мен тәкфириттерге қарсы істерін жүргізеді.

Идеологиялық тұрғыдан салафизммен күрес дәстүрлі ислам діни сенімі арқылы жүргізілуі қажет. Зайырлы әрі құқықтық мемлекет болып табылатын Қазақстан салафизм ағымының етек жаюының алдын алу мақсатында заңдық нормаларын күшейтуі тиіс. Салафизм идеологиясы Қазақстан Республикасы аумағында әлі де болса тамырын жайып үлгерген жоқ. Сондықтан, салафизм секілді кереғар ағымдарға тосқауыл қою заман әрі заң талабы болып табылады.

Глоссарий:

Пайғамбар - қауымға Аллаһ ақиқатын жеткізіп, Құдайдың барлығы мен бірлігін мойындауға шақырушы адам

Мутазилиттер - Ислам тарихында пайда болған ағымдар қатарында өзіндік із қалдырған, Ислам ғылымына «Калам» саласын ендірген, Ислам философиясының іргесін қадаған, әлемге әйгілі Ислам философтарын шығарған, көне грек еңбектерін араб тіліне аударуда елеулі қызмет атқарған ағым.

Ашариттер - мұсылман теологиясының негізгі бағыттарының бірі

Монотеизм - тек бір ғана Құдай - Аллаһ тағала бар екендігіне негізделген сенім; осы доктринаға негізделген сенімнің діни жүйелері. Маңызды әлемдік діндер ішінде тек Яһуди, Мәсіхшілік және Ислам монотеистік болып табылады және шығу тегі бір.

Мадхалиттер – Раби ибн Хади әл-Мадхалидің (1932 ж. дүниеге келген) көзқарастарын ұстанған мәдиналық сәләфилерге берілген атау.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ислам. Религия, общество, государство. Под ред. П.А. Грязневича. – М., 2009. – 11-12 бб.

2. Ислам. Проблемы идеологии, права, политики и экономики. Под ред. Г.Ф. Кима. – М.: Наука, 2009. – 19-23 бб.

3. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың өзекті мәселелері. Материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2012. – 31-32 бб.

4. Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің рөлі. Әдістемелік материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. – 41-43 бб.

5. Роль традиционных религий в противодействии экстремизму и терроризму. Сб. метод. материалов. – Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 2011. – 9-10 бб.

6. Қазақстан Республикасының 1995 ж. 30 тамызда қабылданған Конституциясы, (1998 ж. 7 қазанда және 21 мамырда 2007 ж. енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен).

7. Салафизм «ұлт» ұғымын жокқа шығарады // <http://ult.kz>

Тулханы Р.Д.

История зарождения и развития салафитского течения в казахстане

В статье рассматривается история зарождения и развития салафитского течения. Салафизм – это религиозное направление, которое призывает ориентироваться на образ жизни и веру ранней мусульманской общины, на так называемых «праведных предков», отвергая все позднейшие нововведения в исламе. Для понимания истинной сути этого движения необходимо оценить исторический контекст его появления и базовые идеологические постулаты.

Ключевые слова: салафитское течение, исламский фундаментализм, монотеизм, мутазилиты, движение «ваххабитов».

R.D.Tulkhany

The history of the origin and development of the salafi movement in kazakhstan

The article discusses the history of the origin and development of the Salafi movement. Salafism - a religious movement, which calls for focus on the life and faith of the early Muslim community, so-called "righteous ancestors", rejecting all the later innovations in Islam. To understand the true essence of this movement, it is necessary to assess the historical context of its development and the basic ideological postulates.

Key words: salafi movement, Islamic fundamentalism, monotheism, Mu'tazilites, "Wahhabi" movement.

ӘОЖ 902.3

АЛАКӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ СТРАТИГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шакенов С.Т., Шағырбаев М.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., samatakrit@gmail.com

Мақалада Алакөл аймағындағы ортағасырлық қалалардың топографиясы мен стратиграфиясы қарастырылады.

Алакөл ойпатына соңғы жылдары жүргізілген зерттеу негізінде оннан астам ортағасырлық ескерткіштер анықталған. Соның ішінде 3 қалаға археологиялық қазба, 1 қалаға бақылау шурф жүргізілген.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, ортағасырлық ескерткіштердің фортификациясы, стратиграфиялық ерекшеліктері саратталады. Қалалардың орналасуына топографиялық деректер негізінде салыстырмалы түрде талдау жүргізіледі.

Кілттік сөздер: *Алакөл, ортағасырлық қалалар, стратиграфия, топография.*

Алакөл аймағындағы ортағасырлық қалалар, онда жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының кейбір нәтижелері мен қорытындылары ғылыми басылымдарда әлденеше рет жарияланып, ғылыми айналымға енгені белгілі [1]. Осы мақала барысында біз, Алакөл ойпатындағы ортағасырлық қалалардың топографиясы мен орналасу ерекшеліктеріне назар аударамыз.

Алакөл аймағындағы ортағасырлық қалалар жөнінде деректер ортағасырлардан-ақ белгілі. Мәселен, араб-парсы деректері мен еуропа саяхатшылары оның ішінде, Әл Идриси мен В. Рубруктың және П. Карпинидің жазбаларында, сонымен қатар, XIX ғасырдағы орыс зерттеушілері мен Ш. Уалихановтың еңбегінде кездеседі. Ал, ортағасырлық қалалардың, археологиялық тұрғыдан зерттелу мәселелері, Кушаевтың қолжазба нұсқасында еңбегі мен К.М. Байпақовтың зерттеулерінен белгілі. Жалпы, Алакөл аймағындағы ортағасырлық қалалардың тарихнамасы жөнінде, біз бұған дейінгі мақалаларымызда кеңірек тоқталған болатынбыз [2].

Жоңғар қақпасы, Жетісудың солтүстік шығысы немесе Алакөл ойпатындағы ортағасырлық тарихи ескерткіштер соңғы он жылдың көлемінде Қазақ Ұлттық Университеті, Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, т.ғ.д. белгілі ғалым, археолог-этнограф Ә.Т.Төлеубаев басқаратын Алакөл археологиялық экспедициясының негізінде зерттеуге түсіп келеді. Бастапқы жылдары қола және темір дәуіріне қатысты ескерткіштерді зерттеуден бастаған экспедиция, кейінгі 6 жыл көлемінде ортағасырлық ескерткіштерді зерттеуге де ден қойып келеді. 2011 жылы далалық барлау жұмыстарынан басталған зерттеу жұмыстары 2012 жылдан бастап, қазба жұмыстарымен жалғасын тапты. Нәтижесінде, 2012 – 2013 жылдары ортағасырлық Асусай қаласын, 2014 жылы ортағасырлық Қоскеліншек қаласы мен Ақши қаласын (барлау шурфы) және 2015-2016 жылы ортағасырлық Жайпақ қаласын зерттеді. Зерттеу нәтижесінде табылған жәдігерлер, оның ішінде негізінен алғанда қыш бұйымдар кешені камералық-лабораториялық зерттеуден, жергілікті музейлерге тапсырылды. Бүгінде, біршама қыш бұйымдар жергілікті Қабанбай батыр атындағы тарихи-өлкетану музейінің «Археология» залында экспозицияланған [3].

Қалалардың стратиграфиясы жөнінде.

Асусай қаласының сыртқы қорғаныс қабырғасының стратиграфиясын анықтау мақсатында, қаланың оңтүстігінде жалы биік келген қабырғаға кесік түсірдік. Қабырғаның құланды топырағы оңтүстікке қарай 2- м аралығында ғана болғанымен, бұл жақты таудан аққан жылға су жұлып кетіп, қабырғаға зиян келтірген. Қабырғаның солтүстік бетіне, яғни қаланың ішкі жағына құлаған топырақтың көлемі 4-5 метрге дейін барады. Құланды топырақтың биіктігі материтен бастап алғанда 1-1,4 м құрайды. Қаланың қабырғасы кам кесектен соғылған. 2,2-2,5 м құрайды. Сақталған биіктігі 2-2,4 м болады. Қала қабырғасының маңынан қазба барысында кейінгі заманға тән жерлеу шұңқырын кездестірдік. Жерлеу шұңқырында жас баланың сүйегі ретсіз, төңкеріліп жерлене салған. Сүйектері анатомиялық қалыпта. Қаланың ішкі жағындағы құланды топырақтың астына ұзын келген күл қабаты шықты. Күл қабатының астынан ерекше шұңқыр кездесті. Арнайы қазылған шұңқыр екендігін байқау қиын емес, себебі, шұңқыр басталатын биіктікте материк басталады. Құланды қабырғаның арасынан қыш бұйым сынықтары өте көп кездесті. Қаланың ішкі жағында қабырға іргесінен құрылыс орындары кездесіп, онда тандыр ошақтың орны мен спаның орны белгілі болды. Бұл қала қабырғасының ішкі жағындағы іргеде қонысжайлар болғанын

дәлелдеп отыр. Асусай қаласының қыш бұйымдары мен басқа аймақтарына жүргізілген қазба жұмыстары жөнінде біз бұған дейінгі зерттеу жұмыстарымызда толығырақ айтқанбыз. Жалпы Асусай қаласына 2012, 2013, 2014 жылдары археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қала жайындағы негізгі ақпараттар алынып, барлығы дерік ғылыми айналымға қосылды.

Қоскеліншек қаласының негізінен 4 жеріне көлемді қазба жұмыстары жүргізілсе, соның бірі қаланың оңтүстік қабырғасына түсірілген кесік. Кесіктің жалпы ұзындығы 17 м құрайды. Кесік шығыс-батыс бағытта түсіріліп, ені 2 м құрады. Жалпы Қоскеліншек қаласының қабырғасында бұған дейін зерттелген Асусай қаласының қабырғасына қарағанда аздаған өзгерістер бар екендігі анықталды. Қорғаныс қабырғасының орталық бөлігінде 1,8 м болатын қабырға іздері байқалса, одан оңтүстікке қарай 3,5-3,8 м жерде екінші қабырға ізі байқалып отыр. Оның ені 1 м құрайды. Екі қабырғаның да үстіңгі жағы 1-1,5 метрден кейін оңтүстікке қарай жайылып, құлаған секілді қалыпқа енген. Қабырғаның құланды топырағы екі жаққа да кенінен жайылғанына қарағанда, қала қабырғасы биік болған деп ойлаймыз. Қабырғаның сол кездегі сақталған биіктігі 1,6 м құрады.

Жайпақ қаласы, Кесік І. Қалашықтың қорғаныс құрылысының жүйесін анықтау мақсатымен батыс қабырғаның орта тұсына кима салынды. Батыстан шығысқа қарай сыртқы қабырғаны қиып өткен кесіндінің ұзындығы 18 м., ені 2 м., тереңдігі 2,3 метрді қамтыды. Қимадағы стратиграфиялық қыртыстардың көрсетуіне қарағанда қорғаныс қабырғасы арнайы үйіліп, тапталған топырақтан түзілген тұғырдың үстіне салынған. Қабырға пахса блоктарынан немесе қам кесектерден қаланып тұрғызылмаған. Таза сары топрақтан иленген балшықтан домбаздап, тұтас етіп ұру тәсілімен тұрғызылған. Оның бастапқы бөлігінің қалыңдығы төменгі жағында 3,5 м, жоғарғы жағында 2,5 м болады. Қабырғаның құланды топырағының құрамы бірыңғай қоңыр топырақ пен қиыршық тастар аралас келеді. Қиманың құрылымына қарап, құланды топырақ екі жаққа да бірдей мөлшерде жайылғанын көруге болады. Қиманың ішкі жанап отырып ашу барысында байқағанымыз, қала қабырғасының ішкі жағын жағалай құрылыстар салынғанын байқадық. Қиманың ішкі жағын бөлігінде, құрылыс еденінде үлкен көлемде арнайы кесек плита (қазан тұғыр болуы да мүмкін) шықты. Аталған плита ошақтың дәл алдына орналасқан. Тұрқы ІІ әрпі тәріздес. Ортасына қарай еңістеліп барып, шұңқырлана айталады. Плита көлемі 80x80 см. Қалыңдығы шамамен 3-4 см, диаметрі 35 см. Қимадан табылған қыш бұйымдар негізінен ас үйлік және асханалық ыдыстар топтамасына кіреді. Жақсы сақталғандары аз. Кейбір ыдыс түптері мен ернеулеріне қарап, табақ, қазан және құмыра сынықтары болуы мүмкін деп болжаймыз (Сызба 1).

Кесік ІІ Жайпақ қаласының солтүстігінде, қаланың сыртқы қабырғасынан 40 метр жердегі ұзын жалға түсірілді. Жал батыстан шығысқа қарай созылған күйі сақталған. Сақталған жалдың жалпы ұзындығы шамамен 500 м шамасында. Бірнеше жерден үзіліп, қайта жалғанады. Біздің ойымызша бұл қабырға қаланың сыртқы қорғанысы үшін салынған болуы мүмкін. Сыртқы қорғаныс қамал қабырға қаланың шығыс бұрышына жеткенде үзіліп жоғалады. Мұның себебін біз, кейінгі жылдары жүргізілген егін-шаруашылық жұмыстары барысында бұзылған болуы мүмкін деп болжаймыз. Сыртқы қорғаныс қамал қабырғаның батыс бөлігі бірнеше жерден үзіліп, қайта жалғанып барып, шамамен 300-350 метрден кейін тегістелген. Бұл жағының да бұзылуын егін суғару мақсатында салынған ірі көлемдегі арықтардың салынуымен байланыстырамыз. Кесік ІІ жалпы ұзындығы (солтүстіктен оңтүстікке қарай) 15 м, ені 3 м. Кесік екі сатылы болып, арнайы техниканың көмегімен жасалды. Ішкі, негізгі кесіктің ені 143 см, сыртқы екінші сатысының ені сәйкесінше 157 см. Кесіктің жалпы құрылымы өте қызық. Кесік шетінен ортасына дейін бірыңғай қатты топырақ болып келеді де, шамамен 3 метрден кейін тура бур астау секілді майда құммен толтырылған қабатқа ұласады. Ішкі астау секілді қабаттың ұзындығы шамамен түбі жағы 1,5-2 метрден басталып, жоғары қарай кеңейе береді. Одан әрі бірінші бөлік секілді қатты қабатқа ұласады. Ортағасырлық мамандардың пікірінше, мұндай қабырғалар ортағасырлық қалаларда кездескен. Кесіктің астау секілді құмды қабатының астынан өте қатты темір тотығы секілді

топырақ қабаты шықты. Әрбір қабаттың топырағынан химиялық талдау мақсатында арнайы түйіршіктер алынды. Қабырғаның мәдени қабатын анықтау мақсатында кесіктің екі шеті мен нақ ортасынан шурф салынды. Оңтүстік шурфтың жалпы өлшемдері 170x140x110 см. Солтүстік шурфтың өлшемдері 137x132x111 см. Кесіктің ортасына салынған шурфтың өлшемдері 210x140x93 см. Кесіктің жалпы орталық бөлігінің ең терең жері 170 см құрайды. Кесіктің беткі қабатынан бірнеше қыш бұйым сынықтары мен мал сүйектері кездесті. Оның ішінде, 3 ыдыс тұтқасы (1 қазан тұтқасы), 3 дана ернеу және ыдыс түптері. Мал сүйектерінен 3 дана жілік, 1 дана жамбас және 1 дана асық. Сүйектердің барылығы да ұсақ малға тиесілі (Сызба 2).

Жоғарыда айтылған деректерді сараптап, қорытар болсақ, Алакөл аймағынан соңғы жылдары табылған қалалар, өзіндік географиялық және экономикалық ерекшеліктерге сай орналасқан. Олар жоғарыда айтқандай, тау бөктерлерінде, өзен бйоларында, көл маңында және далалық аймақтарда. Мұның ішінде тау бөктері мен өзен бойындағы қалалар бір жүйеге сәйкес келсе, далалық аймақ пен көл маңындағы қалалар бір жүйеге негізделген. Қалалардың барлығы дерлік, белгілі бір қашықтықтарды сақтаған. Ең алыс ара қашықтық 65 шақырым болса, ең жақын қашықтық 2-2,5 шақырымды құрайды. Бұдан басқа қалалардың барлығы 12-17 шақырым арасындағы қашықтықты сақтаған. Қалалардың салыну реті, олардың қақпалары табиғат жағдайына негізделіп жоспарланған деген болжам айттық. Әрине, болжам нақты деректерге негізделмеген, тек жанама деректер негізінде ғана айтылғанымен, бұл пікірдің аналогиясы, еліміздің басқа өңірлерінде көптеп кездесетінін ескердік. Ескерте кететін жағдай, біз жалпы саны 16 қала анықталды дегенімізбен, оның ішінде нақты қазба жүргізілген 3 қала және барлау жұмыстары жүргізілген 1 қала негізінде деректері алға тарттық. Басқа қалалардың зерттеу материалдарына әлі сараптамалық және салыстырмалы талдау жұмыстары жүргізілуде. Қорытынды нәтижелері алдағы уақытта жарияланады. Біз сипаттаған қалалардың барлығы да қазіргі таңдағы елді мекендерге жақын орналасқан. Яғни тұрғылықты ландшафт ортағасырдың өзінде-ақ, өмір сүруге қолайлы болған. Мұндағы күні бүгінге дейінгі негізгі шаруашылық егіншілік болып табылады. Ортағасырлық қалалардың топографиясын қарастыру барысында да, қалашықтың айналасында көне егіншілік орнындары болғаны анықталды. Әрі олардың көлемі қазіргіден кем емес. Мақала барысында, ортағасырлық қалалардың стратиграфиясы да талдауға түсті. Қала стратиграфиясына қатысты жинақталған материалдарды талдай келе, төмендегідей тұжырымдар жасай аламыз.

Біріншіден, Алакөл аймағындағы ортағасырлық қалалардың барлығында дерлік қорғаныс қабырғалары тұрғызылған.

Екіншіден, Алакөл аймағындағы ортағасырлық қалалардың қорғаныс қамалдарының құрылымы бір текті емес. Мәселен Асусай қаласының қорғаныс қамалы қам кірпіштен (шикі кірпіш) соғылған болса, Қоскеліншек қаласында, сазды домбаздап ұрып, нығыздап жасаған.

Үшіншіден, ортағасырлық қалалардың қорғаныс қамалының ішкі жағына міндетті түрде құрылыс жұмыстары жүргізілген. Бұл жағдай Асусай, Қоскеліншек және Жайпақ қалаларынан да анық байқалды. Тіпті қорғаныс қамалын, тұрғын үйдің екінші қатар-қабатты қабырғасы ретінде де пайдаланған.

Төртіншіден, қабырғалардың іші мен сыртына құлаған топырақтардың көлемінің, біз зерттеген қалаларда, бір-бірінен аса алшақ еместігі. Бұл өз кезегінде, қала қабырғаларының биіктіктері бір-біріне өте ұқсас болғандығын аңғартады.

Бесіншіден, қорғаныс қабырғаларының қалыңдықтары да орташа 2-2,5 аралығында болуы. Бұл қала құрылыстарының арасында негізгі ұқсастықтардың бірі ретінде қарастырылды.

Алтыншыдан, қорғаныс қабырғаларын жіті қадағалап, зерттеу нәтижесінде, кейбір қалалардың мәдени қабаттарының екеу екендігі де анықталды. Жалпы қала жасын анықтауда, осы стратиграфиялық жұмыстар елеулі үлес қосатын әдіс екендігі белгілі.

Аталған тұжырымдарға қорытынды жасасақ. Бірнеше жылға созылған кешенді зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, Алакөл аймағындағы ортағасырлық қалалардың қорғаныс

құрылыстарының арасында, олардың соғылу принциптері мен өлшемдерінің алшақ еместігі, ортақ ұқсастықтар көп екендігін байқатты. Біздің ойымызша, Алакөл аймағындағы ортағасырлық қалалардың өмір сүру уақыты аса ұзақ болмаса да, бір-бірімен тығыз байланыста тұрғаны, тіпті қалалардың соғылу сәтінде де ортақ байланыстар болған деп тұжырым жасай аламыз.


ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Төлеубаев Ә.Т., Талеев Д.Ә., Омаров Ғ.Қ., Шағырбаев М.С. Алакөл жағалауындағы Асусай қалашығында 2012 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары // ҚР ҰҒА Хабарлары. – Қоғамдық және Гуманитарлық ғылымдар сериясы. 5 (297). – Қыркүйек-қазан. – 2014 ж.


2. Төлеубаев Ә.Т., Шағырбаев М.С. Жетісу Алатауы мен Тарбағатай арасындағы орта ғасырлық ескерткіштердің тарих-хронологиялық сипаттамасы // «Археология және этнологиядағы мәдениеттер сабақтастығы мәселесі» атты тақырыппен өтетін дәстүрлі «VI Оразбаев оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 25 сәуір. – 2014 ж.

3. Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шағырбаев М.С. Жонғар қақпасы бойындағы ортағасырлық қала мәдениеті // «Алматының мың жылдық тарихы: археология және жазба деректері»: атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы / А.Әубәкір, А. Нұрмұхан. – Алматы: «Орхон» Баспа үйі., 2016. – 160 бет.

ҚОСЫМША 1



Сызба 1 – Ортағасырлық Жайпақ қаласының қабырға стратиграфиясы



Сызба 2 – Ортағасырлық Жайпақ қаласының екінші қорғаныс қабырғасының стратиграфиясы

Шакенов С.Т., Шағырбаев М.С.

Стратиграфические спецификации средневековых городов в алакольской области

В статье рассматриваются топографические и стратиграфические данные средневековых городищ Алакольского района.

В ходе исследований последних лет выявлено более десяти средневековых памятников и на трех из них проведены раскопочные работы.

Опираясь на результаты исследований, были проанализированы стратиграфические и фортификационные особенности средневековых памятников. На основе топографических данных, был проведен сравнительный анализ расположения городищ.

Ключевые слова: Алаколь, средневековые города, топография, стратиграфия.

S.T. Shakenov, M.S. Shagyrbayev

Stratigraphic specifications of medieval cities in the alacol region

The article deals with the topographic and stratigraphic data of the medieval fortifications Alakul district.

During the last years studies revealed more than ten medieval monuments and three of them carried out excavation work.

Based on the results of the research were analyzed stratigraphic and fortification features of medieval monuments. On the basis of topographic data, a comparative analysis of location of settlements.

Keywords: Alakol lake, the medieval city, the topography, stratigraphy.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

Абуханова А.Б., Дарибаев Ғ.С. «АДАМ. ҚОҒАМ. ҚҰҚЫҚ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	4
Ағыбаев А.Н., Демей Б.С. ШАРТТЫ ТҮРДЕ СОТТАЛҒАН АДАМДАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК- ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	8
Джанабаев К.Т., Коксугенов Н.Е., Жақабай Ж.Ғ. ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ.....	13
Коньсбекова М.Р., Дарменбекова А.Н. АДАМ ҰРЛАУ ҚЫЛМЫСТАРЫН САРАЛАУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	18
Нурмағанбет Е.Т., Омиргалиев М.Ж. ПРИЗНАКИ АДМИНИСТРАТИВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ И ВИДЫ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ВЗЫСКАНИЙ В РК.....	23
Нұрмағанбет Е.Т., Акашов А.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТУРА ИНСТИТУТЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ.....	27
Тинистановна С.С., Асанова А.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЛҚАБИЛЕРДІ ІРІКТЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІБІ.....	33
Тинистановна С.С., Атиев М.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ.....	37
Тинистановна С.С., Болатжанов А.А. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР – МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТЕГІ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ БАСТАУЫ.....	42
Тинистановна С.С., Жұмақанова А. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕГІ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ.....	46
Чукмаитов Д.С., Есимбеков Т.Қ. АДМИНИСТРАТИВНЫЙ ШТРАФ: ПОРЯДОК ОПЛАТЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ ЗА НЕУПЛАТУ.....	51

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

Байдыбекова С.К., Тасыбай Б. НАРЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КӘСПОРЫНДАРҒА БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТИҢ МАҢЫЗЫ МЕН МАҚСАТЫ.....	57
Байтаева Г.Р., Тәнірберген Т.Х ИННОВАЦИЯЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	61
Беркінбаева Е.Е. ТУРИЗМДЕГІ АНИМАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	66
Биготанов Қ.С., Мусина Т.С., Гусенов Б.Ш. ЗАМАНАУИ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ҮЛГІСІ НЕГІЗІНДЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КИЕЛІ ОРЫНДАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ ФАКТОРЛАРЫ.....	72
Сейдахметова А.А., Сейдахметов А.А. ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСПКЕРЛІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	78

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Абишев Н.А., Абишева Д.Н. «SMART» КАК ФРАГМЕНТ РЕАЛЬНОСТИ В СИСТЕМЕ ОБУЧЕНИЯ.....	86
Ахаева А.Ш. ПЕДАГОГТЫҢ ЭМПАТИЯЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ.....	98
Галиева А.Н., Балтабекқызы С. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	102
Курманбаева Р.М. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ НАСИХАТТАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ	105

КУЛЬТУРА И СПОРТ

Адамкулов Н.М., Абдильдаев М.Д., Дюсупова А.Н. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАҒЫ СУРЕТ ӨНЕРІНІҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ.....	113
Ахметов Б.Б., Кыстаубаева Б.К. АНАЛИЗ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ, ОСВЕЩАЮЩИХ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ.....	117

Кангалаков М.С., Бауберіков Е.
БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ САБАҚТАРЫНДА ПАТРИОТТЫҚ
ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЖАЙ-КҮЙІ..... 124

Кангалаков М.С., Дәулетхан З.
БОЛАШАҚ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРҒА ӘСКЕРИ - ПАТРИОТТЫҚ
ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 131

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

Абайдельданова М.К.
РОЛЬ КОММУНИКАТИВНЫХ ИГР ПРИ ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ
СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ ВУЗОВ..... 136

Алпысбаева А.Е., Букеева А.С.
АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ
КОНЦЕПТУАЛДЫ ТАЛДАУ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТӘРЖІМАЛАУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (С.МОЭМНІҢ «АЙ ЖӘНЕ ТАҚЫР ТИЫН» РОМАНЫ
НЕГІЗІНДЕ)..... 141

Кылышпаева М.Х., Кылышпаева С.Х.
ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ
КОМПЕТЕНЦИИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ КОГНИТИВНОГО ПОДХОДА
ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ 147

Мәдібаева Қ.Қ., Абильмажинова А.К.
АБАЙДЫҢ АҚЫН ШӘКІРТТЕРІ..... 153

Сейтімбетова С.Д., Молдабекова Ш.С.
ҚАЗАҚ - АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕСІМ СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 161

Тулханы Р.Д.
САЛАФИТТІК АҒЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ҚАЗАҚСТАНҒА ТАРАЛУЫ..... 165

Шакенов С.Т., Шағырбаев М.С.
АЛАКӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ
СТРАТИГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 170

<p>ЖМУ ХАБАРШЫСЫ</p> <p>Ғылыми журнал 1997 ж. шыға бастады. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінде жаңадан тіркеліп, 2003 ж. 12 қыркүйегінде № 4188-Ж куәлігі берілген. ISSN 1813-1123</p>	<p>ВЕСТНИК ЖГУ</p> <p>Научный журнал Издается с 1997 г. Перерегистрирован Министерством информации и общественного согласия Республики Казахстан. Свидетельство № 4188-Ж от 12 сентября 2003 г. ISSN 1813-1123</p>
<p>ВНИМАНИЮ АВТОРОВ!</p> <p>➤ Электронные версии статей доступны на сайте zhgu.edu.kz Мақалалардың электронды нұсқалары zhgu.edu.kz сайтында орналастырылған</p> <p>➤ Electronic versions of the articles are available on the web page zhgu.edu.kz ➤ Редакция не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами</p>	
<p>Общие положения</p> <p>Журнал "Вестник Жетысуского государственного университета" принимает к публикации материалы, содержащие результаты оригинальных исследований, оформленных в виде полных статей, кратких сообщений, а также обзоры (по согласованию с редакцией). Опубликованные материалы, а также материалы, представленные для публикации в других журналах, к рассмотрению не принимаются.</p> <p>Для публикации статьи авторам необходимо представить в редакцию следующие материалы и документы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Текст статьи с УДК, подписанный всеми авторами; 2) Резюме, размещенное после текста публикуемого материала, которое должно кратко излагать предмет статьи и основные содержащиеся в ней результаты (3-5 предложений). Резюме публикуется на других языках, отличающихся от языка текста публикуемого материала; 3) ключевые слова (5-10); 4) файлы всех представляемых материалов на электронном носителе; 5) сведения об авторах: должность, ученое звание, ученую степень, место работы (наименование учреждения или организации, населенного пункта), телефоны и адреса электронной почты. <p>Статьи могут быть представлены на казахском, русском и английском языках.</p> <p><i>Редакция не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами.</i></p>	

Требования к оформлению

Текст статьи должен быть представлен на бумажном и электронном носителе в редакторе Microsoft Word 6.0/95 или в редакторах, совместимых с ним). Гарнитура - Times New Roman, кегль 12, одинарный интервал, для казахских текстов шрифт - KZ Times New Roman. Поля со всех сторон 2 см.

Общий объем статьи должен составлять не менее 5 страниц.

Статья должна быть тщательно отредактирована и аккуратно оформлена.

Библиографические ссылки в тексте статьи следует давать в квадратных скобках в соответствии с нумерацией в списке литературы.

Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.0.

Список литературы для статьи не менее 5 наименований.

Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками.

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные в рисунках, необходимо пояснить в основном подрисуночном тексте;

Все сокращения и условные величины должны быть расшифрованы в тексте. Размерности физических величин следует давать в системе СИ.

Названия иностранных фирм и организаций – в транскрипции первоисточников с указанием страны.

Рукописи статей, не соответствующие требованиям, не рассматриваются. Присланные рукописи обратно не возвращаются. Не допускается направление в редакцию работ, которые посланы в другие издания или напечатаны в них.

Пример оформления доклада

УДК 541.124

СИСТЕМА СОВРЕМЕННОГО БИЗНЕС-ОБРАЗОВАНИЯ

Шатырбаева Г.Ж., Молдабаева М.М.

*Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г.
Талдыкорган, Arginbay@mail.ru*

Резюме на русском языке

Ключевые слова:

Текст доклада

ЛИТЕРАТУРА:

Резюме на казахском языке

Кілттік сөздер:

Резюме на английском языке

Key words:

Список литературы

Корректоры:
Н.Н. Шаяхметов,
Г.Д. Бакыбекова, А.А. Сейдахметова

Компьютерная верстка, изготовление
оригинал-макета Абилямажинова А.К.

Подписано в печать .2017 г.
Гарнитура Таймс. Формат 200x280. Бумага офсетная.
Печать офсетная. Тираж экз. Усл.п.л.
Отпечатано в издательском центре ЖГУ им.
И. Жансугурова
Заказ № 0
040009. Талдыкорган, І. Жансүгіров атындағы Жетісу
мемлекеттік университеті, Жансүгіров көшесі, 187а.